

Жеңіс Қашқынов

АТЫҢҢАН
АЙНАЛАЙЫН
ТАМЕКЕН



Жеңіс Қашқынов

**АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН
АТАМЕКЕН**

(деректі әңгімелер, толғаулар, портреттер)

АЛМАТЫ
«ЖІБЕК ЖОЛЫ»
2002

ББК 84(5 Қаз)
К 52

К 52 Қашқынов Жәніс

Атыннан айналайын атамекен. Деректі әңгімелер, толғаулар, портреттер.
Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2002. 200 бет (8-бет қосымша).

ISBN 9965-425-97-3

Белгілі ақын, қарымды қаламгер, жүйрік журналист, Қазақстан журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы Жәніс Қашқынов көп жылдан бері Балқаш пен Қарағанды арасындағы сайын даланы найзаның ұшы, білектің күшімен қорғаған батырлар жайлы зерттеп жазып жүрген жазушының бірі.

Бұл кітапқа бұлбұлдар мен дүлдүлдер, батырлар мен ақындар, Алаш көсемдері, көрнекті ғалым, мемлекет қайраткерлері, майталман еңбек ерлері туралы деректі әңгімелері, толғаулары, портреттері енген. Жазушының Ақтоғай мен Қарқаралы тарихына, Арал мен Балқашты қорғау қоғамдық комитетінің мүшесі болған кезде көтеріп, Балқаштың экологиясына байланысты жазылған материалдарына да орын берілген.

Автор осы кітаптың жарыққа шығуына қол ұшын беріп, демеуші болған «Алаш» ЖАҚ-ның төрағасы Т. Ж. Мұхамедияровқа шексіз алғысын білдіреді.

Мұқабаның сыртында Бектауата тауының көрінісі.

К $\frac{4702250201}{430 (05)-02}$

ББК 84(5 Қаз)

ISBN 9965-425-97-3

© «Жібек жолы» баспа үйі. 2002

АҚТОҒАЙ ҚҰТ МЕКЕНІ АРЫСТАРДЫҢ

Қазақстанның тәуелсіздік алуы кешегі елім деп еніреп өткен арыстардың ардақты есімдерін қайта жаңғырытып өз халқымен табыстырды. Еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай: «Абылайдан Абайға дейінгі, Сырымнан Әлиханға дейінгі арманымыз орындалды». Соның бір айғағы, хандарымыз бен батырларымызды, қоғам қайраткерлері мен ақындарымызды ақтап алдық.

Кешегі қуғын-сүргіндерді есімізге алғанда, «Алаш» партиясы мен оның басшылары еріксіз ойымызға оралады. «Алаш» партиясы қазақ халқының қоғамдық-саяси және рухани өмірінде ерекше орын алады. Ол Қазақ мемлекеті мен ұлт-азаттық және демократиялық қозғалыстың негізін қалады. Бағыт-бағдарын айқындады. «Алаш» партиясы мен «Алаш-орда» үкіметінің құрылғанына 75 жыл толғанын атап өттік. Кезінде «сталиндік-голошекиндік» қасақана арандату саясатының кесірінен «Алаш» партиясының, оның көсемдерінің бағдарламасы мен игі мақсаттары бұрмаланды. Мүшелері құрбандыққа шалынды. Сол «Алаш» партиясының үш өкілі Ақтоғай атырабы, Тоқырауын топырағында дүниеге келген екен.

Атап айтқанда, олар «Алаш» партиясының тұңғыш басшысы, елі мен жерінің еркіндігі үшін кеудесін қалқан еткен, азат дүниені аңсап, азап отына түскен алты алаштың кемеңгер көсемі Әлихан Бөкейханов, ұлт-азаттық қозғалыс көшбасшыларының бірі, халқымыздан шыққан тұңғыш заң магистрі Жақып Ақбаев, математика саласындағы қазақтың тұңғыш профессоры, қоғам қайраткері Әлімхан Ермеков.

Алты алаштың осы үш арысының – Әлихан Бөкейхановтың туғанына 125 жыл, Жақып Ақбаевтың туғанына – 115 жыл, Әлімхан Ермековтың туғанына 100 жыл толуы торқалы тойларын Ақтоғай өңірі 1992 жылы кенінен атап өтті. Аяғы дүбірлі тойға, салтанатты мерекеге ұласты.

Сол тойда:

– Мен бүгін бар сырымды ақтарайын,

Халқыммен бірге күліп шаттанайын.

Тудырған алыптарды құтты мекен,

Атыңнан айналайын Ақтоғайым.

Әр дәйім мұратына жетер халық,

Қашанда осы шындық, көкей қанық.

Оралды үш арысым өз халқына,

Ермеков, Ақбайұлы, Бөкейханов, – деп қуана жыр төгіп едім.

Өйтпегенде ше!

Әлихан Бөкейханов – Онан сұлтанның ұрпағы, Орта жүздің Уәлихан мен қатар соңғы ханы болған Бөкейханның шөпшегі. Әлихан шеншекпенге қызығып, хан тұқымы ретінде ел билеуші, шонжар болуды қаламады.

Әуелде ауыл медресесінде оқыды. Омбыдағы техникалық училищені бітіріп, Петербурдағы орман-техникалық институтынан жан-жақты білім

алды. Әлиханның келешекте көрнекті экономист, ғұлама саясаткер болуына студент кезінен буржуазиялық-демократиялық интеллигенцияның өкілдерімен жақын жүруі негіз қалап, ерекше ықпал еткені сөзсіз. Самара мен Омбыда статисті, агроном, журналист қызыметтерін атқарды.

Ресейдің буржуазиялық жолмен жүруін жақтаушылар Кадет партиясын құрған кезде Әлихан қазақ жерінде оның бөлімшесін ашуға талпынды. Ол әр түкпірдегі саяси науқандарға белсене қатысты. Отарлау өкімшілігінің әділетсіздіктерін қатал сынап отырды. Бұл үстем тап өкілдеріне ұнамады. Олар Әлиханның соңына шырақ алып түсті. Көптеген айдау-сүргіндерді көрсе де әділеттік жолындағы күресін еш тоқтатпады.

Омбы Кадеттері губерниялық комитетінің мүшесі бола жүріп, «Омич», «Иртыш», «Голос» газеттерінде редактор болды. 1913 жылы Әлихан Бөкейхановтың белсене араласуымен «Қазақ» газетінің ашылуы оның қайраткерлік қызыметін одан әрі өсірді. Осы газет арқылы ол өзінің айнымас серіктері Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағыжан Жұмабайұлымен бірге халық санасын оятуға араласты. Қазақ поэзиясының алыбы — Абайдың өлеңдерін, өмірбаянын жан-жақты зерттеп, орыс тілінде жарыққа шығарды. Абай бабамызды Еуропа акындарының қатарына қойды.

Тізе берсек Әлихан Бөкейхановтың атқарған жұмыстары ұлан-ғайыр, ұшан-теңіз. Ол «Коммунистік манифесті» де қазақ тіліне тунғыш аударды. Орыс шаруаларын қазақ даласына жаппай көшіруге де алғашқылардың бірі болып қарсылық білдірді.

1917 жылғы ақпан революциясын Әлихан Бөкейханов Батыс майданы ставкасы жанындағы бұратана ұлттар бөлімін басқарып жүрген кезде қарсы алды. Кейін ауқытша үкіметтің Түркістан комитеті құрамына кірді. Торғай облыстық комиссары болып тағайындалып, халық бостандығы партиясы Орталық Комитетінің құрамына сайланды. Құрылуына өзі белсене ат салысқан «Алаш» партиясының Орынборда өткен ІІ - съезінде жарияланған ұлттық-автономиялық үкіметтің төрағасы болады. 1919 жылы Алашорда таратылғаннан кейін Ә. Бөкейханов Мәскеуге оралады. Ондағы шығыс халықтары баспасының қазақ бөлімін басқарады. Орыс тіліндегі әдебиеттерді қазақ тіліне аударумен айналысады. Ғылыммен шұғылданады.

Алаш партиясының көсемі, елім деп еніреп өткен, сол жолда бойындағы қайрат-күшін, ақыл-ойын сарп еткен Әлиханды халық жауы деп танып, 1937 жылы ату жазасына ұшырағаны қандай өкінішті.

Ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы, қоғам қайраткері, қазақ халқынан шыққан тунғыш заң магистрі, еліміздің әділ заңының негізін қалаушылардың бірі — Жақып Ақбайұлы болатын.

Жақып Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітіріп, өзінің еңбек жолын Омбы сот палатасында қызымет атқарудан бастайды. Шен-шекпенге қызықпаған Жақып Ақбайұлы Ресейдің отаршыл саясатына Омбыда оқып жүріп, жұмыс жасайтын қазақ жаста-

рын топтастырып басқосулар мен кештерде қазақ халқын ұйқыдан оятуға, шешуші күреске шақырған батыл ой-пікірлер айтады.

Жақыптың бұл әрекеті патша үкіметіне, оны қолдайтындарға ұнамайды. Қарқаралыға оралған соң да оған маза бермейді. Бірақ, ел ішіндегі бүліктен қорыққан сот палатасы оны ақтауға мәжбүр болады.

Отызыншы жылдардың басында Ә. Бөкейханов, М. Әуезов, Ә. Ермеков, Х. Досмұханбетов, Ж. Ақбаев сынды қазақтың 62 азаматы тұтқындалады. Бұлардың көрмеген азабы, тартпаған қайғы-қасіреті жоқ.

Колчактың әскери-дала соты Жақыпты атуға үкім шығарады. Ақпайұлы үкімді бұзу үшін арыз жазудан бас тартады. «Шағым жаз» деп үгіттеген әкімдерге Жақып: «Елімді ескі тәртіпті қиратуға шақырғаным рас болса, сол ескі тәртіпті мылтық күшімен қорғап отырған үш мың орыстың жандайшап алпауыттарын жоқ қылар отыз мың қазақ табылмас дейсің бе» – деген екен.

Патша үкіметі тұсында бірнеше рет түрмеге камалып, екі рет жер аударылып, ірі көлемде ақшалай айып салғанда да жүрегінің оты қайтпаған Жақыптың мысы басты ма, әлде, басқадай себеп болды ма, әйтеуір әскери-дала сотының қатал үкімі күшіне енбейді. Жер аударылып жүргендегі Жақыптың ескі ауыруы асқынып, 1934 жылы қайтыс болады.

Елі Әли-аға деп еркелетіп кеткен, саналы ғұмырын күреске арнаған қуғын-сүргінді көп көрген, халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі – профессор Әлімхан Әбеуұлы Ермеков.

Кезінде халқымыздың озық ойлы азаматтарының талайына «Халық жауы» деген жала жабылды. Терең білімді, алғыр ойлы, таза жанды, белсенді қоғам қайраткері, ағартушы ғалым, ұлағатты ұстаз Әлімхан да санаулы өмірінің рахатынан тауқыметі көп болды.

Тарих таразысы Әлімханның есімін ақтап қана қойған жоқ. Алаш аспанының төрінен орын беріп, жұлдызын жақты. Туған халқымен қауыштарды. Әлімханның бақыты сол – қанша қуғын-сүргінді көрсе де өз ажалымен қайтыс болды.

Ә. Ермеков Семей гимназиясын алтын медальмен бітіріп, Томск қаласындағы Технологиялық институтқа емтихансыз қабылданады. Мамандығы тау-кен инженері бола жүріп, өзінің барлық күш-жігерін қоғам қайраткерлігіне және ұстаздық қызметке арнайды. Өзінің ерекше талантты білім зердесімен ерте есейген ол Ә. Бөкейханов, Ж. Ақбайұлы, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Шоқаев, М. Тынышбаев бастаған Алаш қозғалысының қатарына кіріп, аз ғана уақыт ішінде көш басшыларының бірі болады.

Әлімханның 1921 жылы Мәскеуде «Қазақ өлкесінің жайымен оның шекарасын белгілеу жөнінде» баяндама жасап, бүгінгі Қазақстан картасын жасап бергендігі – тарихи ұлы оқиға. Әрі Алаш халқының алдындағы зор еңбегі. Ол В.И. Лениннің төрағалық етуімен өткен осы мәжілісте баяндама жасаумен шектеліп қоймай, үлкен айтыс-тартыстың үстінде Алаштың тоқымдай жерін қызғыштай қорғай білді. Осы мәжілістен кейін Ленин Қазақ АССР-ін құру жөнінде декретке қол қойғаны тарихтан

белгілі. Кейін Ахмет Байтұрсыновтың: «Орыстан да Әлімханды тындайтын бір азамат туған екен-ау» – деп бағалауы Ә. Ермаковтың тегін еместігін көрсерсе керек.

Әлімханның ғылым саласындағы еңбегі ауыз толтырып айтарлықтай. 1935 жылы Ә.Ермаковтың атымен баспадан шыққан көлемі 166 беттік «Ұлы математика курсы» атты кітабы дүниежүзілік ғылымға қосылған ең қымбат қазына екенін бүкіл ел танып отыр.

Осындай Алаштың үш бірдей бетке ұстар көсемдерін Ақтоғай атырабы ешқашан ұмытпақ емес. Арыстардың есімдерін мәңгі есте қалдыру мақсатында мектептерге, көшелерге, елді мекендерге тұғыры биік тұлғалардың есімдері берілді.

Үш арысқа берілген аста сол кездегі аудан әкімі Сағадат Дүйсебеков пен мәслихат төрағасы Мырзақан Қалиакпаровтар қонақтардың біразына ат мінгізді. Мен бастап, көрнекті ғалым Тұрсынбек Көкішев қоштап, ағайын-туыстары мақұлдап сыйға тартып мінгізген оншақты атты үш арысқа ескерткіш орнату қорына қалдырып кеткен едік. Сол аттар жоғалмапты, қорға қор қосылыпты.

1998 жылы Алматы, Қарағанды, Жезқазған, Балқаш қалаларының игі жақсылары, Ақтоғай халқының өз күшімен үш арысына ескерткіш орнатты. Ақтоғай ауданының орталық алаңында тұрған Ленин жылы орнын енді Алаш көсемдеріне берді. Ескерткіш тұғырында қатар тұрған алыптар Әлихан, Әлімхан, Жакып халқын татулық пен бірлікке шақырып, кезінде орындалмаған армандары тәуелсіздік алғанда жүзеге ассын деген тілекпен бүгінгі ұрпағын арайлы болашаққа бастап бара жатқандай әсер қалдырады.

Ардақтаған анадай егіз ұлын,
Әлихан мен Әлімхан егіз ұғым.
Бір кездері казакқа аңыз болған,
Жаңғырығып естілер сөзі бүгін.

Жаныменен Алашты жақын ұға,
Бірге ұранын атойлап шақыруға.
Қара қылды қақ жарған әділ заңмен,
Қосылды ғой Ақпайдың Жакыбы да.

Түсті батыл бас тігіп отқа, суға,
Іске асырмай ойларын тоқтасын ба.
Ел болуын тіледі әлемге аян,
Қалмасын деп қазағы от басында.

Толқытады бойдағы шабыт қанды,
Елтаңба, Жалауды әлем танып қалды.
Қанша ғұмыр жасаса казак халқы,
Сонша ардақ тұтады алыптарды.

Иә, арыстарын аскактатқан Ақтоғай атырабы ерекше болмыс бітпiмiмен көрген жанды бас идiрiп, табындырып қоятын сиқырлы қасиетi бардай көрiнедi маған.

Осыдан бiраз уақыт бұрын Сарыарқа жерiн тұнғыш аралаған жазушы Смағұл Елубаев Ақтоғай аймағына келгенде: «Қазақ бiрауық бие байлап, қиыр жайлаған етек-жеңiкeң, көшi салқар, өрiсi шалқар ұлы көшпендiлер ұрпағы екенiн сезiну үшiн бiрауық Сарыарқаның алақанында құлағын сынсыған сырнай желге түрiп, жүзiн көусар самалға жуып тұрып ойлану керек», деп тамсаңғаны әлi есiмде.

Қойнауы толы шежiре, табиғаты көркем Ақтоғай өнiрiндегi солтүстiктен оңтүстiкке қарай созылып жатқан Тоқырауын өзенiнiң бойы шұрайлы шалғынға, арудай мын бұралған өрiмталға сынсып тұр. Қар қалың жауып, көктемде су тасығанда Балқаш көлiне жер бетiмен күйса, былайғы уақытта жер астымен барып көлмен табысады. Бүгiнде сол тұсынан сораптар арқылы Балқаш қаласының халқы тұщы суды көделерiне жаратуда.

Ал Ақтоғай ауданының өткенiн саралайтын болсақ, өзiнiң бай тарихымен көз алдына келедi. Орталық Қазақстандағы ең биiк тау Қызыларай тауы (картада Аксоран) осы өнiрде. Оның теңiз деңгейiнен биiктiгi 1565 метр. Бегазы тауының тарихына арналған академик Әлкей Марғұланның «Орталық Қазақстандағы Бегазы-Дөндiбай мөдениетi» атты зерттеу кiтабы әлi де өз оқырманын қызықтырады. Көрпетай-Нұртай, Қызылтас, Арқарлы, Берiкқара, Керегетас тауларының қойнауы толған ырыс қана емес, өзiндiк шежiреге де бай.

Берiкқара тауы да тарихи орын. Осыдан бiр ғасырдай бұрын бұл жерге ағылшындар қоныстанған. Мыс, қорғасын өндiрген. Кейiнде Ресейден Поповтар ұзақ жылдар мекендеп кен алған. Осы төнiректегi қазақ ауылына Поповтар отбасы бауыр басып, тығыз достық қатынаста болған. Қазақтың салтын ұстап, желiлеп бие байлаған, ұлына қазақ қызынан қалындық әперген.

Жазда Ақтоғайға қарай шұбырып Тоқырауын өзенi бойына тақта-лап егiн салатын, қыста теңiз құлап Балқаш көлiнiң мол қамысты жылы жағаларын паналайтын қазақтар өмiрi ерте кезден орыстардың алдыңғы қатарлы оқымыстыларының назарынан тыс қалған жоқ. Осы мақсатта 1909 жылы Қарқаралы уезiне жолаушылап келген орыстың көрнектi жазушысы Михаил Пришвин, 1913 жылы халық әдебиетi үлгiлерiн жинақтаған ғалым Николай Потаниндер Ақтоғай өңiрiнде айлап болып, оның бай табиғаты, ел өмiрiмен етене танысқан. Ақтоғайдың алдағы болашағы туралы толғамды пiкiрлер айтып, өздерiнiң жолжазбаларын жазып, осы төнiрекке арнап ескерткiштер қалдырған.

Ақтоғай аймағы маржанды ақ бидайымен де танымал болған жер. 1930 жылдары ауданда 850 гектар егiстiк болса, оның тең жартысына жуығын ақ бидай егiстiгi алып жатқан.

Сол жылдары Ақтоғай ақ бидайын зерттеумен Москва университетi жанындағы ғылыми-зерттеу институты арнайы шұғылданған. Ғалымдар

Ақтоғай ақ бидайын Москва ауылшаруашылық көрмесіне апарған. Оны өсіруге жоғарғы жақ арнайы нұсқаулар берген. Кезінде Тоқырауын бойын ақ бидайға толтырған аға ұрпақ өкілдері Тұрсын Төлегенов, Ыбыжан Сардарбеков, Бегендік Байтұрсынов, Оспанғали Шиманбаев, Мағұрыпбек Түсіпбеков, Иманғали Жақыпов сияқты басқа да озат диханшылар болды.

Кейінгі ашаршылық, елді қуғын-сүргінге ұшыратқан қаралы жылдарда ұмытыла бастаған егіншілікті соғыс аяқталған соң, қайта жанғыртуды қолға алады. Осы арада сонау жылдары Омаш Байжасаров ақсақал айтқан мына бір жәйттер ойыма оралады.

1945 жылы күз айында Қазақ ССР жер жөніндегі Халық Комиссариятының жолдамасымен Омекеңді Қарағанды облыстық ауылшаруашылығы бөлімі арнайы Ақтоғайға жібереді. Максат — бүгінгі егіншілікті жолға қою. Ел жағдайы тым қиын болса да қолдағы бар астықты жиыстырып, колхозшыларға бес килодан үлестіреді. Оның ішінде ақ бидайдың дәнін жеке іріктетіп алдыртады. Сөйтіп жоғалуға айналған Ақтоғай ақ бидайы қайта өнім бере бастайды. Ақ бидайдың сабағындағы бастар саны 5-тен 10-ға дейін болған. Әр бастағы дән 18, барлық бастан 200-ге тарта дән шығатын көрінеді. Ал басқа бидайдың бастарындағы дән 35-ке дейін жетеді екен. Ақ бидайдың дәнінің салмағы да ауыр. Мың дәннің салмағы 55-60 грамм тартқан.

Осындай ерекше бидайдың тұқымын Алматы мен Москваның ғалымдары арнайы зерттеуге алдырған. Бұл жөнінде кезінде «Известия» газеті жазған.

Алғашқыда ақ бидай шағын жерге егіліп, одан алынған өнім жеті колхозға таратылып берілген. Кейбір шаруашылықтар бұған жете мән бермей басқа бидай тұқымдарымен араластырып, мемлекетке сатқан. Содан оның тұқымы біржола жойылып кеткен.

Қазақтың көрнекті ғалымдары К. Мыңбаев пен К. Бабаевтар бес бас ақ бидайды көздерімен көріп, қолдарымен ұстаған зиялылар.

Жетпісінші жылдары, көзі тірі кезінде академик-жазушы Ғабиден Мұстафин Ақтоғай өңірі жайлы әңгіме өрбігінде:

— Ақтоғай ақ бидайы қайда? Тұқым қалмаған ба? — деп сұрады.

Мен еріксіз төмен қарадым. Кейін:

Сөзге шешен, зергердей ұста тілге,

Сұрайтынды өтініп қысқа түрде:

— Қайда кеткен Ақтоғай ақ бидайы?—

Бас шайқайтын Ғабиден Мұстафин де.

Алыс кеткен ақ бидай армандайын,

Сағыныштан сарғайып қалған дәйім.

Сақталмаса тұқымы ескеріліп,

Болашаққа жеткізіп жалғар қай ұл, — деп өкінішті өлең жаздым.

Бидай өсірумен айналасқан Ақтоғай атырабындағы халық ұн тартатын су және жел диірмендер жасаған. Оны бала кезімде өз көзіммен көрдім. Біздің Киров колхозындағы мектебіміздің жанында жел диірмен бола-

тын. Үзіліс кезінде әрі сабақтан тыс уақытта қалағының желмен айналып ұн тартқанын қызықтайтынбыз. Кейін ауылдағылар қаптап дүкеннен дайын ұн сатып алатын болды. Үйлерге ток беру үшін сол жел диірменге дизельді мотор қойылып, іші жанар-жағар май қоймасына айналды. Ауылға жоғары вольтті ток жеткен кезде дизель де, жел диірмен де келмеске кетті.

Бүгінгідей нарық қысқан уақытта көнекөз қариялар, алдыңғы толқын ағалар кешегі тоғандар орнын аршып, Тоқырауын өзенінен су жіберіп, дәнді дақылдар мен көкөніс өсіруді қолға ала бастады. Бірақ тұқымы біржола құрып кеткен Ақтоғай ақ бидайы бүгін ел аузында аңыз ғана.

Жол қатынасынан шалғай Қазақстанның бір түкпірінде жатқан Ақтоғай өңірін жұртшылықтың көпшілігі біле бермеуі де мүмкін. Бірақ Ақтоғай атырабы алты алашқа танылған арыстарымен, атакты өнші-күйшілерімен дүлдүл ақындарымен, дулығалы батырларымен, шешен билерімен кеңінен белгілі.

Қарқаралы тауынан бастап, Балқаш көліне дейінгі кең мекенді алып жатқан аймақтың тұла бойы құт қазына, аңыз-шежіре, береке байлық. Жері қандай кең болса, адамдарының да көңілі көл-көсір шалқар дария. Бұл атадан жалғасып келе жатқан игі дәстүр. Кешегі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында Қараменде би мен Бақай батыр Дадан Тобықты елін осы өңірге, Тоқырауын бойына орын тептірген деген ел аузында аңыз бар. Бұл шындыққа келінкіремейді. Ал тарих мынаны айтады.

Шыңғыс тауының етегінде Кеңгірбай мен оны қолдаушы рулардың ықпалы артып, Қараменде бастаған Дадан Тобықты рулары біртіндеп шетке қағыла береді. Бір жекпе-жекте Бақай батыр қазаға ұшырайды. Содан Дадан Тобықты елі Шыңғыс өңірінен көшуге мәжбүр болады. Алғаш Қарқаралы маңында болып, одан қазіргі Ақадыр ауданының Қарабұлақ жеріне келеді. Керней елінің басшысы, биі әрі батыры Жарылғаптың рұқсатымен бірер жыл осы өңірді мекендейді. Бірақ мұнда да сіңісіп кете алмаған соң, Тоқырауын өзенінің бойындағы Әлтеке мен Сарым руларының жерінен тұрақты қоныс табады.

Қарашорда Сенкібай,
Әлтекеде Жидебай,
Сарымдағы Жалантөс,
Жанғұтты мен Шабанбай,
Кернейдегі Жарылғап,
Кәрсондағы Аралбай,
Тобықтыда Қараменде,

Шұбыртпалы Ағыбай, — деген қанатты сөздің ел аузында барын жақсы білеміз. Сол Жалантөс пен Жидебай батыр, Шабанбай мен Жанғұтты билердің үрім-бұтақтары Қараменде бидін ұрпақтарын құшақ жая қарсы алып, бірге туғандай біте қайнасып кеткен ағайын-туыстар. Тоқырауын айырығында жатқан Қараменде биге Ақтоғай жұртшылығы күні бүгін сыйынып табынады. Басына түнейді, әулие тұтады. Еліміз

тәуелсіздік алғаннан кейін Қараменде, Жидебай, Шабанбай, Жалантөс, Сана билерге, батырларға ас берілді.

Түрікстаннан Сарыарқаға келіп, Ақсу-Аюлыдағы Жанғұтты бидің қасында өле-өлгенше болған Шортанбай ақынның:

Тағы да сәлем айтайын,

Қалың жатқан Сарымға, – деуі.

Немесе,

Және менен сәлем де,

Әлтеке, Сарым, Жарасқа,

Майқы менен Танасқа, – деп Қараменде бидің ұрпағы Нарманбет ақынның қайтыс болар алдында жолдаған сәлемі Ақтоғай атырабын, Тоқырауын табанын мекендеген Әлтеке мен Сарым руларына ағынан жарыла айтқан алғыстары екені сөзсіз.

Ақтоғай өңірінен шыққан шок жұлдыздай шоғырланып тұратын дарындылардың көптігі-топырағының құндылығын, елінің тектілігін танытса керек. Халқының көңілі кең дедік. Сол кеңдіктің тағы бір көрінісі – казак бұлбұлы атанған Күляш Бәйсеитованы талдықорғандықтардың, халық суретшісі Сахи Романовты қызылордалықтардың, арынды ақын Әсет Найманбайұлын Семейліктердің еншілік еткендеріне де таршылық көрсетпеді. «Ат айналып қазығын табады» дегендей кіндік қандары тамған топырағына, яғни Ақтоғайға қайтып оралатындықтарына еш шүбе келтірмеді. Осы орайда тамаша ақын қызымыз Фариза Оңғарсынованың «Махамбет Батыс Қазақстан өлкесінің ғана емес, бүкіл қазақтың ортақ ақыны» – деген қанатты сөзі еріксіз ойыма оралады.

Кешегі Сана би, Жалантас батыр, Сабота шешен, Нарманбет, Шашубай, Кенішбай, Тәшен, бүгінгі Дәуітәлі Стамбеков, Абзал Бөкенов, Серік Ақсұнқарұлы, Қуаныш Максұтов, Сүйіндік Жанысбай, Қасым Орымбетов, Махмуд Жарылғап сияқты ақын-жазушы, журналистерді, кобызшы Тілештің Әшірбегін; баба өнерін ұрпаққа жеткізген күйші ана композитор Аққыз Ахметжанқызын; күйшілер Шалғынбай Томайұлын, Сармантайдың Ахметжанын, Мағауия Хамзиндерді; өншілер Күләш Бәйсейтова, Манарбек Ержановты; сазгер Тілеуғали Қышқашбаевты, әртіс Кенес Нұрлановты; белгілі ғалымдар Гүлбаһрам Тарабаева, Ақжан Машанов, Әлихан Мусин, Мүсілім Ермеков, Хайдар Арыстанбеков, Әсет Болғанбаев, Төлепберді Ақышев, Тәнірберген Күлтебаев, Төкіжан Ақдарбеков, Әуезхан Омарханов, Рахметолла Башаров, Теңлік Изаков, Тиышбек Құдышев, Құлжан Жүнісова, Қалымхан Кәріпжанов; генералдар Совет Жакыпбеков, Болат Байжасаров; суретші Сахи Романов; мемлекет, қоғам қайраткерлері Рахымжан Шаяхметов, Кенес Жармұханбетұлы, Ерқара Айтмағанбетов, Әуезқан Қанафин, Қабылсаят Әбішев сияқты көптеген зиялылар мен өнерлілерді өмірге әкелген Ақтоғай еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қырандай түлеп шыға келді.

Бірде көнекөз кәрия Мұздыбай Қалиевпен өңгімелескенім бар. Ол кісі Ленин және Құрмет Белгісі ордендерінің иегері. Ақтоғай ауданының іргетасын қаласып, сонымен бірге жасасқан аға ұрпақ өкілдерінің бірі.

— Ауданның алғашқы бейнесі көз алдымда, — деді Мүздекен. — 1929 жылы осы өңірде үш болыс ел біріктік. Соның бірі — «Басшы» деп аталатын серіктестікке мен де мүше болып ендім. Серіктестіктің орталығы Ақтоғай атанып, Қоңырат ауданы қоңыр күзде шанырақ көтерді. Онда жәпірейген үй, шанғыт көше, темір кетпен, тілдей арық болатын. Кейін трактор мен автомәшинені көрдік. Көкте самғаған сомалеттің кәусі болдык. Осының бәрі ауданымыздың, өзіміздің өскендігімізді көрсетсе керек.

Алғашқы колхоздастыру кезінде Ақтоғай ауданында 200 қаралы жылқы, 50-ге жетер-жетпес ірі қара, 200 жүздей қой болса, кейіндері 220 мыңның үстінде қой, он мыңнан аса ірі қара, төрт мыңдай жылқы өсіріліп, мемлекетке жыл сайын мыңдаған тонна ет пен аса бағалы қой жүнін беріп келген іргелі шаруашылық болғаны бар.

Ертеде осы төңіректе бір ғана көзі ашық фельдшер Бижанның Хасені болған. Алғаш Ақтоғай аймағында мектеп ашып, сауат берген осы кісі еді. Оның мектебінде профессор Ә. Ермеков, академик О. Жәутіков 1921-1923 жылдары оқып білім алған. Бүгінде ауданда көптеген жоғары білімді мамандар қазіргі нарықтық жағдайды іске асыру мақсатында жұмыс жасап, пршілік етуде.

Ақтоғай еңбекшілерінің тамаша еңбек жолы бар. Бірінші және екінші бесжылдықтардың өзінде ақтоғайлықтардың арасынан үлгі алатын Социалистік Еңбек Ері Сәтибек Ыбыраев шықты. Кейінде оның өнегелі ісін ауданда Рахымберлі Аяғанов, Әбеу, Бәкір, Барша Танатбаевтар, Кенжебек Әбдірахманов, Мұздыбай Қалиев, Қапас Пішенбаев, Шардарбек Сыздықов, Інкарбек Түсіпбеков, Мәди Жухин, Орынбай Жұманбаев, Шаймағанбет Қауанышбаев, Мұхтар Тұрғанбаев, Айтмағанбет Бәкелтаев, Ынтықбек Аймағанбетов, Ақбұзау Байғазин, Седіқали Омарбеков, Қазыкен Тойымбеков; кезінде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары болған Қаһарман Жәпенев, Совет Алдамжаров, Исбек Жәркенов, Зәрубек Ұйқасбаев, Сейдіғали Сейілхановтар сияқты майталмандар жалғастырды. Сондай-ақ Жолдыбай Оспанов, Максұтбек Бабашев, Бөлебай Әбеуов, Қабдіраш Тұяқбаев, Қуанышбек Ыбышев, Мәжит Мұқанов, Оралбек Қасымжанов, Ғанел Жаксыбекова және тағы басқа шопандар аға ұрпаққа лайық еңбек етті.

Зікірия Көпбаев ақсақал жайлы ерекше айту керек. Зікен аудан шопандарының көш басшысы болды. Ұзақ жылдар еңбек құрметіне бөленген қадірменді жанның бірі. «Жәмші» совхозында сол кездегі директоры Қауаз Мұқажановпен бірге қой тұқымын асылдандырумен үзбей айналысты. Соның нәтижесінде оның отарында аса бағалы жүн беретін Дегерес тұқымды қой өсірілді. Дала академигі атанған Зікене 1981 жылы «Дегерес қойын өсірудің авторы» деген куәлік берілді.

Ақтоғай өңірінде Күләш пен Манарбек жолын қуған өнерпаздар қатарына Тұрған Түсіпбаев, Төлеу Аяғанова, Оралтай Сүлейменов, Дәртай Сәдуақасов, Дәриға Ақатаеваларды қосуға болады.

Шаруашылықтарда еңбек етіп, өнерді қастерлей білетін жандар жұмыстан қолдары босаған кезде көркемөнерпаздар үйірмелеріне қаты-

сып, ән шырқап, күй шертеді. Сахнада спектакльдерде ойнап халық көңілін көтеріп отырады.

Ақтоғай халық театры өзінің жұмысын сонау Ұлы Отан соғысы жылдарынан бастаған болатын. 1944 жылы алты адамнан құрылған драма коллективі содан бергі мерзім ішінде отызға тарта спектакльдерді өз сахнасына шығарды. 1974 жылы «Халық театры» атағын жеңіп алу үшін күресті Б. Майлиннің «Шағанын белгісі» пьесасын дайындаумен бастады. Сол жылы өткен сынақтың қорытындысы мен ұсынысы бойынша драма ұжымына «Халық театры» атағын беру туралы Мәдениет министрлігінің Қаулысы қабылданды.

Сондай-ақ «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблі де еңбекшілердің қалың ортасында өз өнерлерін көрсетіп келеді. Бұл ансамблді кезінде белгілі ақын Бәкір Тәжібаев пен Қазақстанның халық артисі, сазгер Ескендір Хасанғалиев құрған болатын. Республикалық байқаудың лауреаты «Тоқырауын толқындары» ансамбліне де кейін «Халық театры» деген атақ берілді. Ән сапарымен ансамбль ұжымы Ресей, ГДР, Чехословакия елдерінде болды. Сондай-ақ республикамыздың барлық облыстарында өнер көрсетті.

Бүгінде қоршаған ортаның ластануы, экологиялық жүйенің бұзылуы тікелей адамға байланысты. Ал оны қалыпты жағдайда ұстап, ел игілігіне жарата білу де тікелей адамның өз қолында. Сондықтан Іле-Балқаш бассейнінің экологиялық жағдайын жақсарту жөніндегі шараларға Ақтоғай ауданындағы Тоқырауын бассейнінің проблемалары енгізіліп отыр. Атқарылатын шаралардың 2005-ші жылға дейінгі кешенді жоспары белгіленген. Ол бойынша ауданда көптеген объектілер, атап айтқанда, ұн тартатын, шұжық жасайтын, халық қажетін өтейтін маңызды құрылыстар салу қолға алынған.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанның территориялық құрылымындағы өзгерістер жөніндегі саясатына орай, Ақтоғайдан бұрынғы еңші алып бөлініп шыққан Тоқырауын ауданы 1997 жылы қара шанырақтың астына кіріп, ел-жұртымен қайта қауышты.

Ақтоғай ауданының бүгінгі жер көлемі 5 миллион 199673 шаршы километр. Егістігі 21 мың 123 гектар, 51 елді мекен мен 17 селолық округтер орналасқан. Халқының саны 30 мыңдай 14 ұлттың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, еңбек етуде.

Аудан оңтүстігінде Жамбыл, солтүстік шығысында Шығысқазақстан, күнбатысында Шет, Қарқаралы ауданымен шектесіп жатыр. Жер көлемінің ұлғаюына байланысты сан-салалы экономикасы бұрынғыдан әлдеқайда қуатты.

Ел Президенті 2030 жылға дейінгі экономикалық оқу стратегиясы, Қазақстан халқына Жолдауы, Республика Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы, Президенттің стратегиялық жоспарлау жөніндегі республикалық семинарда алға қойған он бір тапсырмасын жүзеге асыруда ауданның стратегиялық дамуының жоспары жасалынып, ондағы барлық саланың келешекте қалай дамитыны айқындалған.

Балқаш көлінің балығын аулап, өңдейтін ірі акционерлік қоғам мен алтын өндіретін тау-кен компаниясы, Тасарал сияқты балықшылар ауылы, Сарышыған кентіндегі темір жол торабы — аудан экономиясының негізгі қуатты тұтқасы. Ал ауылды жерлерде 555 шаруа қожалықтары мен фермерлер мал өсіріп, егін салумен айналысады. Өзін де, өзгені де азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған жекелеген шаруа қожалықтары Сейдіғали Сейілханов, Зікірия Көпбаев, Қабылбек Мұқашев, Серік Қанафин, Біләл Қабылов, Береке Мұқышев, Зәкәрім Сыздықов, Тілеуғабыл Кенжебаев, Манатбек Кәрібеков, Қабыраш Тұяқбаев, Тілеуберлі Қадырберлин, Мейрамбек Әбіжанов, Сенбі Кенжебаевтардың игілікті істері жұртшылықты өздеріне аударуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі» Жарлығын жүзеге асыруда шұғыл бербұрыс жасалып отыр. Бүгінде аудан бойынша 138 жеке тұлға салық комитетіне тіркеліп, кәсіпкерлікпен шұғылдануда. Атап айтқанда: Руслан Смайлов, Әбүйір Әлжанов, Ерлан Мұқамедияров, Қобылан Жандығұлов, Нұрахмет Әзіров, Самат Бейсенбаев, Марат Төлепбергенов, Мартбек Сәрсенбаевтер бүгінгі нарық жағдайына бейімделіп, заман ағымына сай еңбек етуде.

Президенттің Үкіметке жүктеген 8 тапсырмасының бірі мектептерді компьютерлендіру. Осы бағыттағы жүзеге асырылып жатқан істер баршылық. Жаңа талапқа сай Ә. Ермаков атындағы, Абай, Шашубай орта мектептеріне, кәсіптік-техникалық мектепке жаңа типті компьютерлер орнатылды. Мектептерді компьютерлендіру саласында бұл іс одан әрі жалғасын таба береді.

Менің балалық қиялымды асқақтатып, бойыма шабыт отын тұтатқан асыл армандай Ақтоғай халқының өркендегенін, жерінің көркем болғанын қалаймын.

Ақтоғай жері жомарт, дархан елі,
Созылған омыртқадай Арқа белі.
Төрт түлік төл өрбіген құтты мекен,
Адамның табылады бар керегі.

Халқы бар жарқын жанды, өр көңілді,
Келеді даласындай кең пейілді.
Тоқырауын өзені сылан қағар,
Тауы бар Қызыларай, өлке гүлді.

Жылжиды ракетадай уақыт деген,
Табысар келер ұрпақ бақытпенен.
Ақтоғай алтын аймақ, дүбірлі аймақ,
Ақыны жыр төгеді шабытпенен.

Қолыма қалам алғаннан бері Ақтоғай атырабын, Тоқырауын толқандарын, абзал жандарын, асқар тауларын жырға қосып келе жатқан

қасиетті елімнің айрандай ұйып отырғанын қалаймын. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай: «Бірлік бар жерде тірлік бар». Сол бірліктің арқасында нарық қыспағына мойымай, болашаққа сеніммен қарайды. Иншалла сол сенімдері ақталсын.

1999.

САРЫМ ЖАЛАҢТӨС БАҒАДУР

Басын Орталық Қазақстан тауларынан алатын арқа өзендерінің біразы солтүстікке қарай жөнкілсе, тек Тоқырауын жеке дара оңтүстікке бетін бұрып, Балқаш көліне құяды.

Тоқырауын өзенінің осы қасиетін:

Өлімі қос қыршынның өкіндірді,

Ал Нұра солтүстікке бетін бұрды.

Созылды оңтүстікке бұрымдай боп,

Асты да Тоқырауын жеті қырды, - деп «Қайдауыл Шеруке» дастанында өлеңмен өрген едім.

Тоқырауын өзені ерте кезден-ақ қалын елге жақсы таныс.

Ер Айбас Тайкөк атпан тағы шапты,

Арасын тамам жолдың оймен тапты.

Дейтұғын өзені осы Тоқырауын,

Сол жерде үш күн жатып тоқырапты.

Бұл «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын жиын-тойларда жатқа айтатын аулымыздағы Ләпи ақсақалдан бала күнімде құлағыма сініп қалған жыр жолдары.

Ертеде Тоқырауын бойында ит тұмсығы өтпейтін тұнып тұрған қалын тоғай өсіпті. Айбас батыр астындағы Тайкөк атымен өзеннен өту үшін тоғайды үш күн бойы қиып жол салған көрінеді.

Әмір Темірдің 1389 жылы маусым-шілде айларында қазіргі Қазақстан жері арқылы жасаған жорығы тарихтан белгілі.

Әскер Ортаудан өтіп, Тоқырауын өзеніне жеткенше қатты ысыған күнінде су тапшылығын көреді. Құдық қазуға мәжбүр болады. Тоқырауын өзенінің жақсы, тұщы суына жеткен соң, әскері бой жазып, аз күн тынығып, аң аулайды.

Жүсіпқожа Шайхисыламулының «Қисса Наурызбай төре» дастанында:

Жатайын Тоқырауында үш күн тосып,

Ел-жұрттың кеңес құрсын басын қосып.

Мен ондай қатын емес қашатығын,

Кетпеймін жалған айтып, бекер шошып, – дейтін шумақтан да ұзақ жолдан қажып, шаршап келген жолаушылардың бел шешіп, ат шалдыратын жайлы орындарының бірі – Тоқырауын өзенінің жағасы болған.

Кейін Тоқырауын бойына Дадан Тобықтыны бастап келген Қараменде би тұрақты орын тепкен. Басында керней Жарылғаптың еліне жайғасқан Қараменде орнығып, басы мен малы өсе бастайды.

Бірде ел аралауға шығып бара жатып:

– Егер Жарылғап батыр келе қалса, мал сойып, қазан ас. Айран ұсынба, – деп Қараменде би бәйбішесіне ерекше ескертеді.

Бір уақыттарда Қарекен үйіне Жарылғап келіп түседі. Бәйбіше қыты шыраймен қарсы алып, төрге шығарады. Мал сойып, қазан асуға қанша ыңғайланса да Жарылғап асығыс екенін айтумен болады. Әбден амалы таусылған бәйбіше дәм таттырмай құр жібергенді ұят көріп, бір тостаған ұйып тұрған айран ұсынады. Жарылғап айранның бетіне ұзақ қарап отырып, ештеңе демейді. Айраннан ауыз да тимейді. Қынындағы кездігін алып айранның бетін екі тіліп, тостағанды бәйбішеге қайтарып береді. Іле-шала орнынан тұрып, асығыс жүріп кетеді.

Үйіне оралған соң болған жайды бәйбішесінен естіген Қараменде би:

– Бұл жер енді бізге мекен болмайды екен, – деп Тоқырауын бойына қарай ат басын бұрады.

Мұндағы Әлтеке мен Сарым елі құшақ жая қарсы алып, Тоқырауын өзеннің Балқашқа құяр сағасынан қоныс береді. Содан бері Дадан тобықты Әлтеке-Сарым елдерімен Тоқырауын бойында тату-тәтті өмір сүріп келеді.

Күні кешелер Жилебай, Шабанбай, Қараменде билерге, казактың елім деп еңіреп өткен үпі арысы – Әлихан Бөкейханов, Жакып Ақбаев, Әлімхан Ермековтерге ас беріп, дүбірлі тойларын өткізген Ақтоғай өңірі, 1996 жылы Тоқырауын табанында Сарым Жалаңтөс батырдың 300 жылдығын атап өтті. Тойдың есте қаларлықтай өтуіне баба ұрпағы Мейірхан Тәпібековтың сіңірген еңбегін айырықша атаған жөн.

Жалаңтөс батырдың атын алғаш рет жетпісінші жылдардың ортасында естідім. Атақты шопан Зікірия Көлбаев жайлы мақала жазу үшін, сол кісіні арнайы іздеп бардым. «Жәмші» совхозындағы қыстағынан жаз жайлауға көшкен екен. Сонда біраз әңгімелескенім бар.

Сыртқа шығып, серуендеп жүрген кезімізде:

– Анау, мұнартып көрініп тұрған Бектауата тауына қарашы. Баяғы Жалаңтөс бабамыздан аумайды, – деп ұзақ тамсана қарағанына таң қалдым.

– Ол кісі кім болған? – деп сұрадым сәл үнсіздіктен кейін.

– Кешегі Жоңғарларға қарсы соғыста Балқан көлінен бастап Қарағанды бойындағы Нұра өзеніне шейінгі атамекенімізді қорғаған батыр, – деп қысқа қайырды да, – ал, мына Бектауата бұрын Әулиеата атаныпты. Кейін біреулерге ұнамаған болу керек. Солай өзгерткен, – деді де тұнжырып біраз тұрды.

Екеуіміз де бір-бірімізді үнсіз ұғысқандай болдық. Ол кезде өткен тарих, кешегі бабаларымыз жайлы айтуға ешкімнің күдіреті жете бермейтін. Сондықтан әңгімені әрі қарай бұл тақырыпқа жалғастырмадық.

Кейін Зікен әңгімесі көп ой салды. Бектауата тауын жырға қосып, Жалаңтөс батырға тенедім.

Әулиеата атандын о басында,
Өзіне жаманшылық жоласын ба.
Әулие мен құдайға сенбейтіндер,
Өртеді ақ ордасын, корасында.

Әулиеата біртүрлі шатақ атын,
Қалай шалақ белсенді жата алатын.
Өзгеріссіз қалдырса қаз – қалпында,
Істі болып сияқты шаталатын.

Бола ма екен еліріп есіруге,
Көзқұны бар кімнің бұл есімінде.
Кеше зорлап көшіріп кей халықты,
Тырысты ғой тарихтан өшіруге.

Қырандай жіті қадап жанарынды,
Төкаппар шолып тұрсың дала, қырды.
Жандарға жөн-жосықсыз тіл тигізген,
Түйілген ашпайсың еш қабағынды.

Қасиетін ерекше жаратылған,
Халқын саған сыйынып таң атырған.
Бектауата Жалаңтөс батырдайсың,
Көрінеді алыстан дара тұлған.

Тарихқа үнілсек, үш Жалаңтөс батыр болған. Бірі – қалмақ пен қазақтың теке тіресі Орбұлақ шайқасына жиырма мың қолмен келген Самарқанд билеушісі. Екіншісі – атакты тарихшы-ғалым Әлікей Марғұлан айтып кеткен Жалаңтөс.

Ал, біз әңгіме еткелі отырған Жалаңтөс – Арғын тайпасы, Қаракесек руының Сарым бұтағынан шыққан баһадур. Ел ішінде: «Шақадан туған Қараменде бидей еді, Құлықтан туған Жалаңтөс батырдай еді», деген нақыл бар. Жалаңтөс батырдың әкесі Жансары. Женгелері Құлық атап кеткен. Кейін қалың елге Құлық атымен жайылған әкесі ағайындарға мейірімді, елге беделді, шаруақор адам болыпты. Атамекені – Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай тауының күнгейіндегі Қаратал өзенінің бойы.

Баласының үлкені Жалаңтөс қолына жастай найза алып, елін жаудан қорғауға ат салысады. Дау-жанжалдарға араласып, билік айтуға қатысады. Абыз бабамыз Қаздауысты Қазыбек бимен, Балқаш көлінің теріскейіндегі Тобықтының атқа мінерлерімен, Нұра бойындағы Қуандықтың белді адамдарымен ерте араласқан Жалаңтөс өзінің батылдығымен, тапқарлығымен жұрт көзіне шалынады.

«Жауынмен жер көгереді, батамен ер көгереді!» дегендей кісілігіне риза болған дуалы ауызды көриялар қолдарын жайып ақ баталарын бер-

ген. Атақ абыройы биіктеген Жалантөске жұрттын ыстық ықыласы бірден ауады. Тобықты руындағы Жуантаяқ Сазан-Шортан өзінің Жібек атты қызын айттырып келген Жалантөске ұзатуы да сондықтан болса керек.

Жібек ана – Алтай, Әжібай, Толыбай деген балаларды өмірге әкеледі. Балалардың ішіндегі Алтайы әкесі сияқты батыл да өжет болып өседі. Жастай әкесінің соңынан еріп сан жорықтарға қатысады. Шынығып шыңдалады. Бұғанасы бекіп, белі қатаяды.

– Алтайдың немересі Қожамбердіұлы Аманбай ақсақал (ел іші Аманған дейтін) жасы жүзге келіп дүниеден өтті. Сол кісі Алтай батыр туралы деректерді жеткілікті білетін. Қарағанды маңындағы Соқыр өзенінің жағасында тұрған Жалантөс бабамыздың әбден тозған шошак бейтін тірі кезінде көрсетіп кетті, – деп есіне алады Жезқазған қаласында тұратын Ақылбек Шайқы ақсақал.

Әулие тамам таудың ағасындай,
Кенелі жүйрік аттың тағасындай.
Түкөде қасқыр ішік жағасындай,
Елге бақ қонады ғой жерде осындай.

Бұл жырды Балқаштың теріскейін аралағанда киелі бабамыз Асанқайғы айтты деген ел арасында сөз бар.

Балқаш көлінен бастап, Қоңырат, Әулиеата, Тоқырауын мен Нұра бойын, Ұлытау мен Қарағанды аралығындағы сайын даланы дұшпаннан азат етуге қатысқан Жалантөс баһадүрге Қаздауысты Қазыбек би ерекше ден қойған. Бірде ауылын шауып, жылқысын айдап кеткен қалмақ ханына күн сұрай барғанда бидің қасындағы батырлардың арасында Жалантөс пен оның баласы Алтай да болған.

Жалантөс Қанжығалы Бөгенбайды пір тұтқан. Баһадүрдің қасында жүріп сан қанды жорықтарға қатысқан. Атақты Бұланты шайқасында көзге түскен. Жас батырларды тәрбиелеп, маңына шоғырландыра білген.

Сарыарқаны емін-еркін билеп-төстеуді арман еткен қалың қалмақ Қарағанды төңірегін басып алуға күш жұмсайды. Жауға Түйте Жарылғап, Керей Есей, Құлық Жалантөс, Әлтеке Жидебай, Төленгіт Қасабай, Қожағұл Торак, Тобықты Байзақ бастаған батырлар қарсы шабуылға шығады.

Осы майдан төрінде Жалантөстің көзіне қалмақтың дәл атқан жебесі қалады. Батыр көзіндегі жебені өзі суырып алады. Бірақ соғысты тоқтатпайды. Қазақ қолы жеңіске жетеді. Жалантөстің бір көзі шыққан өзенді жұрт бұдан былай «Соқыр өзені» дейтін болған. Осы оқиғадан кейін Соқыр батыр атанған. Жалантөстің көзінің құны үшін қалмақ батыры жалғыз қызы Айсұлуды қалыңдыққа берген. Айсұлудан – Естай, Есет, Рүстем, Батабай, Көбен деген балалар туған.

Кәрімжан Зейнешұлының «Жалантөс батыр» дастанында:

Жалантөс батыр болған заманында,
Батырдың жау келмеген жанабына.

Болыпты он жеті ұлы бабамыздың,
Бар шығар сенері де, жанары да, – деп жырлауы тегін емес.
Батырдың он жеті ұлының он екісінен ұрпақ бар. Қалған бес баласының есімдері ел есінде сақталмаған. Айсұлудан туған балаларының көбі алып күштің иесі болған. Естай деген баласынан Нарбота, одан Байғонды, одан жаурыны жерге тимеген балуан Ахмет туған.

Бабамыздың артына қалдырып кеткен ақыл-өсиеті, ізгі тілек, бата-сы бүгінде ел арасында айтылады. Мысалы, «Айтулы ерге оқ тисе, қиналғанын білдірмес», «Жаудан күткен жақсылық – зарыққанның белгісі», «Аш отырсаң да аман отыр».

Жалантөс батырдың өмір тарихын зерттеп жүрген журналистің бірі – Масғұт Халиолла. Ол кісінің жеке архивінде атасы Халиолланың, әкесі Жабастын қолдарымен жазылған шежіре бар екен. Мақан атасынан естіген бірнеше бата-тілегін кезінде «Балқаш өңірі» газетіне жариялады.

Жалантөс елді бірлік-ынтымаққа шақырып отырған.

Жасаған жалғыз тілегім,
Еліме берік бірлік бер.
Еріме ерік, тірлік бер.
Жеріме биік шынар бер.

Ұлыма адал сынар бер.
Қызыма көрік, ақыл бер.
Жан қиысар жақын бер.
Ерімнің басын еңкейтпе,

Алла ажалын ерте етпе.
Тұлпарына қанат бер,
Бес қару – жау-жарак бер.
Сұр жебе бұзбас сауыт бер.

Қалғытпайтын қауіп бер.
Байтағым үшін жан пида,
Қиынға салсаң, салып көр.

Осы бір игі тілегі күні бүгінгідей естіледі емес пе!

Батыр 73 жасында жаз жайлауы Соқыр өзенінің бойында дүниеден өткен. Ұрпақтары Ақтоғай ауданы, «Жемші» совхозында (кеншардың орталығы «Жалантөс батыр ауылы» атанған), Балқаш, Жезқазған, Қарағанды қалаларында тұрады. Кезінде келіндері құрметтеп Жібек ананы «Тазажін», Жалантөсті Кершеуата атап кеткен.

1980-інші жылдары Әнуарбек Адамбековтың қолға алуымен бабаға ескерткіш қойылса, кейін ұрпақтары кесенесін қайтадан қалпына келтірді. Қарағанды қаласының Оңтүстік шығыс ауданынан әрірек «Орта»ық Сарыарқа» әуежайына баратын үлкен даңғылдың оң жағында, Соқыр

«Көзінің жағасындағы биік төбеден Жалаңтөс батыр: «Күні кешелер
казактың жалпақ даласын қалмақтан босатуға күш жұмсап едім. Енді
бүгінгі ұрпағым өз тәуелсіздігін алып, өз алдына жеке мемлекет болғанда
мені де ұмытпағандарына ризамын» деп тұрғандай.

Өйткені:

Сонау бір Сарым бабадан,
Бір бұтақ едің тараған.
Араша түстің айбат қып,
Алғанда дұшпан жағадан.

Аш бөрідей жорытқан,
Жауыннан жоксын қорыққан.
Шырғалаң қиын шақтарда,
Шығардың елді торыққан.

Әр адам әр жол таңдайды,
Біреуге дүние, мал қайғы.
Апайтөс батыр Жалаңтөс,
Ерлігің ұмыт қалмайды.

Жидебай батыр Жарылғап,
Тидіндер жауға арындап.
Бөгенбай үшін кек алдың,
Майданға кіріп жалындап.

Тағдырдың жолы қатал тым,
Жұртыңнан адал бата алдың.
Бір көзің жауға садаға —
Кейінде «соқыр» атандың.

Данқты казак ірі ұлын,
Сарымның сыйлап жұрынын.
«Көзінің құны үшін» деп,
Беріпті қалмақ сұлуын.
Дұшпанмен кеше алыстың,
Досыңмен жақын таныстың.
Есімің көкте қалықтап,
Халқыңмен қайта қауыштың.

Сыбдыры болып егіннің,
Күн нұры болып төгілдің.
Сапында бірге келесің,
Тәуелсіз алған елімінің.

1997

АБЫЛАЙДЫҢ ЖАУҒА ШАПҚАН ҚОС БАТЫРЫ

Менің бала күнімде, елуінші жылдардың басында, Әсет ағай Алматыдан елге келіншегін әкеліп, әкем Рахметолла дүбірлетіп тойын өткізді. Ол ағай – кешегі Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы Әсет Болғанбаев.

Той тарқар кезде Изақ ақсақал мынадай бата берді.

Әуелі алла ондасын,

Қызыр болсын жолдасын.

Періштелер жар болып,

Алаш бабаң қолдасын.

Қарашорда Сенкібай,

Әлтекеде Жидебай,

Сарымдағы Шабанбай.

Тобықтыда Қараменде,

Көтерсін бабалар бағынды-ай, әумин!

Бұрын естіп білмеген адамдардың аттары балалық сезіміме сәуле түсіргендей болды.

Бір күні Алтуайт тауының етегінде шөп шауып жүріп:

– Осы әнеукүні Изақ атам бата бергендегі аттары аталған кісілер кезінде кім болған? – деп сұрадым әкемнен.

Далада екеуімізден басқа ешкім жоқ еді. Әкем біртүрлі күйге түсіп, алды-артына қарап алды да:

– Изекең орынды бата берді. Бабаларымыздың аттарын атап, аруактарына тағзым етті. Ол кісінің айтқанының бәрі жөн. Біздер сияқты қалтасында қызыл билеті жоқ. Неден қорықсын, – деді де біреу-міреу тындап қоймады ма сөзімді дегендей тағы да жан-жағына қарады.

Әкем шындықты бетке айтатын батыл адам еді. Ашуланғанда балалары біз түгілі, інілері Нығыметолла мен Әсетті де ұрып жіберуден тайынбайтын. Енді сайын далада кімнен, неден қорқып тұрғанын түсінбедім.

– Есінде сақта, балам, – деп әкем үнсіздікті өзі бұзды. – Сенкібай Қарашор, Жидебай Әлтеке, Шабанбай Сарым, Қараменде Тобықты руларынан шыққан әрі би, әрі шешен болған әулиелер. Сонау Абылайхан заманында қазақ жерін қалмақтардан азат етуге қатысқан батырлар. Күні кешеге шейін олардың аттарын атаған адамдар ұсталып, айдалып кетті. Ептеп енді айта бастадық. Сонда да сактық керек. Бабалар жайлы басқа әңгімені тағы бірде айтармын.

Әкем Рахметолла мектепте балаларды оқытатын ұстаз еді. Аңыз әңгімелерді, шешендік сөздерді, шежіре-тарихты, мақал-мәтелдерді тақпақтатып айтып отыратын. Ауылдағы көриялардың өзі ол кісінің әңгімелерін ұйып тындайтын.

Әкейдің кейінгі әңгімесінен:

Қарашорда Сенкібай,

Әлтекеде Жидебай,

Шұбыртпалы Ағыбай,

Калын жатқан Сарымда,
Жанғұтты мен Шабанбай, – деген нақылды естідім.

Ағыбай батыр Абылайханның ұрпағы Кенесары ханның бас батыры, ұлтзаттық көтерілістің ту ұстаушысы болған, оларға қазақтың көптеген би-болыстары қарсы шыққанда Жанғұтты бидің сол көтерілісті жақтап көп көмек көрсеткенін кейін білдік қой.

Кенесары туралы, оның көтерілісінің маңызы жайлы сүбелі еңбек жазған Ермұхан Бекмаханов пен оны жақтаушыларды қуғындағанын, абақтыға қамағанын студент кезімізде естіп біз де үрейленіп қалғанбыз. Әдейі де қорқақтағаны тағы осындай аласапыран заман туа қалса ұрпағына да залалы тиер деген сақтықтан туса керек.

Осыдан оншақты жыл бұрын жазушылар Жаппар Өмірбеков, Софы Смағайұлы үшеуіміз творчестволық сапармен Шет ауданына бара қалдық. Шаруашылықтарды аралатып жүрген жергілікті жазушы, ел өмірін жетік білетін Кәмел Жүністегі Қызылтау өңіріне келгенімізде:

– Талдының бойында Сенкібай, Нұраның бойында Жидебай бабамыз мәңгі ұйқыда жатыр. Басына барып дұға жасауға да болады, – деді батыл түрде.

Не нәрсеге күдікпен әрі сақтықпен қарайтын Жапекен:

– Қазір кең заман ғой. Баруға да ынталымыз, – деп бізді бастап келе жатқан Кәмелдің сөзіне қолдау көрсетті.

Сөйтіп сол жолы қос әулиенің басына барып дұға оқып, аруақтарына сыйынып қайтқанбыз.

Күні кешегі Жоңғарлар шапқыншылығынан қазақ жерін қорғаған Абылайдың мыңбасылары Сенкібай мен Жидебай батырлар жауға қатар аттанып елге жеңіспен оралып жүрген. Кезінде әрі батыр, әрі би, әрі шешен атанған қос әулие көртайып барып өз ажалдарымен дүниеден өткен. Тіршілігінде бірге жүрген қос батыр қайтыс болған кездерінде де қатар жатыр. Осында өзіндік сыр, табиғи заңдылық бар сияқты көрінеді маған.

1993 жылдың тамыз айында Сенкібайдың Қарқаралы, Жидебайдың Ақтоғай аудандарындағы ұрпақтары қос әулиеге арнап арнайы ас берді. Арты дүбірлі тойға ұласып кетті. Бар шығынды бабалар ұрпақтары көтерді.

Би Сенкібай кешегі,

Ерекше ер деседі.

Тіл біткеннің шешені,

Жауға бермес есені.

Аруақты-көшелі,

Карашордың көсемі, – деп халық жырға қосқан, Арғын тайпасының Қаракесек руынан шыққан Қожас батырдың шөбересі – Оразғұллы Сенкібай жасынан өжет те алғыр болып өседі. Он жетіге жетер жетпестен Қанжығалы Бөгенбай батырдың Жоңғарларға қарсы жасағына ереді. 1729 жылдағы Нұра даласында Жоңғарлармен болған шайқастың бірінде Сенкібай ерекше көзге түседі. Ол Қонтәжінің немересі Әмірсананың басқаруындағы онмыңдықпен бетпе-бет келеді. Ертедегі дәстүр бойын-

ша батырлар жекпе-жекке шығатын. Ноян Коренмен айкаста жеңіске жеткен Сенкібайдың есімі ел арасына бірден тарап кетеді.

Өзінің ержүректігі, тапқырлығымен көзге түскен Сенкібай батыр Абылай әскерінің барлаушылар мыңдығын басқарады. Жоңғарларға қарсы жорықта бірнеше ірі-ірі шайқастарға қатысады. Небір қиын-қыстау, тар кезеңдерде жол тауып, қазақ қолының азаттық жолындағы күресте жеңістерге жетуіне күш жұмсаған санаулы баһадүрдің бірі.

Көмей әулие атанған Бұқар жыраудың қазақ әскерлерінің Қалденге қарсы жүргізген жойқын ұрыста әрі батылдык, әрі тапқырлық, әрі табандылық көрсеткен Абылайханның он батырының ішінде Сенкібайдың есімінің аталуы тегін болмаса керек.

Қалденменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп.
Абылайдың қасында,
Бастарын бай тігісіп.
Сондай ауыр жорықта,
Қандыжаппен соғыста,
Бірге болған батырлар
Мыналар еді егесіп:
Каракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Беті қайтпас арыстар.
Шакшаулы Жәнібек,
Серкеқара Тілеуке.
Қарақалпақ Құлашбек,
Тігіден шыққан Ертерек.
Шапырашта Науырызбай,
Құламенде Жібекбай қасында,
Бак-дәулеті басында.
Сенкібай мен Шүйбекбай,
Таңсық жожа Мамыт бар,
Қасқараұлы Молдабай.
Қатардан жақсы қалдырмай,
Айнақұл, Батый ішінде,
Өңкей батырды жиысты,
Абылай салды жарлықты.

1730-1735 жылдар аралығында Уақ Баян батырмен қоса Абылайдың қалың қолында болған Сенкібай неше дүркін ерліктер көрсетіп Ақиық сұнқар, Киелі батыр атанған. Оның тастай қараңғы түндерде ұйтқыған боран, нәсерлі жауын күндерде бүркіт үні саңқылдап жол көрсететін киесі болған. Жоңғарларға қарсы күресте ерен ерліктеріне, мол ақыл-парасатына және киелі аруағына риза болған Абылайхан Сенкібай батырды өзіне жақын балап, оған зор сенім артып соғыс кеңесшісі еткен.

Сенкібай сынды жас батырды айбынды Абылайхан «Ақиық сұңқар» деген екен. Мұның мәнісі былай.

...Түн ортасы ауа Абылай қалғып кеткен екен. «Аттан, аттан! Жау қауіпсіз жерге орналастыр» деген үрейлі дауыстан ол атып тұрады. Есік алдында көлденеу тартқан «Жал құйрығына» мініп: «Баян батыр өз мыңдығыңмен жауға қарсы аттан, Сенкібай жасағыңмен орданы қауіпсіз жерге орналастыр. Ордаға ие болу сенің міндетің» – деп атына қамшы басады.

Айсыз қараңғы түн. Нөсерлетіп құйған жауын. Аттаңдаған үрейлі түн. Қапылыста тиген жау қолынын қанша екенін болжап білер емес. Жандақтың бәрі айқай-шу. Кім жау, кім өзіндікі екенін болжап, ажыратып білу қиын. Толассыз құйылған нөсерден қалың қамыс арасы аздап ағып кеткенмен, оның айналасы ми-батпақ. Аузы тұмшаланған, қом салынған түйелер тайғанақтап жүре алмайды. Сенкібай жасағы қарсы келіп қалған оншақты жауды шанышып тастап, Абылайдың орданы өзіннің батыс жағына көшір деген тапсырмасына кірісті. Бірақ ол жақ сор-батпақты және ашық алаңқай болатын. Қаптаған жаудың ұрандаған дауысы құлақ жарады. Қалың қамыс ішімен жол тауып болар емес.

Сенкібай Орданы алып шығудың лажын келтіре алмай қатты сағасы. Әбден қысылған ол атынан қарғып түсіп, құбылаға қарап қол жайып: «Иә, аруақ, Алаш бабам, Қарқабат анам жар бола гөр?! Қызырғайлай әссәлам, Қырық Шілтен әулие өзің қолда!» деп бетін сипай бергенде, көз алдына саңқылдаған бүркіт елестейді. Ол «Иә, аруақ!» деп атына қарғып мініп, жасағына «Орданы осылай қарай алып жүріңдер» деп өзі бастап қалың қамыс ішіне сұғына кіреді. Бүркіт үні естілсе, солай қарай жүреді. Әйтеуір өлдім-талдым дегенде таң аттып жан-жағы қалың қамыспен, өткелсіз жалпақ сумен қоршалған үлкен алаңнан бірақ шығады. Сол жерге Орданы орналастырып, Сенкібай жасағымен Абылай мен Баян қолдарын іздеп кетеді. Кешегі батырлар кеңесіндегі шешімдері сәтті болып, жауды қапылыста тасталған етіп жеңіп шығады олар.

Абылай түнгі ұрыс қорытындысын шығарып, Сенкібайдың Орданы қауіпсіз жерге орналастырғанына ризалық білдіреді. Орда ішіндегі адамдар Сенкібайдың тапқырлығына, бүркіт үні саңқылдағанын өздері де естігендеріне алғыс сезімдерін білдіреді. Бұл тосын жағдайды білген Абылай: «Иә, Сенкібай, онда сен айсыз түнде, нөсерді жаңбырда қалың қамыс ішінде аласпай жүретін түнде ұшатын Алтайдың ақ сұңқары болдың ғой. Бұдан былай сені «Ақ иық сұңқар деп атайық!» депті. Содан былай қарай Сенкібай Ақ иық қыран, көріпкелі бар киелі батыр атанып кетіпті.

Түркістан, Таразы, Сайрам, Шаш қалалары жау қолында қалғанда Сенкібай Төле бидің сұрауымен Қаздауысты Қазыбек атасының рұқсатымен нағашы жұрты Төле би дананың қолында соғыс кеңесшісі бола жүріп, қиын-қыстау шақта басқыншылардан елін, жерін қорғауда өжет қимыл, ерекше тапқырлық көрсетеді. Сөйтіп Үйсін мен Дулат елдерінде үш-төрт жылдай ірі шайқастарды бастан өткерген ол 1739 жылы Абылайдың қолына қайта оралады. Абылай ханмен бірге 1740 жылы Орынборға

патша әкімшілігімен кездесуге барған топтың ішінде соғыс кеңесшісі ретінде Сенкібай да қатысады.

Жоңғарларға қарсы жойқын соғыс аяқталған соң Сенкібай батыр бірқатар жасақтарымен бірге Жидебай, Шабанбай, Қараменде билер, Қаздауысты Қазыбек атасы бөліп берген жерлерге атақонысы Қарқаралы мен Балқаш көлі аймағына келіп мекен тебеді. Сенкібай батырмен талай шайқастарды бірге өткізген, туғандай болып жақындасып кеткен қырғыз, табын, тама, жағалбайлы жігіттері осы төңірекке онымен ере келеді. Оларды үйлендіріп, жер беріп, алдына мал салған Сенкібай ауыл-аймағын кеңейте түседі.

Ер Сенкібай халық арасында ізгі жанды әрекет иесі және үлкен парасаттылығымен абыройға бөленген. Оның қара қылды қас жаратын әділ батагөйлігіне рауасыз ризашылық білдірген ел-жұрты кейін оны Биата деп атап кеткен. Қазір қазақ аузында Биата айтты деген ғасырдан асып ғасырға жеткен нақыл, ұшқыр да асыл сөздер баршылық. Қалын жұрт бас қосқан жиындарда Биата: «Келдің дүниеге – кетпек керек, бар ақылың жеткенше өмір гүлін екпек керек» деп ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық өсиет қалдырған. Кейде ағайын арасында түс шайысып, реніш, даудамай болып бірінен-бірі өш алысуға ұмтылса: «Өзіңе біреу жапа жаса-са, сен оған жақсылық көрсет. Сонда жан-сезімің ізгілік нұрына бөленеді» деп тентекті ақылмен басып, тоқтам жасайтын болған. «Иә, Батыр жауда, дана дауда білінер. Қуаншылық кетер, бел қалар, бектер кетер, ел қалар» деген даналық нақыл Биатаға тән қасиет болған.

Сенкібай бабамызға берілген аста, батырдың жауға аттанарда қиетін сауытын көргенімізде, өз көзімізге өзіміз сенбедік.

– Бұл сауытты қазақтың тұңғыш ғарышкері – Батыр Тоқтар Әубәкіров атындағы қауымдастықтың президенті, Сенкібай батырдың бесінші ұрпағы Хакім Зәкішұлы сақтап келген, – деп Қарқаралы ауданының әкімі Төлеутай Шақарбаев біз білмейтін сырдың ұшын сабақтап шығарды.

Артынша Хакімнің өзімен танысып, әңгімеге тартқанымызда бабадан-атаға, атадан-балаға мирас болып, саф алтындай сақталған қасиетті оққағар сауыт осы уақытқа қалай жеткені жайлы қысқаша айтып берді.

Әкесі Зәкіш бастапқы кезде Қарқаралыда хат таныған. Кейін Омбы қаласында экономист-финансистік оқу орнына барып білімін жетілдірген. Алматыда қызмет атқарған. 1937 жылы «Халық жауларының» көзін жою науқаны басталғанда атасы Иса (Сенкібайдың шөбересі) қажылыққа барған, ал анасы Мәшім ірі байдың қызы деп айып тағалды. Тұтқынға алынған екеуі Сібірден бірақ шығады. Зәкіш сонда іште екен. Анасының аяғы ауыр болған соң ақталып елге оралады. Ал әкесі 1938 жылы атылып кете барады.

Зәкіш Қарағандыда он жылдықты бітірген соң, Алматыдағы малдәрігерлік институтта оқып диплом алып шығады. Алғашқы еңбек жолын Ақмола облысының Қорғалжын ауданында бастайды. Қолына елден анасы көшіп келеді. Анасының әбдіресінде Сенкібай бабасының сауығы бар екенін сонда бірақ біледі.

Көзі ашық, көкірегі ояу Зәкіш құғын-сүргінді көп көрген ағайын-жарынын бірінен-біріне қалдырып, сауыттын аман-сау анасының қолында сақталғанына қатты қуанады. Өз қолынан шығармай Сенкібай бабаға арналған аста жұртшылыққа бірақ көрсетеді.

Сауытты нағыз батыр кигенге ұқсайды. Кеудеше бүгінгі 56-58 размерге жуық. Алды тұйық, жағасы кең. Жеңі шынтакқа, ұзындығы тізеге жетеді. Етегінің алды мен арты ойып жасалған. Ол атқа мініп, ертоқымға отырғанда ыңғайлы әрі екі қатпалды бірдей жауып тұруға арналғанға ұқсайды. Қиян-кескі жорықтарда жаудың сілтеген найзасы мен кезенген сазақ жебесінен сақтаған оққағар сауыттың ауырлығы бір пұтқа жуық. Екі ғасырдан аса уақыт өтсе де тот баспай, сол баяғы қалпында сақталған. Диаметрі сантиметрге жуық сан мыңдаған темір-шығыршықты біріне-біріне кигізіп барып жасалған. Шығырлар өзара кигізілген соң аражігі білінбейтіндей тастүйін пісірілген. Шарболат кішкентай шығырлар ешқандай дәнекерсіз бір-бірімен ұстатылған.

Бабамыздың көзіндей болып сақталып келген сауытты ұстап көрген-ж бойыңызды ерекше сезім биледі. Өйткені Сенкібай бабамыздың есімін қайта жаңғырып, дүйім жұртшылыққа тарауына еңбек сіңіріп «Қазақтың жүз би, шешені» жайлы зерттеу жазған Н. Төреқұлов жүз би, шешеннің бірегейі ретінде Сенкібайды да атап өтті.

Дүбірлі тойдың үстінде Н. Төреқұлов сияқты Алматыдан арнайы келген ғалымға, ақын-жазушыларға, ел ардақтыларына ат мінгізіп, шапшаң жауып, «Сенкібай батырға 285 жыл» деген жазуы бар Қарқаралының қарағайынан ойып жасалған ағаш тегене, ожау, алты тостағанды ескерткіш ретінде сыйға тартты. Баба аруағын сыйлап, өзіне жиналған дүниенің арнайы елге төбәрік ретінде таратып беруі Сенкібай ұрпағының бабаларына арнайы берілген астың қабыл болу ниетінен туғанын аңғарасыз.

Арғын тайпасының Қаракесек руынан шыққан, Әлтеке Дос батырдың немересі, Абылайханның екінші бір белді батыры Қожаназарұлы Жидебай.

Жоңғарлармен соғыста ерлігімен елін, жерін қорғаған Дос батыр баласы Қожаназармен бірге Быжы өзенінің бойындағы бір шайкаста жау қолына түсіп қалады. Қалмақтар екеуінің біреуін ғана еркіндікке жіберетіндіктерін айтады. Сонда Дос батыр:

— Сен жассың ғой, елге сен қайт. Мені жау қолында қалды деп халқым уайымдамасын. Өзің болмасаң, сенен туған ұрпағым кегімді қайтарар, — дейді.

Дос батырдың осы айтқаны келіп, Қожаназардан туған немересі Жидебай он жеті жасында қолына қару алып, атқа мініп, сұрапыл соғыстарға қатысады. Абылайханның сенімді серіктерінің бірі болады. атасының ғана емес, бүкіл қазақ халқының Жоңғарлардан кегін қайтарады.

Жидебай батыр Алтай мен Алатаудың арасында өткен қалмақтармен болған шайкаста ылғи жеңіспен оралып отырған. Атап айтқанда Шығыс Алтай жақтағы Сыйқым деген жердегі ұрысқа Абылаймен бірге аттанады. Қарағандының құшығыс жағында, Нұна өзенінің бойында,

Көкшетау жактағы Баян тауында да қалмақтың қалың қолына тойтарыс беріп, қырғынға ұшыратып отырған. Жидекен жайлы әңгімелерді көнекөз кәриялар біледі. «Жәмші» кеншарында тұратын жасы тоқсаннан асқан Хасан Тыштыбаев ақсақалдың мына бір естелігі батырдың тапқырлығынын айғағы.

Жетісудың Қарқара деген жерінде Жоңғар Алатауының маңында Жидебай батырдың қолы қалмақтарды тау ішіне қуып тығады. Бірақ әрі қарай өтуге бөгеліп қалады. Өйткені бір асуға бекініп алған қалмақтың мергені ат ойнатып жол салуға шыққан сарбаздарды бірінен соң бірін атып түсіре береді. Ақыры Жидебай мынадай амал ойлап табады. Шыны деген батырға жүйрік сәйгүлік мінгізіп, оның қарсы беттегі қияға шығуын өтінеді. Тұлпарымен ойнақтап шыққан жауынгерді көрген қалмақ тірідей қолға түсіруді ойлап, сәл бөгеліп тұрған сәтінде Шыны мерген оны оққа ұшырады. Артынша қазақтың қалың қолы қалмақ жасақтарын Алатаудан асырып қуып тастайды.

Жидебайдың киесі бар батыр. Ол Абылайдың шолғыншы мыңбасын басқарған. Жорыққа шыққан сәтінде ешқашан адаспайды екен. Жау қоршауында қалған кезінде жол тауып, құтылып шығып отырған. Сондықтан Жидебайдың айлакер, амал тапқыш қасиеттерін бағалаған жұрт өзіне жол сілтеп, басқаларға көрінбейтін қызыл түлкісі бар деп топшылаған.

Бірде Абылай Жидебайды Қарақожа еліне жорыққа аттандырады. Ертеректе Балқаш көлінің Ұзынарал тұсындағы су астына төселген тас өткелмен Ыбыр-Сібірге апаратын Ұлы Жібек жолының бір тармағы өтіпті. Талай жылдар ұмытылған өткелді Жидебай батыр біліпті. Сол өткел арқылы сарбаздарымен теңізді кешіп өтіп, арғы беттегі Қарақожа елін бағындырып қайтады.

Сонда Қарақожа:

— Бұл жолды көзің шыққыр Жидебай ғана білсе керекті, — деп өз өкінішін білдіріпті.

Кейін жасы тоқсаннан асканда Жидебайдың қос көзі көрмей қалады. Көнілін сұрай келгендерге:

Жасымның жүзге келгені,

Алты алаштың алғысы,

Қос жанардың сөнгені,

Қарақожаның қарғысы, — дейді екен.

Бұндай нақыл сөздер Жидебай батырдан асыл ретінде әлі күнге ел ішінде айтылады.

Жидебай шешен қартайған шағында құрдасы Қараменде арнайы кісі жіберіп қанша жетім бар деп сұратқан екен. Сонда Қараменденің берген жауабы:

Ел көшсе, бел — жетім,

Үйрек, қаз кетсе — көл жетім.

Ері жоқ — ел жетім,

Елі жоқ — ер жетім.
Жоктаусыз кетсе, қыз жетім,
Жасы жеткен қарт — жетім,
Парықсыз болса сөз — жетім.
Қараменде шешен өлерінде:
— Ия, шырақтарым!
Адасқан сиырды тана бастайды,
Қартайған әкені бала бастайды.
Бала жақсы болса, дана бастайды,
Жаман болса бықсытып,
Шаланы қолына ала бастайды.
Иә, туыспен сыйласындар,
Туыссыз жалғыз кісінің
Кейде келер, кейде келмес күлкісі бар,
Туысы екеу кісінің
Ойда жортып жүрген түлкісі бар.
Туысы үшеу кісінің
Отарда жатқан жылқысы бар.
Не болмаса,
Туысы жалғыз кісінің
Шығар шықпас жаны бар.
Туысы екеу кісінің
Өкпе, бауырдай жалы бар.
Туысы үшеу кісінің
Жағасы — жайлау,
Төбесі — қыстау халі бар.
Тағы біраз ойлап:
Баласы бардың панасы бар,
Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар, — депті.
Бұны естіген Жидебай: — Апырай, осының қосымшасын, яғни:
— Рас, жақсы болса інісі бар,
Жаман болса —
Құтыла алмайтын жұмысы бар.
Рас, баласы бардың панасы бар,
Жаман болса —
Құтыла алмайтын пәлесі бар.
Рас, ағасы бардың жағасы бар,
Жаман болса —
бет-аузында
Ат тепкендей жарасы бар, — деп неге айтпады екен, — деп өкініш
білдіріпті.

1957 жылы қазақтың белгілі ғалымы Әлікей Марғұланмен бірге
Жидебай батырдың басында болған Аманкүл Мұсатайұлы мынадай деректі
айтты.

– Біз бейіт ішіне кіріп, дұға оқыдық. Әлекең топырағын сипап, бісімілләсін жасады. Бір кезде бейіт қабырғасын сипалап жүріп, кірпіштің жиегіне қойылған садақтың үш жебесін тауып алды. Жебенің бірін өзі алып, екеуін Жидекеңнің ұрпағы болған соң маған сыйлады. Сол жебені бүгінгі тойға арнайы ала келдім, – деп асқа жиналған жұртшылыққа көрсетіп бір қуантып тастады.

Екінші бір қуанышты жағдай – Жидебай батырдың ұрпағы, зиялы зейнеткер Әлихан Жәңгірұлының батыр бабасы жайлы айтқан:

Ақ табан шұбырынды,
Алқакөл сұламаны.
Кім қазір есіне алмай,
Үн-түнсіз тұра алады.
Еңіреп ел, жері үшін,
Сауытын киді екен кім?
Өмірі өшпес мәңгі,
Тарих қой Жидекемнің, – деп арнаған жыры болды.

Халқының данағөй билері елін, жерін Жонғар басқыншыларынан білектің күші, найзаның ұшымен қорғасқан Сенкібай мен Жидебай бабаларымыз болашақ ұрпақ үшін бастарын құрбандыққа шалып, жауларымен аянбай алысқан, аттары аңызға айналған қаһарман баһадүрлер. Бұл жолда түйенің қомында, аттың жалында жүріп небір зіл-залаларды бастарынан өткерді. Туған халқының намысын қолдан бермеуге үлкен күшқайрат, ақыл-парасаттарын жұмсады.

Сондықтан:

Көшпін бұрмай ешқашан ұлы жолдан,
Жібермейтін дұшпанын тірі қолдан.
Сенкібай мен Жидебай Абылайхан
Заманында баһадүр ірі болған.
Ешкімнен де қаймығып жасқанбаған,
Ат тұяғы астында асқар қалған.
Кең даланың апайтөс арыстаны,
Бағы жанып аруағы аспандаған.

Елін қорғап, жауына ұрыс салған,
Күлі көкке ұшатын құрыш қамал.
Ұрпағына қалдырып жайлы қоныс,
Содан кейін көз жұмып, тыныстаған.

Бала батыр атойлап жауға кірген,
Табысатын бабалар арманымен.
Қос әулие пайғамбар сияктанып,
Қорғап елін жатқандай аруағымен.

Бүгінгі күн белеске шыққандарға,
О, жамағат, қызығып сұқтанбаңдар.
Қарашордың Сенкібай бір биігі,
Әлтекеден Жидебай шыққан дара.

Бүгінгі заманда өмір сүріп отырған ұрпақ ел қорғаны болған баба-
тарын, даналары мен зиялыларын, билері мен батагөйлерін, халқымыз-
дың біртуар перзенттерін тылсым тарихтың қойнауларынан суырып алып,
салқымен табыстырып жатыр. Ендеше Сенкібай мен Жидебай есімдерін
келешек ұрпақтарға жеткізу бәріміздің қасиетті парызымыз. Өйткені ел
қорғаны болған батыр бабаларымыздың ерлігі де, даналығы да ұрпақтан
ұрпаққа мирас болып жалғаса береді.

1994

ДАНАГӨЙ БИЛЕР ШАБАНБАЙ МЕН ЖАНҒҰТТЫ

Мен Ақтоғайдан шыққан арыстар жайлы жазуға қолыма қалам ал-
ғанда әкем Рахметолланы ылғи да еріксіз есіме аламын. Өйткені бала
күнімнен Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке билердің шешендік
сөздерін, ел аузындағы аңыз-әңгімелерді сол кісіден тындап өстім.

Әкем Рахметолла бабасы Жанғұтты сияқты пайғамбар жасына келіп,
заман ауырыдан Алматыда емделіп қайтыс болды. Қайтыс болардан біраз
күн бұрын Аманкелді Қазиев, Әлік Әбдікаримов, Сүндетбай Ахметбе-
ков, Мағауия Хамзин, Мырзабек Қуатбеков алтауымыз ауруханаға
көңілін сұрай келдік. Бізді көріп әкей қуанып қалды. Аулаға шығып көлең-
келеу жердегі орындыққа жайғасқан соң:

– Мен сендерге Жидебай мен Қараменде шешен жайлы бір әңгіме
айтып берейін, – деді көңілденіп.

Ауыру адамның көтеріңкі көңілін көрген Мағауия ағай:

– Ой, Рақа, айтыңыз. Біз тыңдауға дайынбыз, – деп майда үнімен
қоштай кетті.

– Көп жасаған кәрия,

Ақылы теңіз – дария,

Көкірегінде көзі бар,

Көпке өнеге сөзі бар,

Сөзі – соқпақ, өзі – нар атанып жасы жүзге жетіп өмірден өткен

Жидебай шешенді білесіндер ғой, – деді де біздің жауабымызды күтпес-
тен әңгімесін әрі сабақтады. – Сол Жидекен бірде:

Тобықтының басы еді Қараменде,

Сирек туар дәл сондай дара пенде.

Асыл сөзден тең бұған мың тоғанақ,

Орта жүздің құты еді кара көмбе, – деп өзі қатар қадыр тұтатын
Қараменде шешенге Бөлтірік деген баланы жіберсе керек. Сонда айтқан
сәлем сөзі былай екен: «Төрт нәрседен үміт бар, бір нәрседен үміт жоқ.
Қарға сақалды әкем бар, қара шашты шешем бар. Жеті жетім жанымды

кинайды. Бес атаның малын іздеп шаршаймын. Жетпіс шырылдайды, сексен – балапан, тоқсан – жұмыртқа. Осы тоғыз ауыз сөзіме жауап берсін».

Үзенгілес жолдасының сөзіне Қараменде:

Ауыру жазыламын деп үмітті,

Жарлы байырмын деп үмітті,

Кашқан құтыламын деп үмітті,

Ұлсыз адам ұл туар деп үмітті

Шіркін, үмітсіз тек қарттық екен, алғашқы екі ауыз сөздің мәні осы болса керек. Ал кара сақалды әкесі, кара шашты шешесі болса, бала мен келінге қарап қалыпты-ау! Қайран ер, екі елі аузына төрт елі қақпақ койсын. Салынбаған құс жетім, жүгірмеген ат жетім, қатары біткен қарт жетім. Болған іске болаттай берік болсын. Бес атаның малы дегені – шақшасы мен пышағы, қу шақпағы мен көзәйнегі шығар, қалтасын көбейтсін.

Жетпіс, сексен, тоқсан жас,

Талай ерді тосқан жас.

Қашпасын да, саспасын,

Қасқайып көрсін қайран бас, – деген екен.

Әкей әңгімесін аяқтап:

– Мырзабек, ана суынды ашып жіберші, – деді де, минерал судан азадап ішіп, кеберсіген тамағын жібітті. Қарлыққан дауыспен:

– Мағауия қарғам, сен Қараменденің, Мырзабек Жидебайдың, Жеңіс Шабанбайдың ұрпақтарысыңдар. Бабаларамыз тіршілігінде бір-бірімен сыйласымда, тату-тәтті өмір кешкен. Үшеуінің де жақсы аттарың шығып тұр. Ұжымды бірлікте жүрiндер. Аталарыңдай қалың елге танымал, айтулы азамат болыңдар. Жидекеннің жасын берсiн, – деп бiздi шығарып салды.

Бұрыннан да бір-бірімізді ағалы-інідей көріп, қоян-қолтық араласып кеткен үшеуіміз әкейдің аманатын іштей ұғысқан едік. Амал не, әттен, әрі аккөңіл, әрі көпшіл белгілі диктор Мырзабек қырық тоғыз мүшел жасында машина апатынан өмірден ерте кетті. Бірақ, қазақ радиосының алтын қорында сақталған хабарлар әуе толқыны арқылы берілгенде қырандай саңқылдаған дауысымен бізбен бірге жүргендей өсер етеді.

Бала күнімде әкей ат-арбамен мені Қарағандыда тұратын нағашыларыма апарды. Жолда өзен бойына тоқтап ат шалдырды. Содан кейін өзеннің жағасындағы бір бейіт басына барып дұға жасады.

– Жанағы жерде әрі би, әрі шешен болған Шабанбай бабамыз жатыр. Ертен ержеткенде осы маңнан өтетін болсаң, басына аялдауды ұмытпа, балам, – деп нығырлап айтқаны әлі есімде.

Елге демалыс алып барып, қайтып жүрген кездерімде Ақтоғай-Қарағанды тас жолы бойындағы, Шет ауданының «Кеңшоқы» совхозының жеріндегі Шабанбай баба бейіті басына тоқтап ылғи тағзым етіп келемін. Бала күнімнен Ақтоғайдан шыққан арыстар жайлы айтып, мысқалдай болса да менің бойыма сіңіруі, өсе келе сол адамдарды жіті білуіме игі ықпал жасағанын атап айтпасқа болмайды.

Шабанбай би жайлы бәріміздің білетініміз Жанғұттыға бата беруі.

Жанғұтты он жеті жасында әкесінің айтумен Сарым елінің белді биі Шабанбайға бата алуға келеді. Би Жанғұттының жайын сұрап біткеннен кейін:

– Шырағым, дүниеде не адал, әлемде не мықты? – деп сұрайды.

Сонда Жанғұтты:

– Адал болсаң судай бол,

Су арамды көтереді.

Мықты болсаң жердей бол,

Жер жаһанды көтереді, – деген екен.

Жауабына риза болған Шабанбай бала Жанғұттыны бірнеше күн қонақ етіп, кетерінде:

– Аллаға жағам десең – азанды бол,

Ағайынға жағам десең – қазанды бол,

Халқына жағам десең – әділ бол.

Судай таза бол,

Жердей берік бол,

Өмірің ұзақ болсын,

Аймағың суат болсын,

Сөзің халқына қут болсын, – деп батасын беріп аттандырған екен.

(«Ел аузынан». «Жазушы» баспасы, 1989 ж. 84-85 б.б.).

1993 жылы Қарқаралыда 285 жылдығын атап өткен Сенкібай баһадүрдің асында қазақтың жүз би, шешені жайлы зерттеп жүрген белгілі ғалым Нысанбек Төрөқұлұлына:

– Сіз Шабанбай бидің Жанғұттыға бата бергенін өз кітабыңызда жан-жақты көрсетесіз. Ал Шабанбай би жайлы бір ауыз сөз айтпайсыз, – деген сұрағыма:

– Женісжан-ау, Шабанбай бидің Жанғұттыға берген батасынан басқа еш дерек қолыма түскен жоқ, – деп өкініш білдірді.

Расында, шешендер мен билер жайлы жазылған қай әдеби шығармаларды қарамаңыз ғалымның айтқаны шындыққа келеді.

– Шаппай жүйрік болған Шабаным,

Сөйлемей шешен болған Шабаным, – деп кезінде ерекше бағалаған Жидебай батырдың 1993 жылы Ақтоғай ауданында 280 жыл толуына орай берілген аста ел адамдарына Шабанбай би жайлы білетін деректерін жазып жіберулерін өтінген едім. Көп кешікпей осы тілектің хабаршысындай Жезказған облысының Тоқырауын ауданында тұратын еңбек ардагері Қайырбек Шалмұханбетұлынан бір хат алдым. Ол кісі жіберген деректерде Шабанбай Қалқаманұлының өскен ортасы, айналасында болған адамдар, қатары, кейін ержетіп бұтақ жайып тараған ұрпақтары жайлы біраз айтылған.

Жанғұттының Шабанбай биден бата алуға келген сапары жайлы ел арасында мынандай әңгіме бар.

Ол кезде атағы дүбірлеп тұрған Шабанбай бимен дидарласып, бірекі ауыз сөзін тындап қалуға әркім күштар болған. Ал Ботантай бай өзінің атқа мінер баласы Жанғұттыны арнайы жіберуі тегін емес еді.

Шабанбай біріншіден — сыншыл, екіншіден — шыншыл. Сондықтан данаға өзінің үміт күткен баласын сынатып алуды іске асыру мақсатында ауылдың бір ақсақалын бас етіп, қасына екі-үш жолдасын қосып Шабанбай биге аттандырады.

Бұлар Шабанбай би ауылының шетіне келгенде, бие сауып жүрген ақсақалды желі басында кездестіреді.

— Біз Шабанбай биге арнайы келе жатқан жолаушылар едік. Ол кісі ауылда ма екен, үйін көрсетіп жібермейсіз бе? — деп жөн сұрайды.

— Анау ауыл ортасындағы ақ үй сол кісінікі, — деп жауап береді желі басындағы кәрия.

Бұлар үй сыртына келіп аттарынан түседі. Кермеге байлап, үсті бастарын қағады. Үйге кіріп жайғасады. дастархан жайылып, қымыз сапырыла бастаған кезде бір кәрия кіріп, бұларға сәлем береді. Қонақтар бір-біріне танырқай қарайды. Жүзі таныс адам. Сөйтсе, үстіндегі киімін ауыстырып келген жаңағы желі басында жолыққан кәрия Шабанбай бидің дәл өзі болып шығады. Жастардың абыржығанын аңғарған осында бастап келген ақсақал сыбырлап:

— «Күлша істеп, бише іш» деген сөз осындайдан қалған, — дейді.

Ақсақалдың айтқанын жастар да бірден түсіне қойыпты.

Бізге күні кешеге шейін қызыл империя шешендер мен билерді, байлар мен хандарды, батырлар мен ақындарды тек жағымсыз жақтарынан көрсетіп, тіпті аттарын да аттатырмай қойды емес пе. Оларды тек баюды ғана ойлаған, елді қанаған, қарын сипап тамақ ішуден басқа ештеңемен шаруасы жоқ құбыжық жандардай санамызға сіндірді.

Сөйтсек, Шабанбай би сияқты шешендер елді біріктіре білген. Жоғарыдағы келтірілген мысалдағыдай өз шаруасын өзі жайғаған, әділдікті ар туындай жоғары ұстаған дана адамдар. Билер бас қосып бір мәселені шешуге жиналғанда Шабанбай әңгімеге бірден араласпай шеткері жаққа жайғасады екен. Мәселе, шешілмей, әңгіме созбаланып кеткенде токетерін айтып, істі бірақ ауыз сөзбен тындыратын болған.

«Әке балаға сыншы» дегендей дана би өз балаларына да әділ баға бере білген. Байша батыр, Балапан, Тойғұлы, Молда, Қожа сияқты бес баласына енші беріп бөлек шығарады. Балапанға енші аздау тисе керек.

— Шаба-еке, бұны қалай түсінуге болады? — деп сұрапты Балапанның құрдастары.

— Ол үйдегі келінім көгені мен желісін бірге ала келген. Әлі-ақ дәулеттеніп кетеді, — деп жауап беріпті.

Расында басқа балаларындай Балапан мен Үмсүнгүл келінінің байлықтары шалқып төгілген. Ал осы Үмсүнгүл кейін келе егде тартқан кезінде әр нәрсенің ретін білетін қолы ашық, берекелі, қасиетті Қарабәйбіше атанған.

Бүгінде Шабанбай биден тараған ұрпақтары Қарағанды, Жезқазған, Балқаш қалаларында, Ақтоғай, Тоқырауын аудандарында тұрады. Олардың көбірек шоғырланған жері — Ақтоғай ауданының Әлихан Бөкейханов атындағы ұжымдық шаруашылығы. Осы совхоз-

дәл орталығы Шылым елді мекені 1992 жылдан Шабанбай би аулы аталды.

Ә. Бөкейханов демекші, осы кісінің Бірінші Мемлекеттік думаға депутат болып сайлануына Шабанбай бидің ұрпақтары тікелей ат салысқан. Шабанбай би 27 жыл үзбей болыс болса, Бекпенбеттің Ахметжаны 1905 жылы сайлау құжын талап етіп, Ресей патшасына Қарқаралы дуанынан айырылған жеделдатқа қол қойған 42 елубасылардың бірі.

Осы жеделдаттан кейін қазақ халқы сайлауға дауыс беруге құқық алды. Ә. Бөкейханов Семей губерниясынан дауыс берген 274 сайлаушы елубасылардың (выборщик) тағы бірі Есімбек Байсеркин екен. Ал, Шабанбай бидің Садуақас Әбілдин есімді ұрпағы Ә. Бөкейханов, Ә. Ермековтермен пікірлес болған. Ә. Бөкейхановты 1922 жылы Тоқырауын өзені бойындағы Жалпауда тұтқынға алып бара жатқан кезде қош айтысып қалған адамға та осы С. Әбілдин.

1993 жылы Сенкібай мен Жидебай батырлардың асына барғанымда Шабанбай бидің бейітіне аялдап, дұға жасадым. Ал 1994 жылы Шабанбай бидің туғанына 240 жыл толуына орай бейіті қайта тұрғызылып, ас берілді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мынандай өлең жолдарына сиса керек.

Би Шабанбай халқы үшін жаратылған,
Сөзі мұрдің оғындай дәл атылған.
Ел бірлігін ойлаумен күн батырып,
Кезең ітмей қырандай таң атырған.

Ол айтпаған шешендік сөз қалмаған,
Сатмақты жан жартастай қозғалмаған.
Шабанбайдан Жанғұтты
Жанғұттыдан
Абай бата ап шәкірті озған заман.

Тілі майда, ал кейде шакпақ жаққан,
Мамық болып кетеді тастақ жатқан.
«Шаппай жүйрік, сөйлемей шешен болған», —
Деп Жидебай пір тұтып асқактатқан.

Ақиқатты қай пенде жақтамасын,
Тура биге марқайып мақтанасын.
Көп сөйлемей тастайтын бірақ шешіп,
Дәл айырған әр істің ақ, қарасын.

Әділ жолды іздеген қалың қауым,
Ақ тілеумен атырған танын дәйім.
Ала қойды бөле де қырықпаған,
Жоқтамаған жоғын тек Сарымдардың.

Корғаны боп халқының жаратылған,
Сөзі мiрдiң оғындай дәл атылған.
Бүгiндерi дүрдiң тақта атырған,
Дана биге тартса ғой бала туған.

Бүгiнде тәуелсiздiкке қолы жеткен қазақ халқы Шабанбайдай да-
нағой әдiл билерiмен қауышып жатыр.

«Қазақ Совет Энциклопедиясының 2-шi томының 322 бетiнде би-
лерге мынандай баға берiлген. «Би – әлеуметтiк категория ретiнде қазақ
халқының тарихында ерте заманда шыққан үстем тап өкiлi... Әлеуметтiк
қатынастардың дамып шиеленiсуiмен бiрге Билердiң көпшiлiгi қанаушы
таптардың уәкiлiне айналды».

Күнi кешеге шейiн империяның осы айтқанына имандай иланып
келдiк. Билер тiптi елеусiз, ескерусiз қалды. Бiрлi-жарым шешендiк
сөздерiн, накылдарын ел аузынан естiп бiлдiк. 1967 жылы «Жазушы» бас-
пасынан шыққан Б. Адамбаев құрастырып, алғы сөзiн жазған «Шешендiк
сөздерi» қолымызға тигенiне қуандық.

Бүгiнде өткенге көз жiберсек, билер елдiң өткен-кеткен тарихын
жетiк бiлетiн зерделi даналар екен. Олар ел iшiндегi даулы мәселелерге
төрелiк еткенде қара қылды қак жарған әдiлдiкпен шешiп отырған.

«Сенiң кiм екенiндi бiлейiн, досыңды айтшы» дегендей адамды өскен
ортасы тәрбиелейдi. Орталық Қазақстанды Сарыарқанын кiндiгi десек
соның күйкалы жерлерi – Нұра-Талды, Қарқаралы-Наршөккен, Қызы-
ларай-Бегазы, Тоқырауын-Жәмшi өңiрiнен кезiнде Қаздауысты Қазы-
бек бастаған нелер дүлдүлдер шыққан. Атап айтқанда Қараменде,
Сенкiбай, Жарылғап, Жилебай, Шабанбай, Жалантөс, Сана би, Шор-
танбай, Ағыбай, Жақсы Жанғұтты сияқты ақындар мен батырлар, билер
мен шешендерге елi ас берiп, аруақтарын көтерiп жатыр.

Кезiнде Шабанбай биден бата алған Жанғұтты шешен жайлы
Мәшһүр Жүсiп Көпейұлы мынадай дерек жазып қалдырған.

«...Құлжаннан Айдабол, Айдаболдан Дерiпсәлi, Маман, Шуаш, Шу-
аштан Атантай, Ботантай, Айдап, Абайла, Бобантайдан Жанғұтты. Бұл
Жанғұтты Мұса, Секербай заманында ауызға iлiгiп, көзге түскен қазақ
жақсыларының қасқа маңдайы болған. Қазақ орысқа бағынған соң екi
түрлi заман болған. Бiрi ескi заң, бiрi жаңа заң. Бұл Жанғұтты жаңа
занды көрген жоқ, ескi заңды қажыға барып қалып, басына тас орнатты-
рып, тасына жаздырған: «Қазақ, Арғын Руынан Жанғұтты Ботантайұлы
Мекке мен Мединенi көрмеген кiсi анадан тудым, жалған дүниенiң жүзiне
келмедiм десе де болар» дептi. Онан бұрын әулиелердi зиярат қыла Ала-
тау, Қаратауға барған. Үйсiн Төле бидiң басында отырып, билiк айтып,
төре берген төбесiн көремiн деп барғанда, Алатау, Қаратаудың пәлен
қалай, түген қалай деп сұрағандарына айтқан: «Тобықты Құнанбай шың-
ның басынан шыққан қайнар бұлақ, қыпшақ Ыбырай қажымас қара бо-
лат, Мұса қабыршағы қолға тұрмас жылмағай қара балық, Шыңғыс төре
мұсылманға суық, орысқа жуық».

Бұл сөздерді Көктіңұлы Сапактың бел баласы Имамберді датқаға сөйлеген. Тобықты Құнанбай, Қыпшақ Ыбырай, Тортуыл Мұса осы үстемді казактың маңдайына нағып сиып жүргеніне айран-асырман деген Жанғұтты»

Осындай би-шешендермен билікке түсіп, сөз жарыстырып өскен Жанғұтты да халық құрметіне ерте іліккен зиялылардың бірі.

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда Жанғұтты өзін жақсы-жай-сағамын дегендермен тең ұстай білген. Ол бірде қыпшақ дуанбасы Ыбырайдың үйіне келеді. Ыбырай именетін, немесе ерекше сыйлайтын кісі болмаса, кез келген адамды үйге кіргізбей, қонақ үйіне түсіреді екен. Дуанбасының қызыметші жігіттерінің «қонақ үйге жүріңіз» дегеніне көнбей Жанғұтты Ыбырайдың өз үйіне кіреді. Ыбырай үйінде Шорманның Мұсасымен сөйлесіп, қисайып жатыр екен. Қонаққа қолын бермей, аса таяғынын ұшын ұсынады. Жанғұтты таяқты ұстамай, Мұсамен сөйлесіп, төрге шығып отырады.

Дуанбасы әлден уақытта жастықтан басын көтеріп:

– Мына басына бөстек киген шалың кім? - дейді.

– Мұсажан, басымызға елтірі бөрік қисек, бөстек дейді. Ел басқарсын деп пысық жігіттен ұлық қойсақ, естек дейді. «Халық аузына қақпақ қойып болмайды» деген осы да, – дейді Жанғұтты Мұсаның орнына өзі жауап беріп.

– Ыбеке, сіз сөзден ұтылдыңыз, шешенге ат-шапан айып төлеңіз.

Бұл – Сарым руының Жанғұтты деген кісісі, – дейді Мұса.

Ыбырай ештеңе дей алмайды. Шешеннің тапқыр сөзіне тосылып үнсіз қалады. («Сөз тапқанға қолқа жоқ». «Жазушы» баспасы, 1988 ж. 69 б.).

Жоғарыдағы Қазақ Совет Энциклопедиясында айтылғандай билер үстем таптын жоғын жоқтап, сөзін сөйлемеген. Қайта ел ішінің бірлік, берекетін келтіруге ерекше ықпал еткен.

Сібір казактарының шекаралық істері жөніндегі бастығы генерал Вешневскийдің 1846 жылы Ұлы жүз: албан, суан, шапырашты, жалайыр елдері мен Орта жүз руларының арасындағы ұрлық-қарлық, талау-тонаудан туған дау-жанжалдарды бітімге келтіру жөнінде өткізген съезд туралы құжаттар Қазақ Республикасы Ұлттық мемлекеттік архивінде сақталған. Бүкіл Жетісу, Аягөз, Қарқаралы дуандарын қамтыған ұлы дүбірлі үлкен құрылтайға қатысқан рубасы, елбасылар ондағы қаралған мәселелерді бекіткен уәкіл-қуәлер ретінде өз мөр таңбаларын басқан. 23 аға сұлтан-ның бірі – Әлтеке-Сарым руынан Жанғұтты Ботантайұлы екен.

Елдің еркіндікке ие болып, тәуелсіздікке қолының жетуін армандап, сол жолда көмек көрсеткен де Жанғұтты. Ол (1810-1873 ж.ж.) Жезқазған облысының Шет ауданындағы Аюлы тауының баурайында туған. Ел ішіндегі ақындар мен батырлар, хандар мен билерді, күйшілер мен әншілерді зерттеп жүрген Ақсу-Аюлыда тұратын жергілікті жазушы Кәмел Жүністегі «Жұлдыз» журналының 1991 жылғы үшінші санында жарық көрген «Кенесары жұртында» деген мақаласында жаңағы ойымызды растай түседі.

«Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа елдің болашағын ойлаған игі жақсылардың көбі қосылған. Солардың бірі-атақты Жанғұтты шешен. Жанғұтты Кене хан қазаға ұшыраған соң, келер жылы елге оралған. Жанғұттының Ағыбаймен, Шортанбаймен, Құнанбаймен аса дос болғанын ескерсек, бұл топтың ішкі арманынан көп сырды ұққандаймыз. Және бұл топтың патша үкіметінің еш уақытта сеніміне ие болмағанын түсінеміз. Бұған Құнанбайдың әлденеше рет тергеуге түсуі, Ағыбай ауылына ұзақ уақыт жер бермей сергелденге ілігуі, Шортанбайдың соңына сөзін аңдытып пристапты салып қоюы куә».

Зұлымдыққа қарсы тұрып көп күш-жігерін жұмсаған Құнанбайға әскери-губернатор Фридрихс қарсы шығып қана қоймайды. Құнанбайды Омбыға апарып, алты ай үй абақтысында ұстайды. Бұл әділетсіздікке Шыңғыс пен Шоқан шыдамайды. Олар Құнанбайды кепілдікке босатып алудың жолын іздестіреді. Құнанбайды босату жөніндегі атақты билердің арызын алу үшін Шыңғыс арнайы Қарқаралыға келеді. Билердің атынан генерал-губернаторға қазақша арыз жазады. Бұл арызға сол кездегі Қарқаралы аймағындағы атақты адамдар қол қояды. Солардың ішінде әлтеке – сарым болысынан Жанғұтты Ботантай ұлы да бар.

Шоқан арызды орысша аударып, генерал-губернатор Гасфорттың қолына түсіреді. Артынша Құнанбай босатылады.

Ал Қарқаралыдағы Құнанбай бастаған мешіт жұмысын салу жөніндегі актіге он алты болыстың бірі болып тағы да Жанғұтты қолын қойып, мөрін басады.

«Тура биде туған жоқ» дегендей Жанғұтты әділдікті жақтаған. Құдайды қолпаштап, алланы аялаған. Дінге сенген, соны ардақ тұтқан. Бұған Шортанбай сияқты ақынды қасына алып, Ақсу-Аюлыдан мешіт салдырып, медресе аштырған. Балаларды діни сауаттандырған. Екеуінің достық қарым-қатынастары өле-өлгенше ажырамаған.

Жәкесіне, яғни Жанғұттыға көп жыр арнаған Шортанбай қайтыс болар алдында:

Жаралған Жәкем едің асыл зат қып,

Өзгеден бір кісі едің ақылы артық.

Алладан ажал жақын келді білем,

Кетейін енді сізге қарыздасып, – деп Жанғұттымен өлеңмен тілдеседі.

Бұның да өзіндік сыры бар. Құдайға құлшылық еткен Жанғұтты қажылыққа екі рет барады. Екінші сапарында, тура пайғамбар жасында Мекке, Мединеде көз жұмып, Мұхаммет пайғамбардың қасынан құтты орын табады. Осы орайда кешегі данагөй билердің батасының қабыл болғанына еріксіз таң қаласын. Олардың көріпкел әулиеліктеріне сенесің.

Бірде Жанғұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда, оған Абай келіп сәлем береді. Ол кезде Абайдың жас, әлі үйленбеген шағы екен. Абайдың тапқырлығын, өлең шығаратынын естіп жүрген шешен баланы қасына алып, оған бірнеше сұрақ қояды.

Жанғұтты: - Шырағым, дүние неге сүйенеді?

Абай: - Дүние үмітке сүйенеді.

Жанғұтты: - Көздің көрмесі бола ма?

Абай: - Көз қабағын көрмейді.

Жанғұтты: - Шам жарығының түспесі бола ма?

Абай: - Шам жарығы түбіне түспейді.

Жанғұтты: - Болат пышақтың кеспесі бола ма?

Абай: - Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.

Жанғұтты: - Тамағына тартпайтын мақұлықат бола ма?

Абай: - Өз тамағына тартпайтын мақұлықат болмайды.

Абайдың жауабына риза болған шешен оған өлең түрінде жауап беруін сұрапты.

Сонда Абай:

— Сіз сұңқар самғап ұшқан қиядағы,

Талпынған мен балапан ұядағы.

Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,

Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.

Көз көруі жетпейді қабағына,

Шам жарығы түспейді табанына.

Өз сабын өзі кеспес болат пышақ,

Мақұлықат тартпай қоймас тамағаны, — депті.

Ет желініп, қымыз ішіліп болғаннан кейін Абай:

— Ата, сізден сұрақ сұрауға бола ма? — дейді.

— Е, шырағым, сұрай қой, — депті Жанғұтты.

— Ата, арзан не, қымбат не, даусыз не? — депті Абай.

— Шырағым, арзан — өтірік, қымбат — шындық, даусыз — көрілік емес пе. Жанарың отты екен — ақындығын шығар, маңдайың жазық екен — ойлылығын шығар, халқынның қалаулы азаматы бол, — деп батасын беріпті. (Н. Төреқұлұлы. «Қазақтың жүз шешені». Алматы. 1993 жыл. 194-195 б.б.).

Шабанбай би Жанғұттыға бата беріп батасы қабыл болып «Жақсы Жанғұтты», «Ақылшы ата» атанып ел құрметіне бөленіп аллаға жақсы, Жанғұттының Абайға берген батасы да қабыл болып, бүкіл қазақ халқының данышпан ұлы ақыны атануы ұстазынан шәкіртінің озғанын көрсетсе керек.

Өйткені:

Асыл сөзі ұрандай жаңғырады,

Нұрлы жолы көнермей даңғыл әлі.

Қайта барып Мекке мен Мединеге,

Пайғамбардың қасында қалды мәңгі.

Ұнатпады лепіріп желіккенді,

Мешіт ашты ел іші көріктенді.

Шортанбай да түсінді Жанғұттыны,
Жанғұтты да ақынға ерік берді.

Дінді бұзар жандардан сақтандырды,
Әділдікті, бірлікті мақтан қылды.
Елге «Жаксы Жанғұтты» атанғаны,
Терең ойлы данадай жаққандығы.

Еркіндікке ерлік тек жол ашады,
Күреспенен келер күн болашағы.
Малын-жанын ерлерден аямады,
Қолдау тапты Ағыбай, Кенесары.

Жасамалы жаһанға ірі жорық,
Іздемеді жанына жылы қорық,
Қожа Ахмет Иассауи бабамыздай,
Өтті өмірден құдайдың құлы болып.

Данагөй билер Шабанбай мен Жанғұтты төңірге табынып, халқының камын жеп, ұрпағының өркен жаюын ылғи тілеумен өткен әулиелер. Олар кара кылды как жарған әділ билер, зерделі даналар. Жұрттын ыстык ілтипатына лайык жандар.

1995

ЖЫР СҮЛЕЙІ – ШОРТАНБАЙ

Біз бүгін 260 жылдан астам уақыттан кейін аңсатып жеткен тәуелсіздікке шүкіршілік етеміз. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болғанымызға марқаямыз. Бұл да орынды.

Күні кеше айдай жарық ақиқат бұрмаланған заманда, Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды деп 250 жылдығын ұялмай тойладық қой. Зорлап отарлағанын аузымыз барып айта алмадық. Өз уақытында Ресейдің отарлау саясатына қарсылық білдірген ұлт-азаттық көтерілісі Қазақстанның жер-жерінде бүрк етіп шығып жатты. Оны отаршылар күшпен аяусыз жаншып басып отырды. Ал қызалдардың коммунистік тұрғыдан жүргізілген халқымызды тілімізден, ділімізден айырған сұркия саясатына ешкім қарсылық білдірмеді. Үн шығара қалған жандар із-түзсіз жоғалып, кейін олардың сүйегінің қай жерде қалғанын да таба алмадық.

Тіпті бір-бірлеп емес миллиондап көзін жойып отырды. Голошекиндік геноцид кезінде 3 (үш) миллион қазағымыз қолдан қойдай қырылды. Оған алапат 1937 жылды қосыңыз. Ал кешегі тоқырау заманында қарнымыздың тойғанына масаттанып, көпірме мақтау сөздер айтып, баксыдай жарысқа түскен кезімізді қайтерсіз.

Аблайхан тұсында тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ халқы сайран даласында еркін азат өмір сүрді. Аблайхан өз жерін жоңғарлықтардан тазартқан соң, бір жағы орыстармен, екінші жағы қытайлық-

тарихи дипломатиялық қатынас жасап, қазақ халқының тәуелсіз ел екенін мойындатты.

Соң тәуелсіздік алған ел:
Абылайхан тұсында,
Арбасын артып он қылған,
Онын сатып пұл қылған.
Есіл менен Нұраның,
Екі жағын жол қылған.

Ертістің бойы кара дөн,
Еңкейе біткен кара адыр,
Арка деген құба жон,
Аядай біткен көл екен.
Атты кердең өсірген,
Арканын тарлау шөбі екен. —

Бұл жыр сүлейі Шортанбайдың өкінішпен есіне алуы тегін емес. Өйткені, Абылайхан кеткен соң қазақ халқы мемлекеттік жүйесінен айрылып, отарлау шырмауына шыға алмастай шырмалып қалды. Діни еркіндігі бар Шортанбай өзімен тұстас, замандас молда, ишандар сияқты елге қарісі үшін байларды, шен-шекпен кигендерді марапаттамады. Қайта елден ашы зарын, өшпес өкінішін көкірегі қарыс айырыла жырлады.

Мына заман қай заман,
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жаксы жаннан түнілген,
Жаман малдан түнілген,
Мұның өзі — зар заман.
Зарлығының белгісі:
Бір-бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген,
Мұның өзі тар заман.
Тарлығының белгісі:
Мұсылманнан хал кетті
Тәнірім болғай деместен.

Шұрайлы жерлерінен, қоғалы көлдерінен, асу-асу белдерінен, қызыл орманынан, қаралы малдарынан айрылып, отаршылдарға тәуелді болып қалған мұсылман қауымның қалі тым аянышты еді.

Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ қазақтар,
Енді сенің торыңа.

Орыс – бүркіт, біз – түлкі,
Аламын деп талпынды,
Орыстан қорлық көрген соң,
Отырып билер алқынды.

Халық басына қалың бұлт үйірілген зобаланнан қалай алып шығатын жол таба алмай билер отырып қалды. Ал болыстар мен байлар қолдарындағы дәулетінен айрылып қалмаудың жолын қарастырды.

Әр нәрсенің болжамы,
Келе жатыр жақындап,
Ағашты тауға үй салып,
Алды кәпір ақылдап,
Елді еркіне қоймады,
Буыршындай тақымдап.
Дәуренбексіп болыс тұр,
Кәпірдің сөзін мақұлдап.

Қайран Шортанбай бабам-ай! Осыдан 150 жыл бұрынғы айтқан дана сөзі құлағымызға бүгінгідей жаңғырығып тұр емес пе. Күні кешегі тәуелсіздік алғанға шейін де 70 жыл бойы орталықтың сөзін мақұлдап бас шұлғып келгеніміз шындық қой.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей отаршылдардың қолжаулығы болған ел басылары да халықты аяусыз қанаумен болды.

Байлар ұрлық қылады,
Мал түзіне көрінбей,
Билер жейді параны,
Сақтап қойған сүріндей.
Заманың сенің құбылды,
Текеметтің түгіндей
Ойлағаны жамандық,
Жарадан аққан іріндей.
Жеті жұрт кеткен жожадан,
Сен тұрмассың бүлінбей.

Халықты құдайға құлшылық етуді ғана уағыздайтын кейбір дүмше молдалардай соқыр сенімде қалып қоймаған Шортанбай, елді алдап, сүлектей сорып отырған жожа-молдаларды да уытты жырларымен әшкере етіп отырады.

Қазақ даласына орыс отаршылдарының келуімен кейбір атқа мінерлер балаларын орыс мектебіне беріп тілмаш, адвокаттыққа оқытты. Олар оқып шыққан соң халықтың жоғын жоқтамай, патша өкіметіне қызмет етті. Елді алдап, өтірік айтып, пара алудың жолына түсті. Өздеріне жұрт өшпенділігін күшейтті.

Шортанбайдың азаматтық қасиеті мен ақындық қуаты ел ішіндегі осындай кездердің көбейіп, халықты аздырып, тоздырып, елдің еңсесін көтертпей тұқыртып тастағанын ашына жырлауынан айқын көрініс табады.

Заман қайтып оналсын,
Адам қайтып қуансын.

Жандарал болды ұлығын,
Майыр болды сыйынғанын.
Арылмайтын дерт болды,
Кедейге қылған қорлығын.
Кәпірді көрдің піріндей,
Тілмашты көрдің жеңгендей,
Дуанды көрдің үйіндей.
Абакты тұр қасында,
Казылған кара көріндей...

Айналасында болып жатқан озбырлыққа нем кетті, ұйқылы-ою
қорықтардың көрер күні азап, барар жері тозақ. Сондықтан халықты
отаршылдарға бодандыққа құрбан еткендермен тіресу керектігін де Шор-
танбай өзінің уытты жырлары арқылы сездіреді. Өз күнін өзі көріп, өзі
әрекет етпесе кедей-кепшіктің тіршілігі тіпті қиын. Заманақыр деген осы.

Байдың тілін жарлы алмас,
Ханның тілін кара алмас.
Өлінің тілін тірі алмас,
Өздері жөнін біле алмас.
Оналар заман дер едім,
Жауға алдырдың әуел бас.

Әуелде басы бірікпеген қазақ быт-шыт болып ыдырап, тоз-тозы
болды. Құр қайғыға беріліп, өлімге бас тігу – жігерсіздік. Ал, жауымен
қосқырша шайнасып, арпалысып өту – айбаттылық.

Күні кешеге шейін Шортанбайды діншіл, өткенді зарлана жырлай
беретін керітартпа зиянкес ақын деп миымызға сіңіріп келді. Ал енді бүгін
шарталарына жіті көз жүгіртіп қарайтын болсақ, мүлде олай емес екен.
Қайта елдің елдігін, бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін
сақтауға үндегенін көреміз. Тіпті, озбырлыққа қарсы әрекет етуге шақы-
рған жалынды жырлары күні бүгін бойымызға намыс отын тұтатады.

Айдамай тұрып салдаққа,
Зар қылмай тұрып жалды атқа,
Жүйрік пенен жорғанды,
Өзің бір мініп жебеле.
Жаланаш болып жауға шап,
Ажалдан бұрын өле ме?
Нокталы басқа бір өлім,
Өлмейде адам жүре ме?
Қатын-бала қамы үшін,
Қарсы шап та, мылтық күш,
Құр жабырқап жүдеме.

Шортанбайдың патшаның отаршылдық саясатына, кәпірлердің
жерден бекіністер салып мұсылманды қоршап қысып тұрған зорлы-
ғын әшкере етуі ерлік пе? Әрине ерлік!

Ұлы орыс мәдениетті ел етті, қазақтың өркендеп өсуіне көмектесті.
Солар болмаса бұратана болып қалар еді, деп жалған дақпырттыққа ұры-

нған жоқпыз ба. Тіпті, мөңгүрт етіп жібере жаздағанын жасырдык. Үйімізді өртеп, жерімізді жайпап күлін көкке шашып кеткенін де ұмыттық. Үндістанды отарлаған ағылшындар салған ғажайып ғимараттар мен зәулім сарайлар бүгінде үнді халқының игілігіне айналып отыр. Орыс отаршылдарынан қазақ халқына шаңы бұрқыраған аттақыр ғана қалды.

Шортанбай елдің кайғы-қасыретін өз өлеңдерінде тайға таңба басқандай айқын көрсетіп қоймай, осыдан шығатын жолды іздеуге үндеді. Ол орыс отаршылдарына қарсы жыр жазғаны үшін талай жылдар бойы аты аталмай келді. Әйтпесе елді төңкеріске шақырған патриот ақын деп дәріптеген де болар едік. Қалай болғанда да Шортанбай Қанайұлы халықтан шыққан төкпе жырау. Өз заманының көреген ақыны.

Шортанбай осындай биікке қалай көтерілді?

Оны қандай орта тәрбиеледі? Ақын болуға не себеп болды? Енді осы сұрақтар төңірегіне ой жүгіртіп көрейік.

Менің әкем Рахметолла көзі ашық, көкірегі ояу зерделі Адам еді. Өз уақытында балаларды оқытып, білім берген ұстаз. Ел ішіндегі игі жақсылармен араласып, аңыз әңгімелерді, шешендік сөздерді бір кісідей білетін. Көпшілік жиындарда естігендерін ортаға салып, халық арасына кеңінен таратып отыратын.

Өткен ғасырда Ақсу—Аюлы өңірінде от тілді, орақ ауызды Шортанбай ақынның елге танымал Жанғұтты би төңірегінде болғанын да алғаш әкейден естіген едім.

Каратау өңірінен Арқаға қоныс аударып келген Шортанбай өлеңгенше осы Жанғұтты би маңында болады.

Ақынның:

Тағы сәлем айтайын,

Қалың жатқан Сарымға, —

Немесе,

Тіріде қорықпай осындай,

Күнә іздедім шошынбай.

Кеудемді дерт қамады,

Қамалда кетіп барады.

Есен бол, Жәке, Жанғұттым

Қияметтік досым-ай, —

деп бұл дүниеден өтер алдында қалың Сарым елімен, кимас серігі Жанғұтты бимен қоштасуы, өзінің ризашылық көңілін білдіруі еді.

Бұған толық негіз де бар. Өз заманының оқып, діни білім алған алдыңғы өкілдерінің бірі Шортанбай ишандық дәрежеге қолы жетсе де Түркістан маңында қалып қоймайды. Оны алыс өлке, бұрын таныс емес бөтен аймақ қызықтырады. Қиялына қанат бітіріп, ой ормандарын толқытқан Сарыарқаға қарай бет бұрады. Құдайдың құлы болып, алланың аманатын орындау үшін мұсылманша алған діни білімін ел арасына тарата бастайды. Алғашқыда Қарқаралыдағы Бесата жайлаған Жамантай төрені төңіректейді.

Шортанбай Арқаны аралап көріп, танысу үшін келмегенін жақсы

Осы өлкені ұнатып, осында қалуға белін бекем буады. Қазіргі Қарағанды облысына қарасты Ақсу-Аюлыны мекендейтін Жанғұтты би тұрақты қоныс табады. Өзінің мұнда келген негізгі мақсатын осы асыру үшін шағын мешіт салдырады. Медресе ашып, балаларды діни біліммен танытумен айналысады.

Шортанбайдың Сарыарқаға келгендегі бір аңғарғаны – мұндағы ел ақжарқын, дінге онша бас ұрмаса да өн-күйге, өзіл-қалжыңға, танып-сөз айтуға үйір келеді екен. Той-думандарда, отырыс-жиындарда бір-бірімен еркін сөйлесіп, қоян-қолтық араласып кететін жұрттың саяси мінезіне тәнті болады.

Кешегі қазақ халқының қолын тәуелсіздікке жеткізген Аблайхан мемлекет басқарған Қаздауысты Қазыбек бидің Қожа Ахмет Ибраһимді сағанасында жерленгенін білетін. Олар жайлы әңгіме, аңыз-құсқы бұрындары да ел аузынан естіген болатын. Елім деп еніреп өткен сол екі арыстың еліне келуі, Шортанбайдың өмірге деген көзқарасын түпкілікті өзгертіп жіберді.

Ақан мен Біржанның, Мәди мен Ыбырайдың әуезді өндерін, Тәттімбет пен Қазанғаптың, Ықыластың күмбірлі күйлерін домбыра мен қобызда күніренте ойнайтын жастардың өнеріне Шортанбай ерекше қызығады. Өзі де сол ортаға жатырқамай бірден сіңісіп кетеді. Жас ишанның көкірегі күйге толып, күмбір қағады. Кеудесінде ақындық оттың ұшқы-сыртана бастайды.

Күндіз мешіт пен медреселерде құран қағидаларын үйретсе, қолы босаған уақытта жүрегі жарып шыққан жалынды жыр жазумен айналысады. Шортанбай өз шығармаларында сол заман тудырған әділетсіздікті, халықтың иығына түскен ауыртпалықты шындық тұрғыдан суреттеп, ақиқат жолын іздестіреді.

Хандық жойылып, аға сұлтандар билікті қолға алғанмен кедейлерге жеңілдік тумады. Сыртта орыс әкімдері қанаса, іште өз ұлықтары тонады. Отаршылдарға көмектесіп, екі жақтан қысқаштай қысып жұртты зар қылатты. Елдің бірлік берекетін кетірді. Ағайын-туыс, үлкен-кіші бір-бірін сыйлаудан қалды. Иmandылықты ұмыта бастады.

Ашты-тоқты болса да,
Иманың сақта ұятты,
Ардан кеткен ұятсыз,
Дінсізге қылар миятты.
Иmandылық көрсету – құдайға құлшылық қылу, бірақ ар-ұяттан безбеу.

Иmandылық – адамгершілік белгісі. Байлықтың алды – иmandылық. Уәлиден кетті керемет,
Патшадан кетті ғаделет
Ақыр заман таяды, –
деп Шортанбай бабамның шошуы тегін емес екен.

Патша отаршылдары қазақ жеріне әскери бекіністер салып, шұрайлы жерлерін тартып алып, халықты зар қаксатты. Ал коммунистік сая-

саткерлер Сарыарканың төсіне оданда сорақыны жасады. Карлағтар мен Алжирлерді тұрғызып, елді жаппай түрмеге қамады. Одан кейін тың көтеруді сылтауратып, патшалық отаршылдық саясатты іске асырды.

Тағы да Шортанбай бабам кезіндегідей зар заман туа бастады. Қазақ халқы тілі мен ділінен айрылуға шақ қалды. Қазақ мектептері мен қазақ тілінде шығатын газеттердің көбі жабылып қалды. Тың көтеру қазақ жерін орыстандыру саясаты екенін біле тұра үндемедік. Бірақ Ақсу-Аюлыдағы Зейнолла Игілікұлы мен Кәмел Жүністегі бастаған Шортанбайдың ұрпақтары бұл саясатқа қарсы шықты. Бұл үшін оларды ешкім басынан сипаған жоқ. «Баяғы жартас, бір жартас», дегендей оларға «ұлтшыл» деген айып тағылып, түрмеге қамады. Бірақ кеш болса да әділет жеңіп шықты. Олар ақталды. Ал Шортанбай бабасының жолын қуған Зейнолла Игілікұлы шебер домбырашы, акын еді. Ақсу-Аюлыдағы музыка мектебінің негізін қалаған ұлағатты ұстаз болатын. Екі рет түрмеге қамалып, ұзақ жылдар тұтқында болу, одан оралған соң үнемі құғын көріп, аңдуда жүру аптал азаматтың денсаулығына, сана-сезіміне кері әсерін тигізіп, 51 жасында жүрек ауруынан қайтыс болды.

Кәмел Жүністегі Ақсу-Аюлы өңірінің тарихын зерттеп, өшкенін өмірге қайта келтіріп, өткенін тірілтіп, халқына сыйлап жүрген білікті қаламгер. Сол азамат Шортанбай бабасының бейітін тауып, басына белгі орнатқандардың бірі.

1993 жылы Шет ауданы Шортанбайдың 175 жылдығын республика көлемінде кеңінен атап өтті. Бұған мұрындық болған аудан әкімі Қасымбек Медиев Ақсу-Аюлы селосының орталығына акынның ескерткішін орнатып, бейітін қайта тұрғызды. Жұртшылықтың есінде қаларлықтай тойын дүбірлетіп өткізгеніне, сол салтанатқа қатысқан осы жолдардың авторы да куә.

Тар заманның тартсаң да қасіретін,
Ұрпағына өнеге өсиетін.
Жалпақ елге атыңды әйгіледі,
Кештеу ұғып сөзіңнің қасиетін, — деп кеш болса да жыр сүлейін қалың жұртымен қауыштырды.

Сондықтан Шортанбай бабамыздың аруағы Қасымбек Медиев, Сағымбай Медеубаев, Кәмел Жүністегі сияқты ұрпағына, Ақсу-Аюлы жұртына, бүгінде өз алдына тәуелсіз мемлекет болған қазақ халқына риза шығар деймін.

Мына қызықты қараңыз. Шортанбай Қанайұлын қазақтың бір өлкесі ишандық дәрежеге көтерсе, екінші бір өлкесі төкпе акын етіп шығарды. Бүгінде жыр сүлейі атанып, халық сүйспеншілігіне бөленіп отыр. Ұрпағы пір тұтатын дүлдүлге айналды.

Өйткені,

Сикырдап қазақтың кең сары белі,
Қаратаудан Сарыарқа барып еді.

Қасынан қоныс теуіп Жанғұтты би,
Баурады Бесата мен Сарым елі.

Ұнамаса не нәрсе қоштай ма адам,
Кете алмаған дінге де сокпай бабам.
Бірде өзі құдайдың құлы болып,
Бірде ақын боп аузымен от шайнаған.

Ұмытып кетіп тілті ишандықты,
Жыр деген қалап алды күй сандықты.
Отты өлен шарпығанда тұла бойын,
Үзілді дін шарпыған құрсау мықты.

Сарыжайлау ақ сәлдедей жайылды да,
Қазағы малын еркін қайырды ма?
Жырауы атанды да Сарыарқаның,
Мәңгілік қалды Ақсу-Аюлыда.
Діншіл болған десек те Шортанбайды,
Бабамыздан үркіп жұрт қорқа алмайды.
Жанымен елін сүйген ақынына,
Халқының махаббаты ортаймайды.

1993

ШАШАСЫНА ШАҢ ЖҰҚПАҒАН ШАШЕКЕҢ

Еліміздің егемендікке ие болуы қазақ халқының мәртебесін көтеріп мерейін үстем етті. Есімдері ескерусіз қалған талант жұлдыздарымыз әдебиет аспаны өлемінен өзінің лайықты орындарын алып, көгімізде жарық жұлдыздай жарқырады.

Сондай дүлдүлдердің бірі – Шашубай Қошқарбайұлы. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың тілімен айтқанда: «Ат құлағында ойнайтын теңдесі жоқ акробат, шауып келе жатқан ат үстінде тік тұрып гармонда да аса шебер орындаушы, әнші болған».

Кезінде бір ғасырлық тойы – 100 жылдығы да өз дәрежесінде өтпегенін жақсы білеміз. 1965 жылы Балқашта қалалық музейдің ұйымдастыруымен металлургтердің Мәдениет сарайында атап өтуге ғана мүмкіндік болды. Ұлы Отан соғысы кезінен бастап, Шашекеннің көзі тірісінде хатшысы міндетін атқарған Әбіжан Омарбаев қатысып, ақынды құрмет тұтатын жандардың бәрі бір жиналған еді. Бектауатадағы бейітін жөндеуден өткізіп, оны пионер лагеріндегі оқушылардың қамқорлығына тапсырып, еске алғаннан басқа шаралар жасалынбады.

«Жезтаңдай мен қазақтың Шашубайы» – деп ақын өзі жырға қосқандай, Шашубай Қошқарбаевтың 1991 жылы 125 жылдық торқалы тойы қыр сүйер қалың қауым аңсап күткен халық тойы дәрежесінде өткені бізді дән риза етті.

Балқаш қаласындағы музыка мектебіне Шашубай Қошқарбаевтың есімі беріліп, көкшіл мәрмөрдан салынған акын ескерткіші ашылды. Қаладағы ең әсем де көрікті шағын ауданды «Шашубай ауданы» атап, көп қабатты сары үйдің қабырғасына ескерткіш такта орнатылды. Балқаш қаласындағы Мәдениет сарайында Шашекен құрметіне салтанатты жиын болып, акындар айтысы ұйымдастырылды.

— Біздің аудан — Приозерный, ал село орталығы Озерск. Ауданымызда тұратын халықтың басым көпшілігі казактар. Сондықтан Шашубай атын мәңгі есте қалдыру мақсатында селомызға акын есімі берілуін жоғары жақтан өтінген едік. Сол өтінішіміз орындалды, — деп бір желпініп калып еді тойдан кейін Байыз Мейірманов.

Байыз Мейірманов қана емес, бүкіл аудан еңбеккерлері селоға Шашубай аты берілгенін зор қуанышпен қарсы алды.

Шашеке жоқ кой арманың,
Есімің көкте қалқыды.
Балқаш көл шарлап аумағын,
Шағала—өнің шалқыды.

Ғаламмен үнсіз сырласып,
Жүретін ылғи жыр тілеп.
Жаксыға жаны шын ғашық,
Халқын да қалды бір түлеп.

Қарсы алып шаттық нұр танын,
Жаңғыртып қайта сөзінді.
Шашеке, өскен ұрпағын,
Көтерді көкке өзінді.

Жоқ шығар сізде арман да,
Бақытқа бөлеп өмірді.
Әніне халқым салғанда,
Құлпыртты байтақ өңірді.

Ән болып кетті далам да,
Күй төкті Балқаш қалар ма.
Жыр сүйер халқын аманда,
Атағың кетер ғаламға, — деп мен де жүрегімді жарып

шыққан жыр жолдарын шашу еттім.

Кейін Тоқырауын ауданы орталығындағы кинотеатр алдында Шашубайға ескерткіш орнатылды.

Шашубайдың туған жері — Ортадересінге бара жатқан жолдағы «Қызыл шоқы». Сол «Қызыл шоқы» биігіне бір-біріне сүйеніп тұрған тотықпайтын болаттан жасалған кісі бойынан асатын үш домбыра шектері

жет үрлесе болды, сырнайлы үн шығарады. Шашубайдың туған жеріне көр спипат екені сөзсіз.

Шашубай Қошқарбаевтың торкалы тойының дүбірлі өтуіне сол кездегі Балқаш қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Үсен Жетішев пен Приозерный аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Иван Андреевич Колбасин, атқару комитетінің төрағасы Байыз Мейрмановтардың еңбектері атап айтуға тұрарлық.

- Шашекеннің көзі тірі кезінде жұрттың көрсеткен құрметін өз тілеммен көріп едім. Үкімет пен партия ақындық өнерін жоғары бағалап «Қазақ ССР-інің өнеріне еңбек сіңірген қайраткер» (1941) деген құрметті атағын беріп, 1945 жылы «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. Көптеген медальдары және болатын. ССРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Осындай құрметке ие болған ақынның есімі кейіндері ұмытыла бастап еді. Халқыма, үкіметке көп рахмет. Шашекеннің аруағын асынаға бір көтеріп тастады емес пе! — деп Шашубайдың келіні Раузия Тәйтөлеуқызы тойға риза болған көңілмен көзіндегі қауныш жасын жазушының ұшымен сүрткені әлі көз алдымда.

- «Ақынның өзі өлсе де сөзі өлмейді» — деген. Шашекен жырлары — талық қазынасы. Естімеген естеліктерді естіп, жаңа жырлар тындадық. Немеделері Гүлнар мен Төлеуғазыны да жұрт танып қалды. Олардың мәртебелері өсті. Шашекен тойы бәріміздің де көңілімізді көтеріп тастады ғой, — деп ақынның дүбірлі тойынан алған ыстық сезімдерін күні бүгін жұртшылық жыр қылып айтып жүр.

Шашубай сегіз қырлы талант. Жазушы Сәбит Мұқановтың: «...ол Сарыарқаны дала театрына айналдырды, өзі де артист еді» — деуі орынды.

Өйткені Шашекеннің тұла бойы тұнған өнер болатын. Ол — суырып салма ақын, ол — әнші, ол — композитор, ол — спортшы, ат сайысының майталманы, дойбышы, тоғызқұмалақшы, ол — әртіс, сиқыршы, акробат, ол — сал сері, тауып айтқыш шешен әрі аңшы еді.

Сондықтан жұрттың: «Жорға Шашубай», «Жыр-думанның диюгерісі», «Алмас тілді Шашубай», «Сері Шашубай», «Пері Шашубай» атауы тегін емес. Осындай өнердің сан түрін бір бойына сыйғыза білген Шашубайды осы күнге шейін жан-жақты зерттеп, лайықты бағасын бердік деп айта алмаймыз. Бұрындары жарық көрген екі жинақтан басқа қолымызда ештеңе жоқ. Ақынның 125 жылдық торкалы тойы қарсаңында орыс және қазақ тілдерінде «Шашубай» деген кітапша шығарған еді. Балқаш қаласында жарық көрген осы кітапшаны құрастырып, алғы сөзін жазған ақын әрі журналист Жанболат Башаровтың еңбегі ұшан-теңіз.

Балқаш қаласы мен Приозерный ауданында өткен Шашубай тойында тұс-тұстан келген замандастарының, ақынды көрген адамдардың естеліктері мен тың деректері айтылды. Көптеген ақын-жазушылар арнау өлеңдерін оқыды. Осының бәрі Шашекеннің толық бейнесін сомдап халқына бұрынғыдан да жақындата түсті.

Өзгеден өнері мен артық сөзі,
Цирк те, театр да, архив та өзі.

Көпірдей екі заман арасында,

Бұйырған бүгінгіге саркыт та өзі.

Жезқазғандық акын Қайырбек Садуақасовтың өлеңінің осы шумақтары Шашекең бейнесін дәл басып, жаңа қырын аша білген.

Елуінші жылдардың соңы болатын. Ол кезде ел жайлауға шығып, көкорай шалғынға киіз үй тігіп, бие байлайтын. Суы бұлақтың суындай мөп-мөлдір, қаракаты қалың, бұйра талды, түрлі-түсті хош иісті гүлдер өскен, шөбі ат бауырынан келетін Тоқырауын өзені жағасына біздің «Қуаныш» ауылы қонған еді.

Осындай жайма шуақ жадыраған күндердің бірінде Жүніс ақсақалдың үйіне атақты әнші Манарбек Ержанов Алматыдан демалысқа келе қалды. Ән құмар қауым кешкісін сол үйге жиналды. ҚазМУ-дің бесінші курсінде оқитын мені әкем Рахметолла сол үйге бірге ерте барған.

Манарбек Ержановтың әнін радио арқылы естігенім болмаса, тұңғыш көңірімім. Толықша келген, аққұба жүзді әнші төр алдында отыр екен.

Бір кезде Манарбек домбырасын қолына алып, жұрттың өтініші бойынша әнге басты. Бірнеше ән шырқаған соң:

– Енді Шашубайдың «Ақ қайың» әніне салшы, манарбек, – деп өтінді Смағұл ақсақал.

– Көптен тыңдамап едік.

– Өркенің өссін.

– Шырқап жіберші Манарбек, – деп қолпаштап жатыр отырғандар.

Манарбектің домбырасын жайлып қағып, сабырмен шырқайтын мәнері мен ашық дауысы жиналғандарды бірден үйіріп алды.

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,

Болсам да үйде кедей, түзде баймын.

Күніне жүзді беріп, мынды алсам да,

Қалтамның түбі тесік, байымаймын.

Ақ қайың, жалған-ау, салдым сайран,

Халқымның ортасында жүрдім жайраң!

Асқақтай жөнелген күдіретті әсем әуен дүйім жұртты өзіне баурап, жүректерін ән әлдилеп әкеткен. Күнделікті күйкі тірліктен кейін бір сәт сырлы әлемұшағына енген ауыл адамдары ұйып тыңдап қалыпты.

– Шіркін, Шашекең! – деп үнсіздікті Әсет ақсақал бұзды. Сонау жылдары Қоңырат кенішінде жұмыс жасайтынмын. Бірде демалыс күні Бектауатаға бара қалдым. Қаздай тізілген киіз үйлер өзен жағасына тігілген. Анадайдан төрт-бес салт аттылар көрініп еді:

– Мыналар алыстан келе жатқанға ұқсайда. Ақ киімді ақ боз атқа мінген ортадағысы Қазірет Сұлтаннан аумайды ғой, – деді ауыл адамдарының бірі әзілдеп.

– Бұл өзіміздің сері, әрі сиқыршы пері Шашубай ғой. Жаксылап қарсы алайық, – деп ақсақалдар жігіттер мен қыз-келіншектерді қонақты қарсы алу рәсіміне қамдандырды.

Сол күні «Ак кайын» әнінен басталған Шашубай өнеріне бәріміз де есті болдық.

Бұрындары «Ак кайын» әнін естігеніміз болмаса, Шашакең жайлы біле бермейтінбіз. Әр адамның, сонын ішінде өнер адамының өзі жүріп өткен жолы, шыққан биігі болады. Екі ғасырдың куәгері 1865 жылы дүниеге келіп, 1952 жылы әлі де қырандай тұғырдан таймаған шағында, яғни 87 жасында көз жұмған Шашубай Қошқарбаев кейінгі ұрпағына мол мұра қалдырып кетті.

Күні кешеге дейін Шашубай Қошқарбаев Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қоңырат селосында туды деп жансақ жазылып келді. Ал батысында Балқаш көлінің маңындағы «Қызыл шоқы» деген жерде өмірге келген.

Әкесі ерте дүниеден өтіп, жасынан жетім қалған Шашубай жарым-жан шешесіне қолқанат болып, бар қиыншылықты басынан өткереді. Жөкшылық тауқыметін ерте сезінген баланың көкірегі ерте оянып, айналасына жіті көз тастайды. Жыршылық өнерге делебесі қозып, өлең шығаруға машықтанады. Он екі жасында Ақсақ шалмен, он үште Жақай, Кенжебала сияқты жұрт көзіне түсіп жүрген ақын қыздармен қақтығысады. «Ақан бала» атаған Шашубай жиырма жасқа келгенде талай тұлдулдердің сапына қосылады. Жасынан домбыра, гармон тартып, ән салуға, өлең шығарып айтуға, серілік құруға әуестенуі ел аралап, игі жақсылармен кездесуінен деп білеміз.

Он үш жасқа келгенде Шашубай қыстыгүні түйелі кірекештермен Балқаш мұз айдыны арқылы Жалайыр өтіп кетеді. «Он үш жаста жел сөзді пері соғып, Жасылдың суын іштім құдығынан» - дейтіні содан. Оның мәнісі он үш жасында Жалайырда әлде бір байдың бау-бақшасын күзетіп жүргенде бір адам түсіне аян береді: «Шашубай серпіліп тұр, сенің бойың толған өнер, шығар сыртқа, ешкімнен қор-кем болмайсын». Сонда өңдеге, екілене тұра келдім. Осыдан кейін бір тойда айтысқа қыздармен түстім. Өнерімнің бастау көзі осы еді», - деп Шашубаймен екі арадағы әңгімесін естелік етіп жазған еді ақынның хатшысы болған Әбіжан Омарбаев.

«Жер жәннаты Жетісу» атанған жасыл желекті аймақ нелер жыр санылақтарын, әуезді әншілерді шығарған құтты мекен. Ал, Жетісу елінің тамылжыға шырқаған өндері Алатау төскейінен сокқан салқын самалдай көкірегіне бірден ұялап қалмай ма!

Тарихтан білетініміз Шашубай Ағыбай батырдың Софы дейтін басымен Жетісуға еріп келіп, елдің қадірлі, сыйлы адамдарымен танысқан. Отырыстарда халық өндерін тындап, дәстүр-салтын жан-жақты білуі, оның ақындық әрі әншілік көкжиегін кеңітті. Осы елде Майкөт, Жамбыл, Қуандық, Сарбас сияқты ақындармен бірге болып, сөз сайысына түскен.

Қай елді араламасын өз жанына жақын адаммен бірге сапарға шығады. Ондағы ойы өзінің білмейтін жәйттерін сол кісіден естіп білгісі келеді. Табиғаты сұлу қарт Алатау қос дос халық – қырғыз бен қазақтың ортақ анасы сияқты. Қасиетті ананың қос анарын егіз қозыдай екі халық

тел еміп жаткандай. Өйткені, бір жағын казактар, ал екінші беткейін кыргыздар жайлаған. Кашаннан дос халық бір-бірін құшак жая карсы алып, ағалы-інідей болып кеткенін тарихтан жақсы білеміз.

Алагаудың мөлдір бұлағындай мын бұралып, сынғыр қағып, бар дененді қорғасындай балкытып кететін кыргыз өні кандай десеніші! Шыршасы мен қарағайы, қайыны мен өрімталы салкын самалмен тербеліп, ән төгіп тұрғандай кыргыз елін Шөже ақынмен аралауы Шашубайды жана бір өнер әлеміне енгізгендей әсер етті. Ол тек кана әсем табиғат көріністерін тамашалап қоймай, кыргыз халқының жыршылық, әншілік өнеріне тәнті болып қайтқан. Осы сапар кезінде Шашекен өз аузынан Кемпірбай ақынмен айтысын жаттап алып, бүкіл елге таратты.

– Ол қайда жүрсе де айналасы думан, ойын-күлкіге толы кісі екенін байқатты. Өнерлі тарланның қабағын құлпырта қакқаны да, бөркін басына ойнақы тулатқаны да қызықты. Гармоньын саусағымен сыр өткізіп: «Сөйле, Шашеке! – деп сарнай жөнелгені де бір өнер.

Атақты Шөже боп екі көзін тарс жұмып домбырасынан жыр төгіп, тізерлей жөнелгені де күлкі.

Расында оның сегіз қырлы өнер иесі, әйгілі адам екеніне көзім жетті, – дейді Шашекенның қасында көп жылдар бірге жүріп әнші-ақындық сырына қанық Тұғырлы Қойшыманов.

Жетісу, кыргыз елдерін аралап, Арқаға оралуы Шашубайдың әншілік, орындаушылық өнеріне өзіндік өрнегін салды. Ол Арқаның арынды асқак әншілері Ақан Сері, Біржан Сал, Балуан Шолақ, Майра мен Ғалия, Мәди, Ғазиз, Әсет сияқты әнші, сал-серілермен кездесіп, олардан тәлім алады. Әндерін ұйып тындайды. Әсіресе Біржан Сал әндері ерекше әсер етті.

«Сал Біржан бүкіл елді әнмен қырды» дегендей Біржанның алдында өз өнерін көрсетуі Шашубайдың әншілік өресінің кеніп, өркен жаюына ерекше ықпал етті. Оның әншілік, орындаушылық қабілетін жоғары бағалаған Біржан Сал:

- Арқада кім тумаған өнер кернеп,
Сайрадың сырайынды көкке сермеп.
Тартынба, талабына тарықтырма,
Айта бер өрістетіп әннен өрнек, – деп Шашубайға ақ батасын берген.
Сал Біржан аты кеткен алты алашка,
Осылай бата берген жас талапқа.
Бата алған Біржан Салдан бала бүркіт,
Өзгеше кенелген-ау шапағатқа.
Тулады бойда қаны ие бермей,
Самғады биіктерге қанат сермей.
Атақта Біржан Салдың ақ батасы,
Өткендей өмір бойы дамыл бермей.

Жалғыздың үні шықпайтыны белгілі. Алдындағы асқар таудай ағаларын ардақ тұтып Шөже, Кемпірбай, Біржан Салдарды Шашубай ұстаз санады. Өзімен қатар шыққан Жамбыл, Әсет, Доскей, Қакпан, Нүрпейіс,

Еткерлермен талай өн мен жыр сайысында үзенгі қағыстырып, өнер ай-
қалында қатар жүзген, халықтың қошеметіне бөленген замандасы еді.

Жезтаңдай мен қазақтың Шашубайы,
Кіреді сөйлеп кетсем сөз шырайы.
Жамбылмен үзенгілес сұңғыламын,
Санлақ деп үкілеген ел шынайы, - деп ағынан жарылуы сондықтан.
Ал Нартай мен Кенендер Шашубайды ұстаз тұтып, өздерін жыр
құрметінің шәкіртіміз деп білген.

Сол кездегі үлкен өнердің ордасы саналған Абай ауылына баруы
Шашубайға өзінің өшпес ізін қалдырды. Абайға жолығып өлең-жырын,
жырақ әнін тыңдау, оның айналасындағы әртүрлі өнер адамдарымен бірге
баруы Шашубайға үлкен бір мектептен өткендей әсер етті. Абайдың құрда-
сы атақты балуан Байқұдамен, әйгілі Балуан Шолақпен аңға шығып, саят
қаруы өз алдына бір әңгіме.

Шашубай Балуан Шолақпен үш жыл бірге жүреді. Балуан Шолақ-
тың «Ғалия» әнін өз аузынан тыңдап, әншімен еріп Ғалия ауылына бара-
ды. Балуан Шолақтан әншілік, сикыршылық өнерді де үйренеді.

Қайда жүрсе қолда сикыр таяғы,
Қалмаған ғой бозбалалық баяғы.
Жетпісінде қызыл желек ұсынып,
Қызды көрсе билеп кетер аяғы, – деп Жаппар Өмірбеков «Шашу-
бай» поэмасында акын бейнесін жақсы көрсеткен.

Шашекен дойбы, тоғызқұмалақ ойнап отырып та арасында ғармо-
ның қолына алып:

Орыстың «Девка» дегені қыз дегені,
Осы ғой Шашубайдың іздегені, – деп бір қақпайларды айтып,
құртты қарық қылып отырған.

Көрнекті ғалым Рахманқұл Бердібаев: «XIX ғасыр мен XX ғасыр-
дың басындағы қазақ әдебиеті мен өнерінің кен айдын, тұнғыық
тереңдігін, шырақ биігін барлау үшін ерекше өлшемдер керек. Осы ата-
лған дәуірде қазақ әдебиеті сан ғасырлық дамуындағы классикалық
белесіне көтерілгені мәлім, Нақ осындай жағдайда саз (музыка) өнерінен
де көреміз. Қазақ сахарасында сұлу әннің туын тіккен Біржан, Ақан,
Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Жарылғапбердіден бастап, соны
Шашубай, Кенен, Нартайлармен жалғасатын ұлылар шоғырын теңдесі
жоқ көркемдік әлем жаратты дей аламыз, – деп баға берген.

Тарлан ақынымыз Әбділдә Тәжібаев «Жылдар, ойлар» дейтін
кітабында: «Әрбір дыбысына дейін түбіттен бе, қауырсыннан ба жарал-
ғандай, жеп-женіл, мөп-мөлдір», – деп Шашубайдың ақындық әрі әншілік
өнерін ыстық сезіммен беріле суреттейді.

Құс атып, аң аулаймын Саршығаннан,
Ақтүйғын жігіт едім қаршыға алған.
Күніне отыз үйрек, он қаз алсам,
Емес ем төсін шұқып қан шығарған.

Кияға ұя салған қыран едім,
Аққудың төсіне ұйықтап талшық алған, – деп төгіледі «Майда коңыр» әнінде Шашубай.

Шашубайдың «Майда коңыр», «Ырғыма-сырғыма», «Мамық қыз», «Ақ қайын», «Сырлы қайын», «Сырғақты», «Жетім қыз», «Кедейлік», «Бес Балқаш», «Жамалға», «Кербез» сияқты көптеген әндері көпшілікке аян.

Ол әнді орындап қана қоймай, ән сөзін жазып, музыкасын шығарып, қазақ ақын-әншілерінің дәстүрін жалғастырған санаулы тарландарының бірі.

Огинскийдің «Полонезі» сияқты оның «Ақ қайын» әнінің осы уақытқа дейін ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, орындалып келуінің өзіндік сыры бар. Бұл ән, Шашубай шығармаларының биік шоқтығы. Бұл ән, оның әппақ ақ көңілімен ақ қайын сияқты сырлы әлемді көз алдына елестетуі. Бұл ән, қазақ халқының ақын-әншілерге деген ұлылығының ақ қайындай табиғат сұлулығының символы!

Осындай күдіретті әнді Романовтар туқымының 300 жыл билік құруына байланысты бұрынғы Верныйда (қазіргі Алматы) өткен тойда Шашубайдың өзі орындаған. Сол «Ақ қайын» әні кезінде граммофонға жазылғаны, оны соғыс жылдары әйгілі әнші Манарбек Ержанов өз қолында сақтағаны жайлы да естігеніміз бар.

Қалай болғанда да Шашубай Кошқарбаевтың әндері, оның ішінде «Ақ қайын» әні жалғыз әншінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының алтын қазынасы. «Иә, «Ақ қайын» арман ән. Шашубайдан кейінгі ұрпағына саркыт болып қалған ән» дегін келеді.

Ер жеттін жағасында таза көлдің,
Атандың дүлдүл ақын, базары елдің.
Есенин де өзіңе тең келмейтін,
Ақ қайынды жырлаған қазақ елін.

Ұйқастарды тізбектеп қай-қайдағы,
Кей жыршының өлеңі айқай бәрі.
Шашасына шаң жұқпас дүлдүлім-ай,
Сияқтысың ақындар пайғамбары.

Тыңдаған жұрт жүзіне күлкі үйірген,
Гармонда да ойнадың сикыр үнмен.
Қалың жұртың ардақтап тік көтерген,
Шаттығында тотыдай құлпырып ең.

Соғыс жылы жайдары жайды ұмыттын,
Халқыңменен қайғырып қайғы жұттын.
Сикырлы өнер көрсетіп сикыршыдай,
Жотасында биледің сөйгүліктін.

Жаксы менен жаманды айырамын,
Каулап өскен өзіне сай ұланын.
Қалтаң тесік ақын ең, ал бүгінде,
Ұрпағыңмен Шашеке, байығанын.

Баласы Кошқарбайдың Шашубайсын,
Халқыңа мол қазына асылдайсын.
Өлеңнің аспанында күркіреген,
Әлі де жарық-жүрк еткен жасындайсын,
Баласы Кошқарбайдың Шашубайсын!

Қорыта айтқанда: - «Сөйле, Шашеке! Өрле, Шашеке! Өлме, Шашеке!», - деп өзімді өзім жігерге шақырамын.

1999 жылы күзде Балқаш қаласында болдым. Бұл жыл - «Ұрпақтар келісімі мен сабақтастығы жылы» аталып, ел ішінде игі шаралар атқарыла бастаған еді.

Осы жәйлі Балқаш қаласының әкімі Қасымхан Ахметовке айтқанда: - Біздің қала халқы - батырлары мен ақындарын, дүлдүлдері мен дүлдүлдарын ардақ тұтатын, зиялы қауым. Бәрін тізіп жатпайын. Шашубай Кошқарбайұлына байланыстысың ғана айтайын. Шашубайдың Бектауатадағы бейіті басына, Шашубай селосында, музыка мектебі алдында ескерткіштері орнатылған. Әр мереке мен салтанатта халық ақынға тағзым етіп, гүл шоқтарын қояды. «Қызыл шоқы» биігіндегі ескерткіш белгісі де ұмытылмайды. Қаладағы Шашубай шағын ауданы аумағы гүл желектермен безендіріліп, күтімге алынған.

Бұл белгілі бір датаға байланысты атқарылатын шаралар емес. Әр уақытта осылай болады. Шашекенді өмір бойы көкке көтеріп, атын асқататып өтеміз, - деді әкім өз кезегінде.

Осындай ақынын ардақтаған әкімін халық та сыйлап, құрмет тұтатыны орынды.

1999

БІР ҒАСЫРЛЫҚ ДҮБІР

Кешегі советтік тоталитарлық дәуірдің өзге кереғар әрекеттерін былай қойғанда елім деп еңіреп туған қазақтың біртуар азаматтарын, дуалы ауызды зиялы білімділерін түрмеге қамап, оққа қиып кеткені ел қабырғасын қайыстырды.

Түйіндеп айтсақ әсіресе Голощекин мырза Қазақстанның компартиясын басқарған кезінде елімізге аяусыз әрекеттер жасады. Оған өз белсенділеріміз қосылып «Шаш ал десе бас алар» қылмысты әрекеттерге барды. Қазақтың ең бетке ұстыр С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, Т. Рысқұлов, І. Жансүгіров, Б. Майлин, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов сияқты көптеген ақтангер арыстарының аяусыз жазалануы ұлттың қаймағын алып, ессіз қалдыру нысанаға алғанын дәлелдейді. Бірақ әділет

женді де осы аталғандар және басқа да Ә. Бөкейханов, Үкілі Ыбырай, акын Тайжан сияқты дүлдүлдер кеш те болса еш болмай ақталды. Ел алдында киелі есімдері қайта аталды. Кейде империяны да осындай көптеген басқа да ұлттардың ардақтыларының обалы жібермеген шығар деп қаласын. Көрнекті акын Кәкімбек Салықов «Оңбайды ақынды атқандар» деген өлеңінде осы ойды айтқан секілді.

Қыранға оқ жұмсау қатерлі,
Болса да қатерді әкелді.
Қай сотқар сескенбей атты екен,
Ілияс, Бейімбет, Сәкенді.
Аз емес дүлдүлдер тартқан зар,
Ақжолтай үмітін ақтандар.
Аққуды атқандар сияқты,
Оңбайды ақынды атқандар,
Оңбайды ақынды сатқандар.

Шынында да жазықсыз атылған абзал азаматтарымыздың аруағы атып, киесі тиді ғой. Жетпіс жылдан артық өмір сүрген қызыл империяның да шаңырағы ортасына опырылып құлап түсті.

Дербес мемлекет атанып, тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақстан Республикасы есімдері ұмытылып бар жатқан батырлары мен ақындарының, қоғам қайраткерлерінің, ардақты адамдарының есімдерін ардақтап, еңбектерін қайта жаңғыртып жатыр. Оларды қатыгез тарихтың терен қойнауларынан жарыққа алып шығып туған халқымен табыстырды. Дүбірлетіп тойларын өткізіп, асын бер іді. Бұған ел сүйсінді, жер тебіренді, кең даланың көгілдір аспаны еңсесін бір көтеріп қалды.

Халқымыз қастерлеп ардақ тұтқан Сәкен, Ілияс, Бейімбет сияқты үш арысымыздың 1994 жылы туғанына 100 жыл толуына орай үкіметіміздің арнайы қауылысы шығып, республика көлемінде кенінен аталып өтті. Бұл жөнінде баспасөз беттерінде әр тойдың өту мерзімдеріне сай жеке-жеке хабарлар қызғылықты да шынайы жарияланды.

Қазақ жырының Құлагері, майталман ақын, жарық жұлдыздарымыздың бірі Ілияс Жансүгіровтың Талдықорған облысында өткен мерейтойы көш бастаушы той болды. Біздің жүрегімізді елжіретіп, санамызға сіңіп, сезімімізді селк еткізген, ойымызды толқытқан, үлгі тұтар мерейтойдан жұртшылық шексіз ләззат алып қайтты. Осы тойдан бұдан бұрынғы қазақ тойларының ең озық үлгілерін көрдік.

Саханаланған той алаңындағы көрініс. Ілекеңнің туғаны, балалақ шағы, ер жетіп өскені, ауылына Майра мен Әсет ақынның келуі, елдегі той-думандар, үш арыстың ұсталып атылғаны әсерлі әспеттеп өрілді. Осы көріністе тағдыры бір қазақ өнерпаздарының біртұтастығы, тағдырлас-тығы жұтта да, құтта да бірге болулары керектігі көріністе жақсы сипатталған.

Үш арыстың ақталғаны қандай! Осы сәт сахнаның әр жағындағы

Сәкен, Ілияс, Бейімбеттерге жан бітіп, үш портрет үш акбозатқа мініп құртқа қарай жылжыды. Үшеуі де болмыстың әркі жағынан қайта халқымен қауышқалы келе жатқандай. Үш арыс халқына, халқының сұңқарына ұмтылды. Бір кезде қарақұрым қауым көздеріне жас алып, қызығын жая лап қойғанда үш портретке жан біткендей халқымен бірге қайнасып кетті. Сол кезде өлеңі Кәкімбек Салықовтікі, әні Мұрат-қан Епінбаевтікі әйгілі «Үш арыс» әнін бүкіл дала жаңғыртты, үш арыс-тың өздері де қосылып кеткендей әсер етті, жан толқытты. Ғажайып өлеңдер туды. Қайталанбас сезімдер адам бойын билеп кетті.

Халқының жүрегінен мәңгілік орын алған Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің рухтары да мәңгілік. Оларды мәңгілік етіп асқақтатып тұрған нәрсе туған жерлеріне орнатылған ескерткіштері мен арнайы жаңа мұражайлары. Солардың ішіндегі өзіндік ерекшелігімен көзге түсетіні Ілекеннің Талдықорғандағы ескерткіші мен мұражайы.

Ілекене орнатылған ескерткіш тұғырынан қанаттанып енді ұшқалы тұрған қыранды елестетеді. Құлагер акынның шабытына мінген құдыретті бір сәтін тас мүсінге құя салғандай. Ал мұражайы Ілекен өмір сүрген кешегі көне үйді қалпына келтіріп сонда орналастыру, өз табиғилығын ерекшеленеді. Бүгінгі мен кешегіні жалғастырған бұл мұражайдан көңіл сабақ, үлгі жоба алуға болады екен. Акындығы, туған елге жақындығы, өжет-қайсар батылдығы, құлагердей жүйріктігі, күй-ғұлама ерендігі, кең даладай шалқар ерендігі тамаша беріліпті.

Ілекен тойындағы бәйгеден біртуар сазгер Мұқан Төлебаев ауылы-ның қарлығаштай ұшқыр, әндей әсем, күйдей созылмалы дала жылқы-сының дара озып келуі, дүлдүл акынның тойын Мұқанның өзі атқа мініп дала төсін дүбірлетіп келешектерге бастап бара жатқандай әсер қал-ды.

Сұңқар акын Сәкен Сейфуллин тойының ерекшелігі – Жезқазған мен Ақмола сияқты екі облыста бірдей қатар өткендігіне емес, акынның өмірлік қаны тамған жері – Қарашілікте басталуында. Өйткені жезқазған-дықтар сол жылды – Сәкен жылы атаған болатын.

– Сәкен ағамыздың туған жері бұрынғы өмірбаян деректері мен әдебиет оқулықтарында жазылғандай енді Жезқазған облысының Жаңа-арқа ауданы емес, Ақадыр ауданындағы Қарашілік қыстауының Ортау аумағы. Сол себепті акынды еске алу мерейтойын осында бірінші боп ба-сталуы халықтың ыстық ықыласы әсер етті, – деп өз мақтанышын жасы-рып атымаған еді аудан әкімі Амантай Әбсалықов. Айтқаны келді, ел тілегі орындалды.

Шынында Қарашіліктегі Сәкен тойы үкімет тарапынан емес, ту-ған елінің ізгі ниетінен өрбіп өріс алды. Бұл нағыз халық тойы болып отыр. Ал Қарашіліктің өзіне келетін болсақ, Сарыарқаның күйқалы да шұрайлы жерінің бірі екен. Мөлдiреп аққан бұлағы, көк майса шалғыны, көк бұрымындай төгілген өрімталдары, қарақаттай тізілген, қарлығаш-тың қанатындай желбіреген, қара торы жас қыздардай ырғалған қара-лықтері, айнала созылған қара қойнау таужоталары, аспанда қалықта-

ған сұңқарлары, даланы өнге бөлеген бозторғай шырылы бәрі-бәрі қарасаң көзің тоймайды. Кезінде ақиық ақын Сәкен өнге қосқандай өзіне сұқтандырып жыр тілеп тұрғандай. Ғажайып сұлу да салқар өлкеде өмірге келген ақында арман жоқ-ау деген ойға кетесің. Айналаның бәрі мен Сәкенмін, мен Сәкенмін, мен Сәкен туған жерімін деп тұр.

Талбесік табиғат құшағында тау етегіне сахна құрылған. Сәкенге арналған ғылыми-теориялық конференцияны тыңдауға келген халықта шек жоқ. Әсіресе қыстауда Сәкен кесенесі мен ескерткішінің ашылу рәсімі ерекше толғандырды. Бұл бір адам сенбейтін сиқырлы құбылыс-тай әсер етті біздерге. Ақын қауымының асыл төрі боларлықтай ғажайып жер осы шығар.

Тылсым дүниеге деген құштарлық ана әлдиі, бесік жырымен басалса, өсе келе туған жерге деген інкәрлікпен өз жалғасын табады. Сәкен де торқалы туған жеріне, сауықшыл дархан еліне таңғы шықтай мөлдір кіршіксіз таза махабатын арнаған дара тұлға. Өршіл тәкаппарлығымен де ешкімге алтын басын имей сұңқардай биікте самғап мерт болды. Кесене басындағы ескерткішін көргенімде, тұғырына қайтып қонған қыран көз алдыма елестеді. Сәкен ағам ортамызда деп қуанып тұрдым.

Он алты жасында осы Қарашілікте Сәкеннің туған інісі Мәжитпен дәм-тұзы жарасып Сейфолла ақсақалдың үйіне сол күндегі сұлу қыз, бұл күндегі әже болған Әмина шешеміз келін болып түскен. Араға қилы-қилы аласапыран біраз жылдар салып атажұрттағы қайнағасының мерейтойына қыздары Рымжан мен Софияны ертіп келіп, көзіне жас алып тұрып иіліп тағзым еткенде асыл анамыз да дәл осындай сезім құшағында болғанына көз жетті.

— Осында үш-төрт жыл бұрын мына Қарашілікті жаңалап едініздер. Енді бұл мекеннің келешекте Пушкиннің Михайловскийіндей, Толстойдың «Ясная Полянасындай» қасиетті де кастерлі орынға айналауын көксейсің. Ертең үрім-бұтағымыз Қарашілікке арнайы ат басын бұрып келіп-кетіп жатса арманымыз не. Келешекте ағадырлықтардың Сәкен ауылының азаматтары атанатындықтарына сенімім зор, — деп ауданға Сәкен аты берілсе деген ізгі тілегін білдірді көрнекті ғалым Т. Көкішев тойдағы арнайы баяндамасында. Халық Түрсекеңді тік тұрып қолдады.

Американың да бір күнде ашылмағаны сияқты Сәкентанудың үздік майталманы Түрсекеңнің бұл арманы да өлі-ақ алдымыздан шықсын деп күтеміз.

Конференцияның сонынан Сәкенді көрген, қоластында қызымет жасаған халық жазушы, ардақты ағамыз, еліміздің көрнекті азаматы Әлжаппар Әбішевтің «Аманат» пьесасынан үзінді көрсетілді. Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған облыстық драма театрының өртістері — Асылболат Исмағұлов, Қонысбек Айдаров, Жоламан Базарқұловтар ойындары жұртшылықты қалыптасқан, төселген сахна саңылақтарындай әсерде қалдырды. Асылболат Сәкен ролінде ойнап тұрғанда ардагер ағамызды өз көзімізбен көріп тұрғандай тебірендік. Спектакль бітіп артынан арамызда дәмдес болғанда да Асылболаттың қасынан шыққым келмеді. Ол — Сәкен ғой.

Жамбыл облысынан Каратау қаласындағы орта мектебін таяуда Сәкен атымен атап, тойға арнайы келген мектеп директоры Дора Жоламанға елдің алғысы көл-көсір, сый-құрметі ерекше болды. Бұл жалғыз Саяткер емес Алатау, Алтай, Атырау, Каратаудың тойы ғой.

Сәкен – ақын, Сәкен – прозашы, Сәкен – драмашы, Сәкен – мемлекет және қоғам қайраткері, Сәкен – композитор, сазгер, Сәкен – ол Ақансерінің жалғасы, Сәкен – сұлулық символы, Сәкен – ойшыл, абайшыл ардагер. Осындай игі қасиеттердің бәрінің бір адамның бойынан табылуы қандай ғажап! Сәкен құсбегілікті, аңшылықты жақсылай жақсы көрген. Соны кастерлеп жалғастыра білген, құштар канаткері тұлға.

Сәкеннің осы қасиеттерін ардақтаған жерлестері екі жылдан бері Қарашілікте бүркітшілердің республикалық «Қансонар» мерекесін өткізіп келеді. Сәкен тойын одан әрі жалғастырып, алдағы қыста «Бүркітші – саятта» атты құсбегілердің халықаралық байқауын жоспарлап отыр. Ол да Сәкен тойының жалғасы болғай-ақ.

Қарашілік қыстауындағы салтанатты мәжілісте.

Бауырыннан сұңқар ұшқан дара шығып,

Сәлем ал: киелі жер «Қарашілік».

Көргенде ақын аға басқан ізін,

Жүрегім лүпілдеп тұр аласұрып.

Көнгендей асау ақын үкіміне,

Жер қандай ұқсас Сәкен бітіміне.

Ардақты перзент туған асыл алқа,

Бас ием ауыл, аймақ түтініне, – деген ақын К. Салықовтың өлең жолдарын іштей қайталай бердім.

Оған Софы Сматаев та қосылды. Әдемі толғаулар оқып, ұтымды ой салып, жиналған халықты тебіренге білді. Жалпы айта кетерлік жөйт соғ – Софының Сәкен тойында атқарған енбегі өте зор. Ол айкайсыз адал, ақ жүреппен ұлы тойға ат салысты.

Кейін Жаңаарқа ауданындағы Иманак тауының етегінде өткен 300-ге тарта киіз үй тігілген жердегі «Сәкен сағынышы» атты сахналық көрініс салықты бір қуантып, бір күрсінтті. Жезқазған облыстық драма театры мен Қарағанды облыстық С. Сейфуллин атындағы драмалық театр әртістері қойған бұл қойылым Сәкен өмірінің тарау-тарау жолдарының қиынтығы іспетті. Сәкенді бүгінгі уақыт көзімнен қайта бір шолып, орынды бағалай білу керектігін мезгейді.

Жезқазғандағы тойдың тым созылып кетуінің де өзіндік санаға сипайтын себебі бар. Өйткені облыс құрылғаннан бері 20 жылдан астам уақыт ішінде басшылыққа кілең сырттан келген кірмелер тағайындалды. Олар жергілікті халық қамы емес, өз құлқындарын ғана ойлаған келімсектер еді. Бұған бір ғана дәлел аз уақыт өкім болып тағайындалған А. Саламатин 700 тонна мысты жамбасына бөктеріп, Ресейге өтіп кетті. Оған Сәкен тойы не керек.

Әкімнің сан соқтыруы, экономикаға да өз әсерін тигізеді ғой.. Бірақ

жаңадан тағайындалған облыс әкімі Қажымұрат Нағманов пен орынбасары Жұмағали Наурызбаевтар ақын тойын өткізуге намысқа тырысып, білек сыбанып, бел шеше кірісті. Жастарға тән жігерлілік танытып, елді жұмылдыра білулерінің арқасында айтулы мереке өз дәрежесінде етті.

Сәкен тойына үрімшілік ғалым Ахметжан, Францияның Қазақстандағы елшісі Бертран Фессар де Фуконың қатысуы тойға ерекше көрік берді. Сәкен дүниежүзілік дәрежеде тойланатын ақын ғой. Ләйім осы қонақтар сол тойдың қарлығаштары болсын.

Қазақ әдебиеті классиктерінің бірі, көсемсөз зергері Бейімбет Майлинның Қостанай облысында өтетін торқалы тойына көп адам күдікпен қарағаны шындық. Ол да тегін емес еді. Өйткені Қостанай қаласының сегіз, ал облыстың он жеті проценті ғана өз ұлтымыз, қазақтар. Бұл күдік бұлты тойдың өту барысында бірден сейілді. Қостанай төңірегіннің жұлдызы жанды. Би-аған туған жері жүз жылда бір дүр сілкінді. Бейімбеттің Қостанай қаласындағы ескерткішін ашу рәсімінде қыздары Роза мен Гүлсімнің тебірене сөйлеген сөздері жиналғандарды теңіздей толқытты. Ал ғылыми конференцияға келсек – бұл тамаша толғаныстардың тартымды үлгісі. Зейнолла Кабдолов, Серік Қирабаев, Манаш Қозыбаев, Рахманқұл Бердібаев, Кенжеғали Сағадиев, Зәки Ахметовтер өздерінің де Би-ағанның да кім екенін танытты.

Бұл конференцияда нақтылық, тереңдік, бүкіл әдебиет пен мәдениетке терең және жанжақты қамқорлық айқын көрініп тұрды. Барды көре білген жақсы ғой.

Қазір біз «ұлтаралық қатынастар» деген терминді тауып алдық. Осы сөздің өзі маған ұлт арасын бөліп тұрғандай сезіледі. Әрі анық, әрі түсінікті «Халықтар достығы» деген ата-бабадан қалыптасқан, қанымызға сіңген қасиетті сөзден неге қашатынымызды түсінбеймін. Міне, осы ұлағатты ұғым Қостанай жерінде қайта жаңғырықты. Қостанайды жайлаған барлық ұлттар қос айғаймен қосылысып бір кісідей үн шығарды.

Би-ағаның торқалы тойында қазақтардан басқа осы өңірде мекендейтін орыстар мен татарлар, немістер мен башқұрттар, украиндар мен молдавандар және басқа да ұлттардың қызу қатысуымен болған мерекелік үлкен концерт шынайы халықтар достығының мерекесіне айналды.

Қостанайдан тағы бір есте қалатын ерекше нәрсе Б. Майлиннің туған жері Таран ауданы, Ақтөбе ауылында салынған жаңа ауыл. Міне ағайын, ардақты ағаға лайықты белгі орнады. Бейімбет ауылы Көкшедегі Ақан ауылы сияқты дүниеге келді. Тойда туған жаңа ауыл құтты болсын! Осы ауылдың өмірге келуіне Қостанай облысының әкімі Балташ Тұрсынбаев және оған көмек еткен жігіттер елдің елдік дәрежесін көтеріп өнерге деген жан құштарлығын көрсетті.

– Мен Би-ағаның 80-90 жылдық мерейтойларында болғанмын. ауылы кілең сиқы кеткен қалпақтай жәпрейген қазақы үйлер еді. Біз жастай осы көрініске үйреніп кеткендіктен бұған көп мән бере бермейтінбіз. Әрі ол кездегі басшылар бір-бірінен асып түсу үшін тойдың салтанатты оты-

рыс жағын ғана ойластарытан. Тойдан сүбелі белгі қалдыру жана басталды. Бүгінгі Би-ағаның ауылын танымай қалдым. Балташ Тұрсынбаевқа, көп ұлтты Қостанай халқына мың да бір рахмет! - деп ағынан жарылып еді күні кеше ғана үш арыстың тойын атқарысымен, өзі де асығыс ағаларының қасына аттанып, өкіндіріп кеткен тарлан ақын Ғафу Қайырбеков ағамыз. Қанатты ақынның жүрек лүпілінен туған алғысын қайталай бергім келеді.

Бұрынғы «Жалшы» аулының тұрмыс тіршілігі, адамдарының өмірі Би-ағаның «Он бес үй» әңгімесінің желісі болған Бүгінгі Ақтөбе ауылында кілең ақшаңқан ақ үйлер көлге қонған шағалалардай тізіле қалған.

Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің тойлары ғалымдардың жана толғаныстарын, зиялы ойларын ортаға салды. Ғалымдардың асқан ұйымшылдығы көрінді.

Үш арасымыздың тойы ақын-дүлдүлдеріміздің тойы. Бұл торқалы той халықты бірлікке, татулыққа ұйытқы болған елдің рухани өміріндегі елеулі оқиға. Алар ғибраты, табар тағылымы мол Қазақстанды мекендейтін барша халықтың тойы болды.

Ерекше айта кетер нәрсе, үш арыстың тойында лауазымды адамдар мен қарапайым халыққа бірдей құрмет көрсетілді. Ешкім шеткері қалып, қағажу көрмеді. Ұлы думанның ішкі тірлігі бірліктің айналасына тізілгендей асқан ұйымшылдықпен өткені қуантады.

Осының алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің кезінде қазақтың басын қосып, қалмақтарға қарсы соғысқа елді жұмылдыра білген Ордабасыдағы әйдік тойды көзіміз көрген. Елді бірлікке, татулыққа шақырған дүбірлі тойға Қырғызстан Президенті А. Ақаев, Өзбекстан Президенті И. Кәрімов, Қазақстан Президенті Н. Назарбаев қатысты. Бұл мемлекетаралық той дәрежесінде өтті.

Өткен тойларға бар жанын салып еңбек еткен республика, облыс, аудан басшылары мен Алматылық өрендерге алғыс айтқан ләзім. Үш арасымыздың тойына Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт өкілдері ат салысқаны көңілге медеу, сенімге сергектік туғызады. Ләйім солай болсын.

1995

ТЕКТИЛЕР ӘУЛЕТІ

Кешегі тоқырау аманында әдебиетте толмаған Толстойлардың, ғылымда дарынсыз Дарвиндердің көбейіп кеткені баршаға аян. Ал бүгін егемен ел атанып, тәуелсіздікке қолымыз жеткенде жауыннан кейінгі санырауқұлақтардай қаптап университет пен академиялар бастарын қылтитып шыға келді.

Бұрын Қазақстан Ғылым академиясының академиктері саусақпен санағандай өз елімізге ғана емес, шетелге де жақсы танымал ғалымдар болатын. Енді академия көбейген соң сырттағылар тұрсын, ішіміздегі өзіміз де жете біле бермейтін академиктерден аяқ алып жүргісіз. Оның соңы неге апарып соғарын бір құдайдың өзі білсін.

Бұны тәптіштеп айтып отырғаным, кешегі Қазақстанның санаулы ғалымдары жанашыл еңбектерімен жұртшылықты жалт қаратты. Ел сүйіспеншілігіне бөленді. Сондай тұлғалы азамат, көрнекті ғалымдардың бірі – Мүсілім Әмірханұлы Ермеков болатын.

«Текіден текті туар мүйізі қарағайдай, тексізден тексіз туар көрген жан аяғандай» – дегендей Мүсекең текті жерден шыққан. Үлкен атасы Ермек Құнанбайдың замандасы, жиырма жасында болыс болған зиялылардың бірі. Арқаның атақты билері – Құнанбай, Алшынбай, Жанғұтты, Жәндерке, Орманбеттермен табақтас–дәмдес болып, билік айтқан. Адалдықты сүйіп, құдайға құлшылық еткен. Қалың елін имандылыққа баулыған. 1874 жылы Құнанбаймен бірге Меккеге қажылыққа барып, елге қайтар сапарында қатты ауырып, сол жақта көз жұмады.

Енді әкесі Ермектің орнын баласы Әбеу басады. 19 жасында болыс болып сайланады. Қоянды жәрменкесінде Құнанбай өзінің досы Ермектің баласы Әбеуді Абаймен таныстырады. Бұлардың адал достық қарым-қатынастары осылайша жалғасын табады. Кейін Мағауия мен Әмірхан, Тұрағұл мен Әлімхандар да бір-бірімен достасып кетеді.

Әбеу Ермекұлынан екі қыз, үш ұл өмірге келген. Ұлдары – Әмірхан, Әлімхан, Әліхан. Қарқаралыдағы екі басқыштық орысша мектептен білім алған ұлдарының ішінен тек Әлімхан ғана оқуын әрі қарай жалғастырады. Кейін қазақтың тұңғыш профессор-математигі, Алаш көсемдерінің біріне айналғанын тарихтан жақсы білеміз. Әкесі қазаға ұшыраған соң Әмірхан елге оралып, әкесінің орнын басып, біржола шаруашылық жұмыстарымен айналысады.

Әмірхан мен Бибіш анандан – Демеш (дәрігер), көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтың зайыбы; Мүсілім (ҚР ҰҒА академигі); Мүксийн (Украина ҒА мүше-корреспонденті); Мүсіп (мұғалім); Бопан (доцент); Аяужан (доцент) сияқты балалар туған. Бүгінде көзі тірісі Аяужан.

Әкесі Әмірхан мен шешесі Бибіштің жастай малмен біте қайнасып, араласып өскенін көзімен көрген Мүсілім одан сырт айналып кете алмады. Бұл ауылдағы бар қазаққа тән қасиет болатын. Өйткені «Әуелгі байлық денсаулық, екінші байлық он саулық, үшінші байлық ақжаулық» деп бабаларымыз тегін айтпаған. Денің сау, алдында малың болса, «ақжаулық» өзінен өзі табылатынын ерте аңғарған.

Бала жасынан ауыл тұрмысы, мал жағдайымен жақсы таныс Мүсілім К.А. Тимирязев атындағы Москва ауыл шаруашылығы академиясына оқуға түседі. Оны 1930 жылы ойдағыдай бітіріп шыққан соң, республикамыздағы мал шаруашылығын, әсіресе оның жетекші саласы – қой шаруашылығын өркендетуге ерекше ден қояды.

Шаруашылықта зоотехник, директордың орынбасары, ғылымда кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс атқарған кездерінде көптеген тәжірибе жинақтады. Үлкен сыннан өтіп, алған білімін практика жүзінде пайдаланып, іске асырып отырды.

Кейін біржола ғылымға ден қойғанда қой шаруашылығын жаңа та-

лаптарға сай қайта өсіруге, сапасын жақсартуға баса көңіл бөлді. Кен байтақ Қазақстан жерінің табиғи ерекшеліктері әртүрлі. Соны ескере отырып қой шаруашылығын дамытып, қой тұқымын сынаудан өткізіп, әр аймаққа бейімдеу қажет. Бұнын үлкен теориялық әрі практикалық мәні бар. Қой шаруашылығын осы бағытта өркендетуді қолға алған алғашқы ғалымдардың бірі де – Мүсілім ермеков болатын.

Ол мемлекеттік қой шаруашылығы мен Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институттарында басшылық жұмыстарды атқара жүріп, қойдың жана тұқымын шығарумен үзбей айналысты. Атап айтқанда сырттан әкелінген қой тұқымдарын жергілікті жағдайға жерсіндіру, биязы жүнді қой тұқымдарын будандастырып, биязылау жүнді қой тұқымын шығару, яғни құйрықты қазақи қой өсіру жұмыстарына жетекшілік жасады.

Қазақстанның табиғаты әртүрлі дедік. Ғалымдар осы ерекшеліктерді ескере отырып, шөл және шөлейт аймақтарға бейімді, мол өнім беретін биязылау жүнді, етті-майлы қой тұқымдарын шағыру жолдарын ойластырды. Бұған сол аймаққа лайықты мол өнім беретін ерекше түрлері таңдалып алынды. Уақыт озған сайын қой отарларының саны да сапасы да, атап айтқанда еті мен жүні де өзгеріске ұшырайды. Сондықтан жұмыс жүргізілетін шаруашылықтардың мүмкіндіктері мен қойдан кандай өнім алынатындықтары алдын ала ескеріліп отырылды. Көптеген тәжірибе жұмыстарының нәтижесінде – малды дұрыс сұрыптап, тандап алуға баса назар аударылды. Осындай табанды жұмыстардың арқасында кроссбред және кроссбред типтес қой тұқымдары өмірге келді. Орталық және Шығыс Қазақстан жағдайына лайықтап қазақи қой тұқымын жақсартуға, оның әрі жүндес, әрі етті жана түрлерін шығаруға бағытталған жұмыстар өз жемісін берді.

Көзі тірі кезінде М. Ермековтың басшылығымен кен көлемде ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуінің нәтижесінде Жамбыл облысының Шу ауданына қарасты Абай, Жамбыл атындағы және «Алға» совхоздарында биязылау жүнді етті-майлы құйрықты тұқымдық қой отарлары топтастырылды. Бұлардың қошқарлары Мойынқұмдағы бірқатар шаруашылықтарда будан тұқымдарды жақсартуға қолданып, қойдың бұл тұқымдық тобы өндіріске енгізілді. Қойдың осындай жаңа тұқымдарын шығару жүн өнімділігін арттырды.

Қоршаған орта қойдың өсіп өнуіне өз ықпалын тигізеді. Осыдан келіп мал өнімділігін қалыптастырудың негізі – тұқым қуалау, қойдың аталық, аналық қасиеттері, сондай-ақ оның азығы мен күтіміне байланысты жағдайлар ерекше ескерілді. М. Ермековтың ғылыми-практикалық жаңалықтарды өндіріске дер кезінде батыл енгізуінің арқасында биязылау жүнді кроссбред қой шаруашылығынан мол өнім алынып, сол өнімнің экономикасын арттыруға жол ашты.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы ғылымын дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін кезінде М. Ермековке Қазақстанға еңбек сіңірген ғылым қайраткері құрметті атағы беріліп, Қазақстан Республикасы ҰҒА мүше-

корреспондентті болып сайланды. Профессор атағын алып, Біріккен Ұлттар Ұйымына Азия елдерінің қой шаруашылығы жөніндегі сарапшысы болды.

М.Ермеков маған әжем Нұрғайша жағынан нағашы болып келеді. 1950-інші жылдардың ортасында ол кісіні тұңғыш көріп, қасында болғаным бар. Әкем Рахметолла Ақтоғай ауданындағы Киров атындағы колхозда мұғалім еді. Жадыраған жаймашуақ жаз айының бірінде Тоқырауын өзенінің бойында киіз үйде отырған біздікіне «ГАЗ-69» жеңіл машинасымен Мүсікен келіп түсті. Қасына ерткен жас жігіті, орыс шофері бар. Біздің үйде үш-төрт күн емін-еркін аунап-қунап жатты.

Бір жағы әжем Нұрғайша, екінші жағы өзімен қатарлас әкем Рахметоллаға арнайы келгенін айтты. Мақсаты Қарағанды мен Балқаш көлінің арасындағы шопандар жағдайымен танысу екен.

Кешкісін ауыл ақсақалдары жиналып, өткен-кеткенді әңгіме етісті. Ауданнан келген Тұрған сияқты ауыл әншілері ән шырқап, жиналғандардың көңілін көтерді.

Мүсекен ұзын бойлы, ат жақты, бидай өнді, сымбатты да сұлу кісі екен. Әңгіме айтқанда майда тілмен жатық етіп, мақал-мәтелдеп, арасында өлең-жырларды да қиыстырып келтіріп отыратын би-шешендердей елестеді маған.

Бір уақытта:

— Сендер ауылдың алты ауызын айттындар. Енді біз қонақкәде жасайық, — деп күлімдеп манайындағыларға көз тастады. Қанатын қомдап ұшуға ынғайланған қырандай қос иығын қозғап қойды.

Кенеттен:

— Абылай аспас Арканың сары-ай белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.
Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас,
Нияздың Аюлы мен Кара-ай көлі, — деп басталған бұрын естімеген өлеңнің сөзі мен ән ырғағы бәрімізді елең еткізді.

Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған,
Үйпалақтап тасыннан түлкі де алғам.
Ақтау, Ортау, Сарысу — жүрген жерім,
Көзімнен бұлбұл ұшты дүние жалған, — деген шумақтарды мұңлы әуенмен қайырғанда Мүсекеннің көзіне үйірілген жасты көрдім. Қасында отырған Кабыл кәрия да жұрт көрмесін дегендей теріс қарап, орамалмен көзін сүртті.

— Сусыз жерге ауылым қона алмайды,
Кері кеткен тірлігің она алмайды.
Қырық қатыны қазақтың ұл туса да,
Бәрібір Иманжүсіп бола алмайды, — деп әнді жігерлі екпінмен бітіргенде тұнжырап отырғандардың бәрі үстерінен ауыр жүк түскендей бір желпініп қалды.

— Ой, бәрекелді. Текті адам тектілігін көрсетеді ғой. Алдыңнан жарылқасын, Мүсілімжан. Көп жаса, — деп жиналғандар алғыстарын жаудырды.

Кейін мені осы әннің сөзі қатты ойландырды. Кешегі отаршылдардан құғын-сүргінді көп көріп, абақтыда отырып, туған ел, өскен жерін ансаған Иманжүсіптің сағынышы асқақ әнмен қалың еліне тараған.

Мұндай әнді айтуға жұрт әлі де сескенсе де Мүсекеннің батыл шырқауының өзіндік те сыры бар еді. Күні кеше Алаш көсемдерінің бірі, қазақтан шыққан тұңғыш профессор-математик, Ленинге барып Қазақстанның бүгінгі шекарасын белгілеген ағасы Әлімханның үш рет, апасы Дәмештің абақтыға қамалып, жер аударылғандары, өзінің де астанадан жырақта, шет жақта жүрген ауыртпалық кездері есіне түскен шығар. Сондықтан іштегі қыжылды жою үшін өз тағдырына ұқсас Иманжүсіпті серік етіп, оның әнін шырқауының да себебі – ортақ қасіретті бастарынан кешкендіктен де болар. Әйтеуір Иманжүсіптің әнін (жазушы Сәкен Жүнісовтен басқа) ешкім дәл Мүсекендей нәшіне келтіріп орындай алмайтындай көрінеді де тұрады.

М. Ермаков қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, акын-жыраулардың қиса-дастандарын, бата-өсиеттерін жетік білетін санаулы зиялылардың бірі.

Бірде белгілі жазушы әрі журналист Уақап Қыдырхановтың мынадай әңгіме айтқаны бар. Ертеректе «Социалистік Қазақстан», қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінде бөлім меңгеруші екен. М. Ермаковке жылқы жайлы мақала жазуды тапсырыпты. Ғалым белгіленген уақытта қолына тигізіпті.

Кейін Уақап:

– Сенің нағашың Мүсілімдей малдың жайын жақсы білетін ғалымды бірінші рет көргенім. Кейбір ғалымдардай таптаурын кітаби сөздерді қолданбай, қазақи әдеби тілмен баяндап, жылқының қасиетін Абайдан кейінгі қара сөзбен жазып жеткізген осы адам, – деп танданғаны әлі есімде.

М. Ермаковтың үлкен жиындарда сөйлеп, баяндама жасағанына куә болған адамның бірі – бұрынғы Су шаруашылығы министрі Сұлтан Сәрсенбаев.

Бір отырыста:

– 1958 жылы Орталық Комитет Қазақстанның қой шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық мәслихатында баяндаманы қазақ тілінде жасауды сол кездегі Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары М.Ермаковке тапсырды. Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде өткен сол мәслихаттағы сөйлеген сөзі әлі құлағымнан кетпейді. Қазақтың жатық тілімен мақал-мәтелдеп, өлең-жырды қосып жасаған шұрайлы баяндамасы жиналғандардың бәрін риза етті. Бүгінде үкімет басындағылар қазақша баяндама жасамақ түгелі, күнделікті жиналыстарының өзін басқа тілде өткізетіні өкінішті, – деп есіне алған еді.

М.Ермаковтың сол баяндамасы «Қайнар» баспасынан 1986 жылы жарыққа шыққан «Тандамалы туындыларына» кіріпті. Онымен таныса келе С. Сәрсенбаевтың айтқандарының растығына толық көзім жетті.

«Бақытты өмірдің мол дәулетіне бөленген үлкен-кіші, шопан ата мұрагерлері, құтты болсын мерекеніз! Қатарыңыз өсіп, ортаңыз толып

арта берсін берекеніз! – деп ақ өлең түрінде басталатын баяндамасынан мол ғибрат аларлықтай екен. Бұны не ақын, не жазушы сөзі ме деп те қаласын. Ішіндегі келтірілген мақал-мәтелдер қисынын тауып қолдалынған. Мысалы, «Қойың болмаса, байлықта ойың болмасын». «Қызсыз үйдің сәні жоқ, қойсыз үйдің күні жоқ», «Жаксы қойшының қозысы түлеп тұрғанда, жаман қойшының күнан қойы жүдеп тұрады» сияқты т.б. қанатты сөздер қой малына байланысты орынды келтірілген.

М.Ермеков өмірінің соңына дейін Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтында ректор болды. Болашақ жас мамандарға көп жылғы бойға жиған шалқар білімі мен мол тәжірибесін үйреткен ұлағатты ұстаз. Жас шәкірттерге арнап екі жүздің үстінде еңбек, он бес-тен аса кітап, бірнеше оқулықтар жазған педагог-ғалым. Ғалымның игі жұмыстарын профессорлар М.Бетембаева, Ю.А.Скоробогатов, З.Қожабеков, Т.Садықұлов, Ж.Рахымжанов сияқты т.б. шәкірттері жалғастырды.

Ақын жанды, дархан жүректі Мүсекең қазақ ақын-жазушыларымен жақсы достық қарым-қатынаста болған. Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Мәуленов, К. Жармағанбетовтармен үзбей байланыс жасап тұрған. К. Жармағанбетов «Бетпак дала аңызы» аталатын балладасын профессор М. Ермековке арнаған.

Мен кезінде қазақтың зиялы ұл-қыздары Дәмеш Ермекова мен Темірбек Жүргеновке арнап «Темеш-Дәмеш» деген дастан жаздым. Сонда Дәмеш апаның монологі етіп:

«Әлекем, Әлімханым, жан ағатай,
Шырылдап жетім қалдым балапандай.
«Алаштын» бір көсемі болып едің,
Үстіңе жағылды ғой қара талай.

Қокан-лоқы қорлықты көрдік кеше,
Жан кеудеде, әлсіреп өлдік неше.
Ақталған халық жауы, халықты ойлап,
Халқы үшін еңбек етті дем біткенше.

Соның бірі бауырым – Мүсілімім,
Бағалаймын ақылын, түсінігін.
Халық камын әріден ойлай білген,
Тынғылықты атқарған ісі мығым, – деп жыр төгіп едім.

Расында Мүсілім Ермеков кейбір пенделерше тіршілік жасау үшін өмір сүрмей, халқының камын жеп ғұмыр кешті.

Әңгімеміздің басында тектілік жайлы айтқан едік. Баласы Төлеген де әке жолын қуып, ғылыммен айналысқан дарын иесі. Қазақстан Республикасы ҰҒА мүше-корреспонденті, техника ғылымының докторы. Жұбайы Райса профессор, медицина ғылымының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚР Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер.

Сондықтан,

Текті ұрпағы мүйізі карағайдай,
Тексізді ел мүсіркеп аяғандай.
Төлегенді мақтанып көрсетер ем,
– Тектіден туған-десе-бала қандай?

Дәулет пен берекеге қоныс толған,
Атандар Әбеу, Ермек болыс болған.
Халқының камын ойлап заманында,
Акикат, имандылық жолды ұстаған.

Тектімен үйір қылып өсер ұлын,
Дос болды Құнанбаймен кешегі күн.
Кеменгер Әлімқандай дара тұлға,
Алаштың бірі болды көсемінің.

Арқалап өтті заман өмір-жүгін,
Ұмытар Мүсілімдей өр ұлын кім.
Әкеннің тал бойына жиып берді,
Қазақтың жомарттығын, серілігін.

Мүсекен аялады, тарықпадың,
Дарытып қасиетін алыптардың.
Темірбек жезден, апаң Дөметайлар,
Ойлады өле-өлгенше халық камын.

Жарқырап күнін шығып, батпаған ай,
Отырсаң лайықсың таққа қандай.
Шырқайтын әкең әнін Иманжүсіп,
Тек қана сол бір жағы «Әттеген-ай».

Еліне мәртебелі, сүйікті еткен,
Асқарға адал еңбек биіктеткен.
Қазанға қос бас симас, ал бір үйге,
Қос доктор жұптай болып сыйып кеткен.

Инемен құдық қазып өтті күнін,
Көдеге асты жиған көп білімін.
Халқына танылсаң да ғалым болып,
Тәнті еткен дүйім жұртты тектілігін.

Иә, «Ат тұяғын тай басар» дегендей тектілір егемен ел атанып,
тәуелсіздік алған мемлекетіміздің мерейін үстем етуде. Алаш көсемі
Әлімқан Ермеков, қоғам-мемлекет қайраткері Мүсілім Ермеков, көрнекті

ғалым Төлеген Еркеков... Тектілер әулетін тізе беруге болады. Ұрпақ жалғастығы деген осы емес пе! Ағасы Әлімқанның, әкесі Мүсілімнің бауырында, халқының құшағында ержетіп, тәлім-тәрбие алған Төлегендей азамат аталарының ғана емес, егемен елінің де мәртебесін көтереді. Өйткені тектілер тектілігін танытады.

1997

«58-ІНШІ СТАТЬЯ» КҮЙІ

Актоғай атырабы, Тоқырауын топырағынан нелер дүлдүлдер мен бұлбұлдар шыққаны жұртшылыққа кеңінен мәлім. Кешегі Әшімтай, Ақкыз секілді дәулескер күйшілердің күйлерін солардың бүгінгі ұрпағы ҚР Халық әртісі Мағауия Хамзиннің елдің рухани игілігіне айналдырғанына алғыс сезіммен қарайсың. Осы өңірдің тумасы қобызшы Тілештің Әшірбегін, күйшілер Шалғынбай Томайұлын, Сармантайдың Ахметжанын көп жағдайда аттарын ғана естігеніміз болмаса, шығармашылық өмір жолдарына әлі терең бойлай қойғамыз жоқ.

Мәселен, Тілештің Әшірбегі қобызда ғана емес, домбыра мен гармонда да жақсы ойнай білген. Ақансері, Біржан, Жарылғапберді әндерін қобызға түсірген тума дарын. 1935 жылы Алматыда өткен өнер шеберлерінің сайысына түсіп, Жаппас Қаламбаев екеуі жүлделі орын алған. Әшірбек кезінде ағаштан ойып домбыра, қобыз жасаған. Өнер жолын қуған Адамбайдың Шәмшіне өз қолымен қобыз жасап берген. Шәмши болса, Әшірбектен үйренген күйлерді сол қобыз арқылы бүкіл елге таратты.

Шалғынбай Томайұлына келетін болсақ, домбырада шебер орындаушы ғана емес, өз жанынан көптеген күй шығарған. Ел арасына кен тараған күйі «Текес өзені». Сондай-ақ, «Қаңбақ», «Құралай сағымды ойнатады», «Бостандық» сияқты т.б. күйлері артында қалған асыл қазына. Ал Сармантайдың Ахметжаны айырықша дарын. Бір ғана «58-інші статья» күйімен аты аңызға айналған маркасқа.

«58-інші статья» - демекші, бүгінде тәуелсіз мемлекет, егемен ел атанған соң ғана ақиқаттың анығына жетіп отырмыз. Әйтпесе, келмеске кеткен кешегі Кеңестік заман болса, әлі де қазақтың талай зиялылары қанды шеңгеліне ілетіні сөзсіз еді.

Мен «58» деген сөзді алғаш рет елуінші жылдардың басында естідім. Біздің Киров колхозының басқармасы Әбдіғұл Жүнісовты бір күнде «Халық жауының інісі» деп осы статьямен ұстап алып кетті. Елдің бәрі торға түскен торғайлардай үрпиісіп, бір-біріне бұрынғыдай ақжарқын ашық көңілмен емес, үрейлі сенімсіздікпен қарайтын болды. Әбдіғұлдың ағасы Әбду бұрынғы «Оян» аталатын осы колхозды қолымен құрысқан, соның алғашқы басқармасы, ҚазЦИКтің мүшесі, ауатком төрағасы орынбасары қызметін атқарған адал коммунисті «контрреволюцияшыл ұлтшыл» деп 1937 жылы отыз жасында атып тастаған. Інісі Әбдіғұлдың да «58»-бен айыпталуы содан екен. Кейін Сталин келмеске кеткен соң, осы бір елге

үрей туғызған қаралы статья өз күшін жойып, Әбдіғұл ақталып елге оралды.

НКВД адамдарының қылышынан қан тамған елді коллективтендіру кезінде халықты зар қасқатқан, елді қайғы-қасіретке бөлеген қаралы статьяны күй тілімен сөйлеткен Сармантайдың Ахметжаны екен.

Оның да өзіндік себебі бар. Ақтоғай өңіріндегі қалың Әлтеке-Сарым елі ертеректе осында Дадан Тобықтыны бастап келген Қараменде биге Тоқырауынның Балқашқа құяр етегінен қоныс беріп, тату-тәтті ағайын-туыс болып кетеді. Сол Дадан Тобықтының бір атасы Манастан Мандар, Жандар, Байлар туады. Әнгіме еткелі отырған әйгілі күйші Сармантайдың Ахметжаны сол Мандардан тарайды. Бүгінгі академик Хайдар Арыстанбеков, әйгілі өнер адамдары К. Бәйсеитова, Ә. Жасынқызы осы атаның балалары. Ахметжанның әкесі Сармантай, атасы Байзақ батыр.

Байзақ батырдың мәрттігі, аңғалдығы жайлы мына бір жәйтті айта кеткім келеді. Байзақ жасында өрі балуан, өрі батыр, өрі сері елдің еркесі болыпты. Бірде ел аралап жүріп Сармантай деген ауылға келсе, қыз ұзақалы той жасап жатады. Бір қалтарыста қызды көріп, ынтасы ауа жығылады. Оңашада өз ойын ашық айтқан сері өрі батыр жігітке қыз да қарсылық білдірмейді. Ұзын сөздің қысқасы Байзақ батыр қызды алып қашады. Ал той жасап жатқан ауыл дүрлігеді де қалады. Ақыры Байзақтың алып қашқанын білген қыз ағайындары Манастарға келгенде, олар өз тентегінің айыбы үшін екі қырық жеті төлемек болады.

– Біз жүз жылқы алмаймыз. Бізге Байзақтың астындағы Қарашегіртты берсеңдер ғана татуласамыз. Әйтпесе атқұйрығын шорт кесісеміз, – деп даугерлердің басшысы сөзді төтесінен қояды.

Бірақ, Байзақ батыр жүз тұрмақ, мың жылқыға қимайтын сәйгүлігін беруден біржола бас тартады. Артынша қарсы жақ Манас ауылының жылқысын барымталап, алдарына салып айдап өкетеді.

Байзақ Қарашегіріне мініп жылқының ізімен соңдарынан түседі. Біраз жол жүріп, шаршап-шалдыққан батыр қас қарая бере бір төбенің басына атын шылбырлап, сәл тынығып алмаққа қисаяды. Қарсы жақтың адамдары бейғам жатқан батырды шоқпармен ұрып, өлтіріп кетеді. Бүгінгі Айыртас кеншарына баратын жолдың бойындағы Қарабұлақтың басында Байзақ батырдың бейіті осы бір қайғылы оқиғаның куәсі секілді.

Байзақ қазасынан кейін көп кешікпей алып қашып келіп, некелесіп қосылған аяғы ауыр қалыңдығы айы-күні жеткенде арыстай ұл туады. «Тұлпардың тұяғы» деп ағайындары ұлан-асыр той жасайды. Ал балаға ат қояр кезде қалыңдық мынандай өтініш білдіреді.

– Менің енді нәрестемен еліме оралмайтыным айдан анық. Елімді аңсағанда көңіліме жұбаныш болсын. Нәрестеге менің елімнің атын қоюларыңызды қиыла сұраймын, – депті келіншек.

– «Батыр бір оқтық» деген. Байзақ болса қазаға ұшырады. Келін ұзатылғалы жатқан жерінен жеріп, Байзаққа теңім деп қосылды. Қаралы келіннің қайғысын қоюлата бермейік. Тілегін қабыл алайық, – деп ақсақалдар келісім беріпті.

Сөйтіп Байзақ батырдан туған нәресте келіншектің төркін жұртының аты Сармантай есіміне ие болыпты.

Көнекөз кәриялардың айтуынша Сармантай алпамсадай азамат болып өсіпті. Ел тағдырына қызу араласқан, алды-артын кең ойлап, әділ билік айтатын, қадыр-қасиеті мол жан екен. Кейін келе бір болыс Дадан Тобықты Сармантай елі атаныпты. Өйткені, 1824 жылы Қарқаралы округінде Дадан Тобықтыға бірінші болыс болып сайланған да Сармантай екен. Қазіргі Қусак жазығы ертеде «Ақкөл» атанған. Сол жерде Ахметжан дүниеге келеді.

Ахметжан да өз әкесі Сармантайдай жұртқа қадірлі, батыр Байзақ атасындай бір сөзді мәрт жігіт атанған соң елдің аузына ілігеді. Әсіресе оның домбыра ойнауы жұртшылықты өзіне тәнті етеді. Серілік құрып ел аралап жүргенде, Аякөзде бір төренің ақылына ісі сай, сымбатына тұса сай Балтекей деген көрікті қызы барын естиді. Қызға Ахметжан сырттай ғашық болады. Сол аруды қалыңдыққа тандап, Төлебай деген шешенді бас етіп, Аякөзге құдалыққа аттанады.

Келген жолаушылар өз ойларын төреге білдіргенде.

— Ей, Ахметжан, әкең Сармантай тілге байлығы болғанмен, басқа байлығы жоқ еді. Қырық жетіге неңді матап бермексің, — деп кекетіпті.

Осындай әңгіменің алдарынан шығатынын күні бұрын сезген Төлебай шешен:

— Уа, төрем, қалың жатқан Жандар деген ауыл бар, ат-ойынына жетеді; Токал деген ауыл бар, той малына жетеді; Құттыбай деген ауыл бар, мойын тастауына жетеді. Шұбарта берсем, ауыл тұрсын аймағына жетеді, — деген тапқырлығынан тосылған төре сөзден жеңіліп, құйрық-бауыр жесіп, құда болып тарасыпты.

Жайлауда отырғанда төре қызы келіп түскен құдық — бүгінде ел арасында «Балтекей түскен құдық» атанып кеткен.

Атасы батыр, әкесі тапқыр шешен болған Ахметжанның жан дүниесін өнерге деген іңкәрлік шырмап алады. Содан шығудың жолы бойындағы тума дарынын бүкіл елге айғақ ету екеннің жақсы түсінген күйші халық күйлерімен қоса, Тәттімбет шығармаларына біржола ден қояды. Кейін келе өз жанынан да күйлер шығара бастайды. Атап Айтқанда «Ахметжанның қосбасары» бірнеше түрі, «Көкейкесті», «Терісқакпай», «Саржайлау», «Сегіз аяқ» сияқты күйлері ел арасына тарайды. Енді Ахметжан күйді шебер оындаушы ғана емес, төкпе күйді өз жанына шығаратын дарын иесі ретінде танылады. Сөйтіп дарынды күйші-сазгер атанады.

Елге аты кеңінен тараған Ахметжанның күйшілік өнеріне бүкіл аймақ қызығады. Тілге шешен күйшіні байлар да ішке тартып, құрметпен сыйларын көрсетеді. Бұлары, бойларындағы әбес қылықтарын әшкереп етіп елге жаймау үшін жасаған әрекеттері еді.

Бірде Ахметжан жол жүріп келе жатып, бір байдың үйіне түседі. Осы пәтшегер сөз тудырып кетпесін» деген оймен құйрығын жерге сүйреткен ең семіз қойды сойып, басын тартыпты.

Ахметжан аттанып бара жатып:

— Сен мені ет жемесін деп, әдеіі кілең май асаттын, — деп мін тағыпты.

Батыры мен ақынын, әншісі мен күйшісін алақанына салып еркелеткен қазақтай ұлы халық жоқ. Оларды даралап ерекше ардақ тұтқан. Тоқырауын табанындағы қалың жұрттың «Ахметже» немесе «Сармантайдың Ахметжаны», «Адамзаттың жорғасы», «Қос шектің құлагері» деп кеуделерін мақтаныш сезімі кернеп, құрметтеулері де күйшіге ынтызар көңілден шыққан шексіз сүйіспеншіліктері, ақ адал махабаттары.

Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханов елге оралғанда Ахметжанға арнайы жолығып сәлемдеседі екен. Ауылдың хал-ахуалінен мол мағұлымат алған соң, әңгіменің аяғы күмбірлі күйге жалғысып, әбден құмарынан шыққанда:

— Енді заман өзгерді. Көп мал ұстау елге сор. Жер жыртып, егін салындар. Дән сендерді асырайды, — деп Әлекен аманат қылып Ахметжанға тапсырған.

Әлекенның осы аманатын Ахметжан күйші ауыл аралап барған жерінде ылғи айтып отырған. Кейін келе Тоқырауын өзенінің бойындағы ел тоғандар қазып, такталап егін салып, тары өсірген. Бүгінде тұқымы құрып кеткен Ақтоғай ақ бидайы осы өңірдің құнарлы топырағында ғана өсетін болған.

1926-28-інші жылдары Ақтоғай мен Балқаш төңірегінде байлары тәркілеп, кейбірін Ит жеккенге айдап, кейбірін атып жатқан коллективтендіру науқаны кезіндегі ел күйзелісі Ахметжанның да жүрегін жаралады. Ішкі жан дүниесін аласапыран етті. Жана үкіметке деген сенімі күмға сінген судай ғайып болды. Көшкен жұрттай көңілі құлазыды. Адамдардың малдай қырылуы, қайғы-қасірет, жылап-сықтау, өмірден түңілу сияқты келеңсіз жайлар күйшінің көкірегінен жанартаудай атылып сырқа шықты. Өзі де бірнеше рет байдың тұқымы ретінде қамалғандықтан «Қасірет», «58» деген ел мұнын мұндаған, зарын зарлаған, жоғын жоқтаған жойқын күйлері ел ішіне бірден тарап кетті.

Осы күйлердің аттары да әйгілеп тұрғандай, иесісін еркіндікке жіберу қауіпті екенін түсінген ГПУ-ліктер бес қызыл қазақты Ахметжанды ұстауға жіберген. Үйіне сау ете түскен бұлардың пиғылын бірден түсінген күйші оларға дастархан жайып, қонақ еткен. Домбырамен күй шерткен. Артынан аяқ-киімін шешіп тстап, бақайымен тартқан. Өнер адамының ерекше дарынына риза болған қызылдар:

— Мұндай жорғаны алуға болмайды, — деп қайтып кеткен.

Бірақ қылышынан қан тамған қанішерлер қайтадан арнайы бес орысты жіберіп, Ахметжанды қамауға алған. Кейін тапсырманы орындамаған бес қызыл қазақ оққа ұшқан. 1929 жылы Қарқаралы түрмесінде жатқан Ахметжан күйші, Бижанның Сүлеймені, Адамбайдың Әбілханы бір мезгілде атылып, денелері қарасуға тасталған.

Сөйтіп елдің зар мұнын күй тілінде сөйлеткен Ахметжан өлген соң, оның шығармасы да жойылуға тиіс деп топшылап, халықты қызыл қырғынға ұшыратқандардың арман мақсаттары іске аспады. Бұл күй еркіндікті ансаған жанның қанына сіңіп, ой-санасына ұялап қалды. Ашық болмаса

да, әрі сырласы, әрі мұңдасы болған «58» күйін жұрт жасырын тартты. Ал Сібірге айдалған актоғайлықтардың гимін етіп тартқанын он жыл айдауда жүріп, елге оралған Молдакан Айдаболов пен Түсіпхан Болғанбаевтар жыр қылып айтып отыратын.

Міне, күй құдыреті деген осы! Ахметжанның ұлұлығы да халық басынан өткерген зұлаMAT, нәубетті күй арқылы бүгінгі егемен ұрпағына асыл мұра етіп қалдарғаны. Ол шығарған «58-інші статья» күйі күйші сияқты қиын жағдайды басынан өткерді. Бұл күйді кезінде әйгілі күйші Әбікен Хасенов пен актоғайлық күйші Изаттың Төлеуханы орындаған. Олар қайтыс болған соң, күйдің алғашқы нұсқасы да өздерімен бірге келмеске кеткен.

Күйдің алғашқы нұсқасын табу бүгін тіпті қиын. Бұл күйді тартпақ түгіл, атын атаған жандар қамауға алынатын болғандықтан ел ішін үрей кернеген. Келешек ұрпақ тағдырын ойлаған азаматтар өте сақтықпен, өздерінше осы күйдің сарынын онаша шерткен. Тек бүгінде Ақтоғайда тұратын Рымбек Мәмбетовтың орындауындағы «58» күйі бір табан жақын екенін көнекөз кәриялар айтып отыратын.

Күй тағдырына байланысты дарабоз домбырашы Мағауия Хамзинмен әңгімелескенімде:

— Бала кезімде Балқаш өңірінде, Ақтоғай атырабында Сармантайдың Ахметжанынан асқан күйші болмағанын көп естідім. Өзім көргем жоқ. Ал Ахметжанның «58» деген күйі аңыз болған. Әкем тартқан. Содан еміс-еміс үзінділері есімде. Оны тартқан адам Ит жеккенге айдалатынын білген соң, қорқатынмын. Бәрі ұмытылды. Ахметжанның өз баласы Махмұт домбыра тартпағандықтан «Тоқырауын толғауын» Ахметжан күйінің сарынын сақтап шығардым. Алтынның сынығын жоғалтпау үшін де өнер керек, — дегенді айтты.

Шертпе күйдің шебері Мағауия Хамзин Ахметжан күйшінің рухына тағзым етіп, мұрасын сақтауға дәнекерлік етті. Осы орайда орыстың ұлы композиторы Глинканың «Музыканы халық шығарады, біз өндеп халыққа қайтарамыз» — деген сөзі еріксіз ойыма оралады. Сармантайдың Ахметжанының күйін қазіргі кезде Нұрғазы Жиенханов, Рамазан Қабылбеков, Әшімбек Әбдіғұлов, Сәнеке Сағындықов, Серік Үмбетов, Гүлмира Рақымбекқызы секілді ауыл өнерпаздары орындап жүр.

1997 жылы Ахметжанның 120 жылдық торқалы тойын Балқаш қаласында кенінен атап өтті. Бұған мұрындық болған күйшінің мұрасын зерттеп, жинақтап жүрген ұрпақтары Нұрғазы Жиенханов пен Күләш Ыбыжанқызы Сардарбек еңбектерін атаған жөн.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді халық. Осынау ұлығатты сөзді іс жүзіне асырып, актоғайлықтар саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 120 азаматтың есімдерін тасқа қашап жазылған ескерткішін аудан орталығындағы алаңға орнатып, олардың аруғына құран оқылып, арнайы ас берілді. Солардың жуан ортасында Сармантайдың Ахметжанның да есімі бар.

Игілікті бастама көтеріп, жұрт алғысына бөленіп жатқан бүгінгі ұрпақтарды өлілер рухы демеп, желейді. Ал Аханның құдыретті күйі си-

сериясымен «Жазушы» баспасынан «Қазыбек Нұржанов» деген деректі хикаят кітабым жарық көрді. Кейін «Бағырдың анасы» атты поэма шықты.

Енді Қазыбек жаумен шайқасқан жерлерде болып, соның ізімен жүріп оны білетін адамдармен жолығып тың деректер жинап қайтам деген қуаныш сезімі кеудемді кернеді. Осы сапар алдында ғана Орлов атқыштар дивизиясы бесінші ротасының бұрынғы командирі, бүгінде отставкадағы майор А. Васильевтің естелігімен танысқан болатыным.

Майор Қазыбек Нұржановпен 1943 жылдың басында майданның қиын-қыстау ирелен жолдарында кездескен екен. Бұлар Волхов қаласын жаудан азат ету үшін шайқас жүргізеді. Соғыстың екінші қысы қатты үскірлік аязымен естерінде қалыпты. Жауынгерлер кіріп жылынатын күрке де жоқ десе де болғандай. Жеңіліс тауып шегінген жау аш қасқырдай айбат көрсетіп, жолындағының бәрін өртеп отырған. Ал солдаттардың бой жылытар жері - орман ішіндегі от.

«Қалың жасыл шыршалы орманда қолымызды жылытып отырған лаулап жанған оттың қасына шинелінде артиллеристік белгісі бар, үсті-басынан дәрінің иісі анқып, басындағы малақайын баса киіп, бауын байлап алған сержант келді. Отты қоршай жайғасқан жауынгерлер Жаңа Жыл алдында өздеріне сыйлаған арзан қолды махорканы тартып отырған болатын.

— Қазыбек, — деп қолын көтеріп дауыстады сержант.

— Одан басқа ештеңеге тәбетің тартпай ма? — деп үн қатты рота старшинасы Ильченко, — «Қазбек» темекісін генералдар ғана тардаты. Ал солдаттарға махорка да жарайды.

— Сіздер не, түсінбей қалдыңыздар ма? Қазыбек менің есімім. Қазыбек деген әдемі тау бар. Соған еліктеп маған ат берген. Темекі тартпаймын, — деп ақтала сөйледі Қазыбек.

Осының бәрін салмақты түрде шығыс акцентімен айтқан соң ғана, отырғандар істің мәнісін білді. Бәрі дуылдасып күлісті. Ал старшина шексілесі қатқанша күлді.

— Қазыбек тау. Темекіні де, адамды да солай атаған. Қандай жақсысындар бауырларым...

61-інші истребителдік дивизияның болашақ атақты взвод командирі Қазыбек Нұржановпен осылайша танысып едім. Ол жауынгерлермен лезде тіл табысып кетті. Қыр мұрынды, домалақ жүзді Қазыбек те жұрттың көңілін өзіне бірден аударатын. Кірпіше қойылған қалың қысқа шашы да қайратты еді. Кішіпейіл, айтқанды қалытқысыз орындайтын Нұржановты командир жауынгерлерге үлгі ететін. Барлаушылардың взвод командирінің шайқас кезіндегі батылдығы мен тапқырлығы жайлы дивизионның «Отан қорғаушы» деген газетте үнемі жазатын.

Жаудың алда тұрған жоспарын білмеген соң, онымен ұрысқа түсу қиынның қиыны. Осы жағдайда барлаушылар баға жетпес көмек көрсететін. 1943 жылы Орелге шабуыл кезінде, тан қылаң бере жау танкісі қай тұстан атқылайтынын анықтады. Жаудың «тигр», «пантера» танкі колонналары орманнан қарсы шабуылға шыққанда артиллеристер дәлдеп алып, көпшілігін жағып жіберді. Танкілердің қаңқиған қаңқасы ғана қалды.

Зуш, Десна, Сож, Друть, Березина өзендерін жаудан азат етісіп, Золоторев түбіндегі болған шайқаста танкіге қарсы жұмсалатын қарудан оқ атып, өзі бір танкіні, ал оның бөлімшесі жаудың үш машинасын жағып жіберген. «Первомайский» совхозының төнірегінде Қазыбектің взводы гитлершіл басқыншылардың тылына кіріп, жаудың артқа шегінер жолын кесіп тастайды. Түнде болған айкаста Қазыбектің өзі сегіз фашисті өлтіреді де, взводындағы жауынгерлермен 97 жау солдаттарын капитанымен тірдей қолға түсіреді. Өнде айтылғандай «ақырғы шайқас - ең қиын шайқас». Осы шайқаста Қазыбек Нұржанов ерлікпен қазаға ұшырайды. Оған мәңгілік Кеңес Одағы Батыры атағы беріледі.

...Волковыск қаласына шабуыл жасап жатқан біздің полкке жол бермей жау қарсылық көрсетті. Барлаушылардың тұтқиылдан жасаған шабуылы бей-берекетін кетірді. Олар қалаға қарай шегінді. Жауды өкше-лей қуған Нұржановтың взводы жаудың офицері мен үш солдаттың тұтқынға алады. Мұны көрген басқа фашистер қолдарын көтеріп өз еріктерімен беріледі. Қала шетінде аяғының астынан жарылған жау минасының жарықшағынан жаралынған Қазыбек, алдында ғана жанбыр жауып өткен көк шөптің үстіне құлайды. Жолдастары қасына келгенде ол әлі есін білетін еді. Барлаушылар ауыр жараланып әлсіреп жатқан командирін көргенде көз жастарын тия алмады. Өйткені оны солдаттар батылдығы мен ерлігі, шыншыл, турашылдығы, адамгершілігі үшін жақсы көретін.

— Сау болындар қарулас жолдастарым, — деді бір сәт Қазыбек кірпігін керіп. — Мен сүйікті Отан алдындағы жауынгерлік борышымды адал өтедім. Туған еліме сәлем айтындар...

Қазыбек соңғы рет қарлығаштар қалықтап жүрген аспанға көз тастады.

Жеңіс күніне жеткендердің қатары сиреп келеді. Олар мерекелер мен жай күндері данқ қорғанына, соғыстан оралмаған жауынгерлердің моласына келіп тағзым етеді. Оларды еске түсіреді.

Уақыт деген зымырап өтуде. Соғыс кезінде ерлікпен қаза тапқан Қазыбек досымның елінде, Қазақстанда әлі болғаным жоқ. Бірақ оның ерлігін балаларым мен немерелеріме жыр қылып айтып, бейнесін мәңгілік есімде сақтаймын».

Белоруссия астанасы Минск қаласына келгенде бірден орталық музейге барып, ондағы экспонаттармен таныстым. Соғыс кезіндегі белоруссия жерін жаудан азат еткен жауынгерлер мен Кеңес Одағының Батырларын көрсеткен стендке актоғайлық Батыр Қазыбек Нұржановтың суреті ілулі тұр. Музей қызметкерінен майор А. Васильев жайлы сұрадым.

— Біздің Белоруссия жерін жаудан азат етуге қатысқан жауынгерлер көп. Олардың бәрінің суреттері мен өмір жолын көрсететін материалдарды жинастырып ілетін болсақ, мұражайдан орын жестпес те еді. Сондықтан біздер Кеңес Одағының Батырларымен келушілерді таныстыруды жөн көрдік. Кешегі жауынгерлердің кейбіреулері бүгінде естелік жазып жүр. Оларды білемін, - деді.

Ал майорды білмейтін болып шықты.

Кейін сұрастыра А. Васильевтің Украинада тұратынын анықтадым. Қазыбек жайлы басқа да білетін деректерді хат арқылы жазып жіберуін өтіндім. Бірақ А. Васильевтен еш хабар ала алмадым.

Ендігі менің ойлағаным қайткенде де Қазыбек ерлікпен қаза тапқан Волковыск қаласына бару еді. Осы тілегімді 1980 жылы Грузияда өткен Маяковский күндерінде танысып, достасқан белгілі белорус акыны Сергей Законниковке айтқанымда:

– Сіздерді делегацияға бөліп әр облысқа жібереді. Ал Қазыбек Нұржанов ерлікпен қаза тапқан Волковыск қаласына арнайы апарамыз. Оған қам жеменіз, – деді сенімді түрде.

Келесі күні Минск қаласынан 280 шақырым жердегі Волковыск қаласына жол тарттық.

Мені Қазыбектің соңғы шайқасқан жеріне әкеле жатқан Нина Сергеевна Загорская Белорусь Мәдениет министрлігінің репертуар-редакция коллегиясында Бас редактор болып қызмет атқарады екен. Белгілі жазушы әрі драматург. Пьесалары Белоруссияның барлық театрларында қойылатын көрінеді.

– Біздің Белоруссияда қазақтарға ыстық ықыласпен қарайды. Өйткені жаумен шайқаста көптеген қазақ азаматтары болған. Оған әр қала, әр селодағы солдаттарға орнатылған ескерткіш-обелиск дәлелдейді. Сонда алтын әріппен тасқа кашалып аттары жазылған, – деді.

– Халықтар достығы деп бүгінде ұран шақырамыз. Ал шын достық осындай ел басына ауыр күн туған шақта ешкімнің үгітінсіз-ақ адамгершілік қасиеттен туады. Менің үлкен ағам тын көтеруге Қазақстанға комсомолдық жолдамамен барған еді. Қазір Солтүстік Қазақстан облысында семья құрып, қазақстандық болып кетті. Көрші қазақ семьялары бар. Мұндағы бізден жақын ағайын-туыс. Өткен жазда демалысқа барғанда өз көзіммен көріп қайттым, – деп толық денелі, көгілдір көзді сары шофер жігітіміз әңгіме желісін әрі жалғастырып кетті.

Облыс орталығы Гродно қаласына келдік. Қала көрікті Неман өзенінің жағасына орналасыпты. Белоруссияның әсем де ескі қалаларының бірі екен. Мұнда әйгілі хайуанаттар паркі, тарихи-археологиялық музей, көптеген ескі құрылыстар бар.

Біз қала мұражайына кіргенімізде Қазыбектің фотосуреті көрнекті жерге ілініп астына «Совет Одағының Батары» деген жазуды оқыдық.

– Қазыбекті қала азаматтары ерекше құрмет тұтады. Оны Волковыск қаласына барғанда өз көзіңізбен көресіз, – деді жолсерігім. Волковыск қаласындағы мұражайда да Қазыбектің фотосуреті ілініп, астына қандай ерлік жасағаны жазылыпты.

Осы қаладағы қызықты кездесу орта мектеп оқушыларымен болды. Бұл мектепте Қазыбек Нұржанов атындағы пионер дружинасы бар екен. Сол дружина мені құрметті пионер қатарына қабылдады. Өз кезегімде Қазақстан, Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы, Қонырат совхозы, Қазыбек атындағы мектеп, оқушы-мұғалімдері жайлы айтып бердім.

Қысқа сапар кезінде Қазыбек Нұржанов болған жерлердің бәрін

аралай алмадым. Кейіндері арнайы баруды ойластырып жүр едім. Кешегі Одак ыдыраған соң, «Балапан басына, тұрымтай тұсына» заман болып кетті ғой. Сол барған сапарымда Қазыбектің мұражайдағы фотосуретінің көшірмесін ала келген едім. Енді Қазыбекті тәуелсіз Қазақстан сарбаздарымен таныстырудың да сәті түсті.

Кейін Ақтоғай ауданындағы Қоңырат совхозының Қазыбек Нұржанов атындағы мектепте үлкен қуаныш болды. Аудан басшылары жана жобамен салынған мектепті сыйға тартты. Бұл мектептің ашылуына аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Әзизбек Смағұлов пен совхоз директоры Жанабек Қойлыбаев ерекше үлес қосты. Сол мектептің ашылуына мені де арнайы шақырған болатын. Совхоз жұртшылығы, мектеп мұғалімдері және оқушылармен болған диалогта Қазыбек жайлы кейіндері жиған деректерді ортаға салып, Белоруссияның Волковыск балаларының ыстық сәлемдерін жеткіздім.

Қазақстан Жазушылар одағынан жазушы ретінде қамқорлыққа алған Батыр атындағы мектеп кітапханасына өзімнің жеке кітапханамнан екі жүздей көркем әдеби туындыларды сыйға тарттым. Оның ішінде Қазыбек Нұржанов жайлы кітабым мен «Батырдың анасы» аталатын дастаным да бар. Мен бастауыш класты «Қоңырат» совхозындағы мектепте оқыдым. 1959-1960 жылдары үшінші класс оқушыларына мұғалім болып сабақ бердім. Сол кездегі шәкірттерімнің бірі – Үмітай Жармағанбетов өзімнің жолымды қуып әрі акын, әрі журналист болды. Аудандық «Арка еңбектері», «Тоқырауын тынысы» газетінің редакторы қызыметін атқарып жүрген жалын атқан жасты, сұм ажал өкіндіріп ортамыздан ерте алып кетті.

К. Нұржанов атындағы мектепте менімен бірге оқыған балалар бүгінде білімді азаматтар, ел ағасы. Атап айтқанда, Шәйза Бәкірова батыр атындағы орта мектеп директорлығынан, құрметті демалыста. Амантай Каппаров мал дәрігері. Төлеген Айтбаев Қарағандыда қызыметте. Бұғыбай Қабылов Балқашта хирург. Қуаныш Әбдіғұлов зейнеткер. Ризатай Айтмағанбетов пен Әбдіғани Ақышевтар ғылым кандидаттары. Батырдың туған інісі Өзбек пен Мұқтар Досмақов сол мектепте мұғалім болып, зейнеткерлікке шықты.

«Қысқанмен нарық, бүгілмейді халық» дегендей батырдың ерлігін әлі де кейінгі ұрпақ үлгі өнеге тұтады. Өйткені «Батырдың анасы» аталатын дастанымдағы жырда өргендей:

Қираған жау қолынан қала жанған,
Орнында қоламта, күл, шала қалған.
Фашистер шегінсе де айбат шеккен,
Қасқырдай оқ тиіп бір жараланған.

«Уралап» жауға атоймен барасың да,
Солдаттық дәстүрден сен қаласың ба?
Взводы Қазыбектің таянғаны,
Жау алған Волковыск қаласына.

Бағдарлап жайды жақсы ұғыныпты,
Жақын кеп жау шебіне бұғыныпты.
Жауларын бас көтертпей оққа алу,
Тапсырма, орындау сол бұйрықты.

Қазыбек тобы шағын қыран бәрі,
Даланы жанғыртады ұрандары.
Лап қойып шыға келсе тұткиылдан,
Қорыққан қол көтеріп шығар жауы.

Аз деп сіз қараманыз қорашсына,
Кеш түсе алды дейсіз оқ астына.
Қалаға бірінші боп кірді взвод,
Арттағы қалың қолға жол ашты да.

Зор сокқы тигендей-ақ қара бастан,
Фашистер қашты артына қарамастан.
Қайсарлық, табандылық Қазыбекті
, Бойына біткен мінез бала жаста

Сол мінез ертіп алға жетелед
, Мұндайда қайсарланып кетер ед
. Шыныққан шар болаттай сом денесі
, Ұшырып қанат бітіп көтеред

Ержеткен алаулаған от-жалынд
, Бөгеліп қала қоймас тосқауылд
. Жүргенде жауды қуып оқ тиіпт
, ат еткен қаланын шет жағында.

...Ерлігін көзбен көрген ел білді,
Жер құшып фашистің өлді көбі.
Қазыбек сол шайқаста жараланып,
Атысқан біткенінше соңғы демі.

Белорусь жерінде өзі жатыр екен,
Бүгінде жұртқа есімі жақын екен.
Ерлігі бүкіл елге мәшһүр болған,
Советтер Одағының Батыры екен, — деп тәуелсіздік алған
ел ұрпағы батырдың ерлігін мақтан етеді.

Ақтоғай ауданының орталығында Даңқ алаңының басында алаш-
тың үш арысы Ә. Бөкейханов, Ә. Ермеков, Ж. Ақбаевтардың
ескерткіштері бой түзеп көш бастаса, одан әрірек батыр Қ. Нұржанов-
тың ескерткіші тұр. Әр салтанатты жиын, жастардың үйлену тойлары
арыстарға тағзым етіп, құрмет көрсетуден басталады. Бұл игі дәстүр бұдан

әрі де өз жалғасын табатыны сөзсіз.

Сондықтан бүгінгі ұрпақ бабаларының дәстүрін жалғастырып, тәуелсіз еліміздің даңқын арттырып, Отанына лайық азамат болып өсіп тәрбиеленіп шығады.

1998

ТУМА ДАРЫН

Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері Сахи Романов республика жұртшылығына талантты суретші-график ретінде жақсы танымал. Суретшінің қыл қаламынан туған туындылар республикамыздың, бұрынғы одақтың, сондай-ақ шетел көрмелерінде жиі қойылды. Тума дарынның өзіндік бедер бағытына оның өмір жолы айтарлықтай ықпал жасады. Дүниеге көзқарасының қалыптасуына үлкен әсер етті.

1997 жылы суретшінің шеберханасында болып, Сәкенмен әңгімелескенім бар. Сахи Романов батыр тұлғалы, жетпіске толып отырса да өзін ширақ ұстайды. Кісімен сөйлескенде ағынан жарылып, ой-пікірін бүкпесіз айтады.

Ол кісіге кезінде үкімет тарапынан үлкен құрмет көрсетіліп Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет» ордендерімен наградтап, «Қазақстанның халық суретшісі» деген құрметті атақ берілген болатын.

Осы жайды есіне салғанымда:

— Бұны үкіметтің менің көп жылғы еңбегімді бағалағаны деп түсінемін. «Еңбек түбі — зейнет» деген осы. Көрсермен қауымды жана тың туындылармен қуантуға тырысып келемін, — деп алдында зор жауапкершілік тұрғанын айта кетті.

— Сәке, мұндай үлкен биікке, үлкен құрметке адам бірден жетпейді ғой. Сурет салу өнерін қалай бастап, кімдерден үйрендіңіз?

Менің бұл сұрағыма Сәкен бірден жауап бере қойған жоқ. Қолындағы шылымын тұтатып, бір-екі сорды да ойланып қалды. Содан кейін ғана басын көтеріп әңгімесін бастады.

— Өнерде әркімнің өз жолы болады. Суретті салуға бала кезден құштар едім. Ауылда өзен мен көлдің маңында ойнап жүргенімде саз балшықтан ешкі, қой, жылқы, сиыр, түйе сияқты жануарлардың бейнелерін жасайтынмын. Кейін балалар үйінде тәрбиеленген кезімде ақ қағазға суреттер сала бастадым. Содан әрі қарай жалғасы берді, — деп үлкен өнер жолына қалай түскені жайлы қызықты әңгімесін бастап кетті.

Сахи Романовтың ата-анасы Қарағанды облысындағы Ақтоғай ауданының «Қаратал» совхозын мекен еткен. Сонау ашаршылық жылдары Балқаш көліне қарай ауған. Жас Сахи әке-шешесінен айырылғанын білмейді. Өзі сияқты көптеген балаларды үкімет өз қамқорлығына алып білім беріп, оқытып, азамат етті.

— Мен Қызылордадағы балалар үйінде тәрбиелендім. Сондықтан сол облыстың түлегімін деп сезінемін. Тек қырық жылдан кейін Ақтоғай ауданына әкеммен туыс ағайындар іздеп келіп, солар мені «Қаратал» со-

вхозына апарып, бұрынғы ата қоныс жерімді аралатты. Бұл мен үшін үлкен бір қуанышты жағдай болды, — дейді таңданған пішінде.

Ұлы Отан соғысы кезінде Куйбышев қаласындағы сурет студиясында оқыпты. Сонда суретшілік өнердің әліппесін танып, қыры мен сырын үйреніпті. Курбанов, Савицкий деген білікті суретші мұғалімдер сабақ берген. Оны бітіргеннен кейін Москвадағы суретшілер училищесіне түседі.

— Мен оқуды жалғастыруды сондай жақсы көрдім, әрі білімімді жетілдіруді алдыма мақсат етіп қойдым. Осы жолда жеңіп те шықтым, — дейді. Сәкен кере қарыс маңдайын сипап қойып.

Суретшінің өмір жолына үнілген сайын айтқандарының растығына көзім жете түсті.

Сәкен кейіннен Репин атындағы институтты, сондай-ақ кино институтының сурет факультетін тәмәмдайды.

— Мені көбіне киносурет өнері қызықтырады. Соған қарай көңілім ауа берді. Алматыға келген соң бірталай жыл «Қазақфильм» киностудиясында суретші болып жұмыс жасадым. Қаламымды ұштай түстім, — дейді сәл жимнип.

Бұл айтқанынан киносуретшілік өнерді жақсы қастерлейтінін аңғардым. Осы орайда ойыма мына нәрсе орала кетті.

— Сәке, кейбіреулердің пікірінше декорация жасайтын суретшілер мәңгілік тақырыпқа жазбайды дейді. Менің түсінігімше декорация жасайтын суретшінің өзі бір тұлға ғой. Өйткені сол кісінің салған суреттеріне қарап фильм түсіріледі. Сіз көптеген киноға суреттер салдыңыз. Сонда осының қандай бір шеберлік, тәрбиелік мәні бар? — деп сауал қойдым.

— Бұл сұрағын орынды. Өйткені осы күні киносуретші болу онай емес. Мысалы киноинститутына түскен киносуретші кинорежиссермен бірдей алты жыл оқиды. Онда көптеген нәрселерді үйретеді. Сурет салуды ғана үйренбеу керек. Киноға түсіретін адамдардың қай дәуірде өмір сүргенін біліп, сол уақытқа байланысты оларға киім кигізу керек. Оның шыққан тарихын, сол заманның құрылысын, архитектурасын білген орынды, — деп көңіліне түйіп жүрген сырын ақтарды.

Сахи Романов киностудияда біраз жыл суретші болып жүрген кезінде «Ән қанатында», «Қанатты сыйлық» киноларына бас суретші болған. Сондай-ақ «Алдар көсе», «Даладағы қуғын», Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасының негізінде түсірілмекші болған фильмдерге суреттер салған. Мұны кино тілінде — декорация дейді. Суретші соның шеберлік жағын, бояуының ашықтығын, композициялық үйлесімін бірдей тапқаны жөн. Сонда суретші еңбегі еш болмайды. Кейбір суретшілер декорацияға жеңіл-желпі қарап, жүрдім-бардым салады. Ондай шығармалары есте қалмайды. Ғұмыры аз болады.

Ал Сахи Романов декорацияны үлкен өнер деп таныған. Бұған дәлел ол кісінің жазған шығармалары көптеген көрмелерде қойылып, открытка түрінде басылып шықты. Кейбіреулері Москваның, Алматының өнер музейлерінде күні бүгінге дейін тұр.

— Сәке, сурет өнері — қиын өнер. Бұл да тума дарынға бітеді ғой.

Үлкен орындардан білім алып шыққаннан кейін кино суретшіліктен басып, ең алғашқы халыққа танылған суретіңіз қайсысы? — дедім әңгіме қызған кезде.

Суретші тағы да терең ойға кетті. Бір кезде жанарынан от ұшқыны байқалды. Қияға ұшатын қыранша қолданып алды. Содан кейін қолдан жасаған орындығына нығырлана отырып:

— Өз елімнен жастай алыста жүргендіктен, оның ішінде Ресейде көп болғандықтан Қазақстанды сағындым. Көп аңсадым. Оқу бітіріп елге келісімен тауын, даласын, өзен, көлін араладым. Қойшылардың, егіншілердің арасында болдым. Солармен әңгімелесіп, дидактарластым. Осы жәйт маған көп әсер етті, — дейді суретші.

Суретшінің көлемді туындысы 1957 жылы жарық көрген «Жайлаудағы кеш» деген полотносы екен. Мұнда Сахи бояулардың үндестік үйлесімін тапқан. Кешкі кез. Жас шопан қыз қойды тау бектерінен түсіріп ауылға қарай айдап келеді. Шопанның кескінінде еңбек рахатының табы бар. Автордың бұл шығармасы сол жылы «Огонек» журналында, кейін открытка түрінде жарық көрген. Үйдің қабырғасына ілетіндей жеке үлкен полотно етіп Москвада шыққан.

Одан кейінгі кесек туындысы «Еңбек әні» деген суреті. Жұмыстан кейін екі жастың ымырт жабылар кезде қалың шоптін үстімен қол ұстасып келе жатқан сәттері көзге ұшырайды. Суретші әу бастан-ақ еңбек адамдарын қимыл, іс-әрекет үстінде бейнелеуге тырысқан.

— Мен, — дейді суретші, — әр тақырыпқа қалам тартып келе жатқан адаммын. Кейде бір қаламгер тарихи тақырыпты, енді бірі кітаптарға сурет салуды ұнатса, мен әр жанрда өз өнерімді көрсетуге тырыстым.

Расында Сахи Романовты «сегіз қырлы, бір сырлы» десе де болғандай. Ол кісінің шығармашылығына жіті үнілсеңіз бұны толық аңғарасыз.

Ол бірде ел тарихына, енді бірде бүгінгі өміріміздегі өзгерістерге үн қосып, табиғаттың сұлу да сырлы ғажайып көріністерін бейнелеуге қалам тартады. Әр түрлі жанрда: пейзаж, портрет, натюрморт, тақырыптық картиналарға құлаш ұрады. Бұл салада табыссыз да емес. «Бие сау», «Цирк аттары серуенде», «Тырнарлар» сияқты суреттері шын шебердің жаңа қырын танытты. Бұл суреттердің бәрі бір кезеңде салынған. Тақырыптық картиналар ең қиын жанр. Абайламаса өзін өзі қайталауы да мүмкін. Сахи күнделікті қарапайым тұрмыстағы көріністің өзін ерекше шабытпен көрсете біледі. Көгерменді өзімен бірге қуантады. Табиғаттағы түрлі-түрлі бояуларды ойнатады. Шалқар кеністікке еркін сүңгітіп кең тыныс алуға, кеуденді саумал самалға айқара ашып, сайын дала төсінде сайран салуға шақырғандай болады. Туған жердің әсем көрінісін әркім өзінше сезініп, құпиясын білуге ынтығады. Бұны «Тау симфониясы» аталатын пейзаждар сериясынан анық аңғарасын.

Саханың екінші негізгі тақырыбы — портреттер салу. Суретшінің бірінші салған портреті — артист Қ. Жандарбековтың суретін 1949 жылы жасаған. Сол кезде ол портретті өнер адамдары, әсіресе Третьяков галлериясының адамдары жақсы қабылдаған.

— Өзім өнер адамы болғандықтан ба мен осы салала қайраткерлер тұлғасын жасауды, халыққа таныстыруды алдыма мақсат етіп қойдым. Сол мақсатыма жеттім, — дейді Сәкен.

Бұдан кейін салған портреттер сериясы — Ғ. Құрманғалнев, Эль-Фараби, Ы. Алтынсарин, Құрманғазы, Радлов, С. Мұқанов, С. Қожамқұлов, Мұхамед Қайдар Дулати, Ж. Құанышбаев, І. Жансүгіров, Ш. Айма-нов, О. Сұлайманов суреттері екен. Бұл портреттердің бәрі жер-жерде музейлерде қойылған.

Сондай-ақ қазақтың ірі жазушыларының шығармаларына, яғни кітаптарына суреттер салған. М. Әуезовтың «Қараш-қараш», С. Мұқа-новтың «Ғасырлар үні» кітаптарын, «Қырық өтірік», «Қазақ ертегілерін» әшекейлі безендірген.

1960 жылы Мұқтар Әуезовтың кітабына сурет салып, жазушыға апарып көрсеткенде:

— Сахи, елден жырақта, сыртта ержетіп, тәрбие алғансың. Бірақ кітапқа салған мына суретің әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрін білетінінді танытады. Маған ұнады, — деп алғыс сезімін білдірген.

Кейін кітап басылып шыққанда «Дорогому Сахи сердечно, дружески. М. Ауезов. 1960 г. 11.12. Алма-Ата» деп қолтанба жазып сыйға тартқан. Сәкен сол кітапты күні бүгін ұлы жазушыдан қалған қымбат қазынадай көзінің қарашығындай сақтап келеді.

Әңгімеміз қызған кезде Сәкен бұрынғыдан да шешіле, көкейінде жүрген көп айта бермейтін кейбір жәйіттерді бүкпесіз ақтара бастады. Сол кезде мынандай ой тастадым.

— Сәке, сіз тарихи тақырыпқа барғанда көп материалдар жинастырдыңыз. Сол дәуірдің ағымын тауып, сол заманға лайықты кейіпкерлер іздедініз ғой.

— Оның рас, — деді Сәкен меруерттей тістерін жарқырата көрсетп. — Өйткені өнер жолы оңайға түспейді. Адамға ой табылғанымен, соның шешімін табу қиынға түседі. Сол туындыны халық жүрегіне жетерліктей сомдап шығару үшін көптеген уақыт кетеді. Оған көп материал жинау керек.

Расында С. Романов қазақ киностудиясында суретші болып жүрген кезінде бір киноға сурет салу үшін айлап ел аралап, орман-тоғай, таудала, өзен-көлді аралап, қыр адамдарымен көп кездесіп отырған. Суретші қалың дәптеріне өзіне керекті адамдар бейнелерін, табиғат көріністерін салған. Осы жиналған материалдар арқылы кесек дүниелер туған.

— Сәке, сіз басқа ел, басқа жерде жүрсеңіз де өз ана тіліңізді ұмытпапсыз. Суреттеріңіздің көпшілігінде халықтр достығын, елдегі елеулі өзгерістерді жырлайсыз. Орыстың үлкен суретшісі В. Васнецов «Суретші алдымен өз туған жерін, соның табиғатын сүйюі керек» деп айтқан екен.

— Өте орында айтылған сөз, — дейді Сәкен көңілді кейіпте. — Өйткені қай өнер адамы да өз туған жерін жан-тәнімен сүйюі керек. Сурет өнерін қуғанда мен орыс суретшілернен көп үйрендім. Мұндай өнер біздің қазақта бұрын болмаған ғой. Сондықтан адам өзінің елін, өткен тарихы, бүгінгісін, болашағын білмесе ірі суретші болуы қиын. Кімде кім әуелі өзінің туған

халқын жырлап, соның өнерін көрсету керек.

Сәл үнсіздіктен кейін басын көтеріп:

— Біздің халық қол өнерге шебер ғой. Олардың қолдан жасаған, тағы басқа да заттарға салған ою-өрнектері назарынды еріксіз аудартады. Осы халық өнерін қай суретші болса да жетік үйренсе, соны түсініп білсе, сурет өнеріне пайдаланса, онда сол суретшінің шығармасы шын халықтық болып шығады, — деді суретші.

Адам неғұрлым бір-бірімен шешіле түскен сайын, сол ғұрлым жайдарыланып сала береді екен. Сәкеннің одан кейінгі әңгімесінен аңғарғаным «Өнер егіз» дейді ғой халық. Соны берік ұстаған суретші өз талабын өнердің тағы бір саласында байқап көріпті. Киностудияда суретші болып жүрген кезінде Шөкен Айманов:

— Ей, Сахи, сенің кескін-пішінің, келбетің мен батырдай сом тұлған киноға сұранып тұр ғой. Сенен жақсы өртіс шығады, — депті бірде.

— Е, түссе несі бар. Кейбір анау-мынау артистер сияқты бірлі-жарым рольді ойнай салуға болады, — деп қалжынмен жауап қайтарған.

Кейін осы қалжындары расқа айналыпты. Сәкен «Алдар көсе», «Найзатас бөктерінде» фильмдерінде киноға түскен.

— Бірақ негізгі мамандығым суретші болғандықтан осы жанрға баса назар аударып, жемісті еңбек етін келемін, — дейді.

Суретші еңбектері тек біздің елімізге ғана танымал емес. Көптеген шетелдерге де жақсы белгілі. Атап айтқанда Жапонияның Мемориал көрмесіне, Ресейдің бірнеше қалаларындағы көрмелерге қойылған. Мангол, венгер, жапон, фин газет-журналдарында басылған.

— Сәке, әр творчество адамында болашақ жоспары болады ғой. Қазір қандай жұмыс істеп жатырсыз?

— Бұл орайда бұрыннан жазып жүрген тарихи тақырыпқа қайта ораламын. Желтоқсан оқиғасына 10 жыл толады. Сол тақырыпқа бастаған шығармаларды аяқтаймын. Еліміз егемендік алып, жеке мемлекет болды. Адамдар кешегі Кеңестік дәуірден басқаша көзқараспен өмірге ой тастайды. Қазақтың елі мен жерін көркейтіп, дүниежүзіне танытуға құлшыныс білдіруде. Мен де осы тұрғыда жоспар жасап, еңбек етпекпін. Соны атқаруға денсаулық болсын, — деп орнынан тұрып терезе өйнегінен сыртқа көз тастады.

Қазақстан халық суретшісі Сахи Романовпен болған әңгімеден мен оның өнерді тек өнер үшін істеп жатпағанын аңғардым. Бүгінде ақсақал атанған зерделі зергер көптеген жас суретшілерге әрі тәлімгер, әрі ұстаз. Өз шығармашылық жұмысына жуапкершілікпен қарайтын оның әр туындысынан өмірге деген зор құштарлық, туған жерге деген шексіз махаббат, табиғатқа деген асқан сүйспеншілік сезіледі. Ел өмірінің тыныс, тірішілігін бірден аңғарып, орамды ойларын халқының жүрігіне нәзік бояу тілімен жырлап жеткізе білу — Сахи Романовтың әрі суреткерлік, әрі адамгершілік басты қасиеті. Бұны ірі тұма дарынның болашақ кесек туындыларының адастырмас бағдаршамы деп түсінген орынды.

ЖЫР ТӨКСЕ КӨЛГЕ АҚҚУ, ҚАЗ ҚОНАТЫН

Бірге тумаса да, бірақ жүре келе адам бір-біріне бауыр басып, етене жақын қимасына айналады. Өле-өлгенше ағалы-інідей болып кетеді. Қуанышта қуанып, қайғыда қайғыра білетін көңілінде қаяу жоқ жандардың достығы ғұмырлы, пәтуәлі болады.

Қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық жазушы Ғафу Қайырбеков екеуміздің арамыздағы достық аға мен інінің кіршіксіз пәктігіндей еді.

Ақынды мен жыр пырағына мініп, қалың елге танылған шағынан бастап білемін. 1959 жылы Алматыдағы № 12 казак орта мектебінде оқып жүрген кезімде алғаш рет көрдім. Өлең жазуға ептеп әуестеніп жүргенмін. Бірді-екілі жырларым сол кездегі «Пионер» журналы мен «Қазақстан пионері» газеттері беттерінде жарыққа шыққан-ды. Мектеп оқушыларымен кездесуге Ғ. Орманов, С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков, Т. Молдағалиевтер келді. Поэзия жайлы толғамды ойларын ортаға салып, өлеңдерін өздерінің оқуында тыңдау маған ерекше әсер етті. Кездесу соңынан Ғафу ақынның «Қосбасар» деген қалтаға салып жүретіндей кішкене кітапшасына қолтанба жаздырып алдым.

Содан бері Ғафекенді университетте оқып жүргенде болған кездесулерде, ақын-жазушылардың торқалы тойларында, жиындар мен жазушылар съездерінде кездесіп, етене араласып кеттім. Қазақ радиосында ширек ғасырға жуық қызмет атқарған уақытта әртүрлі хабарларға шақырып, әсіресе поэзия мен әдебиет, жазушы мұраты туралы толғамдарын, бүгінгі күннің өзекті мәселелері мен еңбек ерлері жайлы жазған материалдарын эфирден дайындауыма тура келді.

Халық арасында білікті де білгір, тапқыр да шешен атанған ақын ашық жарқын, үлкен-кішімен бірден тіл табысып кететін, әзіл-қалжыңды ұнататын, қарапайым әрі кішпейіл жан болатын. Сондықтан да ол кісімен қалай сөйлесудің жолын ойластырып жатпай-ақ, көптен көріп, білетін жандардай бірден шүйіркелесіп кетесің. Сол мінезі біз сияқты жас жазушыларды өз жанына шоғырландыратын.

Бірде маған:

— Сенің туған жерің Ақтоғай ауданынан қазақтың кілен жайсаңдары шыққан екен. Жазда еліңе барсақ қайтеді, — дегені.

— Барсақ барайық, — дедім мен де өз кезегімде.

Сөйтіп, 1975 жылы жаздың ортасында Ғафекен басшы, Қайрат Жұмағалиев екеуміз қосшы болып, Қазақстан Жазушылар одағының командировкасымен жолға шықтық.

— Сенің ауылыңнан әйгілі әншілер К. Бәйсейтова, М. Ержанов, ақындар Нарманбет пен Шашубай, ғұлама ғалым, Қ. Жармағанбетовтың досы М. Ермеков, тіліші Ә. Болғанбаевтардың шыққанын білемін. Ал, еліңе барған соң, ардақты адамдармен әрі әнші өнерпаздармен танысайық. Сол есінде болсын, — деп жолға шығар алдында ескерткені бар.

Осы жайларды сол кездегі Жоғары Кеңестің депутаты, аудан-

дык партия комитетінің бірінші хатшысы Жаманқұл Шайдаровқа айтқанымда:

– Әуелі жаңадан құрылған халық театры мен «Тоқырауын толқындары» ансамблінің өнерін тамашалайсыздар. Содан «Қызыларай», «Қаратал», «Қоңырат» совхоздарын аралап, шопандар тойына қатысып, «Ақтоғай», «XXII- партсъезд» совхоздарында болып, Балқаш кұлайсыздар, – деді нені ойына алса, соны шапшаң орындап тастауға тырысатын хатшы шешімді түрде.

Хатшының бұл ұсынысына біздер де келістік. Қасымызға аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Сейітмағзұм Хамитовты қосып берді.

– «Қоңырат» совхозында жүзге таяп қалған сыйлы ақсакалымыз бар. Әуелі сол кісіге сәлем береміз, – деді Сейіт жол бойында.

Осыны айтып маған қарап, қулана күліп қойды. Оның бұл күлкісінде өзіндік сыр бар еді. Сейіт айтқан Ысқақ кәрияны ауылдастары «Жынды Ысқақ» атап кеткен. Өйткені «Әкең аузы...» деген өзінің үйреншікті сөзін үнемі қосып айтпаса, көңілі көншімейтін.

Ысқақ ақсақал менің әкем Рахметолламен қатар-құрбы адамдай әзіл-қалжыңы жарасқан, аралас-құралас көрші болды. Балалары Көкен мен Мұқыжан інім Мәлс екеуімізбен бірге ойнап, бірге өстік. Ол кісінің жаңағыдай сөздерін құлағымызбен естіп, қылықтарын көзімізбен көргенбіз. Ысқақ ақсақал тауып сөйлейтін. Бірақ қай әңгіме болмасын «Әкең ауыз...» мәтелімен аяқтайтын.

Ертеректе осы өңірде облыс басшысы ел аралап, түс кезінде бір үйге келіп түседі. Сол үйде отырған Жынды Ысқаққа қасындағы нөкерлері құрақша жапырылап сәлем береді. Өзінің әдетінше Ысқақ шай келгенше олардың қылық-қасиеттеріне орай бойларындағы міндерін айтып, шеттерінен сыбай бастайды.

Сонда облыс басшысы:

– Ақсақал-ау, мұныыз не? Менен басқаның бөрінің сау тамтығын қалдырмадыңыз. Ұят емес пе? – деп реніш білдіріпті.

– Қарағым, өкпеледім десең, сенің де әкеңнің аузын..., – депті айылын жимай.

Сейіттің жаңағы қарасынан Ысқақ пен Ғафекен екеуі арасындағы жолығысудан да осындай тағы бір әңгіме туатынын аңғардым.

Сейіт бөрімізді таныстырып болып:

– Көрнекті Ғафу інінің сізге арнайы сәлем бере келді, – дегенде

– Соңу Алматыдан ат сабылтып, қаусап өлгелі жатқан мені көруге келген сенде де ес жоқ екен. Тап әкеңнің аузын... екенсің, – деп қыранша шүйіліп, отты жанарын қадаған бойы, төсектен басын көтеріп, қолын ұсынды.

Одан кейінгі Ысқақ ақсақал мен Ғафу екеуі арасындағы болған әңгімені сөзбен айтып жеткізу қиын. Сол кездесу жайлы кейін Ғафан:

– Ақтоғайда қара шал,

Жүзге таяп сау отыр.

Бір бүйірде одан сәл,
Тосып ажал – жау отыр.

Оған қарап аларып,
Көзінде ойнап ақ нәсер.
«Әкең ауыз..» деп алып,

Тіршілікпен сөйлесер, – деп басталатын өлеңін арнады.

Орталық Қазақстандағы ең шоқтығы биік Аксоран тауының басына шығып, «Қаратал» совхозы жағындағы қарағайлы, қайыңды пионер лагерін көрін Ғафекен бір жасап қалды. Жолшыбай «Қуаныш» бөлімшесіндегі әкейдің бейітіне тоқтап, басына орнатқан ақ мәрмәр ескерткішін көргенде:

– Ал, іштерінде дұға жасайтындарың бар ма? – деп жанындағыларға қарады. Ешкім үн қатпаған соң:

– Онда мен құран оқып жіберейін. Аруақ риза болсын, – деп малдасын құрып, жерге отыра кетті.

Дұға жасап болып, орнынан тұрып жатып:

– Ей, жігіттер, «коммунист Ғафу Қайырбеков құдайшыл екен» деп жоғарғы жаққа домалақ қағаз жіберетін араларыңда арызшылар жоқ шығар, – деп әзіл-шыны аралас қалжың айтып, машинаға отырды.

Ақтоғайдағы мал бордақылау мекемесінің директоры Тұрсынбек Сібақовтың үйіндегі ашық-жарқын әңгіме арасында:

– Тұрсеке, қосағыңыз Нағима екеуін де қонақжай, акын жанды адамдар екенсіңдер.

Айналайын Тұрсекем, Нағимашым,

Інілерім, жан кимас қарындасым.

Бауырласқан күндерден бір ескерткіш,

Құшағымыз өлгенше жазылмасын, – деп осы өлең жолдарын дауыстап оқып, кітабын сыйға тартты.

Ғафекеннің сол кітабын Тұрсеке мен Нағима әлі күнге шейін қасиетті қымбат заттарындай, көздерінің қарашығындай сақтап келеді.

Сол жылы жаз құрғақ болды да кейіннен жауған жауын дауылдаптып, нажағайлатып жердің апшысын құрды. Осындай нажағайлы жауында «Ақтоғай» совхозындағы талай жылдан бері өсіп тұрған Сарытерек жай түсіп мерт болғанын естіп, өртенген орнын көргенде Ғафекен: «Өмірдің заңы ғой. Бірақ Батырға ұқсап мерт кеткен» деп қатты қиналды.

Кейін осы көрініс те шығармасына арқау болды. Ақтоғай сапарында туған өлеңдері 1977 жылғы «Асу алда» деген кітабына кірді.

Алматыға оралған соң:

– Әттен, Балқаш көлінің маңындағы қалың елді аралауға уақыт жетпегенін қарашы, – деп өкініш білдіріп еді.

Менің елу жылдығымды 1991-92 жылдары Қарқаралы, Шет, Ақтоғай, Тоқырауын аудандары мен Балқаш қаласы кенінен атап өткен болатын. Жаңағы Ғафекеннің өкінішінің орны сол жолы толды.

– Женісжан, жеңген екеуміз Балқаш жағындағы елді аралауға ба-

райық. Өзімнің де көптен көруге ынтығып жүрген жайым барын білесін ғой, — деп жолға шықты.

Балқаш қаласына ат басын тіреген соң, кешке жақын Ғафекен:

— Әуелі мені дарияға апарындар. — деген тілек айтты.

Қас қарайғанша Балқаш көлінің жағасын жаяу аралап, айдынға бетін жуып, сонан кейін ғана қонақ үйге оралды.

Тоқырауын ауданының шаруашылықтарындағы, Балқаш қаласындағы «Абай» атындағы орта мектеп пен Н. Островский атындағы қалалық кітапханадағы кездесулер қызықты өтті.

Кейін Ғафекен өзінің ойға түйгенін, елдің мұн-мұқтажын «Балқашқа барған сапардан» деген жолжазбасында кең қамтыған еді. Әсіресе кітапханаға жанашырлық танытып: «Білім кітапханасындағы адамдар мешіт ұстаушыдан кем болмауы керек. Кітап көрмесінде өзімнің баяғыда басылып, енді көзге көрінбей кеткен кітаптарым тұр. Осы аяулы сағыныш, қымбат кездесу емес пе? Бейне алдыңнан жамырап балаларын шыққандай әсер етеді» деген сөздері шынайы көңілден шыққаны даусыз.

Бірде Ғафекен телефон соқты.

— Жеңісжан, Жазушылар одағына өтерде саған кепілдеме бергенім болмаса, осы уақытқа шейін шығармаң жайлы баспасөз бетінде бір ауыз сөз айтпаппын ғой. Әлгі елу жылдығына орай дайындап жүрген таңдамалы өлеңдер мен поэмаларыңды маған бер. Оқып шығып, пікір айтайын, — деп өтінген соң, «Тоқырауын тасығанда» деген жинағымды апарып бердім.

Біраз күннен кейін:

— Женген ауырып қалып, баса алмады. Міне қолжазбан. Өзің машинаға бастырып аларсың, — деп тор көз дәптерге қолмен анық жазылған мақаласын ұсынды.

Соның түпнұсқасы өлі қолымда сақтаулы. Кейін Ғафекеннің туған жеріндегі мұражайына табыс етейін деп жүрмін.

Ғ. Қайырбеков өз замандастарынан бір ерекшелігі сапарда жүргенде көңілге түйгендерін публицистикалық мақала түрінде халыққа ұсынатын. Мұнда ақын аралаған ел ерекшелігі мен дәстүр-салтын қалт жібермей, дәл басып қағазға түсіретін. Отырыстардағы тапқыр айтылған сөзді, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін тыңдап қана қоймай, соны жарыққа шығаруға ат салысуы — халық қамын ойлаған қаламгерге ғана тән қасиет болатын.

Өңіменің басында ағалы-інілідей едік дедім. Бұған қандай қуанышта болмасын бір-бірімізді ұмыт қалдырмай жиі араласуымыз еді. Ғафекеннің 50-60 жылдығы, күміс тойлары, кейін Бәтеш жеңгеймен қосылғандарына 40 жыл толуы сияқты сүбелі өмір белестерін атап өтуге арналған салтанаттарында құрметті қонағы болдық.

— Біз қызымет көрсетейік, — дегенімізге,

— Оларын не, Жеңісжан, Тамара екуін іргелі отбасысындар. Жоғары шығындар, — деп екеуі екі жақтан қолтықтап төрлеріне шығаратын.

Әсіресе, Бәтеш жеңгейдің Ғафекенге қ, мақ ұшып, сыйлауы бізді ерекше тәнті ететін.

Көрсетпей кей пендедей тағылықты,
Ақынның періштедей жанын ұқты.
Ғафекен шалқып, тасып жүрмес еді,
Бәтештей болмаса егер жары мықты, — деген жыр жолдарын арнауым да тегін емес.

Ғафекен жазған материалдарды ізінше Бәтеш жеңгей басып үлгіретін. Ғафекен қолына алған істі тындырып тастағанша тыным таппайтын. Және тез бітіретін. Бұған баспа комитетінің төрағасы болған Ш. Елеуқеновтың мына айтқандарын мысалға келтіруге болады.

Жоспарда тұрған Р. Гамзатовтың «Менің Дағыстаным» кітабын аударушы уақытында орындай алмағандықтан, кітапты дер кезінде шығару үшін, Ғафекене жарты ай мұрсат беріпті. Ақын болса, бір аптанын ішінде аударып, баспаға ұсыныпты. Қолжазбаны өзі оқып шыққан төраға нақыл сөздер мен өлеңдерді казакша жатық әрі түпнұсқамен дәл аударғанына қайран қалыпты.

Ғафекен ешкімді кемітіп, төмен ұстауды ұнатпайтын. Елдің бәрін бірдей көретін. Әбулақап Райымбековтың жинағы жайлы талас туғанда:

— Елдің бәрін Абай не Қасым болмадың деп сөкпеуіміз керек. Әр аттың өз шабысы, әр ақынның өз өресі бар. Соған қарап бағалағанымыз жөн. Әбулақап та ақын. Сондықтан өз деңгейінде, өз шама-шарқынша жыр жазғанын ескеріп жинағын шығарған орынды. Егер редактор болудан қашақтасандар, бар жауапкершілікті өзім-ақ алайын, — деп ақынның жинағының жарыққа шығуына тікелей көмектескенін білеміз.

Әрине, мұндай батылдығы біреуге ұнап, біреуге ұнамауы да мүмкін. Бірақ, адамның еткен еңбегін, төккен терін ескеріп, бағалай білгендігін айтқан абзал.

Ғафекеннің бұрынғы өткен әулиелердей киесі де болғанын, мынандай жағдай арқылы ортаға сала кеткім келеді.

Бірде біздің үйде болған бір топ жора-жолдастырдың келіншектерін кетер кезде:

— Бәріңнің беттеріңнен сүйіп қоштасайын, — деп әзіл-қалжыны аралас Ғафекен қасына шақырды.

Іштеріндегі дәрігер Тенліктің үйіндегі Рая жеңгіміз қысылды ма, әлде ерсілеу көрді ме, Ғафекеннің қасына бармай, күйеуін қолтықтап ауызша қоштасып, үйіне қайтып кетті.

Біраз күннен кейін Тенлік телефон соқты.

— Ей, Жәніс, мен дәрігермін ғой. Құдайға сенемін. Ана Ғафу ақынның киесі бар екен. Рая жеңген ақынның тілегін орындамағандықтан, аяғы ауратын жағдайға тап болды. Сен үйіңе тағы біздерді Ғафекенмен қосып қонаққа шақыр. Жеңген алдынан өтсін, — деді.

— Жеңгей содан жазылып кететін болса шақырайын, — дедім де келер жеңсенбіде үйге қонақтыққа кісілерді жинадым.

Біраз жайғасып отырғаннан кейін, Ғафекеннің көңілді бір сәтін пайдаланып жеңгіміз Рая:

— Ғафеке, өткен қонақтықта ерсілеу көріп, басқа келіншектердей

бетімнен сүйгізбеп едім. Сіздің көңіліңізді қалдырғандықтан аяғыма бір ауру пайда болып, қанша емдетсем де жазылмай жүр. Осы жолы өзім барып бетіңізден сүйгім келіп тұр. — деді де орнынан тұрып, ақынды құшақтап бетінен сүйді.

Бұған таңданған Ғафекен жок.

— Ой, айналайын. Баяғыдан осылай жасамайсың ба? Мен де рахаттанып қалдым ғой. Енді ауруың бойыңнан кетеді, оған сене бер! — деді е маңдайынан иіскеп, орнына отыруын өтінді.

Осы жағдайдан кейін Рая жеңгеміз құлантаза жазылып кетті. Ақынның киесі барына біз де сенді.

Қандай отырыста болмасын жиылғандар Қасым Аманжоловтың «Дариға, сол қызын» орындататын. Расында осы әнді нәшіне келтіріп дәл Ғафекендей ешкім шырқай алмайтын. Бұнын да өзіндік себебі бар. С. Мәуленов пен Ғ. Қайырбеков өздерін Қасымның нағыз шәкірттеріміз деп сезінетін. Тіпті туған бауырдай болып кеткен жайсаңдар. Екеуі де ақын үйінде жатып, бірге дүбірлі жыр додасына түскен тарландар. Ақ көңіл адал інілерін ішке тартып, Қасым талай жырлар арнаған. Сыраған мен Ғафекен өле-өлгенше Қасымға құдайдай табынып, дауылпаз ақынға деген інілік парыздарын өтеп кетті. Міне, «ақын болу міндет емес, азамат болу парызын» деген өсиет осындайдан қалған шығар.

Ғафекен дастархан басындағы отырыста өзі басқарып, жиынды қыздырып жіберетін. Бәтеш жеңгей екеуі «Жұбайлар жырын» қосылып шырқағанда, думанды кешке ерекше көрік беретін. Жұрттын бәрі ақын не әнші болып кеткендей әсерге бөленетін. Біздің күміс тойымызға келгенде «Бел асар» деген екі томдық кітабына:

«Тойым бар деп шақырдың ғой жан бауырым,

Сеніменен бірге жерім, бірге ауылым.

Менің саған куә болсын ақкөңілім,

Туыс десе дәті шыдап тұрмауың, — деген өлең жолдарын жазып сыйға тартқан болатын.

Иә, біздер бір-бірімізді сағынып, іздеп жүретін едік. Ғафекен қайтыс болып, басына тасын орнатарда:

— Жеңісжан, Тамара келін өзі қызымет істейтін Ботаника бағынан ыстық-суыққа төзімді, сымбатты екі қайын тауып берсінші. Ғафекеннің басына отырғызайын, — деп өтініш жасады жары.

Жеңгейдің тілегін орындалдық. Бүгінде Ғафекен арамызда жок болса да өмірінің жалғасындай артында балалары бар. Бақыты әке жолын қуған белгілі ақын. Бәрінен де қымбаты — кәусер мөлдір жырларын асыл қазына, мол мұра етіп халқына сыйға қалдырды. Сондықтан ақын өлген жок, оның рухы бізбен мәңгі бірге.

Зерделеп тіршілікте жазған атын,
Жыр төксе көлге ақку, қаз қонатын.
Әп-сәтте болып қапты-ау біраз мезгіл,
Кеткелі арамыздан тарлан ақын.

Қар басып Кенсайдағы қырат-қырды,
Егіліп табиғат та жылап тұрды.
Қимайтын халқыменен қош айтысып,
Мәңгілік пейіш төрін тұрақ қылды.

Мұн басып сыбдыр какпай сырғалары,
Қос қайың зиратында ырғалады.
Ақынды жұмақта да ортаға алған,
Қазактын қасқа мандай тұлғалары.

Болған сон о дүниелік бақыл жаны,
Көз жұмып үнсіз ғана жатыр бәрі.
Жанартау сияқтанып ойда жоқта,
Оянып кететіндей ақындары.

Аралып қалың елін, жыр өне де,
Дауысы жаңғырығып тұр әлі де.
Киелі Ғафекеннің өр рухы,
Барады баспап тылсым бұла күнге.

1998

БІР ҚОҢЫР ҚАЗ ЖҮЗІП ЖҮР ЖАЙЛАП ҚАНА

1991-ші жылы Балқаш қаласы, Ақтоғай мен Тоқырауын аудандары жезтаңдай әнші әрі төкпе ақын Шашубай Қошқарбайұлының туғанына 125 жыл толған мерейлі мерекесін кенінен атап өтті.

Той тарқар кездегі жиында белгілі күйші әрі домбырашы Мағауия Хамзин ерекше мінез танытты.

— Ағайындар, — деді орнынан жайлап тұрып, жиналған дүйім жұртшылыққа қарап, өзінің майда қоңыр дауысымен үн катып.

Отырғандар күйшіге антарыла қарады.

— Мен құрметті демалыстамын. Бірақ күмбірлетіп күй төгіп, домбыра шертуге демалыс жоғын өздеріңіз жақсы білесіздер. Сондықтан бойымдағы өнерімді кейінгі жастарға, әсіресе осы Балқаш қаласындағы ұландарға дарытып кетсем ба деген ой мені мазалай береді. Соған қалай қарайсыздар? — деген сұрақпен айналасында отырғандарға жанарын қадады.

— Бұл тілегіңізді құп аламыз. Құшағымыз ашық, — деді қала басшылары.

— Шындап келетін болсаңыз біз сізге екі бөлмелі үйді осы Шашубай шағын ауданынан ертең-ақ ұсынамыз, — деп батылдық көрсетті «Прибалхашстрой» тресінің бастығы.

Сөз осымен доғарылды. Бір айдан кейін Мағауия Балқаш қаласына көшіп келді.

Балқаш кеншілері мәдениет сарайы жанынан домбыра студиясын ашып, бірнеше талапкер балаларға тәлім берді. Абай атындағы қазақ орта

мектебінде домбыра үйретуден сабақ жүргізді. Сөйтіп 5-6 жылдың ішінде домбырашылар ансамблін құрып, жйырма шақты жас талаптын канатын қатайтып, қияға ұшырды. Олардың біразы жоғары оқу орындарына түсіп, одан кәсіпкой дипломын алып, бүгінде өз өнерлерін кейінгі жастарға үйретуде.

Дарабоз домбырашы, ұлағатты ұстаз өзінің осы бір игі ісіне дән риза.

— Одан өрі де өз өнерімді үйретуден жалықпас едім. Балқаштын ауасы жақпайды. Денсаулығым күрт төмендеп кеткендіктен Алматыға қайтуға тура келді, — деп өкініш білдірді күйші.

Өр кез майталман күйші Мағауия Хамзинмен кездесіп, сұхбаттасқаннан кейін ертедегі мына бір оқиға суреттері көз алдыма тізіліп тұра қалады.

...Ойда жоқта Тоқырауын өзенінің көк майсалы жағасында шөп шауып жатқан пішеншілер дүрлікті де қалды. Жаңа ауыл жақтан естіген хабар ауыздан-ауызға әп-сәтте тарап та кетті. Япырау бұл не қуаныш? Бәрі мез-мейрам.

— Мағауия келіпті...

— Қай Мағауия, әлгі Әшімтай күйшінің немересі ме?

— Дәл өзі.

— Е, ол Алматыда емес пе еді? Немене, демалысқа келіп пе?

— Ой, ол «Қазақконцерттегі» ең белді домбырашылардың бірі ғой.

Осында концерттік бригадалардың құрамында келіпті.

— Көрмегелі көп болды ғой, өзгеріп пе?

— Әлі сол баяғы кішпейіл қалпы. Жымыып қана күлетіні болушы еді ғой. Өзгермеген. Бірақ есейген... Қасындағы өртіс жолдастары өзін қатты қадыр тұтатынға ұқсайды... Жақсының жұрағаты емес пе, Әшімтай атасының күйшілік қасиеті Мағауияға да айнымай дарыған...

Ауыл адамдары Мағауия Хамзин жайлы осылай шын ықыласты жақсы лебіздерді айтып, кешке болатын концертті асыға күтті.

Ауыл шіркіннің несін айтасыз — ол бір ырыс қой. Дала адамдарының дарқан жанынан айналып кетесіз. Кәрі-жас демей қуаныштары қойнына сыймай шаттанып, алыстан бейне бір жақын жандары келгендей мәре-сәре болды да қалды. Концерт болатын шалғынды жерге ойылған сырмак пен кілемдерді төсеп тастады. Тайлы-таяғы қалмай концертке жиналды. Осынша ұлан-асыр қошеметті көрген астана өртістері жаздың мамыр кешінде ән мен күйді шалқытып ала жөнелді дейсіз.

Бір кезде сахнаға орта бойлы, ақсары жігіт шыға келді де шығыс әдетімен отырған жұртқа ізет көрсетіп, домбырасының құлақ күйін келтіріп алды да сабырмен ғана шерте бастады.

Япырау, бұл не толғау? Не дейде мына күй? Адамның жан сезіміне терең бойлап, тебіренге ме? Ойға батыра ма, әлде бір алыстағы арманға ынтықтырып қоя ма? Бәлкім базары тарқап, көгінен айырылған жадау ғана сары жайлаудай сарғайтқан сағыныш болар. Әлде жан түкпірінде шырмалып қайнап, буырқанып жатқан ыза ма еді? Болмаса, шерменде

көңілдің жанды жеген ашы зары болар, не айықпай қойған шері ме? Жок, асылы өмір мен тағдыры туралы хикая болар. Тәттімбеттің Саржайлау күйі адам жанын философиялық толғанысқа осылай салады. Мағауия шерткен сазы солай дейді.

Сол күнгі кеште қаншама ән шырқалды, күй тартылды. Құмар деген қанар емес. Күндегі тірліктен соң, жанын жадыратқан осынау бір көңілді сәт, Мағауия толғаған ойлы күйлер ырғағы сол күмбірлеген қалпы әркімнің көкірегінде кете барды. Тәттімбеттің тоқсан толғаулы есті күйін маржандай тізген Әшімтай күйшінің немересі Мағауияға ауған үздік дарын, ата мұрасы оны жастайынан білетін кәриялардың көңілін бір серпілтіп тастады. Бұл «Қуаныш» колхозы өте сауықшыл, әрі меймандос берекесі мол ауыл. Тегі, жалғыз осы ауыл болып па, Мағауияның концертпен барған ауылында есеп жоқ. Соның бәрінде де осындай қошемет алдынан шығалы. Бір кезде өздерінің көз алдында өскен Мағауияның бұл күндері майталман домбырашы болғанын көрген жанағы ән құмар ауыл азаматтары оған қатты сүйсінді. Ауылдан аттанар сәтте де Мағауияны ортаға алып, қайта-қайта қолқалап күй тартқызып, барша жұрт оның өрісті өнеріне игі тілекте болды. Мағауияның салдарлы мінезі мен домбыра шертудегі жан толғанысы, шекті нәзік те сырлы етіп қағатын шеберлігі оның атасы Әшімтай күйшіні еске сала берді.

– Әшекен барынша сабырлы кісі еді ғой...

– Кез келген күйді тарта бермейтін...

– Өз жүрегін, өзгенің жанын тебірентетін күйлерді ғана тартағын...

– Тәттімбет еді ғой Әшекеннің табынар ұстазы...

– Токта... Токта... Мынау Әшекеннің «Қоңыр қаз» күйі ғой...

Көз алдыңызға өмірдің бір жанды суреті жалт ете қалған жоқ па. Тынданызшы, ойланыңызшы бір сәт. Төсіне ақ ұлпа бұлт қонақтаған айна көлді елестеткен боларсыз. Көл айдынында мамырлай жүзіп бара жатқан аңқау қаздың бейнесі де көз алдыңызға келген болар. Әне, әне шок қамысты қып-қып жұмсақ үнмен қаңқылдап келеді. Ол – бейғам. Осы тұста күй де мамырлай қалады. Тылсым да тып-тыныш ұйып қалған бар маңай осынау бір алансыз қаздың берекесін кетірмейін дегендей маужырап-ақ тұр. Күй манаурай тартылған күйі әлі сабырлы қалпынан жазған жоқ. Кенет... Кенет қос шек қатты қағылды. Биязы ғана баяу үн саңқ ете қалды. Тыныштық бұзылды. Күй серпіле жөнелді. Сіз енді әлгі момақан қоңыр қаздың әлде неден секем алып самғай ұшып бара жатқанын күй сазының бірте-бірте баяулай бергенінен айқын сезесіз.

Осы «Қоңыр қаз» күйін тындап отырған жұрт енді Мағауияға бұрынғыдан да ыстық ықыласпен, шын өнерді таныған көңілмен қарады.

– Әшімтай атасының дәл өзі...

– Күй шіркінді бабына келтіре, балбыраты тартқанға не жетсін.

– Әшімтайдың көзі ғой «Қоңыр қаз» күйі...

– «Жақсы ұл, әкесінің есіктегі басын төрге сүйретеді» деген осы да.

– Пәлі, уа, өркенің өссін, Мағауия! Бір кезде ауыл арасындағы домбырашы едің. Енді өнер деген қасиетті мұраны бек түсінген көңілмен

мықтап ұстаған екенсің. Шырқау биігіне жет. Өнердің ол аскары әрине киын көрінеді. Бірақ сен қиналмай жетесің. Өркенің өссін.

Ауыл ақсақалдары осылай ниет білдірді. Мағауияның болашағына сәттілік тіледі. Домбырашы жігітке бұдан артық қандай қошемет болмақ. Тегінде өнерді қадір тұтып, сыйлайтын да, оны сарапқа салып әділ бағасын беретін де алтын бесік ел іші ғой. Елдің үдесінен шыққан өнерпаз өзін бақытты санайды. Асылы, Мағауия Хамзиннің домбырашылық өнерін сөз еткенде ең алдымен ол шебер орындаушы. Өзіндік үні, өз манері мен нақышы бар домбырашы. Арқа домбырашыларының орындаушылық мәнерін Мағауияның домбыра шертісінен анық сезесіз. Оның репертуарына көңіл аударсаңыз ол көбіне Тәттімбет күйлеріне көп арқа сүйеді. Бұл жағынан алып қарағанда ол Әбікен Хасеновтың ескі күйлерді орындаудағы мәнеріне үндес келеді. Бірақ, оған қатты ұқсамайды. Әбікен ойландыра, толғандыра тартатын. Ал, Мағауия одан сәл сабырлылау тартады. Тыңдаушының жүрек пернесін дір еткізуге құмар. Әбікен болса өмірдің бір философиясын қозғайды. Әйтсе де, екеуінің тартысының бір арнаға құйылатыны қатты қызықтырады. Тәттімбет күйлеріне трактовка жасауда екі домбырашы да үндес келеді.

Тәттімбет, Құрманғазы, Сейтек, Ықылас сияқты өмірдің тауқыметінен азап шегіп, жоқшылықтың қорлығын көрген жан емес. Тәттімбет өзіне жеткілікті дәулеті бар кісі болған. Жақсы жайлауды жайлап, жақсы ат мініп, шоктығы биік лауазымды жандармен тең жүрген. Бірақ, әділет пен жақсылыққа жаны ынтызар композитор сән-салтанат пен байлықтан гөрі өнерді сүйе білген. Өнерді халықтың игі мұрасы деп таныған. Сол үшін қолына домбыра ұстаған. Сол үшін елдің рухани сусыны болсын деп ауыл аралап күй тартқан композитор.

«Сылкылдақ» күйі Тәттімбеттің сондай бір өнер сапарында жүргенде шығарған күйі көрінеді. Көңілі пәс түспеген, өз ортасындағы пасық шонжарлардан именовді білмеген Тәттімбеттің осы бір күйде ашық жарқын сырлы жаны бар. Бұл күйде есті қыздың сынғырлаған күміс күлкісі бар. Күйде жалындай жанған ыстық құштарлық бар. Тәттімбет мұндай әсерді тегіннен тегін бейнелеген жоқ. Ол өзімен күй тартысқан ерке қыздың бейнесі арқылы қазақ даласының бұйығы өскен күллі қызының сезімін оятарлық үн таба білген. «Сылкылдақ» күйінде ол әр мінезді, жігерлі қыздың бар жақсы қылығына сүйсінген, қуанған көңілін аңғартады. Мағауия Хамзиннің орындауында тыңдаған «Сылкылдақ» күйінен сіз еріксіз осындай әсердің құшағында боласыз. Мағауияның бір ерекшелігі ол шығарманың туу тарихына зор мән береді. Өйткені әр шығарма композитордың неден шабыт алғанын көрсетеді. Егер Тәттімбеттің «Сылкылдақ» күйінің шығу төркінінен бейхабар жан оны Әбікен Хасеновтен не Мағауия Хамзиннен бөлектеу тартар ма еді, қайтер еді? Ал бұл екі домбырашы осы күйде Тәттімбет өмірінің бір белесі жатқанын өте жақсы біледі. Мұнда да кезекті бір күй тартысында жеңіп шыққан Тәттімбеттің ойнақы да көңілді қалпы, жалт еткен нәзік сезімі, тебірене шерткен шабыты сезіледі.

Тәттімбет творчествосы Мағауия Хамзиннің өзіндік бетін, оның бар пәрмені мен шеберлік мүмкіндігін танытқан ұшан теңіз мол дүние. Тәттімбеттің ойшылдығы, парасаттылығы, музыка құдыреті арқылы әсем картина жасайтын зергерлігі, оның бейнелеуге тіл жетпейтін ғажайып лиризмі Мағауияның әр шерткен күйінде көркемдіктің өні түспес, ажары тозбас жарқын бояуындай әсер етеді. Арқа күйінің інжу-маржаны болған Тәттімбет шығармаларын игеру кез келген домбырашының қолынан келе бермесе керек. Бұл жағынан алғанда Мағауия Хамзин көркемдіктің тұғырына қонған кәсіпқой орындаушы. Япырау, ол бұл дәрежеге қалай жетті? Ол бұл биікке өнердің қай жолымен келді? Шебер домбырашы атануына қандай негіз бар еді деген ойлы сұрақтар тууы мүмкін.

Осы әңгімеміздің бас жағында Тоқырауын деген өзенді атап кетіп едік. Сол өзеннің жағасында дүниеге келіп, сол жерде өсіп мектеп табалдырығын аттаған Мағауияның домбыра ұстаған шағы да сол жерде басталған екен. Баласының домбыраға ынтық көңілін аңғарған сезімтал әкесі Хамза оған өз қолымен домбыра жасап береді. Бәрінен де Мағауия атасы Әшімтайдың күйшілік өнеріне керемет қызығады.

Әшімтай кезінде Тәттімбеттің мәнерінде бірнеше күй шығарып, өз атағы кең жайылған деседі. Бірақ, Әшімтайдың Мағауия тартып жүрген «Қоңыр қаз» күйінен басқа күйлері ұмытылып, елеусіз қалған. Атасының мұрасын ардақ тұтқан Мағауия домбыра құпиясын зерттей түсуге біржола бет бұрады.

Осы арада мына нәрсені айта кеткім келеді. Бала кезде көп тындап, сырын білуге ынтыққан Әшімтайдың «Қоңыр қаз» күйі ер жете келе мені де терең ойға қалдырды. Күйдің шығу тарихы жайлы мол материал жинап, «Қоңыр қаз» деген дастан жаздым. Бұл туынды 1978 жылы «Жазушы» баспасынан жарыққа шыққан «Занғар» аталатын жинағыма кірді. Кейін осы аттас радиопьесам қазақ радиосының алтын қорына қабылданып, күні бүгін әуе толқыны арқылы беріліп жүр.

...Шертілді күй әйгілі емес мейлі,
Жайма шуақ жаз күні.
Жел еспейді.
Көк тал, қамыс, жағада қоғасы бар,
Көз алдына көк айдын елестейді.

Құтты мекен ұқсайды жай тапқанға,
Манғаздана қарайды байтақ манға.
Көк айдынға толқыннан өрнек салып,
Бір қоңыр қаз жүзіп жүр жайлап қана.

Қанат сілкіп еркін жүр, тартынбайды,
Ұнатады айдынды – салқын жайды.
Шоқ қамысқа мамырлай жүзіп кіріп,
Наз қылғандай кей-кейде қанқылдайды.

Тындаушысын ұйытып маңындағы,
Күмбір қағып домбыра орындады.
Тартылмады сырлы ұнмен күй манаурап,
Кенет қос шек қаттырақ қағылғаны.

Үрейлене қанқалдып өтеді алдан,
Жат дыбыстан қоңыр қаз секем алған.
Қанат қағып ақырын бірте-бірте,
Көз ұшынан алыстап кете барған...

Ұстазсыз шәкірт өскен жоқ. Шәкіртсіз ұстаз еңбегі де тұл. Әр кез қолына домбыра ұстағанда Мағауия Балқаш қаласындағы қазақ орта мектебіндегі оқушылық кезін еске түсіреді. Әсіресе оның сүйсінетіні, әрқашан өзіне аса қымбат жан санап, қадірлейтін ұстазы Тәнірберген Бітімбаевтың аяулы қамқорлығы, өнерге баулыған абзал қасиеті оны ерекше толғандырады. Тәнірберген анау-мынау домбырашы емес, ол классикалық шығармаларды жете игере білген домбырашы болған. Сол кісінің тәрбиесінде жүріп, 1939 жылы Балқаш қаласындағы мектеп оқушыларының олимпиадасына қатысқан Мағауия жас болса да, өзінің алғыр домбырашы екенін танытып, жүлделі орынға шығады.

Мағауия өмірінің бір қуанышты сәті оның 1944 жылы Қарағанды филармониясына шақырылып, жеке солист болып орналасуы. Осыдан бастап оның үлкен өнерге деген арманы қолға қонғандай болады. Ал, 1952 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік халық аспаптар оркестрінің құрамына шақырылуы Мағауия Хамзинге мол творчестволық жауапкершілікті жүктеді. Енді оның тындаушылары да, репертуары да көбейді.

Халық күйлері мен халық композиторларының күйлерін орындап қана қоймай, ол классикалық композиторлардың шығармаларын да өте шебер орындайды. Дүниені ағыл-тегіл ғажайып музыкасымен тан қалдырған атақты Моцарттың «Рондо», «Түрік марышын» Мағауияның орындауында тындаған қазақ жұртшылығы, қала берсе қос шекті домбыраға қызыққан басқа ұлт өкілдері осы шығармаға сонша ыстық ықыласпен қарайды.

Өнер деген қызық-ау. Тілі басқа, тірлігі өзгешелеу, табиғаты да, жері де басқа ұлттардың көп жағдайда бір-бірімен музыкасы үндес келеді. Еш бөгделігі сезілмейді. Музыканың сол құдыреті қайта халықтарды бір-біріне мүлде етене бауыр қылып, ынтықтырады да қояды. Мағауия поляктің ұлы композиторы Огинскийдің әйгілі «Полонезін», Брамстың «Венгер биін», Монтидің «Чардашын» аса бір ұятты шабытпен, жанынды тебіренге тартады.

Орыстың ұлы композиторларының талай керемет туындылары қазақ домбырасына түскенде ерекше өні кіріп, тындаушыны әдемі сырға бөлеп, баурап алады. Мағауия Хамзин орыс композиторлары Чайковскийдің «Неополитан биі» мен Рахманиновтың «Италиян полькасын» әсерлі шертеді.

Міне, байқайсыздар ма, Мағауия Хамзиннің домбырашылық өнерін бір қырынан алып қарау тіпті мүмкін емес. Рас, Арқа күйлері оның ең сүйікті шығармалары. Ол Батыс қазақтары мен Сыр бойының күйлерін де биік толғаммен тартады. Ең бір ғажабы Мағауияның фортепьяно сүйемелінде жоғарыда атап өткен классикалық шығарларды жақсы мәнермен орындауында ғой.

Мағауия Хамзинның өнеріне біздің еліміздің тыңдаушыларымен бірге Польшаның, Үнді, Сирия, Ливан, Қытай, Монғолия, Канаданың өнер сүйгіш қауымы тандана, тамсана қол соқты.

Ол тек орындаушы ғана емес, күйші-композитор. Оның «Жаулау» күйінен басқа күйлері атап айтуға тұрарлық көркемдік нәрі тәп-тәуір дүниелер. Мағауияның шабытынан туған «Қосбасардың» бірінші және екінші түрі, «Алтын астық», «Жарыс», «Космонавт» сияқты күйлері эфирден жиі орындалады. Бұл күйлердің әрқайсысы әр тақырыпты паш етеді. Бәрі бүгінгі өмірдің шабытты шағын күйге бөлеп жатқандай. Ол күй арқылы нұрлы күнді, тыныштықты, еңбек пен бақытты жыр еткендей. Мағауияның соңғы шығармалары «Домбыра вальсі», «Белгісіз солдат», «Токырауын толғауы» деп аталады.

Мағауия Хамзиннің «Қазақконцертте» жеке солист болып жүргенде гастрольмен барған жері де, барар жері де көп болды. Бірақ ол шын мәніндегі өнерпаздығын танытып шығады сахнаға. Өнерді бағалай білетін талғамы биік, сезімтал жұрттың алдына азаматтық борышпен шығады. Ол шерткен қос шектен кәусәр музыка үні сыңғырлап төгіле береді.

Мағауия Хамзин шертпе күйдің шебер орындаушысы ғана емес. Бойындағы тума талантын кейінгі жастарға үйреткен ұлағатты ұстаз. Республикалық музыкалы-эстрада студиясында домбыра класынан сабақ берді. Оның класында оқыған балалар домбыра шертп қана қоймай күйдің шығу тарихына, оның мазмұн сырына терең үніліп, ұстазының үлгі өнегесін бойларына дарытты.

Алты бала тәрбиелеп отырған жұбайы Галина Владимировна дәрігер. Ұлты орыс болғанымен қазақша судай біледі. Кейде Мәкен домбыра шерткенде:

— Күйді бұзып тартпа, мына бір тұсын жаңылыс қақтың, — деп қынжылыс білдіреді. Үш баласы әке жолын құып музыка мамандығын тандады. Мәкен ұлы Тәттімбеттен көрген Алмас немересіне де ержете келе домбыра үйретемін деп армандап еді. Сол арманына жете алмады. Сұм ажал жетпістен асқан шағында ортамыздан алып кетті.

Мағауия Хамзинді соңғы сапарға шығарып тұрғанда:

Бакилық болдың

Бірақта бұған сенер кім.

Домбыраң әр кез

Күмбірлеп сикыр төгер үн.

Топырағың торқа

Болсыншы қайран жан-аға,

Ісінді жалғар

Артында қалған өренін, — деп едім.

Шертпе күйдін шебері, дарабоз домбырашының ұрпағына қалдырған асыл мұрасын болашақ ХХІ-ғасырға жалғастыратын өнерпаз ұл-қыздары баршылық. Соларға ақ жол тілейік.

2000

ЖҮЛДЫЗЫ ЖАРЫҚ ЗИЯЛЫЛАР

Француздың ұлы жазушысы А. Дюманын үш ноян аталатын қаһармандарын жақсы білеміз. Олар табандылық танытып қиындықтан қайыспай, қатерден қаймықпай, жекпе-жек ұрыста жеңіп шығып отыратын қайсар жандар. Сол қасиеттерімен де оқырмандар көкейінде ұялап қалған.

Ал біз өңгіме еткелі отырған үш ноян шыргалаң шытырман оқиғалардың бел ортасында жүрмесе де, басқалар үлгі — өнеге тұтарлық ғибратты із қалдырып, саналы ғұмыр кешкен қазақ зиялыларының шок жұлдыздары.

Әсет пен Әуесқан Ақтоғай ауданындағы жетінші класты бітірген 1942 жылы сұрапыл соғыс басталып, оқудан қол үзіп қалады. Жауға аттанған ағаларының орнын басып, танның атуы, күннің батуына шейін қара жұмысқа бел шеше кіріседі. «Тайдың мінілгені, баланың істегені білінбес» дегендей екі жыл белдері қайыса өтiзге мініп, арба айдап қайнаған еңбектiн ортасында шыныққан өрiмдей екі жас Қарқаралы қаласындағы мұғалiмдер училищесiне қабылданады. Міне, осы оқу орнында үшінші ноян Хамитпен танысады. 1944 жылдан бастап жоғарыдағы айтқан А. Дюманың қаһармандары сияқты жұптары жазылмады.

Бiлiмге құштар үш ноян училищенi бiтiрiп, 1947 жылы қатар келiп, Алматыдағы Қазақ мемлекеттiк университетiне оқуға түседi. Осында бiлiм айдынында терең бойлап, орыс, европа елдерi мәдениетi мен әдебиеттерiнен сусындап, ой өрiстерiн кеңейтедi. Олардың бiлiмге деген құштарлықтары, көз майын тауысып кiтапханада ұзақ отырып, көп оқып үйренгендерi зая кеткен жоқ. Үшеуi де қазақ тiлi мен әдебиетi мамандығын алып, университеттi қызыл дипломмен бiтiрiп шығады.

Мiне, осы арада жол айырығы басталады. Әсет Қазақстан Ғылым академиясына, Хамит Орталық Комитет жанындағы партия тарихы институтына қалса, ал Әуесхан ұстаздық жолды таңдап, өзiнiң туып өскен Ақтоғай ауданындағы орта мектепке мұғалiмдiк қызметке аттанады.

Хамит партия тарихы институтында аудармашыдан бас редакторлыққа шейiн көтерiлдi. В.И. Лениннiң таңдамалы шығармаларын қазақша аударуға басшылық жасайды. Өзi де аудармашы ретiнде көзге түсiп, К. Маркстiң «Капиталы» мен А. Фадеевтiң «Тас талқан» сияқты оннан аса саяси-көркем әдеби кiтаптарды аударып, журналист ретiнде қалыптасты. Кейiн Орталық Комитетте жауапты қызмет атқарған бiлiктi де бiлгiр, iскер азаматты Қазақстан радио және теледидары хабарларын тарату жөнiндегi комитетке төрағалық жұмысқа жiбередi.

Қазақстан Жоғарғы Кеңесі депутаты болып, үкімет мүшесі құрамына кірген Хамит өзінің саяси қайраткерлік қабілетін осы салада басынша көрсетті. Оның басқаруы кезінде «Тамаша», «Қымызхана», «Алтыбақан» және т.б. телехабарларды жұрт қызыға көретін. Сол кезде телекешары, Көктөбедегі телемұнара салынып іске қосылды. Қазақстанның барлық облыстары Алматы теледидары хабарларын тамашалап, рахатқа бөленді. Көптеген телефильмдер Одақ көлеміне таралып, танылды. Қазақстан мәдениеті мен тарихы, өнер шеберлері жайлы телефильмдер көптеп түсірілді. Радио арқылы тарихи тұлғалар мен маркасқа майталман әнші-күйшілердің дауыстары мен солардың орындауындағы шығармалар таспаға жазылып, алтын қорға алынды. Қазақ телерадио журналистерінің еңбектері Кеңестер Одағына кеңінен танылып, көптеген туындылары фестивальдарда жүлделі орындарға ие болды.

Телерадио комитетін көтерген адал қайраткерге кейбір қызыметте жоғарылап, атақ-лауазым алуға дағдыланғандардың жолдары кесіле берген соң, олар жоғарғы жаққа «Хасенов бөлен, Хасенов түлен» деген домалақ арыздарды допша домалатып жатты.

Осы арада Хаменнің бір әділдігін айта кеткім келеді. Мені бас редакторлыққа ұсынған құжаттармен танысып:

– Женістің қолынан жұмыс келетінін білемін. Әлі жас қой. Ысылсын. Тәжірибе жинақтасын. Әрі інісін көтеріп жатыр деген сөзге қалармын, – деп қайтарып жіберіпті.

Кейін бұл оқығаны белгілі ақын Мұзапар Әлімбаевқа айтқанымда: – Мен «Балдырған» журналында бас редактор болып тұрғанда жерлесім ақын Қабдікәрім Ыдырысовты адалдығым ұстап жауапты хатшылыққа жұмысқа алмап едім. Қабдікәрім біразға шейін өкпелеп жүрді. Біз солай тәрбиеленген едік. Кейіндері ғой ауылдастары тұрсын, ұяластарын да ұялмай қызыметке жоғарылатып жатқаны, – деп жершілдіктен бойын аулақ ұстағанын көлденең тартты.

Төрағаның адалдығын белден басып «маңына жерлестерін жинап жатыр» деп байбабам салған арызқойлар саябыр таппады. Бұрынғы төрағалар К. Шалабаев тұсында жұмысқа тұрып, К. Үсебаевтың кезінде бөлім меңгерушіге дейін көтерілген мені, бұрыннан қызымет істеп жүрген бірінші категориялы диктор Мырзабек Қуатбековті сол арыздардың ішіне «Жерлестері» деп қосып жазып отырды. Осындай келеңсіз жағдайлар, жұмыста берекетсіздік туғызды. Төрағаның денсаушылығының төмендеуіне өкеліп соқтырды. Кейін соңғы сапарға шығарып салып тұрғанда сол арызқойлардың кейбірі марапаттап, көлгірсі сөйлегендері әлі есімде. Тіпті кейіннен төраға болған қылшылдаған жас жігіт Сағат Әшімбаевтың да жүйкесін жұқартып, арамыздан ерте алып кетті емес пе.

Хамит Хасенов адал қызымет атқарған белгілі қоғам қайраткері, жүйрік журналист, ауқымды аудармашы, қарымды қаламгер ретінде халқының жадында қалды.

Екінші ноян Әсетке келетін болсақ, Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының аспирантурасын бітіріп, кандидаттық, кейін док-

торлық диссертация қорғап, кіші, аға ғылыми қызыметкерден бөлім менгерушілігіне шейін көтерілген көрнекті ғалым.

Ол қазақ тіл білімі, негізінен лексикография мен лексикология саласында өнімді еңбектер жазды. Алдымен екі том, кейіннен он томдық түсіндірме және «Абай тілі» сөздіктерінің жарыққа шығуына белсене ат салысты. Лексикография бөлімінің алты бірдей қызыметкерінің 1988 жылы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанулары, сіңірген еңбектерінің субелі екенін аңғартса керек. Әсет Болғанбаев ана тілі сөз байлығының қыр-сырына терең бойлап, бар өрелі өмірін арнады. Ғалымның зейін қоя зерттеген саласы – қазақ тілінің синонимдері. Бұл тұрғыда екі монография жазып, «Қазақ тілінің синонимдер сөздігін» үш рет басып шығарды. Аталған еңбектері әрісі түркологияға берісі қазақ тіл біліміне қосылған елеулі үлес. Сондай-ақ «Қазақ тілінің лексикологиясы» атты оқулығы да үш рет жарық көрді.

Ғалым көп жылдар ҚР ҰҒА тіл білімі институтында, Абай атындағы Алматы университетінде диссертация қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестің мүшесі болды. Тіл тарихы мен тіл біліміне байланысты ойлары мен тұжырымдары күнделікті баспасөз беттерінде көзі пірі кезінде жиі жарияланды.

Үшінші ноян Әуесқан біраз уақыт достарынан қол үзіп, астанадан жырақ кетсе де қайраткер екенін таныта білді. Ақтоғай ауданында қарапайым мұғалімнен, мектеп директорлығына шейін көтерілген оқу ісін ұйымдастыра білетін маман ретінде жұртшылық зердесіне қалды. Кейін Балқашқа Абай атындағы қазақ орта мектебінің директоры болып ауысқанда, орысы көп қаладағы білім ордасының көркейіп, көріктенуіне елеулі үлес қосты.

Осыдан біраз жыл бұрын Қазақстанның Халық жазушысы, тарлан акын Ғафу Қайырбеков екеумізді арнайы кездесуге шақырған осы мектепте болғанымызда:

– Бұл өзі ғажайып мектеп екен. Оқушылары араласпаған таза қазақ балалры болғаны қандай жақсы. Білікті басшы ұйымдастырған-ау тәрізі, – дегенде:

– Оныңыз рас, Қазақстан Оқу министрінің орынбасары Әуесқан Қанафин басқарып, ұйымдастырып кеткен ағарту орны, – деді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Күлшара Дәрібаева мақтанышты сезіммен.

Әуесқан мектеп директорлығынан Балқаш қалалық оқу ісінің менгерушілігіне көтеріліп, жиырма жыл бойы ауылдық, қалалық оқу-ағарту саласын дамытып, жолға қоюға қабылетін жұмсады. Осындай қажырлы еңбегі сол кездегі Оқу министрі К. Аймановтың көзіне шалынып, 1972 жылы Оқу министрінің орынбасары болып Алматыға оралып, зейнеткерлік демалысқа кеткенше осы мекемеде істеді. Сөйтіп үш ноян қайта табысты. Үшеуі өздері еңбек етіп жүрген үш саланы дамытуға қайрат күштерімен аямай жұмсады.

Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, СССР және Қазақ ССР оқу

ағарту ісінің озаты Әуесқан Қанафин алпысқа жуық халыққа білім беруге, республика мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты еңбектер жазды. Ол сондай-ақ «Абайтануға байланысты жарияланбаған материалдар», «Қазақ әдебиеті», «Түркі халықтары әдебиеті» сияқты т.б. бірнеше оқу құралдарының авторы.

Белгілі қоғам қайраткері Хамит Хасенов, көрнекті ғалым Әсет Болғанбаев, педагог-ұстаз Әуесқан Қанафиндердің халқына сіңірген еңбектері елеусіз қалмады. Кезінде үкіметтің медаль, ордендерімен марапатталды.

1998 жылы қатар құрбы үш ноянның 70 жасқа толған торқалы тойларын, Хамиттікін қаңтар, Әсеттікін наурыз, Әуесқандікін қыркүйек айларында туған елі, жора-жолдастары, ағайын-туыстары кеңінен атап өтті.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін мынандай өлең жолдарымен түйгім келеді.

Сарыарқаны дүбірлеткен үш ноян,
Саналарын біліммен тек ұтаған.
Ақиқатты ар туындай көтеріп,
Асқар шын жоқ канат қағып ұшпаған.

Оқ бойы озып қатарластан, бауырдан,
Сауат ашты туып өскен ауылдан.
Қақ-соқпенен жұмысы жоқ үш ноян,
Аман қалды сұрапыл көк дауылдан.

Аулақ жүрді ұрда-жық пен ездерден,
Аман өтті аласапыран кездерден.
Бірі ғалым, бірі ұстаз, бірі әкім,
Биіктеді, мінезі жоқ өзгерген.

Досқа таза көңілменен тұрақты,
Тура сөйлеп, тік жүргенді ұнатты.
Жарты ғасыр жазылмастан жұптары,
Бірге жақты азаматтық шырақты.

Жүрегіне тың серпіліс, күй берген,
Туған елден ілтифат пен сый көрген.
Қасиетті еңбек сүйгіш, адалдық,
Дұрыс шығар үш нояннан үйренген.

Бакыт құсы таңдап, талғап қонады,
Ол жүрген жер шат – күлкіге толады.
Жомарт жүрек жаны жайсан жандардың,
Әрқашан да жұлдыздары жоғары.

1998

ЕҢБЕК ТОРЫСЫ

Бұл сөзді көзі тірісінде ұлы Мұхтар Әуезов айтқан болатын. Өзі талмай ізденіп, білім нәріне сусындап, тынымсыз күндіз-түні көз майын тауысып, еңбек етуді ұнатқандықтан айтқан шығар. Айғайламай, аптықпай, жетер шынына ептікпей көтеріліп, асқаралы асқарынан айналасына шұғылалы шуағын мол шашып, атак дәрежеге қолы жетсе де өзін еңбек торысындай сезінуі халықтан үлкен емеспін дегендігінен де болар. Дана данышпан өзінің сол қарапайымдылығымен, сол еңбек сүйгіштігімен, сол кішпайылдылығымен, сол парасаттылығымен барша адамзат жүрегінде мәңгі ұялап қалды. Кісілік келбеті бәріміздің жадымызда.

Сол Мұқаңның «еңбек торысы» қанатты сөзін көрнекті ғалым, айтулы геолог Төкіш (Төлепберді) Шойынбайұлы Ақышевқа да бағыштап айтуға тиістіміз.

Төкен екеуіміз Қарағанды облысының Ақтоғай атырабында, Тоқырауын топырағында ер жетіп есейсек те, тек соңғы 10-шақты жыл көлемінде танысып, бір-бірімізді жақын біле бастадық.

Мен С.М. Киров колхозындағы мектепте оқып, 6 класты бітіріп, Алматыдағы Әсет ағайдың қолына оқуға кеттім. Сол колхоздағы мектепте Төкеннің інісі Әбдіғалимен бірге оқыдым. Жазғы каникул кезінде өгіз айдап, балшық кұйдык. Оны өгіз-арбамен құрылыс басына тасыдық.

Кейін Алматыдағы № 12 қазақ орта мектебін бітірген соң, ҚазМУ-дің қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде Төкеннің екінші інісі, Әбдіғалидің ағасы Халықпен бірге оқуыма тура келді.

Ал Төкенмен етене танысып, өткен өмір жолын толық білуім кейінгі 4-5 жылдың төңірегі.

Осыдан біраз бұрын «Ақтоғай мен Қарқаралы аудандары таратылады екен» деген қауесет сөз шығып, елдің еңсесі түсіпкіреген тұста, радиодан сөйлеп, баспасөз беттерінде мақала жазып, жоғары жақтағы тиісті орындарға айтып, екі ауданның да тарихи орны барын, ұлы адамдар шыққан қасиетті атамекен екенін дәлелдеп мәселе көтердім. Сөзім далаға кетпей, құдайдың құлағына шалынды ма, әйтеуір Қарқаралы мен Ақтоғай аудандары сол қалпында қалып, кейіндері олардан бөлініп шыққан елді мекендер қайта қосылғанда «әділдік бар екен-ау» деп иығымнан ауыр жүк түскендей сезініп едім.

Осы қуанышты жағдайды естеген Төкен бірінші болып маған телефон соқты.

— Жеңісжан, сенің радиодан сөйлеп, газеттерге жазған мақалаларыңды оқып, іштей риза болып жүруші едім. Қарқаралы мен Ақтоғай аудандарының бәз-баяғы қалпында қалғандарына қатты қуандым. Бұған сенің де үлесің бар. Еңбегіңнің актылып жанғанымен құттықтаймын. Араласуымыз жоқ болса да телефоныңды көршім, өзіңмен қызыметтес, радиода бірге істеген Кәкімбек Наржановтан алдым. Табыстан табысқа жете бер, бауырым! - деп қуанышын білідіргенде мен де біртүрлі сезім құшағында болдым.

Өйткені, Төкеннің үлкен басымен өзі телефон соғып, адал ақ ниетін білдіргеніне марқайып қалдым.

Мектепті үздік бітірген Төкіш Шойынбайұлы 1949 жылы Қарағанды мемлекеттік мұғалімдер институтына, физика—математика факультетіне оқуға түсіп, оны тәмәмдаған соң Ақтоғай ауданындағы орта мектепке мұғалімдік жұмысқа жолдамамен келеді.

Осы кезең жайлы бір кездегі шәкірті, бүгінгі зейнеткер Жарылғап Медеубекұлы былайша есіне алады.

«Төкіш бізге физика-математика пәнінен сабақ берді. Бала болсақта Төкіш ағаның білімшілдіне, байсалдығына, байыптылығына, сабақты терең түсіндіруіне, тіпті жүріс-тұрысына, киім киуіне дейін ерекше еліктеп, жақсы көрдік.

Төкіш сабақ түсіндіргенде класта ерекше тыныштық орнайтын. Тақырыпты баяндағанда тереңнен, оқулық кітап көлемінен тыс толғамдарды қызықты етіп айтатын. Біз сабаққа дайындалғанда ол кісі айтқан пікірлерді таба алмайтынбыз. Бірақ, біздің жауабымызды Төкіш аға өзі толықтырып отыратын. Өте талап қойғыш, әділ болатын. Физикалық заңдылықтарды, құбылыстарды терең түсініп, өмірде қолдана білуге үйрететін. Келесі жылы тағы оқуға кетті деп естідік.

Бұл әлі үрейге бөленген, сүргін-құғынға, жұртты жаппай қамауға алып, елді қырғынға ұшыратқан қатаң тәртіптің сақталған кезі-тін.

Осы арада сәл шегініс жасауыма тура келеді. Ұсақ шаруашылықтар мен ауылдар біріктіріліп 1929 жылы Қоңырат ауданы шанырақ көтергенде, «Басшы» артелінің басқарушысы болып, Төкеннің әкесі Шойынбай тағайындалады. Бірақ ол кісінің де басшылық жұмысты атқаруы ұзаққа созылмайды. Зерделі азамат, темірден түйін түйетін шебер ұсташы болып өмірден өтті.

Сол жылдардан бастап, аудандағы басшылық жұмыстарға ылғи сыртан келгендер тағайындалып отырған. Оның себебі Алаш көсемдері Ә. Бөкейханов, Ә. Ермеков, Ж. Ақбаевтар осы өңірден шыққандығынан екенін кейіндері білдік қой. Сол себепті жергілікті маман-кадрлерге сенімсіздікпен қараған.

Бұл жайлы ҚазМУ-ді бітірген соң, Ақтоғай ауданындағы орта мектептің директоры, кейіндері Балқаш қаласы оқу ісінің менгерушісі, Қазақ ССР-ы Оқу министрінің орынбасары болған Әуесқан Қанафиннің мына бір айтқаны ойымды растай түседі.

Ақтоғай ауданынан Алматыда жоғары білім алып оқып жатқан азаматтар ел ішіне барып, алған білімдерінің пайдасын халыққа көрсетсек деген патриоттық сезіммен Медицина институтын бітірген Шәймен Қайназаров, мал шаруашылығы институтын бітірген Шәймерден Баданов, ҚазМУ-дің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген Әуесқан Қанафиндер жолдамамен елге оралады.

Бірақ, басшылар онша іш тарта қоймады. Жергілікті маман кадрлерді өсірмейді. Бірде аудандық партия комитетінің пленумында Ә. Қанафин осы мәселелерді көтереді. Кейін өз сөзі өзіне қамшы болып тиеді.

Жұбайы Роза Қызыларайдағы ақын Нұржанның Мағауиясының қызы. Ауылда жана үлгідегі мектеп ашып, Қарқаралыдағы педтехникумнің басшысының бірі болған. Семейде жер бөлімінде, Күршім, Павлодардағы Ертіс аудандарының бірінші хатшылығына көтерілген. 1937 жылы «халық жауы» деп ұсталып, 1938 жылы Алматыда атылған. Розаның анасы Злиха Ермеков Әлімханның немере қарындасы.

Осының бәрін жіпке тізіп, аудан басшылары: «Шыққан табын жасырғаны, (Әуесқан партияға өтерде «орта шаруа» деп жазған) түпкі мақсаттары пікірлес халық жауының қызына үйленгендігі үшін қатаң сөгіс жарияланып, есеп карточкасына жазылсын. Шыққан табы «құлақ» (қулак) болып өзгертілсін» деп бірауыздан шешім қабылдайды.

Осыдан кейін Ақтоғайға көп тұрақтай алмай, орыс аралыс Балқаш қаласына ауысып, жұмыста беделге, абыройға ие болады.

Ал, Шәймерден Қайназаровты, Теңлік Изақовты қатардағы дәргерліктен өсірмейді. Кейін екеуі де елден көшіп кетеді. Шәймерден Ақмолаға барған соң, Өлкелік денсаулық басқармасының бастығы, Теңлік Алматыда кандидаттық диссертация қорғап, Қазақстан мен Орталық Азиядағы белгілі нейрохирург дәрежесіне көтерілді.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, филология ғылымының докторы, көрнекті тіл маманы Әсет Болғанбайұлы Алматыда аспирантураға калып, елге оралмады. Мүмкін ел ішіндегі кірме басшылардың «ала қойды бөле қырыққанын» сезінгендіктен де шығар.

Төкен де ағаларының басынан өткен осы жәйіттерді санасында саралап, түйсігінде түйіп, бір институтты бітірсе де екіншісіне кетуінің себебі сондықтан да болар деп ойлаймын.

Бұрындары Жезқазған облысы болып тұрған кезде сол облыстың энциклопедиясын «Атамұра» баспасы шығаруды қолға алып, маған Ақтоғай өңірінен шыққан зиялылар мен ғалымдар, батырлар мен ақындар, бұлбұлдар мен дүлдүлдер, жер-су аттарына байланысты материал жазып беруді өтінді.

Ғалымдарға келгенде Төкіш Ақышевтың ғылым докторы, көрнекті ғалым екенін білгенмен, басқа қыр-сырын жете білмегендіктен, Төкене телефон соғып, өмір-деректерін, атқарған жұмыс-еңбектерін, үкімет тарапынан алған сыйлықтарын толық етіп жазып беруін өтіндім.

Төкен екі-үш күннен кейін:

– Жеңісжан, материал дайын, – деп телефон соқты.

– Онда мен барып алып кайтайын, – дедім.

– Оның не, Жеңісжан, сен дырдай азаматсың әрі белгілі ақынсың. Сені әуре етпей, бір студентімнен қазір беріп жіберемін. Маған мекен-жайынды айта қой, – деді.

Содан кейін іле-шала материал менің қолыма тиді. 5-6 бетке компьютермен басылған өмір-деректерінде мен білмейтін мол мағлұмат бар екен. Қызыға қайта-қайта оқыдым.

1957 жылы Қазақ мемлекеттік тау-кен институтының геологиялық-барлау факультетін бітіріп, Ақадыр геофизикалық экспедициясына

жұмысқа келеді. Алғашқыда оператор, инженер мамандығын игеріп, өндірістің қыр-сырын толық меңгеріп, 1964 жылы Ақадыр геофизикалық экспедициясының бастығына жоғарылатылады. 1964-70 жылдары Ұзынжал (қорғасын, мырыш), Көктінкөлі (молибден, вольфрам), Құмадыр (қорғасын, күміс, алтын), Қосағалы мен Тұяқ (темір), Қызылтас (мыс), Жүнді (қорғасын, күміс), т.б. ірі кен орындары Төкеннің тікелей қатысуымен және басшылығымен ашылады.

Осы жетістіктері үшін Төкен КСРО геология министрлігінің екі мәрте «Алғашқы кен орнын ашушы» дипломы және белгісімен, ал 1966 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады.

Оңтүстік және Батыс Қазақстандағы мұнай мен газ көздерін іздеу мен барлауды ұйымдастырып, республиканың басқа аймақтарының да жер қыртысын зерттеу жұмыстарын жетілдіру үшін 1969 жылдың желтоқсанында Ақашев Іле геофизикалық экспедициясының бастығы болады. Ал 1981 жылы «Казгеофизика» өндірістік геологиялық бірлестігін құруға арнайы тапсырма алып, оның бас директоры болып тағайындалады.

Экспедицияның геология-физикалық жұмыстары Батыс және Оңтүстік Қазақстанның геологиясын зерттеуден басталады. Шу–Сарысу өңірінен қоры 100 млрд. текше м. газ кен орны табылды. Төкен осындай жетістіктері үшін есімі 1982 жылы «Қазақ ССР-ның Алтын кітабына» жазылды.

Ғылым жетістіктерін пайдаланып, өндірісті дамыту мақсатында терендікті геофизикалық зерттеу әдістерімен жүргізу жайлы ғылымға негізделген материалдары бұрынғы Одақ және Республика баспаларында жарық көрді. Төкіш Шойынбайұлы пайдалы қазбаларды іздеу мен барлауға негізделген геологиялық жағынан бір жүйеге түскен ғылыми нұсқаларының нәтежесінде 1968-1983 жылдардағы «Қазақстанның металлогениясы мен басты тау-кен аймақтарын комплексті зерттеу» деген ғылыми еңбектері үшін 1985 ж. СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Аумағы 600 мың шақырымдық Атырау ойпатының 400 мыңы Қазақстанға, ал қалған Ресейдің Қалмақ Республикасы, Астрахань, Волгоград, Саратов, Куйбышев, Пенза, Ульянов, Оренбург облыстарына қарайды. Бұл ойпаттың мұнай мен газ өлкесі баршаға аян. Бірақ кен орындары өте тереңде. Осыған байланысты 1987 жылы КОКП ОК мен КСРО Геология министрлігі өлкедегі байлықты біртұтас өдіспен зерттеп іздестіру және терең бұрғылау жұмыстарының кемшілігін түзеу мақсатымен қабылдаған шешімінде Бас аймақтық басқарма «Прикаспийгеология» құру және ұйымдастыру жұмыстары Төкіш Шойынбайұлына жүктеледі. КСРО Геология министрлігіне қарасты бұл басқарма тез ұйымдастырылып, өзі бас директорлығына бекиді. Құрамында 50 экспедиция және 2 ғылыми-зерттеу институты, 66 мың адам қызмет атқарып, жылына 1 млрд. сом қаржы игеріледі.

Бір жылдан кейін терең бұрғылау ісі жөнге келтіріліп, Қарауылкелді, Синельковское т.б. кен орындарының терендігі 6, 25 шақырымға жеткізілді. Ал 5,5 шақырым терендікті бұрғылау 13 ай мерзімде

жүзеге асырылып отырды. 1988-90 жылдары Атырау ойпатының 17 кен орнына тереңдігі 5,5 шақырым бұрғылау жұмыстары жүргізілді. Сөйтіп аз уақыттың ішінде Атырау ойпатында 5,5-тен, 6,25 шақырымға дейінгі терең бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, техникалық жағынан жүзеге асыру мүмкін екендігі дәлелденді. Т. Акышев басқарған кезде «Прикаспийгеология» Атырау ойпатының Ресей мен Қазақстанға қарайтын өңірінен 2000-ға жуық мұнай мен газ көздері құрылымдарының орны табылып, оларды терең бұрғылауға дайындады. Соның нәтижесінде 200-ге жуық, атап айтқанда: Қарашығанақ, Ұрықтау, Шығыс Ақжар, Имашевское, Заробное, Лактыбай, Құмкөл, Елемес, Қаламқас, Қаражамбас т.б. ірі кен орындары табылып, барлау жұмыстары аяқталды.

Т. Шойынбайұлы 1989 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің жарлығы бойынша Қарашығанақ газконденсаты шығатын тереңдегі кен орнын табу және барлау жұмыстарына тікелей қосқан үлесі үшін, Мемлекеттік сыйлық беріліп, үшінші рет «Алғашқы кен орнын ашушы» Дипломы тапсырылады.

1991 жылы Кеңестер Одағы құлаған соң, алғашқы ұстаздық жұмысына қайта оралған Төкен Қазақтың Ұлттық техникалық университетінде профессор, 1992 жылы өмірінің соңына шейін геофизика кафедрасының меңгерушісі болды. Ол өндірісті ғылыммен ұштастырып, А.Ж. Әл-Машанимен бірлесіп «Қазақтың тас, қола дәуірінің мирастары» аталатын тарихи-этнографиялық еңбек жазды. Сондай-ақ, 7 ғылым кандидатын, 3 ғылым докторын дайындаған ұлағатты ұстаз.

Төкен бастаған ісін бір жүйеге келтіріп, тиянақтап отыратын тұғырлы тұлға болатын. Елін сүйген ердің соңына қалдырған ошпес ізімен игілікті істерін саралып айтар болсақ:

– Төкен дайындаған мемлекетіміздің геология өндірісі мен ғылымы және жоғары білім беру салаларындағы көптеген өнегелі шәкірттері;

– Геологтар мен геология саласындағы жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайын шешетін 1970-82 жылдары салынған барлық инфрақұрылымы бар Мамыр қалашығы;

– Қазақстан жерін тереңдіктегі құрылымын сейсмикалық тұрғыдан зерттеп, маңызды геологиялық ғылыми тұжырымдармен қоса, ірі құрылыстар салынатын маңайда оларды жер сілкіну мөлшеріне байланысты құлау мен қираудан сақтандыратын практикалық ұсыныстар. Әсіресе, Алматы қаласы үшін өте маңызды Медеуден бастап, Қапшағайға дейінгі жете зерттеліп жасалған сейсмикалық картасы;

– Ғылымдағы 200-ден астам еңбек, оның ішінде Одақ және Республика баспаларынан шыққан, еліміздің өндіріс күштерін дамытуға бағытталған 8 ғылыми монография, Мәскеу мен Ленинградтан шыққан мемлекетіміздің өндірісі үшін өте құнды 11 геология-геофизикалық карталар және қазақша әсерлі тілмен жазылған 1 монография, 2 оқулығы бар.

Жыл толды үлкен жүрек тоқтағалы. Иә, Т. Шойынбайұлы үлкен жүректі ірі тұлға еді. Геология тарланбозы, кеменгер ғалым, дарынды педагог, қоғам қайраткері, геология-минералогия ғылымдарының докто-

ры, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. үш рет «Алғашқы кен орнын ашушы» атанып, «Жер койнын бұрғылаудың үздігі», аты Қазақ ССР-ының Алтын құрмет кітабына жазылған, үлгі-өнеге тұтаын аптал азамат.

Мен Төкіш ағаға арнап мынандай өлең жазып едім.

Есімнің елге таныс, аңыз әрі,
Ақтардың жер койнынан қазынаны.
Басталды жаңа, ғасыр болашаққа
Атың алтын әріппен жазылады.

Жұмыстан ауырлығын елемедін,
Енбектің торысындай желе бердің.
Суындай Тоқырауын сабырлы ағар,
Балқаштай көк айдынды терең едің.

Көрсен де қанша мақтау, марапатты,
Түбінде жүрегіңнің дала жатты.
Ұстаз боп ұлағатты шәкірттерін,
Өзіннен білім алып, пана тапты.

Қазғанның жер қыртысын жаны сірі,
Алыстан таптын туыс, тансынды.
Көрсетіп тіршілікте ірілікті,
Жат жанға ұстатпадың намысыңды.

Мастанбай лауазым мен атағына,
Сен жүрдің алғашқылар қатарында.
Жас ұлан мол қазына, асылыңды,
Уақыт өткен сайын жатады ұға.

Ұрпаққа бағыт берер шырақ едің,
Өзінді құрмет тұтып тұрады едің.
Орнатты ескерткішті биіктетіп,
Ісінді алға жалғар мұрагерін.

Осы өлеңнің соңғы төрт жолын Төкеннің туған-туыстары, балашағалары басына орнатқан ескерткіш тасына қашап, алтын әріппен жазып қойды.

Ол кісінің ұрпақтарына келетін болсақ, үлкені – Марат «Бектау», Дулаты «Тоқырауын» фирмаларының президенттері. Әкелері туып, ер жеркен атамекеннің тауы мен өзенінің атын берулері әкелерін ғана емес, туған елін беріле сүйгендіктерінің белгісі болса керек. Қызы Феруза институтта, кенжесі Нұркәмилә мектепте оқиды.

Осы арада ҚР Табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау министрі

С. Ж. Дәукеевтың өрелі ісін арнайы айта кетпеске болмайды. Министр С. Ж. Дәукеев пен Алматы қаласының әкімі В.В. Храпуновтың шешімдері бойынша Т. Ақышев еңбек еткен Алматы қаласындағы Достық даңғылы, 85 мекен-жайына орналасқан ғимараттың қабырғасына: «Осы ғимаратта 1981-1988 жылдары көрнекті ғалым және Қазақстандағы геофизикалық қызыметтің кемеңгер ұйымдастырушысы Төкіш (Төлепберді) Ақышұлы Ақышев еңбек еткен» деген жазуы бар ескерткіш такта іліп, сол күні Төкене, қайтыс болғанына бір жыл толуына орай Ақтоғайдан ағасы ЫБ-райкен бастаған туыстары мен осындағы ұрпақтары асын берді.

Міне, бұл қазақтың «Атында бар оналар» деген сөзінің бекер айтылмағандығының дәлелі.

Алматы қаласы осындай игі шаралар атқарып, Төкеннің аруағын бір көтеріп тастаса, Ақтоғай ауданы мен Қарағанды облысы әкімдері әлі үнсіз жатыр. Тіпті Төкіш Шойынбайұлының алдында қайтыс болған ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, филология ғылымының докторы, көрнекті тіл маманы, біртуар азамат Әсет Болғанбайұлының атын мәңгі есте қалдыруға байланысты шаралар да іске асырылмады. Бұрынғы кеңестік дәуірдегідей әкімдер жоғары жақтан нұсқау күтетін сынайды. ҚР тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев мұндай шараларды жергілікті басқару орындарының өздері атқаруға тиісті екенін сан мәрте ескерткен болатын. Ал әкімдер күм құйылғандай жұмған ауыздарын ашпайды. Уақыт болса өтіп барады. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді атамыз қазақ. Ал өлені елемеу – құдайға күпірлік келтіру. Бұл ұят нәрсе.

2000

ТУҒЫРЫ БИІК ТҮРЕКЕҢ

«Су ағады, тас қалады» дегендей еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қолымыз жеткенде өткеннің анық-қанығын саралап салмақтайтын болдық. Кешегі бірі жағымпаздықпен, бірі жолын тауып алған атақ, лауазымы бар дырдай жандардың Кеңес үкіметі құлаған соң, жүнін жұлған тауықтай солтиып шыға келгенін де білеміз. «Е, ол анау ғой...» деп елдің салқын кабак танытып, жақтырмағанын жұрт заңды құбылыстай қабылдады.

Ал, өмір бойы еңбек етіп, елдің ыстық ықыласына бөленген абзал адамдар қай заман, қай дәуірде болмасын сол қалпында қалады. Өле өлгенше өнерді өрге сүйреп, Ақтоғайдың атын аудан, облыс, республика емес, кешегі бүкіл Кеңестер Одағына танытқан тұғыры биік тұлғаның бірі – Тұрған Түсіпбаев.

Түрекенді ауданның еңбектеген баласынан бастап, еңкейген кәрісіне шейін жақсы билетін. Бәрі құрмет тұтатын. Бала күнімізде:

– Ауданнан әртістер келе жатыр. Іштерінде қаршадай кара бала домбыраның құлағында ойнап, ән шырқап, күй шертетін көрінеді, – деп Тоқырауын өзені бойына киіз үй тігіп, жаз жайлауға шыққан ел бір дүрлігіп қалатын.

Қыркыншы жылдардың аяғында теледидар атымен жоқ. Радиоқабылдағыш та ілуде-шалуда кездеседі. Кейін ғой «Родина» дейтін батареямен жұмыс жасайтын радиоқабылдағышты сырыққа сырық жалғап, антенасын 4-5 метр биіктетіп, жаз киіз, қыс ағаш үйдің сыртына орнатып Алматыдан қазақша хабарлар, ән-күйлерді ұйып тындайтынымыз.

Өнерге деген сүйіспеншіліктері ана сүтімен дарыған қазақ халқы асқақ ән, әсем күйге әрдайым елендеп тұрады. Ауылға келген қонақтардың бірі ән шырқап, күй шерте қалса, сол үйге құлақ түретін. Біздің «Киров» атындағы колхозымыздың ұсташысы Ләпи ақсақал тойларда қисса-дастандарды таң атқанша соққанда, бала біз де көз ілмей киіз үй сыртында отырып тындаудан жалықпайтынбыз.

Тұрған Түсіпбаевты алғаш қыркыншы жылдардың аяғында ән шырқап, күй шертіп, спектакльде ойнап, «әнші бала» атанған кезінде тындап едім.

Онда мен мектеп табалдырығын енді аттағалы жүрген ұланмын. Түртүсіні бүгін түстей алмасам да, бірақ жұрттың: «Өркенің өссін әнші бала» деп ақ тілек тілеп, қошемет көрсеткендері өлі есімде.

Кейін ширек ғасырға жуық Қазақ радиосында қызмет атқарғанда Түрекен басын құрап ұйымдастырған Ақтоғай ауданның өнерлі жастары жайлы хабарлар дайындап, үндерін таспаға жаздырып, республика жұртшылығына таныстыруыма тура келді.

Сол тұстарда елге барған сайын Түрекенмен сырласып, халық театрының, хорды, оркестрді қалай ұйымдастырғаны, өнер жолына өзінің қалай келгені жайлы жан-жақты әңгімелесуші едік.

Бірде аға ағынан ақтарылды.

– Жәнісжан, өнер жолын қуып, осындай дәрежеге жету үш ұйықтасым түсіме еңбейтін. Бірақ бағым жанып, халықтың ақ тілегі қабыл болып, жетер биігіме көтерілу мен үшін үлкен ғанибет, – деп сыр сандықтың кілтін ашты.

Ақтоғай ауданындағы 1944 жылғы клубтың тұңғыш мүшелері жеті адамнан: Жақан Нұғышева, Қауаш Дүйсенбекова, Рысбала Сыздықова, Сәнина Көшербаева, Сәния Кәдірсізова, Ғайныш Ғаниева сияқты келіншектерден және жалғыз еркек бала Тұрған Түсіпбаевтан құралыпты.

Бұл өнерпаздар соғыстың ауыртпалық кезіндегі ел күйзелісін жеңілдетіп, көңілдерін көтеру мақсатында, көктемде аудандағы 35 колхозды аралауға жолға шығады. Ауылды жерде клуб жоқ болғандықтан мектептің бір класын, немесе киіз үй тіктіріп, бір қанат керегесін алдырып, киізін түріп тастап «Есеп» деген бір перделі пьесадағы ер адамның жетіспеуі себепті, бір еркектің ролін еркекше киініп Рысбала Сыздықова, екінші еркекті Тұрған ойнайтын болған.

Концерт кезінде Қауаш Дүйсенбекова Сайдалы Токаның ескі «Саржайлауын» шертсе, Рысбала Сыздықова «Мақпалды», Сәния Кәдірсізова «Гәккүді», Ғайныш Ғалиева «Манмангерді», Сәнина Көшербаева «Екі жирен» мен «Сырымбетті» шырқап, Тұрған халықтың күлдіргі әнін «Қыздар-ай» мен «Сметті», «Адай» мен «Бес төре» күйлерін орындайды екен.

Ал Жакан Нұғышева аудандық партия комитетінің өкілі, бригада жетекшісі ретінде лекция оқып, жауынгерлік парак шығарып, күлдіргі сықақ әңгімелерге жұртты қарық қылып отырған.

Ол уақытта ел жағдайы қиын, әртістерге арнаулы киім болмаған. Сондықтан концерт қойып, пьеса көрсетерде, біреудің етігін, екіншінің көйлегін, үшіншінің шәлсі, бөркі, шапаны т.б. қажетті зат-киімдерін пайдаланған.

1946 жылы «Сәуле» мен «Қуаныш» колхоздарының айтысында «Сәуле» колхозының ақыны Жабас Кеңесбаевтың өлеңін Тұрған жаттап алып айтысқа түсерде, үстінде жөнді киімі болмағандықтан Жабас ақынның кең костюмін киіп, женін түріп алып айтысады.

Жаз бойы барлық 35 колхозды өгіз-арбамен 40-45 күн аралып жергілікті ақындар Кенішбай Жұбандықов, Жабас Кеңесбаев, Құрмаш Таласбаевтардың өлеңдерін, әзіл-сықақтарын ел арасына таратып отырған.

1945-46 жылдары соғыс аяқталып, жаралысы бар, сауы бар аман қалған ер азаматтар елге орала бастайды. Сол кезде Ақтоғайдағы клуб үйінің үйірмесі жаңа лекпен толысады. Атап айтқанда: Мұқанов Мүсілім, Асылбеков Әбіләкім, Көкеев Керімбай, Орысбаев Жексенбай, Нұркін Хайролла, Таласбаев Құрмаш, сондай-ақ Мусина Жамал, Қапасова Мәнүра, Ырымбекова сияқты жастар да ағаларынан қалыспайды. Олар «Бір семья», «Елпекбай», «Қойшы Көбен» сияқты күрделі пьесаларды аудан тұрғындарына көрсетеді.

Мектеп қабырғасында оқып жүрген жастар: Төлеу Аяғанова, Шыныбек Смағұлов, Оралтай Сүлейменов, Максұт Халиоллиндер жастық жалындарымен үйірме коллективіне тың серпіліс әкелді.

1946 жылы июль айында Қарағанды да тұңғыш облыстық олимпиада өтеді. Соған Ақтоғай ауданынан Әбіләкім Асылбеков, Төлеу Аяғанова, Тұрған Түсіпбаевтар тұңғыш қатысады.

1956 жылы Клуб үйі – Мәдениет үйі болып аталады. 15 адамнан құрылған шағын коллективтің ұстазы да, жетекшісі де Мүсілім Мұқанов пен Әбіләкім Асылбеков болады. Мүсілім Мұқанов өрелі өнерімен елге танылған. Ауылдарды аралағанда бір кештегі концертті бір өзі атқаратын қаблеттілігімен көзге түскен. Әсіресе халық әндері мен қисса-дастандарды – «Алтын балық», «Сәлмен мен Сәлім», «Сейіт» сияқты эпостық туындыларды нәшіне келтіріп жатқа соғатын жорғаның жорғасы болыпты.

Ал Әбіләкім Асылбеков мандолинмен неше түрлі полькалар, фокстроттарды құбылтып ойнап, халықты 1-2 сағаттай әзіл-қалжыңға батырып отырған. Түрекен клуб үйін 1949 жылы осы Ә. Асылбековтен қабылдап алған.

1957 жылы Қарағанды қаласында тұңғыш өткен жастар фестивалінде Түрекеннің басшылығымен 30 адамдық хор, 15 адамдық оркестр Қарқаралы ауданымен бірінші орынды бөліседі.

Осы жетістіктерінен кейін мәдениет үйінің көркем өнерге деген ынтасы арта түседі. Драма, оркестр, хор үйірмесі сияқты үш салада өркен жайып, драманы кәдімгідей музыкамен жетелеп отыратын дәрежеге

жетеді. Баянмен сүйемелдейтін Дәртай Сәдуақасов кейін мәдениет үйінің массовигі болады.

1961 жыл – Ақтоғай ауданының өнерпаздары үшін үлкен бетбұрыс жылына айналады. «Қаракөз», «Ақан сері-Ақтоқты», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Қыз Жібек» т.б. үлкен театрлар қоятын спектакльдерді сахнаға шығарып, жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленеді.

Сол жылы жаз ортасында Ақтоғай ауданының Қарағанды қаласында есебінің байқауы өтетіні хабарланады. Осыған орай Түрекен мен мәдениет бөлімінің бастығы Мәрбен Сәкенованы аудандық партия комитетіне шақырып, ән салатын, домбыра шертетін аудан мекемелері мен совхоздардағы жастардың тізімін жасап беруді тапсырады. Бұлар ауданнан 30, совхоздардан 30 адамның тізімін береді. Ертесіне совхоз директорлары, партия ұйымының секретарлары, мекемелердің басшылары аудандық партия комитетінің бюросына жиналып, алдағы болатын шығармашылық есепке дайындалу үшін 60 өнерпазды Түрекеннің карамағына жібереді. Оларды бір ай жұмыстан босатып, еңбекақыларын сақтай отырып, дайындыққа кірісу талап етіледі. Бұған бақылауды аудандық партия комитетінің хатшысы Ақдарбек Кенжебековке, аудандық атқару комитетінің орынбасары Қалыкен Мәкенбаевтарға жүктейді.

Содан 40 адам ұлт аспаптар оркестріне, 60 адам хорға таңдалып алынады. Түрекен жетекшісі, музыкант-концертмейстері Д. Сәдуақасов, концертті екі тілде бірдей білетін Р. Жазыбекова жүргізуші болып белгіленеді. Оркестр мүшелеріне Осакаровка ауданынан арнайы жана домбыра жасаттырады. 60 адамға қазақтың ұлттық киімдерін тіктіреді.

Осындай ізгі талпыныс өз жемісін берді. Сол жолы аудан өнерпаздары бірінші орынды жеңіп алады. Жоғарыдағы дүбірлеп өткен екі байқау кезінде келешек Халық театры мен «Тоқырауын толқындары» ансамблінің негізі қаланады.

1967 жылы Қарағандыдағы Қазақ ССР-ның құрылғанына 50 жыл толуына, 1973 жылы Жезқазған облыс болып отау тігуіне байланысты өткен байқауларда бірінші орынды иемденеді. Ал, 1975 жылы Ұлы Жеңістің 30 жылдығына орай Москваға барып өнер көрсетулері ақтоғайлықтардың қанатты алысқа сілтейтіндіктерін танытты.

Тұрған Түсіпбаев 1967 жылдан жанадан құрылған Тоқырауын ауданының мәдениет үйінің директоры, автоклуб меңгерушісі қызметін атқарып, халық таланттарын соңынан ерте білді.

1989 жылы Тоқырауын ауданында өткен Республикалық семинарда Тұрған ағамыздың ауыл еңбекшілеріне мәдени қызмет студегі іс-тәжірибесін, сабағын жоғары бағалады. Өмірінің соңғы кезінде «Айыртас» сохозында селолық клуб үйінің директоры болып жұмыс атқарып жүріп құрметті демалысқа шықты.

Түрекеннің өнер десе ішкен асын жерге қоятынын, өнерлі жасты қадірлеп, қастерлейтіні жайлы мына оқиғаны орайы келгенде айта кеткім келеді.

Мен студент кезімде еркін күреспен айналыстым. Алматы қаласының студенттер арасындағы чемпионы, республикалық жарыста жүлделі үшінші орын алып, «Спорт шебері» нормасын орындаған палуанмын.

Алпысыншы жылдардың ортасында Алматыдағы студенттер ойыны біздің ҚазМУ-дің спорт залында өтіп жатты. Төреші мені кілемге шақырды. Өз бұрышыма барып, залға қарасам Тұрғанбек пен Ерғалы Сәтбеков екеуінің қасында Түрекең тұр. Ол кісіні көргенде бүкіл Ақтоғай ауданы көшіп келгендей әсерде болдым. Біртүрлі қысылдым. Түрекең маған қарап оң қолының бармағын шошайтты. Мен ысқырық берілген соң қарсыласыммен айқасып кеттім. Абырой болғанда жеңіске жеттім. Төреші қолымды көтеріп, кілемнен шыққаным сол еді:

— О, менің Балуан Шолағым. Бауырым, осындай да өнерің бар екен ғой. Өте тамаша! — деп Түрекең ентегімді баса алмай тұрған менің тершіген денемді бауырына қысты. Содан кейін:

— Мына Ерғалы мен Тұрғанбекке рахмет. Сенің күресінді тамашалап жүр екен. Осылар айтқаннан кейін, арнайы көрейін деп келдім. Басқа белдесулеріңді көруге ауқыт тығыз, елге қайтамын. Шынға өрлей бер, бауырым, — деп тағы да құшағына алып, ізгі тілек айтып жүріп кетті.

Қазақ радиосында мен әдебит бөлімінің меңгерушісімін. Ілия Жақанов музыкалық хабарлар редакциясының бас редакторы болатын. Бір күні:

— Жеңіс, Ақтоғайдағы «Тоқырауын толқындары» ансамблінің аты жақсы шығып жүр. Арнайы жазатын аппараты бар машинамен, бір манды жібергелі отырмын, — деді.

Мен Ілекеннің бұл ұсынысын құптадым. Іле-шала аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жаманқұл Шайдаровқа телефон соғып едім, өнерді кастерлей білетін абзал жан бұл ниетімізді қуана қарсы алды. Артынша музыка редакциясының қызметкері Қалқаман Жүнісбеков Ақтоғайды аралап «Тоқырауын толқындары» ансамблінің репертуарындағы жаңа ән-күйлерді жазып келді. Кейін бір жарым сағаттық хабар радионың алтын қорына қабылданды. Бүгінде жиі беріліп жүр. Арамыздан ерте кеткен Жаксылық Омашев сияқты шертпе күй шеберінің орындауындағы күйлерді тындағанда бізбен тірі бірге жүргендей әсерде қаласын.

Тұрған Түсіпбаевтан кейін Ақтоғай аудандық мәдениет үйіне келген ізбасар інілері Тұңғышбай Мұқанов, Қуат Қожамбаев, Аманолла Шәйбеков сияқты қылшылдаған жастар Түрекең құрған Халық театры мен «Тоқырауын толқындары» ансамблін өз республикамыз, Кеңестер Одағына ғана емес, ГДР, Чехословакия сияқты т.б. шет елдіктерге де танытты. Ақтоғай өнерпаздарының өнерлеріне Еуропа халқы қол соғып, тамашалады. Басшылары да марапатталып жатты. Тұңғышбай Мұқанов «Құрмет белгісі» орденін иеленгенде: «Өнерге түренді Тұрған салады, орденді Тұңғышбай алады» деген ел арасындағы әзіл-қалжың сол кезде туған болатын.

Түрекең әуесқой әнші-күйшілердің, акын-термешілердің, тіпті драмалық актерлердің төрт буынын тәрбиелеген тәлімгер-ұстаз. Сондай шәкірттерінің бірі — Күләш Ыбыжанқызы Сардарбек көзі тірі кезінде аталып өткен ағасының 60 жылдық тойында өлеңмен шашу шашып:

Ағаң болса алдында,
Мандайыңнан сипайтын.
Ақылшын болса жол бастар,
Адастырмай сыйлайтын.
Кенесшің болса жаныңда,
Өсиетін тындайтын.
Ұстазың болса ерінбей,
Тәрбиелеп қоштайтын.
Сүрініп кетсең өмірде,
Басыңды сүйіп қолдайтын.

Түрекендей болсын де, – деп ағынан жарылуы Тұрғандай тұғыры биік тұлғаның кейінгі жастарға ағатық камқорлығынан туған жүрек жарды сөздері.

Түрекен күмбірлете күй төгіп, келістіре халық әндерін шырқайтын. Қайталанбас өзіндік мәнерімен асқақтата салған «Юран-ай», Шашубайдың «Ақ қайың» әндері ел құлағынан әлі кетпейді. Өйткені халық ішінен тот баспайтын шар болаттай кайнап шыққан казак өнерінің көнекөз тарландарының бірі болып, аяулы ағамыздың жарқын бейнесі мәңгі ұмытылмайды. Бірақ...

Кешегі Кенестік дәуірде Бірақ... сөзінен кейін көп нүкте қойылып, әргі жағы айтылмай, тамағымызға тас тығылатын. Бүгінде егемендік алдық. Бәрін бүкпесіз ашып айтатын дәрежеге жеттік. Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығын жалғастыру тұрғысынан келетін болсақ, бала күнінде үйірге қатысып, алғаш клуб үйіне, кейін мәдениет үйіне басшылық жасап, Ақтоғайдың өнерінің өркен жаюына сүбелі үлес қосқан Тұрған Түсіпбаевтай дара тұлғаны сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де есімін мәңгі есте қалдыру ләзім. Ол үшін Ақтоғай ауданындағы мәдениет үйіне Тұрған Түсіпбаевтың есімін беру керек. Бұл ұсынысымды аудан әкімшілігі мен Мәслихат депутаттары бас болып бастама көтерсе, барша халық қолдайды деген сенімдемін.

Өйткені журналист-ақын інісі Қасымхан Қаленов:

Көсілттің, аныраттың, асқақтаттың,
Ән айтсаң шын тұлпардай оза шаптың.
Маржаның әннен жиған бойындағы,
Шашу ғып маңындағы жұртқа шаштың.
Дауысың ән шырқасаң аспандады,
Еліртті, елжіретті барлық жанды.
Тербеттің әннің бөлеп бесігіне,

Шалқыттың көңіл күйді, айналанды, – деп Түрекен жайлы тебіренуі тегіннен-тегін емес.

Тірі жүрсе биыл 70 жасқа толатын Тұрған Түсіпбаев домбыраның қос шегінен күй төгілгенде бір өзі бір оркестр, арындатып ән салғанда бір өзі бір ансамбль, Қодар, Шеге, Бекежан ролдерінде ойнағанда бір өзі бір театр еді.

Тәлімгер ұстаз, шебер актер, белгілі әнші, дарынды домбырашы, абзал азаматқа қандай құрмет те көптік етпейды.

1999



Ермековтер әулеті. 1962 жыл.



Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Н.Ә.Назарбаев СССР Мемлекеттік сыйлығын Т.Ақшиевқа тапсырып тұрған кезі. 1985 жыл.



*Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты шопан
Испек Жәркеновпен бірге. 1967 жыл.*



*Жаңаарқа ауданы, "Жеңіс"
совхозының атақты
шопаны Сатан Ысқақов.
1978 жыл.*



*Қазақ ССР Жоғарғы
Кеңесінің депутаты,
шопан, марқұм Зәрубек
Үйқасбаевпен бірге.
1990 жыл.*

*Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты, белгілі шопан Сейдіғали Сейілхановпен бірге. 1990 жыл.*





Ақтоғай ауданының 60 жылдық тойында. 1990 жыл.



*Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаевтардың торқалы тойында.
Ақтоғай, 1992 жыл.*



*С. Сейфуллиннің 100 жылдық мерей тойы Атасу.
Жаңаарқа ауданы, 1994 жыл.*



*Алматы. 1973 жыл. Азия және Африка елдері жазушыларының
V конференциясында. /солдан оңға қарай/ С. Бегалин, М. Кәрім,
Ж. Кашқынов, Ж. Молдағалиев, Зүльфия, С. Никитин,
Ғ. Ормановтар үзіліс кезінде.*



Жазушы Ғ.Мүсреповтың 75 жылдық торқалы тойында. Алматы облысы, Шелек ауданы, 1977 жыл.



Жазушы Ғ.Мұстафинмен бірге. Алматы, 1979 жыл.



Жазушы С.Муқановпен бірге. Алматы, 1968 жыл.



Домбырашы Мағауия Хамзиннің 60 жылдығы. Алматы. 1987 жыл.



*Қызылжарда
Шашубайға
орнатылған
ескерткіш
белгі
басында.
1991 жыл.*



Шортанбайдың 175 жылдық мерей тойы. Ақсу-Аюлы. 1993 жыл.

*Қазақтың әйгілі
палуандарымен бірге
(солдан оңға қарай)
Дәулет Тұрлықанов,
Жеңіс Қашқынов,
Жақсылық Үшкемтіров,
Аманжол Бұғыбаев.
Алматы, 2001 жыл.*



ДИКТОР МЫРЗАБЕК ҚУАТБЕКОВ

Бала күнімде бауырына салып тәрбиелеген Нұрғайша әжем қайтыс болған кезде, жұрт көп жиналып, сонғы сапарға шығарып салғаны күні бүгін жадымда. Үйге көңіл айтуға келген кісілер ішінен біреуі мақамдап құран оқитын. Осы жәйіт жетісі өткенше бірнеше рет қайталағандықтан, қуқуалланы мен де жаттап алып едім.

Әжеме бас құранды бүкіл Ақтоғай ауданына белгілі молла Нығыметолла қожаның құран оқысы ерекше әсер еткені әлі есімде. Дауысы баланың үніндей нәзік, созыңқырап келіп, құран сүрелерін қайырғанда жұрт ұйып қалатын. Сілтідей тынып, селт етпей тыңдайтын. «Құдыретті үнін құдайдың өзі жаратқан-ау» десіп танданатын көриялар.

Кейін университет бітіріп Қазақ радиосында қызымет атқарған ширек ғасырға жуық уақытта «дауыстарын құдайдың өзі жаратқан» адамдармен жұмыс істеуге тура келді. Күнделікті хабар-ошарды, саяси-әдеби мәселелерге байланысты материалды оқитындарды «дикторлар» дейді. Кез келген адамның өресі жете бермейтін осы бір мамандыққа лайықтылардың өздері бәсекеге түсіп, ішінен күмнан алтынды тазартқандай іріктеп алатынын жұмыс барысында білдім.

Со кездегі Ә. Байжанбаев, М. Сейітова, Б. Масин, С. Әжіқожаева, М. Сержанов, Ж. Рамазанқызы, О. Қалмырзаев, С. Жақанова, Ж. Аскарова сияқты т.б. жұрт ілтифатына бөленген дикторлар болатын. Солардың ішінде Ә. Байжанбаев дикторлардың генералындай көрінетін. Бесаспап қай хабарды болса да келістіріп оқитын. Шаршау-шалдығуды білмейтін. Жорғанын жорғасы еді. Өнекенді сол кездегі Қазақстанның бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың аса қадірлегенін мына жағдайдан да аңғаруға болады.

Бірде Өнекен қатты ауырып Совминның ауруханасына түсті. Ол кісіге ерекше ем, дәрі-дәрмек қажет екенін айтып Димекене хатшы С. Имашев кірген көрінеді.

– Бәсе, үнін біраздан бері естімеп едім. Ауырып қалған екен ғой. Қажетті дәрісін тауып қатарға қосындар. Халыққа керек алам ғой, – депті.

Димекеннің тікелей көмегінің арқасында Өнекен ауруынан сауығып, біраз жыл халқын қоныр майда үнімен қуантқаны баршамызға белгілі.

Дауыс ырғағының ерекше әсер ететінін Мәскеулік атакты Левитанды мысалға келтіруге болады. Совинформбюроның арнайы хабарларының оқығанын сан мәрте тыңдаған Гитлердің:

– Мәскеуді алсам, әуелі Левитанның көмейіне қорғасын құяр едім, – деуі диктордың қаһарлы үнінен сескенгендігін аңғартса керек.

Дикторлық та өнер! Өнер адамын бағалап, дер кезінде қамқорлық көрсетіп отыру да абзал қасиет. Сондай құрметке тірі кезінде Ә. Байжанбаев бөленіп, «Қазақстанның халық әртісі» деген атаққа ие болды. Сол кезде Өнекене мынандай өлең арнаған едім.

– Алматыдан сөйлеп тұрмыз, –

Санк етеді таныс дауыс.

Қоңыр кеште, өрлеп күндіз,
Эфир кезіп жарысты алыс.

Радионы бұрап тұрып,
Жатар кезде, ертеменен.
Үн шығармай құлақ түріп,
Тындайтынбыз ертегі, өлен.

Диктор үні жанға жайлы,
Баурап бізді алатынды.
Арман қуып армандарды,
Жанымыз жай табатынды.

Мұндай дауыс қала, қырдан,
Ойламайсын табылар деп,
Дара тұлға, дара туған,
Байжанбаев Әнуарбек.

Ә. Байжанбаевтың тікелей тәлімін алып, тәрбиесін көрген
ізбасарларының бірі – Мырзабек Қуатбеков.

Мырзабек ақ көңіл, ақ жарқын, жайдары, елгезек мінезімен
бөрімізге шуағын төгіп тұратын. Өзін тым қарапайым ұстайтын. Осы
мінезі кейбір кеудемсоқ шенеуліктерге ұнамаса да, оларға ұнай қояйын
деп әрекет етуге тырыспайтын. Кезінде Қазақ радиосында бүгінгі Халық
әртісі Ермек Серкебаев, дүлдүл ақын Мұқағали Мақатаевтар да диктор
болған. Олар да қазымыр шенеуліктердің қысымшылығына шыдамай,
басқа өнер жолын қалаған шығар. Жұлдыздарының онынан туғанын бүгін
көріп те, біліп те отыр емеспіз пе.

М. Қуатбеков Ақтоғай ауданында он жылдықты бітіріп, Қарағанды
пединститутына оқуға түседі. Сонда оқып жүрген кезінде, дауысының ел-
ден ерекше екенін аңғарған облыстық телерадио комитетіндегілер оны дик-
торлыққа шақырады. Оқуын бітірген соң, бірер жыл қызымет жасаған
Мырзабек Қазақ радиосына жұмысқа ауысады. 1962 жылдан қызымет ба-
бында, 49 мүшел жасында, машина апатынан қайғылы қазаға ұшыраған
1988 жылға шейін Қазақ радиосында білікті дикторлардың бірегейі болды.

Әр хабардың мазмұнына терең бойлап, оқиғаның қай мезгілде, қай
жерде баяндалатынына көңіл қойып, ішіндегі ауыр айтылып, естілетін
сөздерге ерекше мән беретін де Мырзабек десек қателеспейміз. Қазақ
тілінің көусеріне сусындаған, әдеби шығармаларды жетік білетін Мыр-
забек сөздің мағанасын аша түсу үшін, дауыс ырғағын соған икемдеп
оқитын. Сондықтан да тындаушының құлағына түрпідей тимей, нықтап
нығырлап айтылған әр сөзі қорғасындай құйылып қалатын.

Әдеби шығармаларды құмарта оқып, жетік білуі, Мырзабекті өлен
шығаруға итермеледі. Оны Ә. Байжанбаевтың 50 жасқа толуына орай
шығарған мына бір жыр жолдарынан аңғаруға болады.

Өнаға халықтың төл баласындай,
Данышпан ақыл-ой мен санасындай.
Шок жұлдыз ардагерлер арасында,
Атақты казактың кен даласындай.

Жер шарын мың сан толкын коршап тұрған,
Кенелтіп өлем халкын өн мен жырға.
Казактың атын, сөзін таратушы,
Эфирде Байжамбаев дара түлға.

«Казактың Левитаны» Байжамбаев,
Халқына атағың да зор, лайык.
Жасай бер, санкылдай бер азаматым,
Алпыска келгенінді біз жырлайык.

Иә, Мырзабек кара жаяу емес еді. Өзі өленге коскандай, әйгілі диктор Өнекеннің алпыска келген тойын тойлап, өмірден өтті.

Мырзабек жайлы радиожурналист Сүлеймен Ақтаевтың «Өнер» баспасынан 1989 жылы шыққан «Дауылпаз дауыс» аталған деректі повест-диалогінде жан-жақты айтылған. Мырзабектің осы өлені де соның ішінде бар.

Әдеби шығармаларды Казак радиосында Ө. Байжамбаевтан кейін Мырзабек Қуатбеков келістіріп оқитын. Ал ақын-жазушылар өз шығармаларын Мырзабекке оқытқанымызды қалайтын. Бірде аурып жатқан тарлан ақын С. Мәуленов өз өлендерін Мырзабекке оқытқанымызды өтініп, телефон соққаны бар. Ал заманымыздың даңғайыр жазушысы Ш. Айтматовтың «Боранды бекет» туындысын екі бөліп, екі күн жарты сағаттан әуе толқыны арқылы бергенімде.

– Қырғызстаннан Шыңғыс телефон соғып, шоң диктор Мырзабек Қуатбаевтың оқығаны қандай тамаша деп қуанып жатыр. Күнде дауысын естіп жүрген соң, етіміз үйреніп кетеді ғой. Әйтпесе қай халық әртісімен пара-пар диктор екен. Шыңғыстың шоң деуінде үлкен мән бар, – деген повесті казак тіліне аударған, бүгінгі Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның алғысын Мырзабекке жеткізгенімде:

– Әне, бізді сырт бағалай біледі, – деген диктордың үні әлі құлағымда жаңырып тұр.

Мырзабек казактың халық әндерімен коса, қырғыздың әуенді әндерін де әсерлі шырқайтын. Отырыс, жиынның көркі болатын. Серілеу Мырзабек Күләш жеңгемізге кеш үйленіп, Мұқтар, Әсел сияқты алтын асықтай екі баласына мейірімен молынан төкті. Екеуі де азамат болып ер жетті. Мұқтар коммерциямен айналысса, Әсел шет тілін меңгерген білікті маман.

Мырзабектен кейін шыққан дикторлар Б. Біжібаев, А. Еңсебай, Ө. Бөлебай, М. Қуатбековты өздеріне ұстаз санайды.

М. Қуатбековтың оқуында Казак радиосында, алтын қорға қабыл-

данған акын-жазушы, өртіс, өнер адамдарының шығармашылық портреттері күні бүгін әуе толқыны арқылы жиі беріліп келеді. Хабардың сонында:

– Оқыған Мырзабек Қуатбеков, – деген жаркын үнін естігенде диктор қасымызда жүргендей әсер етеді. Өйткені:

Дархан жүрек, ақ адал Мырзабекті,
Тым ертерек тағдырдың ызғары өпті.
Қырық тоғыз мүшел жас өкіндіріп,
Асқар шыннан бақилық құзға кетті.

Жаны жайсаң, құрақтай желкілдеген,
Үлкендерге балаша елпілдеген.
Кішпейілдік биікке көтерді де,
Орын алды билерше еркін төрден.

Камқор бола білетін жазықсызға,
Аңсауменен қарайтын алыс қырға.
Қатарласын сыйлайтын болмысымен,
Бас имейтін кеудемсоқ парықсызға.

Тың күш құйып бойына қуат жетіп,
Тындарманын жіберер шуақты етіп.
Таныс дауыс эфирден санқ еткенде,
Үн катқандай тіріліп Қуатбеков.

Айырылсақ та қас өнер қаймағынан,
Мұқтар, Әсел қанатын жайған ұлан.
Түкпірінен жүректің орын алар,
Сыйлы болған ақ жаркын жайдары жан.

Иә, тірі болса, Мырзабек Қуатбеков бүгінде радионың 80 жылдық торқалы тойын бірге тойлайтын еді. Өкініш өзегімізді өртегенмен, оны көрген азаматтар, бірге қызыметтес болған жолдас-жоралары жаркын бейнесін мәңгілік жадында сақтайды.

2001

БИКТИК
(толғау)

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері, Қарағанды облысы, Жанаарқа ауданы, «Жеңіс» совхозының арамыздан өткен атакты шопаны Сатан Ысқақов өмірінен бір үзік сыр.

1.
Үстіне жейде киген өрнектелген,
Жұртшылық қызығардай келбет берген.
Қуана жерден жайлап көтеріліп,
Жас бала түрегелді еңбектеген.

Тізесін тасқа соғып шырқырады,
Орнынан бір тұрады, бір құлады.
Моншақтай жасын сүртіп көзіндегі,
Жүруге өз бетімен ынтығады.

Аяғы жүруге еркін жарады ма?
Біткендей канат оның талабына.
Жерден сәл биіктікке көтерілді,
Ойнады от ұшқыны жанарында.

Көрді аспаннан бозторғай балапанын,
Қарсы алған өсем әнмен дала таңын.
Жетсем деп құстар ұшқан биіктікке,
Балақан созды аспанға алақанын.

Алдында шешер жұмбақ, сыр тұрады,
Көзінде шайқалмаған нұр тұнады.
Ойша өзі кен әлемді шарлайды да,
Ай, Жұлдыз, Күнге қарай ұмтылады.

Аспанға карап көзі талған еді,
Бүгінде артта бәрі қалған еді.
Ал, Сатан өзі шығар биіктікке,
Ақ адал еңбегімен барған еді.

Кетпеді құр қиялдың жетегінде,
Жолды да іздемеді төте мүлде.
Жасынан біліп өскен ата қоныс,
Қой жайды Желітаудың етегінде.

Жусанды, бетегелі жотаны асып
Қой жайды – бұл ежелгі ата кәсіп.
Төсінде ойнақ салған дала сырын,
Әр күні қарсы алдынан жатады ашып.

Алшандап жерді басып жүретіндей,
Сезінсе бұрын бәрін білетіндей.
Өзінің білмейтіні көп екен ғой,
Осыған қазір енді күлетіндей.

Сайрандап кірді жасыл бакка күліп,
Өсті өзі туған жерін жатка біліп.
Кой жаю сол далادا қиын екен,
Жүрсен де сәйгүлік бір атқа мініп.

Бір күні ауылдың қарт ақсакалы,
Қасына келді совхоз жас шопаны.
Тізгінін босатты да кертөбелдің,
Мынандай әңгімесін бастағаны:

– Менің де өрімдей кез бала күнім,
Койшы боп бір қора қой бағатынмын.
Токтаусыз малды айдап кешке дейін,
Шарлатып біраз жерге баратынмын.

Осылай дүркіретіп жүрдік кей күн,
Бойына малдың содан шыр бітпейтін.
Ерекше күтім менен бап керегін,
Жинақтап тәжірибе, білдік кейін.

Бойламай істің терең байыбына,
Шопандық «шөйт» деп қойды қайыру ма!
Көңіл бөл ылғи-дағы зейін қойып,
Суатқа, шұрайлы жер, жайылымға.

Малдарың сонда мына қонды болар,
«Егізден – сегіз» шыкса онды болар.
Еңбегі жанған жігіт азаматтың,
Өмірде бағы жанып, жолы болар.

Жұмыстан берекесіз табатын мің,
Құлазып қарт көңілім қалатын бір.
Байыпты, көпті көрген адамдардай,
Ұнап тұр қойды қумай жаятынын.

Жылда өсіп еңбегімен жатады өрен,
Соларға қуанады ата деген.
Өзіне ақылымды айта келе,
«Басына бақ қонсын» деп бата берем.

Өткенмен көп уақыт су ағымдай
Қарт сөзін сақтап жүрді жадына ұдай.
Ал, Сатан бүгіндері белді маман,
Даланың білгір маман ғалымындай.

II.

Думанды дүбірлеткен ауылға бұл,
Жиналған қарақұрым қалың қауым.
Жарқырап Алтын Жұлдыз омырауда,
Шакырған Саған тойға бауырларын.

Тойлы ауыл ашты жайып кең құшағын,
Көруге, акынмын ғой, мен де ұшамын.
Шырқалды көкті кере ән менен күй,
Өзеннен тасығандай сел күш ағын.

Бұл тойды халық көптен күтті білем,
Келді жұрт жер-жерлердің түкпірінен.
Бал бұлақ қуаныштын күйін шертіп,
Жанаарқа қойды жайып түкті кілем.

Жастар жүр жүздері шат, жарқылдаған,
Күмбірлеп күйлер қалмас тартылмаған.
Думанда айтылмайтын өлең-жыр жоқ,
Әуелеп кең далада ән тынбаған.

Көресін әр совхоздың сәйгүлігін,
Болмаған балуандарды әйгі бұрын.
Келіпті әншілері, күйшілері,
Алады озғандары бөйге бүгін.

Ұйытып көрі менен көп жастарды,
Ән-күймен думан қызып, той басталды.
Жұрт отыр сахна етіп кең даланы,
Шатыр ғып төбедегі көк аспанды.

Өнерден қай өспірім күр қалады,
Ауада ән баяу ғана ырғалады.
Сауыншы Сара айтса «Сәулем-айды»
Шырқады шофер Бекен «Бір баланы».

Отырған қалың елді күлімдетіп,
Білетін домбыраның тілін жетік.
Бұл жігіт – тракторшы Жоламан ғой,
Жіберген «Сараарқаны» күмбірлетіп.

Сықақты оқығанға қалсаң күліп,
Күй тартып, ән салғанды алсаң біліп.

Өнерпаз жастар койған концерт бітті,
Отырған дүйім елді тамсандырып.

III.
Қалаған үйге кіріп, жайғасып ал,
Бұл тойдың әлі алда жалғасы бар.
Дәм татар тағамы мол дастарханнан,
Карт пенен өрім талдай қалмас ұлан.

Басылмай жүрегінін өрепсуі,
Әрленген қуаныштан бөлек түрі,
Дәмнен соң күлім қағып сөйлеп кетті,
Совхоздың Нұрғалидей директоры:

– Жүлде алып, озып шыққан жарыстарын,
Жиында айттық Сәкен табыстарын.
Сертінен таймайтынын біз естідік,
Қырандай созған қанат алысқа бір.

Бакытпен нұрлы танды қарсы алады,
Әлі бар жетер шың мен аңсағаны?
Мінгенде сыйға тартқан машинаны,
Көп адам тандай қағып тамсанады.

Сөзбенен кей пысықты тұралатқан,
Әзілден емес тағы құр алақан.
Ескі аңыз, шежірені қозғағанда,
Дейде жұрт: «Бөгелмейтін бұлақ аққан!»

– Ол рас, – деп қоштады серіктері,
– Қайтеміз әңгімені бөліп тегі.
– Білеміз Сатан да көп сұратпайды.
Сөз тынды. Той иесіне ерік берді.

– Сол жайды ұмытпай-ақ жүресіндер,
Айтса екен деп құлақты түресіндер.
Ал оны естісеңдер шындық пен,
Әзіл бар астарында жыр естілер.

Қой бақпай қала жаққа кетіп қалып,
Екі жыл жүріп «мода» жетіпті алып.
Киінген шікірейе құрдасымның,
Қасынан былай дедім өтіп барып:

«Екі жыл көзге түспей жоғалыпсың,
Кайтадан елге қайтып оралыпсың.
Сәлемді ұмыттың ба, ауылымның,
Дей алман бір мүшесі бола алыпсың.

Еңбексіз қол қусырып жата алмағам,
Жер бар ма қойды жайып апармаған.
Сырғисын малды көрсен анағұрлым,
Қасқырдай менен қорқып бата алмаған.

Құрбым-ау, бұл кейіпін не құр елес пе,
Қой бағып мендей досың жүр емес пе.
Костюмнің галустукпен киіп алған,
Өсірген өз қойымның жүні емес пе.

Біреусін жүрген өзін серісінген,
Ал, менің осы араға терім сіңген.
Білсен сен, биге киер ботинка да,
Тігілген осы қойдың терісінен.

Шығар тауың – тек қана би аланы,
Балапан жансың өлі ұядағы.
Мен болсам жаз жайлауда жүрген жанмын,
Қойшылық көңіліме ұялады.

Сол менің той-думаным қызып тұрған,
Сол менің – өзімді де қызықтырған.
Бағам ба қызықпасам ақпанда да,
Шілдеде жаздың күні шыжып тұрған.

Мінеки, қызықтан да құр емеспін,
Өзіңдей бота тірсек ұл емесің.
Бетімді қысы-жазы күн қағумен,
Еңбектің ортасында түлеп өстім!»

Дегенде Сәкең жайлап күлімсіреп,
Ал, жастар арт жағында тұр елжіреп.
– Осы сөз титығына тиді білем,
Бергені сәлемін ол бірінші кеп!

Бұл жайды естігендей тап бір бүгін,
Бөледі жиылған жұрт шаттыққа үйін.
Бәрі де күліш жатыр тындаған соң,
Шопанның досына айтқан тапқырлығын.

Сәлден соң кыпша белді әрлі келген,
Қонаққа табак тасып, дәмді берген.
Жас келін сөйлеп кетті бұрынырақ,
Жиналған мерекеге барлық елден.

– Тыныштығын тілейік от басының,
Бермекпіз қалай ғана тосқа тыным.
Келіндер атынан мен құттықтаймын,
Ауылдың қос жұлдызды – қос батырын.

Ерлеп тұр Несіп-сынды женгеміз де,
Ісі көп үлгі болар өнгемізге.
Он екі бала өсіріп, тәрбиелеп,
Такпаймыз неге жұлдыз кеудемізге!

Көңілдің төгіндерші ынта жырын,
Сазды әнге женге, келін шырқа бүгін!
Сәкеннің қосағымен қоса ағарып,
Тілеймін амандығын ұрпағының!..

– Тартыпты мына келін Сатанға дәл!
– Сөзді айтты кейбір ауыз бата алмаған!
– Осындай келіндерді құрмет тұтып,
Кез келді орын беріп, қатарға алар!

Әжейлер сылп еткізіп еріндерін:
– Құдай-ау, емес мынау тегін келін!
Риза боп жас келінге жиылған жұрт,
Білдірді ыстық ықылас көңілдерін.

IV.
Түн болса жоқ даланың бір тынымы,
Жастардың естіледі күлкілі үні.
Сияқты жаңа туған аспандағы ай,
Қауынның кесіп алған бір тілімі.

Қараймын өскен ауыл келбетіне,
Өн берген шатырлы үйлер жер бетіне.
Шырқаған қыз, жігіттің қырқа жақтан,
Келеді құлаққа үні тербетіле.

Өмірден мол әлі де алашағы,
Жастар ғой күтіп тұрған болашағы.
Ысқаков Сатан-аға бұларға ұстаз,
Үйретіп қой жаюға қарасады.

Кызыкты тек думаннан таба алған ба,
Ертемен кейбіреуі барар малға.
Осылай аяқталды шопан тойы,
Шығыстан тан қыландап ағарғанда.

V.

Койшы емес күні кеше арманда өткен,
Қайтпаған жас кезінен адған беттен.
Халықтың депутаты, Еңбек Ері,
Көрінді бүгіндері самғау көктен.

Қалайша кездескенше табамын жай,
Көзі өткір қыран құстың жанарындай.
Мінгені – кара «Волга» жаркыраған,
Сыйды елден еңбегімен табады ұдай.

Кісіге қайырымды елпілдеген,
Женгейден қуаныштың кейпін көрем.
Ер жетіп, қаулап өскен балалары,
Құрақтай көл жағалай желкілдеген.

Тұратын тату-тәтті жарасымда,
Сыйластық, ұжымдылық бар осында.
Бар жасты Несіп жеңгей ұксатады,
Өзінің бауыр басқан баласына.

Бәріне күліп айтып: «Серке!» дейді.
Жұмыстан кештеу келсін, ерте мейлі.
Именбей үйге кіріп жас шопандар,
Туған бір анасындай еркелейді.

Жаксылық орын тепкен санасында,
Алшақтық жоқ бұлардың арасында.
Бәрі де бұл Сатанды бастық емес,
Бір туған ұксатады ағасына.

Көңілін балалардың түсіне де,
Біледі Сатан істің ұшы неде.
Болса егер ұстаз деген ұлағатты,
Құрметті үлкенге де, кішіге де.

Атқарса тиянақты, ісі мықты,
Сөйлесе сөзі нақты, түсінікті.
Елімнің қарапайым шопанының,
Бойынан көрем ылғи кісілікті.

Көп сөзі жоқ, мінезі тұйық келген,
Қонғандай екі қыран иық берген.
Даламның дарқандығын, жомарттығын,
Шопанның бір басына жиып берген.

Отаны өздерінен үміт күткен,
Қайратты, сом тұлғалы жігіт біткен.
Тер төгіп, еңбегінің аркасында,
Көріңсін Сатан шыққан биіктерден.

1978

СЕЙІТКҮЛ ҚЫСТАУЫ

1973 жылғы март айының аяқ кезі болатын. Біз Қарағанды облысынан бөлініп, жаңадан отау тіккен Жезқазған облысының Ақтоғай ауданына арнайы барғанымыз бар. Негізгі мақсатымыз — жаңа облыстың шаруашылығымен танысып, малшылардың малды қыстан қалай шығарып жатқанын білу еді.

Аудандық партия комитетінің бірінші секретары, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Жаманқұл Шайдаров жылы шыраймен қарсы алды. Орта бойлы, аккумуляш келген, жайдары сөйлейтін секретарь амандық-саулықтан кейін:

— Қандай шаруамен келдіңіздер? — деп сұрады қоныр үнмен.

Біздер ол кісіні жаңа облыс болып бөлінулерімен құттықтап, аудан еңбеккерлерінің атқарып жатқан сүбелі істері, алда тұрған міндеттері туралы білгіміз келетінін айттық.

Жәкең біраз үндемей отырды да:

— Біздің аудан негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Қысқа үш жүз мыңнан аса қой, он мыңнан аса ірі қара, жеті мыңнан аса жылқы түскен еді. Бәрі күйлі шығайын деп отыр. Өйткені, шаруашылықтарға жем-шөп жеткілікті мөлшерде дайындалған болатын. Сондай-ақ малшылардың да қажарлы еңбегін атап айтқан жөн. Олар ел игілігін, Отан байлығын молайту жолында Бүкілодақтық социалистік жарысқа жаппай қосылып, еңбек өрлеуін туғызды деп біздерге көз қиығын тастады.

— Әрине, қол жеткен жетістіктің бәрінде бүкіл аудан еңбеккерлерінің үлесі барында дау жоқ. Қазір қылыңның сүйреткен қыстың аяқ кезі. Арқа қысының қандай болатынын, жақсы білеміз, — деген кезде:

— Оларыңыз рас. Бір басталған ақ түтек боранның апта бойы толассыз соғатын кезі бар, — деп әңгімемізді бөліп өз пікірін қосты. — Сол тілсіз сұрапыл кезінде өздерін шекараны күзеткен сақшыдай түн бойы кірпік қақпай, малды көзінің қарашығындай қорғайтын малшылардың еңбегі өз алдына бір төбе ғой, — деп әңгіме желісін басқа жаққа аударды.

— Сөз жоқ, солай. Мысалы, жаңбырлы күні егінші, дауылды күні балықшы тынығады. Ал малшы дегеніңіз жылдың төрт мезгілінде де ты-

ным таппайды. Карауындағы малды күтумен болады. Күтімсіз мал семірмейді. Тұяқ көбеймейді. Әсіресе, қақаған қыс кезіндегі малшы тіршілігін көргенде бір түрлі аяйсын да, – деді де төмен карап, ауыр күрсініп отырып қалды.

Сонан соң:

– Олардың ісі – нағыз ерлік іс! – деп сөзін нығарлап қойды.

Жәкеннің бір әңгімені бастағалы отырғанын аңғардық. Бірақ, жетелеу сұрақ қойғымыз келмеді. Бұл шешіміміз дұрыс та болған сияқты.

– Өткен қыс кезінде болған бір шопан келіншектің ерлік ісін сіздерге айтып берейін. Сонда өздеріңіздің де жанағы сөздерімнің шындығына көздеріңіз жетеді, – деп орнынан қозғалып қойды.

Бағанадан бері ашық сөйлесіп отырған секретарь әңгімесін бірден бастап та кетті.

...Орыстың ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкин:

Кара түнек жерді жапты,

Қарлы құйын қуалай.

Кейде ұлыған аң сияқты,

Кейде жылайды баладай, –

деп жырлағанындай, бір басталған боранның үш-төрт күн дамылсыз соққаны сондай, кейбір қыстақтардағы малшыларға көмек көрсету тіпті мүмкін болмады. Қалың жауған қар, бет қаратпай қуалай соққан күшті боран адам тұрсын, шынжыр табан трактордың жүруіне кедергі жасады.

Осындай кара түнек боранды күнгі «Шұбартау» совхозының «Үшқайын» қыстағындағы малшылардың жағдайы тіптен киын еді. Бұл қыстақ аудан орталығынан екі жүз, ал совхоз орталығынан сексен шақырымдай жерге орналасқан. Мұнда сегіз жүз елу қой қыстайтын. Сол қойдың күтімінде Кәсіп, Сейіткүл, Мұхит секілді өрімдей үш жас бар-тын. Кәсіп пен Сейіткүл бес бала сүйіп отырған ерлі-зайыпты жандар. Ал Мұхит Кәсіптің інісі.

Ақ долы боран тыным алмастан үш күн қатарынан соқты. Қаһарын төккені сондай, жер бетіндегі тірі жанды ертегідегі айдаһарша апандай аузын ашып, өңешіне қылғыта беретін тәрізді. Бірақ қандай бір жағдайға душар болса да, адам өз әрекетін істеп, сонымен өлі келгенше тайтала-сып, күресіп бағалы ғой. «Үшқайын» қыстағындағы үш малшы да солай еді.

Үш күннен бері қорада қамаулы тұрған қойдың жай-күйін білгісі келген Сейіткүл жылы киініп, үйден тысқа шықты. Қораға кіруі мұн екен, қой жан-жақтан улап-шулап маңырап қоя берді.

Сейіткүлдің бұларды аяғаны сондай, өзінің балалары аштан қамалып тұрғандай сезінді. Жанарына ыстық жас үйірлі. Мал үш күннен бері нәр татпай, ашыққандықтан бір-бірінің жүнін жеуге айналыпты. Қорадағы тіреу ағаштарды кеміріп, жіңішкертіп тастапты. Ал бұл жағдай өрби берсе, тіреу қоранын төбесін көтере алмас. Сондықтан бір амал табу керек. Бірақ мынадай өршелене өрби соғып, адым жерді көрсетпейтін кара түнекте малды далаға шығару мүмкін емес. Маядан әкеліп шөп сала

да алмайсын. Қора есігін ашсаң, ашыққан мал жем іздеп далаға безіп кетуі ықтимал. Онда бас-аяғына не болу қайда. Не істеу керек? Міне, осы ойлар Сейіткүлдің мазасын кетірді. Бірақ оның қолынан не келеді?

Сейіткүлдің ойын түсінгендей төртінші күні долы боран сәл саба-сына түсіп, жылы шырай танытты. Күн көзі ашылайын деді. Бұған малшылар қуанысып қалды. Осындай толасты пайдаланып, Кәсіп малды қорадан шығарды. Қыстақтың маңына шалдырып алғысы келді.

Арқа қысының бір ерекшелігі – су сепкендей бірден басылмайды. Сәл толас табады-дағы қайта соғатын әдеті бар. Бұл жолы да сонысын жасады. Жана ғана айнала алақандағыдай көрінгенімен, көзді ашып-жұмғанша төңірек алай-түлей болды да кетті. Көзге түртсе көргісіз қараңғы. Балаларын тамақтандыруға үйге кірген Сейіткүл қайнысы Мұхитты Кәсіпке көмекке жіберді. Ондағы ойы боран үдемей тұрғанда малды иіріп, қораға кіргізіп алу еді. Балаларын тамақтандырып, төсектеріне жатқызды. Бәрі де балбырап, тәтті ұйқы құшағына лезде еніп кетті. Ал Сейіткүлдің өзі байыз тауып бір орында отыра алмады.

«Мыналар кешікті-ау. Мал екеуіне ерік бермей жүр ғой, әйтпесе, қораға айдап келетін уақыттары болды», – деп мазасыздана берді. Осы сөздерді өзіне-өзі айтты да, жылы киініп тысқа шықты.

Ақ түтек боран үш күн соққан қаһарлы күшіне қайта мінген. Аспан мен жер тұтасып кеткендей. Қай жақтың оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс екенін ажыратуға болмайды. Сейіткүл сыртқы қақпа есігін жауып: «Осы бағдарда жүр еді ғой» деп қарсы бетке қарай ширақ адымдады. Бір кезде ысқырына соққан желмен ілесе, құлағына «шәйт, шәйт» деген болымсыз дауыс естілді. Тұра қалып, тын тындап еді, жаңағы дауыс естілмеді.

«Қорыққанға қос көрінеді» дегендей, ызың-желдің үні екен ғой. бұлар ығып ұзап кеткен тәрізді», деген қорқынышты ой сап ете қалды.

Сейіткүл Тұрсынбаева көпшілік алдында берген уәдесін бұлтартпай орындайтын табанды жас. Ол отызға толмаған жасында үш рет депутат болған кезінде осы мінезін жұртшылыққа жақсы танытқан еді. Алған бетінен қайтпайтын қайсар жан. Кәсіп пен Мұхитты таба алмай қалсам адасып кетемін-ау деген қорқынышты елеген жоқ. Қайта оларды кездестіремін деген сеніммен қарсы бетке жүре берді, жүре берді.

Сәлден кейін құлағына тағы да «шәйт, шәйт» деп біреудің қой қайырған болымсыз үні естілді. Құлағын түріп тындай қалды. Кәсіптің үні. Сейіткүл қуанып кетті.

Кәсіп пен Мұхит желге қарсы жүргісі келмеген қойды екі шетінен жанұшыра қайырып жүр екен. Бұларға Сейіткүл келіп қосылғанда, тыннан күш пайда болғандай сезінді. Қойды үшеулеп қораға жеткізетіндей иіріп айдаумен болды. Күшті желдің өтіне шыдамаған аш мал бұлардың ырқына көнбей ыға бастады. Амалдары таусылған соң, қойды еркіне жіберіп, үш шетінен қайырып, сонынан еріп отырды. Ондағы ойлары – бір ықтасындау жер немесе сай кездесіп қалса, сонда боран басылғанша иіріп ұстау еді.

Төңіректін төрт бұрышын қарақұрым киіздей бүркеген қара түнек боранын қасқырша ұлытып қойған жоқ, дене шымырлатар үскірік аязымен де қари түсті. Не күндіз, не түн екені белгісіз қара түнекте қоғам малын алапат апаттан аман алып қалу жолындағы жанталаса әрекет етіп жүрген жалынды үш жас қанша жер, қанша уақыт жүргенін білмейді. Әйтеуір, бір мезгілде ықтасын сайлау жерге тап болғандарын сезді. Сөйтіп, үшеуі үш жағынан қойды иіріп, қаумалай бастады. Ызғарлы жел өңмендеріне инеше қадалып, қиыршық қармен бет ұрғандықтан ба, әлде ашығып қалжырағандықтан ба, бір қора қой бұлардың ыркына көніп иіріле қалды. Бұл ұзаққа созылмалы. Кәсіп жақтағы шеті тағы да тарыша шашырап, жел ығымен жүре бастады. Мұны аңғарып қалған Сейіткүл:

– Мұхитжан, мына мал тағы да тұрақтамайын деді. Мен жел жағында қалайын. Сен Кәсіпке көмектес. Сол жақтан ығып кетуі ықтимал, – деді.

Сейіткүл білгендей айтқан екен. Біраз әуре-сарсаңға түсіп Мұхит пен Кәсіп сайға қойды зорға дегенде қайта иірді.

Мұхит жеңгесі жақтағы қой шетіне оралғанда, Сейіткүл отырған орнынан қозғалмады. Бұған бұрылып тіл де қатпады. Ұйықтап отырған тәрізді.

Біраздан кейін төрт күнге созылған ақ түтек долы боран саябырсылды. Таң да ағарып ата бастады. Денесін аяз қарып, бойындағы күш-қуатынан өбден айрылған Сейіткүл Тұрсынбаева сол ұйықтағаннан қайтып оянады. Мәңгілікке көз жұмған еді.

– Иә, қыршын кеткен екен, – деп біз аяныш білдіріп күрсіндік.

– Ал, ана сегіз жүз елу бас мал да шетінеген шығар, – деді қасымыздағы жігіт жұлып алғандай.

– Долы бораннан ықпай, дүлей күшпен бетпе-бет айкасқа түсіп, қоғам малын аман алып қалу жолында үш күн, үш түн күрескен қайсар жандар еңбегі зая кеткен жоқ. Бар болғаны екі қой ажал шеңгеліне ілініпті, – деп секретарь қабағы сәл қаяу тартып жауап берді.

– Кешегі сұрапыл соғыста жауға қарсы ерлік көрсеткен адамды батыр атадық. Ал дүлей күшпен үш күн алысып, қоғам малын көзінің қарашығындай сақтау жолында қыршын жанын қиған мына Сейіткүл сияқты жастарды солардың қатарына қосуға болады емес пе, – деп қасымыздағы жігіт тағы да көңіліне келген сөзін ақтарып айтып жатыр.

– Әрине, өбден болады. Мұндай жандарды қастерлейді. Халқымыз құрмет тұтады. Ерлік ісін айтып жүреді, – деп Жәкен тағы да бір өңгіменін ұшын шығарды.

Сәл үнсіздіктен кейін:

– Ақтоғай ауданында өз істерімен ерлік көрсеткен қадірлі адамдар баршылық. Мысалы, кезінде шопан болған Сәтибек Ыбыраев деген ақсақал Социалистік Еңбек Ері атанды. Кешегі ел басына күн туған сұрапыл соғыста Қызабек Нұржанов дейтін жігіт Ұлы Отан үшін жанын пида етті. Кейін оған Совет Одағының Батыры атағын берді. Осындай қадірлі азаматтарымыздың ерлік істерін кейінгі жастарға үлгі-өнеге етіп, есімдерін мәңгі есте қалдыру жағын көп ойластырамыз. Сондықтан да аудан орта-

лығындағы бір көшеге, «Қонырат» совхозындағы он жылдық мектепке батыр жерлесіміз Қазыбек Нұржановтың есімін бердік. Алдағы уақытта ескерткішін орнатамыз ба деген ойдамыз.

Секретарь әңгімесін аяқтап болмастан:

— Жанағы Сейіткүл Тұрсынбаеваның жасағаны да ерлік, — деді қасымыздағы жігіт тағы да.

Оған Жәкең бір қарап қойды да, өз әңгімесін әрі өрбітті.

— Осындай игі дәстүр бұрыннан қалыптасқандықтан Құсак селолық советі мен совхоз партия комитетінің біріккен шешімінде:

«Құсак» селолық советі мен «Шұбартау» совхозының партия комитеті жұртшылықтың тілегі бойынша «Үшқайың» қыстағын шопан көмекшісі Сейіткүл Тұрсынбаеваның есімімен атауды сұрайды» делінген болатын.

1972 жылдың февраль айындағы Ақтоғай ауданы партия комитеті мен Аудандық совет атқару комитетінің біріккен шешімі:

«Шұбартау» совхозы еңбеккерлерінің тілегі қанағаттандырылып, «Үшқайың» қыстағына Сейіткүл Тұрсынбаеваның есімі берілсін» деп мақұлдады.

— Міне, мынау табылған ақыл. Ер есімі ел есінде, осылайша ұмытылмай мәңгі қалады, — деп бағанағы жігіт көңілді тіл қатты.

— Қарапайым еңбек адамына деген ыстық ілтипат, зор құрмет әрқашан жарасымды. Ол өзінің жан-тәнін, ой арманын, күш-қуатын Отан байлығын молайту жолына аянбай жұмсайды. Осы жолда небір қиыншылық кездесе де кеудесін қалқан етіп тосады. Керек десеңіз Сейіткүл сияқты жанын пида етеді. Ал ондай жанды халық төбеге көтереді. Мақтаныш етеді. Сондықтан болса керек, 1972 жылдың 16 июнінде СССР Жоғарғы Советінің Указы шықты.

Онда:

«Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы «Шұбартау» совхозының шопаны марқұм Сейіткүл Тұрсынбаева қоғамдық малды аман сақтау кезінде табиғат апатына қарсы арпалыста табандылық пен ержүректілік көрсеткені үшін «Құрмет белгісі» орденімен наградталсын» делінген болатын.

— Иә, мұндай құрмет Сейіткүл сияқты абзал жанға артық емес, — деп қасымыздағы жігіт ризашылық танытты.

— Біздің жақта биыл да қыс қатты болды. Бірақ соған мойымай мал басын аман алып шығуға малшылар мен еңбекшілер бар күш-жігерін жұмсады, — деп секретарь әңгімесін тұжырымдады.

— Сол Сейіткүл қыстағында биыл да мал қыстаған шығар. Оның отарына кімдер ие? — деп сұрадық.

— Әрине, мал қыстайды. Сейіткүлдің отарына жолдасы Кәсіп пен қайын інісі Мұхит ие. Олар Сейіткүлдің ерлік ісін алға жалғастырушылар, — деді секретарь Жаманқұл Шайдаров.

— Сол қыстакқа барып, адамдарымен танысып қайтуға болмас па екен? — деген сауалымызға:

— Екі-үш күннен бері мынадай жауған қарлы жанбыр ол жақпен

жол-қатынасты үзін тастады. Машина жүре алмайды, – деп орнынан тұрды да, терезе алдына келіп, сыртқа иегін нұсқады.

Ертесіне де, одан кейінгі күндері де біздің жолымыз түсіп Сейіткүл қыстағындағы малшыларға бара алмадық. Сол жауған қарлы жаңбырдың аяғы тағы да екі-үш күнге созылып кетті. Бір жағы өкінсек те, екіншіден алдағы уақытта арнайы келіп, сонда боламыз деген сенім оты кеудемізде тұтанған еді.

Кешегі сұрапыл соғыс кезінде Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сияқты өрімдей жастар батырлық көрсетсе, бүгінгі бейбіт еңбек майданында солардың жолын қуып, қайтпас қайрат, мұқалмас жігермен жалынды жүрек танытқан Сейіткүл Тұрсынбаева сияқты абзал жандар өз ерлік ісімен көптеген ұрпаққа үлгі-өнеге болады. Өйткені, жүрек жалыны ешқашан да өшпейді.

Шопан Сейіткүлдің ерлігі жаныма маза бермей, ойға батыра берді. Кейін «Бәйшешек» атты дастан туды. Бұл дастаным 1977 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Найзатас» деген өлеңдер мен поэмалар кітабыма кірді.

Қармен бітеп жайылым, сай-саланы,
Үскірік жел жер бетін аймалады.
Көзге түртсе көргісіз қап-қараңғы,
Қара түнек бүркеген айналаны.

Жайпайтындай жапырып дүниені,
Қарлы құйын ұршықтай үйіреді.
Белгісіздеу қай тұста қалды қыстақ,
Жас шопандар отарды иіреді.

Аш қасқырдай аранын аша, қысқан,
Табан тіреп дүлеймен қасарысқан.
Қоғам малын қалайда аман сақтау,
Үш шопан жүр жүректі жас арыстан.

Қас қылғандай қойды күн ашылмастан,
Тұла бойын ғаламат ашу басқан.
Айдаһардай ысқырған долы боран,
Соқты солай бір тәулік басылмастан.

Жын ойнақ сап ақ түтек тарады ақыр,
Ұлпа қарға көміліп дала жатыр.
Үңгірінен аюдай шыға келген,
Сілкінді де тұрды екі бала батыр.

Мейлі қарға үскірік орасын да,
Қайраттыға ал суық жоласын ба!

Үшіншісі қыз еді көрінбеді,
Катты ұйықтап қалған ба борасында.

Қызға құстай екеуі ұшады да,
Жетіп барып қол, бетін ысады да.
Кеудесінде жаны бар балғын дене,
Кіріп кеткен үсіктің құшағына.

...Мендеп ажал адамды женгені ме,
Көнбеді үсік дәргердің емдеуіне.
Суық шалған денеге жан бітпеді.
Ажал іліп әкетті шенгеліне.

Шұғылаға шомылып тазаратын,
Тастан қашап алтынмен жазар атын.
Наградтап үкімет орденімен,
Дәріптейді еңбеккер азаматын.

Түлектердің мектептен ұшқаны көп,
Шопан болып ат жалын ұстады кеп.
Бірге жасап мәңгілік жүру үшін,
Атын қойған: «Сейіткүлдің қыстағы» деп.

Осылайша өжет шопанның ерлігін басқаларға үлгі өнеге етіп ұсындым. Өлеңмен Сейіткүл Тұрсынбаеваға ескерткіш тұрғыздым.

Кейін «Балқаш өңірі» газетінің редакторы Оралбек Жүнісов, «Шұбартау» совхозының директоры Шүкір Жақсыбеков пен селолық Советтің төрағасы Максүткәрім Асылбеков, «Айыртас» совхозының директоры Жақсылық Аманбаев пен селолық Советтің төрағасы Әуез Испеков мені арнайы алып барып, Сейіткүлдің қыс қыстауы, жаз жайлауымен таныстырып, аралатқандарына алғысым ұшан-теңіз.

1998

БАҒЫҢ ҚАЙДА, БАЛЫҒЫҢ ҚАЙДА БАЛҚАШЫМ?

Сонау жылдары алғаш қалаға оқуға әкеле жатып әкем айнадай жарқырап, баяу толқып жатқан шексіз де шетсіз Балқаш көлін көрсетіп тұрып:

- Балам, айдынды Балқаш көлі осы. Ашаршылық жылдары Ақалдыр мен Ақшатаудан, Қарқаралы мен Ақтоғайдан шұбырған халықты мейірімді анадай құшағын жайып аман алып қалған қасиетті дария. Жолын түсіп әр кез жағасынан өткенде басынды иіп тағзым ет, — деп жай айтса да менін балалық жүрегімде мәңгі қалатындай табірене толғанғаны әлі есімде.

Сол жолы Балқаш қаласындағы бір ағайынның үйінен бұрын көріп, дәмін татпаған ет жегенім бар.

— Бұл Балқаштың сары самауырындай сары сазаны. Жесен дәмі аузыңнан кетпейді. Ет сияқты тұздап қақтауға да, нан салып асып жеуге де келеді. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес» дегендей өлім мен өмір арбасқан ашаршылық жылдары қасиетті Балқаш көлінің балығы ғой біздерді ажалдан алып қалған. Әйтпесе осы күнге жетеміз бе. Мың жаса қасиетті Балқаш-ана. Мерейін үстем болсын!

Ет жеп болған соң, сексенге таяп қалған қарияның ағынан жарыла берген ақ батасы.

Бұл елуінші жылдардың орта тұсы еді. Балқаштың суына шомылып, айдынында еркін жүзсек те күні кешеге шейін қасиетті дарияның деңгейі күрт төмендеп, оның байлығы — балығынан айырылып қалатынымызды ойламаған сияқтымыз.

Бүгінде Балқаштың балық қоры азайып, осы саладағы экономика төмендеп, әлеуметтік проблемадар көбейіп отыр. Балқашқа үлкен қауіп төнді. Оның басты белгісі — байырғы балық түрлерінің жойылуы. Тек осы аймаққа тән өсімдік әлемінің азаюы.

Балқаш көліндегі балық қоры қанша? Оны қанша мөлшерде аулау керек? Жоспар орындау үшін көл тағдырына көңіл бөлмей, оның онсыз да мүшкіл қалып төмендете береміз бе?

Өткенге көз жіберсек, 1941 жылы Балқаш көлінен балықтың үш түрі: сазан — 12800, қара балық — 1536, алабұға — 4312 тонна, яғни 18,6 тоннаға дейін ауланғанын көреміз. Қазіргі көп ауланатын көксерке балықтарының тағамдық бағалануы алабұға, сазан, қара балықтан көп төмен. Бүгінде көлден балықтың сегіз түрі (көксерке, табан, жайын, қаракөз, қаяз, ақ амур, беріш, сазан т.б.) ал ол кезде үш-ақ түрі ауланған.

Сол кездегі көп ауланатын сазанның өзі жерсіндірілген балық, ол Балқаш көлін жатсынбай, еркін өмір сүріп, ұрық шашуға осындағы табиғи жағдайға бірден бауыр басып кетті. Көп өсіп өнді. Оны аулау жөнінде Балқаш көлі елімізде алдыңғы қатарға шықты.

Иә, бұл жыртқыш балықтарды көлге жібермей тұрған кездегі жағдай. Көлге жаңа балық түрлерін жібергеннен кейін, ихтиофауна өзгеріске ұшырады. Қазір көлдегі балықтың сегіз түрінің тең жартысы жыртқыш. Жерсіндіру жұмысының нәтижесінде су қоймасында жыртқыш балық пен шөп қоректі балықтардың үлес салмағы сақталмады. Осыдан кейін балық қорына әсер ететін жағдайда тұрақты өнім алынбады. 90-шы жылдарға шейін сазан балығын аулау 200 есе азайса, ал көксерке өзінің кәсіптік бағасын жоғалтты.

Балқаш көліне жүйесіз, биологиялық негізсіз балықты жерсіндіру, оның қорының азаюына әкеліп соқтырды. Көксерке мен бірге кезінде жіберілген жайын да көлдің ихтиофаунасына ғана емес, жануарлар әлеміне де зиянды әсер етті. 1957-1958 жылдары үш мың мөлшерінде жіберілген әр жастағы көксерке аз уақыт ішінде өсіп-өнуі жағынан сазаннан асып түсті. Оның көбеюіне көлдегі мол жемазық қоры (мизиттер)

жеткілікті еді. Сонымен бірге ак балық пен кара балық, алабұға, сазан тұқымдарының да азаюына көксеркенің жыртқыштық әсері тигенін аңғару қиын емес. Тіпті ол біртіндеп өзін өзі жей бастады.

Сөйтіп, Балқаштың атакты дәмді де семіз ак балығы мен кара балығы құруға айналды. Ал, бұлар іріктелініп жерсіндірілген, тіршілік ортасы бөлінген, бір-біріне зиян тигізбейтін балықтар еді. Бертін келе көлдегі тыныш өмір бұзылып, жыртқыш балықтар үстемдігіне айналды. Мысалға жайынды алайық. Балық шаруашылығы институтының мәліметі бойынша ол 1976 жылы ондатра және құспен – 19,3, сазанмен – 12,1, табанмен – 26, көксерке, қаяз, берішпен – 10, мекіремен – 1,3 процент қоректенген. Жайыннан бір килограмм қосымша салмақ алу үшін 9-13 килограмм тірі балық жейтінін арнайы зерттеу жұмыстарынан білеміз.

Қазіргі таңда басқарудың экономикалық әдісіне көшкен орынды. Өзендердің тартылып өрі саяздануына байланысты көл қоймасында жайынның көбейгені белгілі болып отыр. Іле, Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендерінің арналарын басқа жаққа бұрып реттеудің нәтижесінде 1970 жылдың ең жоғарғы көрсеткішімен салыстырғанда көл деңгейі 2,2 метр төмендеген. Сөйтіп, 100 жылдық кезең ішіндегі бақылауға қарағанда ол Балтық жүйесі бойынша 1985 жылы 340,52 (1946 жылы 340) метрлік деңгейге жақындады. Балық уылдырықтары көп шашатын жердерде көл айдынының көлемі 40,5 мың шаршы километрден – 15,6 мың шаршы километрге кеміді. Осының салдарынан балықтар еркін сайрандай алмай өнім төмендеп, жалпы балық аулау бұрынғы өндірілетін өнімнің тең жартысындай мөлшерге кеміді. Осы себептерден жылына миллион тоннадан аса ауланатын су құндызы (ондатра) құрып кетті. Қамыс, құрақ та азайды. Жабайы шошқа, қамыс мысығы, түлкі, құс түрлері қалыпты мекенжайдың болмауынан олар да жойылды.

Қазақстанның інжу-маржаны Балқаш көлінің саязданып, аумағының кішірейуіне, судағы минералдық тыңайтқыш су құрамының көбеюіне байланысты ондағы флора мен фауна өзгеріп, балық қоры азайып барды. Көлді мекендеуші балықтың екі тұқымы – кара балық (Балқаштық, Ілелік) және Балқаш ак балығы болғанын жоғарыда айттық. Олар қазір толық жойылып кетуге жақын. Соңғы 21 жылда оны аулау 40 проценттен астам кеміді. Бұл жылына 6-7 мың тонна бағалы балық аз ұсталады деген сөз.

Бір кезде шаруашылығы мықты, көп адам тұратын Ақөлең, Ұзынарал, Қоржын, Қарашыған, Бозарал, Майтан сияқты балықшылар мекендері қаңырап бос қалды. Өзен, Қараөзен, Қарақұм және басқа поселкелер де құрып кетуге жуық. Көл үлкен де бітіспес жанды дүние ретінде көптеген ауыруға ұшыраған. Балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы үшін көлді көздің қарашығындай қорғап, байлығын сақтап қалу қажет-ақ.

Балқаш көлінің лайлануы – оның тіршілік әлемінің өзгеруіне де әсер етеді. Осы орайда «Балқашмыс» өндірістік бірлестігі – көл айдынын ластайтын бірден-бір кәсіпорын. Өр күн сайын, жылына көлге жанаржағар май, мыс және басқа металл қалдықтарының қанша мөлшерде тасталатыны жөнінде тексеру-басқару органдарында және бірлестіктің

өзінде сандық көрсеткіштер бар. Осындай қалдықтармен көл әлі де көп ластануда.

Бұл Балқаш көлі осы қалдықтардан өзін-өзі тазартады деген кезінде ойланбай шешім қабылдаған комбинат басшыларының солақай істерінің нәтижесі. Осы қателіктерін «Балқашмыс» өндірістік бірлестігі нақтылы істермен түзетуге кірісті. Мәселен, ПВ-2 бақылау агрегатының, Ванюков пеші және күкірт қышқылы цехының (СКЦ-2) құралысын салуда мерзімі 3-4 есе қысқарды. Осындай игі бастамалар екі жыл ішіндегі бірлестік табысын алты есеге өсірді. Ендігі жерде кірістің елеулі бөлігі әлеуметтік жағдайды шешіп, табиғат қорғау объектілерін салуға жұмсалатын болады.

Бөлек су қоймасын, су тартатын жана сорап стансасын салып, ағын суларды осы су қоймасына бағыттайды. Осындай шаралар айналмалы сумен пайдалануға мүмкіндік тудырады. Сөйтіп, өндірістік қалдықтар мен ағын сулар көлге құйылмайды. Бұл да андар мен құстардың, балықтардың еркін өсіп-өнуіне игілікті ықпал жасайды.

— Қазақстан Балық шаруашылығы министрлігі таратылуына байланысты, Шашубай поселкесіндегі Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының орнына, комплексті лаборатория құрылған еді. Бұл лаборатория балық байлығын қайтадан қалпына келтіруге ғылыми жұмыстар жүргізуі керек. Балқаштың сазаны мен алабұғасының азаю себептерін анықтап, басқа балық түрлерін өсіру жолдарын зерттегені орынды. Қазір қаракөз бен табан көлде көбее түсті, — дейді Тоқырауын ауданының әкімі Байыз Меірманов.

Балықты өсіру үшін жемазық қорын молайтып, уылдырық шашар кезде қуатты толқындардан қорғайтын қамыс пен құрақтарды сақтауды да қолға алған жөн. Соңғы кездері көл айналасындағы колхоздар мен совхоздар мал азығы үшін қоға мен қамыс-құрақтарды шауып алатын болып жүр.

Тоқырау кезеңінде істің байбына бармай, бастаманы «өу» деп ауыз ашып бастасымен өуелете көтеріп, жел құған қаңбақтай дөңгелетіп өкетуге құмар-ақ едік. «Шолақ сай бұрын тасиды» дегендей шолақ ойдан туған ісімізге артынан опық жедік. Табиғат—ана бізге сыйға тартқан байлығын алып қана қойғамыз жоқ, тәніне жара салдық. Сондай қайғылы қасірет зардаптарын Балқаш көлі де бастан кешуіне тура келді.

1969 жылдың 12 қарашасында «Казахстанская правда» газетінде: «Қапшағай Балқашпен бір одақ» атылатын мақалада: «Қапшағай су қоймасын іске асырған соң Іленің лепіре тасуына жол берілмейді... Су қоймасы Балқаш бассейнінде балық қорын молайтуға ерекше рөл атқарады... Қапшағай СЭС-нің (Су электр стансасы) су қоймасын толтыру Балқаш көлінің қалыпты жағдайын бір метрге, ал Ақдала алқабын суландыруды молайту 1,25 метрге төмендетеді. Бұл көл тағдырына, ондағы жануарлар мен өсімдіктеріне қорқыныш туғызбайды» делінген.

Ал, бүгінгі Балқаш көлінің жағдайы қандай екенін өздеріңіз жақсы білесіздер...

«Даудын басы Дайрабайдың көк сиырынан туды» дегендей, Балқаштың бағын байлау Қапшағай жасанды көлін жобалаудан шықты. Жобаның көлге тигізер кері әсері оны іске асырғанға шейін белгілі еді. «Гидропроект» институтының қазақ бөлімшесінің жазбаларында көрсетілгендей СЭС пен суландыру жүйелері құрылысын салу көлдің калыпты жағдайын төмендетіп қоймай, қайта жойылып кетуіне әсер ететіні айтылған. 1965 жылдың 24 сәуіріндегі КСРО Жоспарлау Комитетінің Мемлекеттік сарапшы комиссиясының қаулысында: «Су ресурстарын пайдалану шараларын іске асырғанда көлдің суы төмендеп, тіпті құрып кетеді», — делінген.

Ал, Балқаштың бүгінгідей қайғылы жағдайына белгілі жауапты адамдар кінәлі. Осы орайда, кезінде Байкал мен Ладога көлдері дағдырын шешуге байланысты экологиялық зиян келтірген адамдардың аттары аталып, оған жауапты екені көрсетілген. Екі көлді де үлкен материалдық шығын тудырса да, толық қайта калпына келтіру сөз болады.

Неге біздің республикамыздағы тиісті орындар әсіресе Ғылым академиясы еліміздің табиғи байлығын қорғауға қамқорлық танытып, осыны негізге алмайды. 1970 жылдың 11 ақпанында «Литературная газетада» басылған Қапшағай СЭС-нің жобасы авторы Р. Седых Іле өзінің күймасын елімізге қажетті түрде пайдалануға бағыттасак, Балқаш 2-2,5 миллиард текше метр қосымша су алатын болса, онда Балқаш қаласын су басып кетеді деген қауіп білдірген.

Іс жүзінде солай болды ма? Бүгінгі Балқаш көлінің суының төмендеп құрып бара жатуы — жұртшылықты дүрліктірген проблемалардың ең бастысы. Ал басқадай жан-жануарлардың, балық пен ондатраның азаюы — көл суының құрғап кетуіне тікелей байланысты. Іле өзені бойына гидрожүйе құрылысын салу жайлы күдікті пікірді кезінде «Литературная газета», Қазақ КСР түсті металлургия министрлігі, Балқаш қалалық атқару комитеті, су ресурстарын пайдалану мен қорғау басқармасы қызметкерлері және басқа да қоғамдық ұйымдар жанашарлықпен ашына айтпады ма? Бірақ, соның бәрі республика үкіметінің жоғарғы жағындағы басшылардың Қапшағай су қоймасын салу туралы сынар езу шешімін өзгертуге ықпал етпеді.

Су жиналатын Балқаш көлінің бассейні түйык. Жер үстіндегі және жер астындағы бассейндері Жоңғар, Іле Алатауы, кей кезде Күнгей және Теріскей Алатау, Шу-Іле таулары мен басқа да таулардан құлаған осы аймақтағы жауын суларымен толады. Су мөлшерін бөлу табиғи жағдайда Балқаш көлінің өзендер мен кішкене көлдердің, батпақтар мен топырақ бетіндегі және жер асты суларының булануы арқылы іске асатын. Аспаннан жауған жауын мен буланып кеткен су мөлшері бірдей болғандықтан көл арнасы калыпты жағдайын жоғалтпайтын. Жер бетіндегі құмдарға сіңіп кеткен сулардың өзі Ілеге қосылып, басқа өзендер сияқты Балқаш көлін толықтырып тұратын. Қазіргі кезде 600 шақырымға созылатын Балқаш көлінің аумағы тарыла бастады. Бұған басты себеп суды бұратын каналдар. Су бөгеттері салынып, суландыратын жер көлемінің ұлғаюы дер едік.

Бүгінде жерді суландыру 2-2,5 есеге өскен. Қапшағай су қоймасынан суды жіберу тәртібі бассейн экологиясына, тіпті балық шаруашылығын қалыпты жағдайда өсіруге қайшы келеді. Ақдала алқабындағы күріш өсіру жоғары өнім бермесе де суды көп шығын етеді. Көлді бұрынғы қалыпты жағдайына келтіру жайлы Қазақстан Ғылым академиясының баспасөз бетінде жауабы жұрт ойлағандай шықпады. Бірақ, Іле-Балқаш бассейнінде су бірдей белгілі мөлшерде сақталып, Қапшағай су қоймасындағы су көлемі 13,5 текше метрге дәл келетіні айтылды.

Осы арада тағы бір дерекке жүгініп көрейік. 1987 жылы «Қазақстанская правда» газетінің 29 мамырдағы санында Қазақ ССР Министрлер Кеңесі төрағасының бұрынғы орынбасары Э.Х. Гукасовтың қол қоюымен басылған мақалада: «Іле-Балқаш бассейніндегі су шаруашылығын қалыпқа келтіру үшін республикада тиісті шара қолданылуда» делінген. Ал Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1981 жылы қабылданған шешімінде Қапшағай қоймасындағы суды 475 метр, яғни 13,5 текше километр көлемінде ұстау айтылған. Сондай-ақ, тағы бір қаулысында Балқаш көліндегі су деңгейі 341 метр мөлшерден төмен болмауы көрсетілген. Іс жүзінде бүгінгі күні осы екі қаулының орындалмауына танымыз бар. Қапшағайдағы су 475 метрден жоғары да, ал Балқашта 341 метрден төмен.

Осындай «сен салар да мен салар» сияқты келіспеушіліктен көл қазіргідей мүшкіл қалға душар болды. Оның себебі, Балқаш көлі мен ауданы бассейніндегі суды тепе-теңдікте ұстамағандықтан. Бұған жер бетіндегі және жер астындағы суды бассейн мүмкінділігінше қарамай әртүрлі мекемелердің талан-таражыға салуынан. Әрі бір адамның иелік етпеуінен. Күрделі де қиын экологиялық проблемаларды шешуде ведомствалық шаруашылық мүдденің басым болуы, зерттеудің бір-біріне қайшы келуі, ғылыми-техникалық талдаудың жете зерттелмеуінен.

Көл суын қалай болса солай ысыраппен пайдаланудың нәтижесінде Балқаш жағалауының тұрғындары көлдің құрғап кетуі жөнінде және оның экологиялық жүйесінің бұзыла бастағанына байланысты кезінде орынды наразылықтар білдірген болатын. Міне, осы кезде Балқаш көлінің ең болмағанда батыс жағын сақтап қалу мақсатында Ұзынарал маңынан тосқауыл қойылды. Ал, Ленинград гидрожүйе институты көлдің шығыс бөлігінде судың тұзға айналуын толық зерттемей тосқауыл қоюды дәлелсіз деп тапты.

Балқаш көлінің экологиялық жүйесін қалпына келтіру және оны сақтау бір мақсатты көздейтін бір жүйеге түспеген. Әр облыс, әр ведомстволар экономикалық тиімділікке жетуге ұмтылып, өз шаруашылық мақсаттарын ойлауда. Мысалы «Балқашмыс» өндірістік бірлестігі, Тасарал, Жамбыл, Алматы жағалаулары маңында балық шаруашылығы жұмыстарын жүргізе алмайды.

1987 жылдың 3 маусымында табиғи қорлары үнемді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі КСРО Министрлер Кеңесі Президиумы комиссиясының қаулысында көлдің қалыпты деңгейін 341 метрден төмендетпеу керектігін ескертті. Әрі Қазақ КСР Министрлер Кеңесі,

Мемлекеттік агроөнеркәсіп, Су шаруашылығы министрлігі, Республика Ғылым академиясы басшыларының жеке жауапкершілігі көрсетілді.

1988 жылдың шілде айының ортасында Іле-Балқаш проблемалары жайлы зерттеу координаторы, Қазақ Ғылым академиясы, Қазақ География институтының қызметкерлері, техника ғылымының докторы А. Тұрсыновтың Балқаш көліндегі су деңгейін 340,5 метр белгіде ұстауға институттың негіз жасағанын айтты.

Осы орайда Э.Х.Гукасов География институтына істі ұйымдастыруға ұйытқы болатынына күмән келтірді. Өйткені, Балқаш көліндегі су деңгейін 340,5 метр емес, әр сағат, әр күн, әр апталықта 341 метрден кемітпеу керектігін ескертті. Егер осы белгіден кем болса, Қапшағайдағы суды 475 метр көрсеткіштен төмендету керектігін баса айтты. Әрі Қапшағай жасанды теңізі суды жинап, өз сүзгісі арқылы жыл сайын график бойынша қажетті суды Балқаш көліне босатады. Қайткен күнде де Балқаштағы су деңгейі 341 метр белгіде міндетті түрде тұрақты болуы керек. Сондай-ақ, ғылыми-техникалық шараларды іске асыру экологиялық экспертизадан өткізіледі.

Ілі-Балқаш бассейніндегі су-жер ресурстарын комплексті пайдалану схемасы жұмысы бағдарламасының екінші кезеңі баяу жүргізілуде. Зерттеу жұмыстарының қорытындылары бекітілуге ұсынылмады. Бұл өз кезегінде жоспарлау жұмысына кедергі келтіруде. География институты Балқаш проблемалары жөніндегі басты негізгі мекеме болғандықтан, іске білек сыбанып кірісетін уақыт әлдеқашан жеткен. Бұл жөнінде тиісті орындарда, Ғылым академиясында да арнайы сөз болды. Институт өз жұмысы Балқаштағы су деңгейін 240,5 метр белгіде ұстауды негізге алған. Бұл «Схемадағы» ғылыми шараларды іске асыруға кедергі келтіреді. Біз онда Балқаштың байлығынан бұрын көл айдынынан айырылып қаламыз.

Балқаш көлі – бір ғана ұлттың емес, барша халықтың байлығы. Сол байлығымызды көздің қарашығындай сақтау – асыл парызымыз.

1993

ҚАСИЕТТІ, КИЕЛІ ҚАРҚАРАЛЫ

*Над степями плывут орлы,
От Тобола на Қарқаралы.*
Павел Васильев

Ту көделі даласын бұйраланған, ұсақ шоқылы тауларында қазбауыр бұлттар шудаланған, етегінде өзендер жарысып, бұлақтар бүлкілдеген. қыста аязы қақап, жазда жауыны сіркіреген, қарағай мен шыршасы күн көзіне ұмытылып көкке өрлеген, қас батырдай өршіл де өктем келген. қайыңы мен өрімталы шаштарын самалға таратқан, аққулы айдын көлдері сұқтандыра өзіне жұртты қаратқан, көз салсаң мейірін қанатын, ұшса қыранның қанаты талатын, шалқар да салқар осынау кең сахараны қазақ бірақ ауыз сөзбен – «Сарыарқа» деп атаған.

Орталық Қазақстанды Сарыарқаның алтын дінгегіне баласак, сонын: Нұра-Талды, Қарқаралы-Наршоккен, Қызыларай-Бегазы, Тоқырауын-Жәмшы, Көрпетау-Нұртай, Ақсу-Аюлы, Бұғылы-Тағылы сияқты күйкалы да шұрайлы жерлерінен нелер дүлдүлдер мен бұлбұлдар шыққан.

Кешегі «актабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында Сыр бойынан Арқаға қарай ұлы көш шұбырғанын тарихтан жақсы білеміз.

Көп таудың арасында арқадағы,

Атақты бір сұлуы Қарқаралы.

Көркем кескін, кербез тау адам түгіл,

Бұлғты аспандағы тарта алады, - деп Қарқаралының көз тоймайтын кескін-келбетін өзінің атақты «Сұлушаш» дастанында Сәбит Мұқанов айшықты жыр жолдарымен мүсіндеген еді.

Қарқаралы ежелден-ақ барша қазақ халқы үшін қасиетті Мекке, Мединедей киелі орындардың бірінен саналады. Қарқаралы сұлулық символдай, адам бойына шуақ құяр күн нұрындай, қол жетпейтін асылындай, арман еткен ғашығындай, өзіне ынтықтырып магниттей тартады. Қарқаралы табиғатының әсемдігімен ғана емес, асқар тау мен дүбірлі даланы тамсандырған ел бастаған көсемдерімен, орақ тілді шешендерімен жұртшылыққа танымал өлке. Қаһарлы хандарды тәубесіне келтіріп, тура жолдан бұра бастырмаған, азуы алты қарыс айдаһардай дұшпанына айбат көрсеп, ауыз аштырмаған, аты аңызға айналған абыз бабамыз Қаздауысты Қазыбек билік құрған қасиетті мекен.

Иә, қасиетті топырақтан тектілер ғана шықса керек-ті.

Осыдан үш ғасыр бұрын Абылайханның жекпе-жекке шығатын бас батыры Жарылғап баһадүр, ақ иық сұңқар атанған Сенкібай, Шабанбай, Жидебай батырлар қазақ жерін жоңғарлықтардан азат еткен соң, бейбіт еңбекке араласады. Қаздауысты Қазыбек бабалары бөліп берген жерлерге қоңыс тебеді. Жарылғап баһадүр Орталық Қазақстанның батыс бөлігіне, Шабанбай мен Жидебай батырлар орталық тұсындағы Тоқырауын өзенінің бойына, ал Сенкібай шығыс жағындағы Қарқаралы өңіріне табан тірейді. Сенкібай батырмен қанды жорықтарда бірге болған қырғыз, жағалбайлы, табын, тама жігіттері де үйлі-баранды болып, күні бүгін Қарқаралы аймағында тату-тәтті ғұмыр кешуде.

Еліміздің егемендікке қолы жетіп, тәуелсіз мемлекет атағанымыздан кейін ғана әркі тарихқа барып отырмыз. Әйтпесе 1824 жылдың 8-ші көкегінде Қарқаралы округі құрылды деп жарты әлемге жар салар едік.

Қарқаралының әсем табиғаты мен мол кен байлығына қызыққан патша империясы оқ атпай-ақ халықтың мойнына қыл бұрау салып, елімізді отарына айналдырған күнді бағымыз жанғандай қарсы алдық. Қызыл империяның тұсында да осы дата аталып отырды. Қарқаралының аты да осы датаға байланысты басқа елдерге танылды. Қазақ тарихын патша отаршылдары жаулап алуға емес, игі ниетпен келіп жасаған болып шыға келді. Бұны үлкен мақтаныш, зор қошемет көрдік. Қаздауысты Қазыбек, Абылайхан, Жарылғап, Шабанбай, Жидебай, Сенкібай сияқты апайтөс батырларымызды ұмыт қалдырдық. Есімізге де алмадық.

Кезінде Биата атанған Сенкібай бабамыздан қалған мына бір канатты сөз күні бүгінгідей жаңғырығып естіледі. «Батыр жауда, дана дауда білінер. Қуаншылық кетер бел қалар. бектер кетер ел қалар».

Иә, көшкен сендей соқтығысып бектер де өтті. Патша да тақтан құлап келмеске кетті. Қызыл империя да өз көріне өзі кірді.

Қазақ тарихы бітелген бұлақтың аршылған көзіндей өзінің жүйелі арнасына енді-енді түсе бастады.

Патша империясы демекші, Қарқаралы аймағына 1785 жылдан бастап Ресейдің әскери адамдары тұмсықтарын тыққан көрінеді. Өздерін саяхатшылар етіп көрсеткен атамандар мен тау-кен шенеуліктері, әскерилер кең дала төсі мен көгілдір таулар қойнауына зерттеу жұмыстарын жүргізген. Көрпетай мен Бесшоқы төңірегінен мыс пен қорғасын қорытқан бірқатар көне орындарды кездестірген соң, пайдалы кен қазбаларын терең зерттеп, оны өндіруді шұғыл қолға ала бастайды. Осындай жымысқы ниетпен Қарқаралы округі құрылады.

Қарқаралы басында бекініс-станица, артынан қала атанады. Кейін қырық сегіз болысты біріктірген округ орталығына айналады. Қазақ даласын бұрынғыдан әрі қарай отарлауды, өз үстемдігін күшейте түсуді көздеген Батыс Сібір генералгубернаторы Сперанский 1822 жылы Сібір қазақтарына арналған Жарғы шығарады. Оның ережесіне сәйкес Орта жүзде құрылған сегіз сыртқы округтің бірі Қарқаралы болады. Округ қазақтар арасында дуан деп тарады. Сол дуанды пристав басқарып, билігін аға сұлтан іске асырып отырады.

Қанжардың екі жүзі болатыны сияқты патшалық Ресей бір жағы жерімізді басып алып, елімізді отаршылыққа айналдыруды мақсат еткенмен, екінші жағынан Қарқаралының сырт елдерге атынын шығуына ықпал етті.

Табиғаты сұлу да көркем аңыз өлке, ертегілер елі небір саяхатшыларды өзінің сиқыр да тылсым құпиясын білуге ынтықтырады. Енді Қарқаралыға орыс оқымысты-зиялылары, ағартушы-ғалымдары көз тігіп қана қоймай, осы аймаққа ат басын бұрды.

Алғашқылардың бірі болып, орысша білім алған, қазақтың тұңғыш ағартушы-ғалымы, Ресей географиялық қоғамының мүшесі Шоқан Уәлиханов 1855 және 1863 жылдары Қарқаралыға арнайы келеді. Ол бұл сапарларында ел арасына кең тараған аңыз-әңгімелер, ертегі-жырларымен танысып, өзіне керегін жазып алады. Сондай-ақ төрт түлік мал өсіруге байланысты мол мағлұмат жинайды. Осы өлкеден алған әсерлері кейін «Қарқаралының сыртқы округтары болыстарының қысқы көш-қоны» деген атпен басылып шығады. Ал 1865 жылы атакты саяхатшы Семенов-Тянь-Шанскийдің редакциясымен жарық көрген «Россия империясының географиялық-статистикалық сөздігінің» екінші томы Қарқаралыға деген орыс алпауыттарының қызығушылығын бұрынғыдан да арттыра түсті.

Қарадан алғаш Шоңның би, Құнанбайдың аға сұлтан дәрежесіне көтерілгені белгілі. Құнанбай 1850 жылдары Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып сайланысымен шариғат жолын ұстап, мұсылмандықты ел ішіне сіңіруге

барынша күш салады. Қарқаралыны дін орталығына айналдыруды көздеген Құнанбай Қаратөбеге таяу биіктеу дөнеске кішігірім мешіт тұрғызады. Ол кейін «Құнанбай мешіті» болып бүкіл елге аты жайылды. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов өзінің әйгілі «Абай жолы» кітабында жан-жақты суреттеген.

Ресей империясы қазақтарды астыртын орыстандыруды көздеп, ел ішіне іріткі салды. Әртүрлі зымияндық әрекеттер жасап бакты. Ру-руды омыртқадай бөлшектеп, бір-біріне қарсы қойып отырды. Басын біріктірмеуге тырысты. Ал Құнанбай елдің бірлігін ойлап, құдайға құлшылық қылатын дін жолын ұстанды. Соны уағаздап, іс жүзіне асырды.

Сарыарканың дәл кіндік тұсынан тұңғыш тұрғызылған Құнанбай мешіті сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу қазақтардың жиналатын қасиетті ғибратханасына айналды. Бұл – имандылық пен қайырымдылықтың, адамгершілік пен адалдылықтың, тазалық пен пәктіктің орталығы болды.

Мұсылмандардың алладан қайырымдылық тілейтін тамаша архитектуралы, биік мұнаралы Құнанбай мешіті қызыл империя кезінде ерекше қағажу көрді. Жетім баланың күйін кешті. Шіркеу мен мешіт сияқты діни орындар мемлекеттен бөлінісімен-ақ талан-таражыға түсті. Кейбірі қиратылды, кейбірі ат қораға айналды. Құнанбай мешітінің астыңғы қабатындағы құраннан бастап, көптеген діни кітаптар сақталған болатын. Кеңес үкіметі тұсында бұлар адам санасын улайтын зиянды кітаптар ретінде далаға лақтырылды, отқа жағылды, із-түзсіз жойылып кетті.

Құнанбай мешітінің мұнарасы опырылып ортасына түсті. Құлауға сал-ақ қалған шақта тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі үкімет қаулысы шығып, тәлтіректеп барып аман қалды. Ал ұлы Абайдың туғанына 150 жыл толу торқалы тойын дүниежүзілік көлемде атап өту барысында қырандай қайта түлеп, көркейіп, көріктеніп сала берді. Құдайға құлшылық қылатын бірден-бір қасиетті орынға айналды. Бүгінгі Қарқаралы қаласына ерекше сән-салтанат беріп, мұсылмандықты жұртшылыққа әйгілеп тұрған да осы Құнанбай мешіті. Иншалла ұзағынан сүйіндірсін!

Кезінде әкесі тұрғызған мешітті өз көзімен көруге келген Абай ірі татар саудагері Халиолла дегеннің үйіне тоқтаған. Қарқаралыға келген сайын әрі Қоянды жәрменкесіне бара жатқан сапарларында осы саудагердің үйін тұрақ еткен. Бұл үй балабақшаға айналып, көше жақ қабырғасына орнатылған тақтаға: «Мұнда 1850 жылы Абай болған» деген жазу ойып жазылған.

Қарқаралы таңғажайып табиғатымен ғана емес, әсем ән мен күмбірлеген күйдің де құтты мекені. Мұнда сан мәрте болған Әміре Қашаубаев асқақ та өршіл әнімен бүкіл Париж халқын өзіне тенті етті. Қазақтың өнерпаз халық екенін кең өлемге танытты.

«Қарқаралы басында жалғыз арша» деп әуезді әнге қосатын осынау сиқырлы да сұлу өлке ән қайнарының тұнып тұрған тұңғиығы сияқты. Бұған қазақтың фольклорлық өнерін зерттеуші А.В. Затаевичтің 154 әнді жазып алып, нотаға түсіргені дәлел.

Аты аңызға айналған құтты мекен орыстың М.М. Пришвин сияқты жазушысына шабыт берген. Ол осында жүріп «Козы Көрпеш – Баян Сұлу»

жырын алғаш тындаған. Қарқаралы басына шығып, Шайтанкөлдiң көз сұқтандырар сұлулығын өз шығармасына арқау еткен.

Ал саяхатшы, ғалым, этнограф Г.Н. Потанин Қарқаралы төңірегін Балқаш көліне шейін аралайды. Кент, Қу, Қызыларай секілді жерлерде болып, аңыз-әңгімелерді жазып алады. Үш ай бойы экспедицияда жүргенде Г.Н. Потанин тек қазақ фольклорын жинастырумен шұғылданбайды, Абай творчествосымен де осында тұнғыш танысады. Шокан жайлы естелік пен халық сазгері, акын Мәди жөнінде алған мағұлұматтарын кейін орыс тілінде жарыққа шығарады.

Кешегі төңкеріс кезінде біресе актер, біресе қызылдар Қарқаралы халқын қан қаксатып, ойран-топырын шығарды. Кенес үкіметін орнату жолында Ленадағы қанды қырғынға қатысқан революционер У. Жәнібеков, Қарқаралы Совдепінің мүшелері Н. Нұрмақов, М. Тәтімов, Г. Базилевич, А. Медубаевтар айтарлықтай еңбек сіңірді. Екінші дүниежүзілік соғыста ерекше ерліктерімен көзге түскен атакты ұшқыш Нұркен Әбдіров, Мартбек Мамыраевтар Кенестер Одағының Батыры атанды.

Осынау қасиетті де киелі топырақтан жалынды акын әрі сазгер Мәди Бапыұлы, дауылпаз акын Қасым Аманжолов, Қазақстанның Халық жазушысы Әлжаппар Әбішев, акын-жазушы, журналистер Ғабдиман Игенсартов, Қапан Сатыбалдин, Жаппар Өмірбеков, Әмен Әзиев, Сапарғали Ләмбеков, Сұлтан Кемелбаев, Мағауя Сембай, Халық артистері Қалибек Қуанышбаев, Шолпан Жандарбекова, Рахия Қойшыбаевалар шыққан.

Әйгілі сынақшы-ұшқыш, тұнғыш қазақ ғарышкері, Кенестер Одағының Батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы, генерал, атакты Октар Әубәкіров те Қарқаралының түлегі.

Арыстар мен алыптардың, дүлдүлдер мен бұлбұлдардың құтты мекені, «Қазақстанның Швейцариясы» атанған Қарқаралы бүгінде ерекше көркімен көз тартады. Жоғарыдағы атап өткен тарихи орындар қайта жөндеуден өткізілді. Қала көшелеріне тас төселіп, жасыл желекті ағаштар отырғызылды. Бұл игі бастама ұлы Абайдың 150 жылдық мерейлі мерекесі алдында жалғасын тапты. Сырттан келген қонақтарды өз салтанат көркімен қарсы алды. Қарқаралы халқының еңсесі көтеріліп, бір желпініп қалды.

Бірақ елдің қуанышы ұзаққа бармады. Абай тойынан кейін: «Қазыбек би мен Қарқаралы ауданын біріктіріп, орталығын Қарағайлы етпекші екен» деген жел сөз ел ішінде гүледі. Халықтың жанын жегідей жеп, жүректерін сыздатты. Ақыры Ақтоғай мен Тоқырауын, Шет пен Ақадыр, Ұлытау мен Жезді сияқты Қарқаралы мен Қазыбек би қосылып, Қарқаралы бұрынғысынша аудан орталығы болып қалды.

Екі аудан қосылған соң, бүгінде 22 селолық округ пайда болды. Олардың территориясында 371 шарушылық субъектілері жұмыс жасайды. Мұның 13 өндірістік кооператив, 2-уі акционерлік қоғам, 9-ы жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Бұған 346 шаруа қожалығы мен 1 корпорацияны қосыңыз.

Бүгінгі нарықтық жағдайға байланысты аудан экономикасын дамы-

туда өндіріс салаларын өркендету көзделген. Инвесторлар тарту арқылы Кентөбе мен Қарағайлы кеніштерін, жаңа кен орындарын ашу-өндірілген шикізаттар мен өткізу рыногін қалыптастыру жолға қойылмақшы.

Ауылшаруашылығында бұрынғыдай егістік егетін жер көлемін ұлғайтпай, өнімді мол алатын алқаптарды тиімді пайдаланып, шығымы төмен жерді жайылымға беру қарастырылған. Жергілікті ресурстарды пайдалану да аудан экономикасын көтеруге септігін тигізеді сөзсіз. Осы бағытта орман шаруашылығын дамытып, ағаштан құрылыс материалдарын дайындау қолға алынған. Сондай-ақ жергілікті шикізатты пайдаланып, халықтың ісмерлік, сәулет-сәндік, тұрмыстық салт-дәстүр мен қол өнерін қалыптастырып өркендету өз өрісін табуда.

Осыдан біраз жыл бұрын Қарқаралы аймағын ұлттық паркке айналдыру жөніндегі үкімет шешімі қағаз жүзінде қалды. Қарқаралыдағы жануарлар әлемін көбейту үшін деген желеумен, тек кейбір жоғары жақтағы басшылардың соғымы үшін ормандарға қаптатып шошқа жіберілді. Ал шошқа шошқалығын жасамай тұрсын ба. Жайылымдар мен шабындық жерлерді тұмсығымен қопарып керексіз етті. Ағаштардың тамырын қырқып, жасыл-желекті орман алқаптарының ойран-топырын шығарды.

Осындай келеңсіздікті болдырмау үшін Қарқаралы тау-орман аймағын қамтитын мемлекеттік ұлттық табиғи парктің құрылғанына да бірер жылдың көлемі болды. Содан бергі уақытта көрікті өлкені қалпына келтіруге, азайып кеткен ан-құстарын сақтап көбейтуге бағытталған игі шаралар жанадан сайланған аудан әкімі Ниханбай Омарқанов келгеннен бері қанатын жая бастады.

Балығы көп қоғалы көлдер мен жабайы аңдар емін еркін именбей сайран салып, жайылып жүретін жасыл желекті тоғайлар ерекше қамқорлыққа алынып, күзет күшейтілген.

Ауқымды Қарқаралы баурайын мемлекеттік ұлттық парк дегенмен оны бақылауға алуға жергілікті табиғат жанашырларының көмегінсіз іске асыру мүмкін емес. Сондықтан кейбір шаруа қожалықтары өз еріктерімен қолдан келген көмектерін көрсетуде. Мәселен, Шокпартас бөктерін «Бүркіт» шаруа қожалығы қамқоршылыққа алған. Олар көлдерге балықтар жіберіп, ормандарда жабайы ан-құстардың өсіп өркендеуіне жағдай жасауда. Қыста азықтан тарықпауы үшін 30 гектар жерге дөңді дақылдар егіліп, қажетті жем әзірленген. Қыстың қақаған аязды күндерінде аңдарға беруге 50 тонна қосымша шөп тағы шөмелеге үйілген.

Сондай-ақ табиғаты көркем Қарқаралы аймағын туризм мен демалыс орындарына айналдырса, сырттан келушілерге, демалушыларға қызмет көрсетуге инфрақұрылымның өркен жаюына кең жол ашылары айтпаса да түсінікті.

Жұмыс ырғағын нарық жағдайына бейімдеп, туған жердің көркеюіне, халқының тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына Қарқаралы ауданының еңбеккерлері қолдан келгенін бәрін жасайды.

Шыңдарында тұрады қорытылған жездей бұлт ұйып,

Әкетті мені арқалап тағы биіктік.

Қарқарам дейді, қалқажан дейді, қарт анам дейді.

Қарқаралы сені құшағын ашып сүйіп жұрт, - деп қазақтың тарлан ақыны Сырбай Мәуленов тебірене жырға қосқандай мен де Қарқаралының кескін-келбетін құзар шындай дара көргім келеді. Дүбірлі бәйгеден дарабоз шыққан тұлпардай қасқайып тұрғанын қалаймын. Солай боларына Қарқаралы халқы да имандай сенеді.

2000.

ҚАСЫМСЫҢ, СОЛ БАЯҒЫ БІР ҚАСЫМСЫҢ

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздігін жалпақ дүниеге жария еткеніне, Қазақстан Республикасын әлем халықтарының мойындағанына көп те емес, аз да емес он жыл толғалы отыр. Осы жылдар ішінде Қазақстан оң мен солын, алып пен жақынын біліп қана қоймай, құрылықтың барша адал ниетті елдерімен достық қарым-қатынас орнатты. «Қазақ» деген халық, «Қазақстан» деген ел барын төрт құбыламыз түгел таныды. Бұған өз ақыл-ойының, күш-жігерінің, білімі мен біліктілігінің, саясаткерлігі мен қайраткерлігінің арқасында біздің тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев қол жеткізді.

Көк байрағымыз көгімізде желбіреп, әнұранымыз асқақ қалықтап, елдік белгіміз күн көзіне жарқырап тәуелсіздігіміз орныққан кезде осындай шалқар шаттығымызды өз көзімен көріп, бірге бөлісе алмай кеткен абзал азаматтарымыз қаншама десеңізші! Соның бірі — дауылпаз ақын Қасым Аманжолов.

Елу жаста елім бар деп айта алмай,
Кетпес естен күйінгенің мұңлы Абай.

Елім бар деп айтатын бір туды күн,
Елім бар деп шыркатамын мен бүгін.

Еркелеймін кен далада баладай, — деп тасқын судай көсіле төгілетін ақын «ССРО-дейтін менің бар елім» деп оқтау жұтқандай, ССРО-ны зорға, еріксіз, тілі күрмеле айтпай:

Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін.
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған.
Бұл далада жылап келін уаңғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуаңғам.

Осы Отанда өскен жанда жоқ арман! — деп көкірегін кере қырандай құлашын кеңге жайып, Отаншылдық жан сезімі, ұлы байтақ даласына деген өшпес махабаты алаулап дауылпаз Қасымның өршіл үні алты қырдың астынан күркіреп естілер еді-ау!

Бүгін өкінішпен «өттең-ай» дейміз. Бармағымызды тістейміз. Кешегі желтоқсан кезіндегі Қайрат сияқты сынар езу саясаттын құрбаны болмаса да соның ызғары жанын жегідей жеді. Жүрегін сыздатты. Айықпас дертке шалдықты. Ақыры сол ауруы мендеп бақилық болды. Тіршіліктегі тозақ отынан, пейішке кіріп, жаны жәннатта мәңгілік жай тапты.

Кешегі Кенестік дәуірдің көптеген кемшіліктерімен бірге жетістіктері де болғанын жоққа шығара алмаймыз. Оның ішінде қазақ халқы үшін онтайлы жағдайлар туды. Бай мен кедейлер теңеліп, кедейлердің сауатын ашуға, балаларын қалаған оқуға оқытуға, тегін дәрігерлік көмек алуларына мүмкіндік жасалды. Қасым сияқты жетім балалар үкімет тәрбиесінде болды.

Бұны Қасым да жоққа шығармайды.

Сонау кез...

Мұрша болмай ойлануға,

Шыққалы жатыр едім қой бағуға.

Ленин кеп алыстағы аулымызға,

Ап кетті көппен бірге мені оқуға, — дейді.

Рас, жетім балаларды тәрбиелейтін арнайы үй ашылып, Кеңес үкіметі оларды оқытты, білім берді, киіндірді, тамақтандырды, барлық жағдай тудырды. Сөйтіп, кешегі панасыз балалар пана тапты, ой-өрісін кеңейтті, білім нәріне сусындады. Кеңес үкіметі оларға әкесіндей болды.

Осы шындықты Қасым өзінің отты «Советтік менің өз елім» деген өлеңінде шабыттана жырлады.

Өмірге ендім еңбектеп,
Шалкалап әкем шықты үйден.
Жетімдік тағдыр жетті ептеп,
Қабағын жаба түксиген.

Өмірден үміт жоқ өзге,
Даланың тердім тезегін.
Әкем боп таптың сол кезде,
Советтік менің өз елім!

Кенестік дәуірдің астарында жатқан сұрқиялықты білмей өскен сол кезгі ұрпақ, оны барынша дәріптеумен болды. Сол үшін жанын пидаетуге дайын екенін октябрыт, пионер, комсомолдан бастап, қарт коммунистке шейін әзір тұрды. Қасым да сол ұрпақтың өкілі еді. «Ақынның болдым сен үшін, Советтік менің өз елім!» дейтіні де сондықтан.

К. Аманжолов әкесі Рахымжаннан жастай жетім қалады. Қарқаралыдағы ауылда хат таныған Қасымды ағасы Ахметжан Семейге апарып, бастауыш мектепке түсіреді. 1924-26 жылдары сол қаладағы интернатта тәрбиеленеді. Мектепті бітірген соң, Семейде мал дәрігерлік техникумға түсіп, орыс тілін меңгеріп, сауатын ашуы, орыс әдебиетімен танысуына бетбұрыс жасайды. 1930 жылы «Лениншіл жас» газетінде өлеңдері жарық көреді. Білімге ынтыққан жас 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына оқуға қабылданады. Бірақ оқуын әрі жалғастыра алмайды. Денсаушылығы жарамағандықтан Оралға келеді. Осында «Екпінді құрылыс» газетіне жұмысқа орналасады. Газет редакциясында қызмет атқарған кезінде шығармашылыққа біржола бет бұрады.

Жаңа ізденіс жолына түскен акын өлеңдері тың ырғақпен, сырлы сезіммен, өршіл үнмен естіле бастайды. Күннің күркіріне, нажағай жарқылына, ышқына соққан дауылға құмартқан акын жырлары табиғаттын осынау ерекше құбылыстарындай айшықты бояумен, кәусар шәрбатымен, өткір де ойнақы пілімен, батыл да нақты ойымен оқырмандар жүрегіне жол тапты. «Қазақтың әні мен өлеңін, найзадай көтеріп келемін. Шығыстың алса аспанын, түндіктей түріп бір тасталдым» – деп Шығыс аспанында жаңа бір жұлдыз туып келе жатқанын бүгежектемей, ағынан жарыла ақтарыла айтады.

Қасым өзінің бұл мінезін әбес көріп, сенімсіздік білдіргендерге:
Өлеңнің қаптатармын отты селін,
Толассыз топанындай ертегінің.
Білерсіз кім екенін сонда, Сәке,
Бұл күнде от шайнаған тентек інін, – деп алған бетінен қайтпайтынын Сәбитке арнаған өлеңінде нықтай түседі.

Аузымен от шайнаған дауылдан жаралған дауылдың ұлы «ауыздықпен су ішіп, толарсақтан су кешетін» қызыл өрттің ішіне тайсақтамай кіріп, Отанын жаудан қорғау үшін қан майданға аттанады.

Қош болшы енді, Оралым,
Күле бер шалқып, сайранда!
Айтпақшы қайда бораның,
Кетейін алып майданға, – деп тіл қатады қайсар акын туған жерімен қоштасып бара жатып. Жауына өрт болып тиіп өртеуді, долы боран болып соғып, қақаған аязымен қалтыратып қаруды ойлайды.

Европаның бірнеше елін бас көтертпей басып алған неміс басқыншыларының Совет елін де көп күш, шығынсыз бағындырамыз деген дәмескі үміті, соғыстың алғашқы кезінің өзінде-ақ күдік туғыза бастады. Көп ұлтты Совет халқының оңай шағылар жаңғақ емес екені әр майдан шебінде көрініс тапты.

Алғашқыда батыстағы шекарамызды түріп, еліміздің ішіне үңгі енген фашистер шынында үрей туғызатындай еді.

Өмір гүлін жаншып, таптап,
Шаштан сүйреп махаббатты.
Жерімізге жындай қайтап,
Найзаға іліп ар-ұятты,
Келе жатты сұм жендеттер,
Жиіркеніп, жиырылды жер.
Жауға тамшы татырмастай
Буырқанып тасты өзендер.
Ашулы жел ащы дауысы,
Тұндырғандай жау құлағын.
Сол аймақтың әрбір тасы,
Күйретердей жау қамалын.

«Ақын өлімі туралы» дастанында Қасым фашистердің жиіркенішті жауыздық бейнесін осылайша көз алдымызға елестетеді. Жауға деген өшпенділік адамдардың бойларында ғана емес, туған жердің әр тасы окша атылуға, өзені буырқанып тасуға, долы дауылдың үйіре соғып дұшпан қамалын күйретерліктей айбаты жанды іс-әрекет үстінде көрсетілуі – тың образ, тың сурет еді.

Дауылпаз ақын одан әрі адамдардың жауға деген өшпенділігін, қаһармандық қайратын алдаспандай жыры арқылы былайша кескіндейді.

– Қасиет күші Ұлы Отанның,
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл жүрек

Иә, казактың ұл-қыздары Абдолла сияқты соғыс жылдары ерліктерімен жұртшылықты өздеріне тәнті етті. Атақты ұшқыш Нұркен Әбіров, жауынгерлер Мартбек Мамыраев, Қазыбек Нұржановтар, Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүктер Отаны үшін жау жолында бомба болып жарылып, тарихқа аттарын алтын әріппен жазып қалдырды.

К. Аманжоловтың поэтикалық жалынды жырлары соғыс кезінде ерекше қуатымен жауынгерлердің бойларына жігер мен қайрат құйса, тылдағы бейбіт адамдар жүрегіне жауды жеңетін сенім отын тұтатты. Өзі де дұшпанын жеңіп:

Үстімде сұр шинелім,
Аксандай басып келемін.
Баяғы Қасым, бір Қасым,
Баяғы күйім өлеңім, – деп өлендетіп, кешегі достарын, құрбы-құрдастарын, арман қызын іздеп елге қайтқан ақын көңілі шалқар даридай толқып тасып, шексіз қуаныш құшағында еді.

Жендік қой жауды, арман не құрбым.
Күркіреп күндей, өтті ғой соғыс.
Келемін қайтып, өлеңімді айтып,
Қайда екен, қайда, Дариға сол қыз?!

Соғыстан оралған жауынгер ақын барша әлемге жар салып, сүйген қызын іздейді. Ақыры табысады, мауқым басады. Қайтадан өлең деген бір сиқыр тұлы бойын шымырлатып, жүрегінен жанар таудай атқылап, ерекше екпін, айшықты үнмен жыр маржаны төгіледі. Ақынның қуатты, соны серпінді, дауылдай үйіретін өр мінезді өлеңдеріне адам тұрсын та-

биғат та танданғандай сынай танытады. Акын өршелене түседі. «Күйім тасып барады, күйім тасып, Ойнақтайды он саусак перне басып. Дүниеге қараймын отты көзбен, Терезесін жанымның айқара ашып» деп ақтарылған акын жанын түсінудің орнына, сол кездегі солақай саясат, дүмше шенеуліктер, кен далада еркін көсілетін арғымақтың аяғына шідер салды. Дүбірлі жарысқа қоспай, қаңтарып ұстағысы келді. Бұған арғымақ акын шыдамады. Өленнің не бір селін тасқындатты.

1951-52 жылдары К. Аманжолов ауызша да, жазбаша да қатты сыналды. Талай әдебиетшілер қорқаудай тіміскіленіп акын шығармасынан «ұлтшылдық», «ұлтшылдық сарын» іздеді.

Әдеби бір жиналыста К. Аманжолов қатты шенеледі. Осы жайлы Т. Әлімқұлов ақынға келіп айтады.

– Сен неге сөйлемедің? - дейді Қасым.

– Маған сөз тимеді, - деп өкініш білдіреді Төкен.

Үйінде сырқаттанып жатқан Қасым столды қойып қалады.

– Сөз бересің деп қасарысып тұрып алмайсың ба? - деп зекиді.

Артынша «Ай, құдай-ай, қайтейін! – деп жылап жібереді.

«Күшігендей солқылдап ұзақ жылады...

Жазған акын, қайсар акын осылайша оқыс жарылды...» деп Төкен Әлімқұлов көмектесу қолынан келмесе де, ақынның мүсәпір қаліне аяныш сезімін білдіреді.

Қайсар коммунист ақынның соңына шырақ алып түскендер, 1951 жылдың желтоқсанында партияның жабық жиналысына салып, сілікпесін шығарып, Жазушылар Одағынан, партия қатарынан аластатып, тығырыққа тіреуді ойлады. Сол жиналыста нажағайдай жарқ етіп мінбеге шыққан Қасым отты да өткір жырымен өзін-өзі ақтап алады.

- Ей, Қасым, адасуға қакын бар ма?

Адасу закон ба екен ақындарға?

Жана басқан жолыңнан адасасың,

Мұхтар, Ғабит, Сәбиттей атың бар ма?

Өзінді өзін ойла, ей, шырағым,

Сөнбесін кеудендегі шам-шырағың,

Жүйріктер бәйгесіне босқа түсіп,

Сен неге шабаныңды қамшаладың.

Кез емес дария көңіл тартылғандай,

Не бопты өлең шіркін сарқылғандай,

Қырықтың дәл қыркасында тұрмын қазір,

Байқаймын алдым қандай, артым қандай.

Азырақ құрғыр ауру қажытса да,

Әлі де жүрегім бар шарқ ұрғандай.

Риза етіп ата-анамдай мен елімді,

Өмірге берем кетін берерімді.

Көсемім – Компартия, ұлы Отаным,

Ал қабыл бойымда бар өнерімді, – деп ақтарылады.

Сөйтіп, өршіл акынды мұқатып, сағын сындырғысы келген науқанды жиналыс Қасымның жеңісімен аяқталады. Көп ұзамай дауылпаз акын көкірек ауруынан дүние салды.

Асылды тіршілігінде көкке көтеріп, өзіне лайықты бағасын беруге құлшынбағандар енді «өттеген-ай-ға» басып, «дарыннан ерте айырылып қалғанымыз қандай өкінішті» деген баяғы гөй-гөйіне салып көлгірсумен болды. Бұрынғы сынағандар, енді ақтауға көшті. Олардың мақтауына Қасымның жырлары зәру емес еді. Көзі тірісінде барша қазақ халқы мойындаған жалынды акын өлендері әр оқырманының жүрегінде жатталып қалды.

Жыр әлемінде Абайдан кейін батыл ой айтып, айналысы теп тегіс жұмыр келген өлендерін азаматтық өршіл үнмен, қазаки табиғилығымен, сырлы да нәзік сезіммен, адамның жан дүниесін бірден баурап алатын саздылығымен өз өрнегін қалдырған біртуар классик акын осы Қасым Аманжолов.

Қасымды ұстаз санамаған акын кемде-кем. Соның бірі Мұқағали Мақатаев. Мұқағали де тіршілігінде өмірден аз тепіреск көрмеді. Бірақ Қасымдай бүгінгі жазған өлеңін, ертеңіне даттап каралаудан аман болды.

Кейбір Мұқағали шығармаларын зерттеушілер, оны Қасымнан артық қоюға талпынып, Қасымның Совет елін, Компартияны, көсемдерді жырлағанын көлденең тартады. Ал, ой жүгіртсек Мұқағали «Мавр», «Аппасионата», «Болшевиктер» деген дастандар жазған акын. Тіпті Қасым мен Мұқағали тұрсын біздің қатарымыздың да осы тақырыпқа соқпағаны шамалы.

Мұқағали шығармалары кешегі Кеңестік дәуірде де қандай сыйлыққа болсын лайықты еді. Ақыры Тәуелсіздігіміздің он жылдығы қарсаңында өз еліміздің жыр сүйер қаумы М. Мақатаевқа Мемлекеттік сыйлықты алып берді. Бұл да болса, көңілге медеу, бойға қуат беретін ардақты акынға деген зор құрмет екені сөзсіз. Бірақ тіршілігінде бағалағанға не жетсін!

Кешегі Абайдың 150 жылдық мерейлі мерекесін атап өтер тұста, Абайға «ұлы» деген атауды бере алмайтындай күй кештік. Өйткені бүгінгі көзі тірі кейбір ақындар «ұлы» атанып кеткен еді. Маңдайымызға біткен ірі Абайды сол «ұлылар» қатарына қою ұят көрінді. Содан «Пайғамбар», «Данышпан» атадық. Өйтпеске амалымыз қалмады.

Ал Қасымға келетін болсақ, акын сөзімен айтқанда: «Қасымсың, сол баяғы бір Қасымсың» — дегін келеді. Өйткені Огинскийдің «Полонезі» сияқты «Дариға, сол қыз» жалғыз өленімен, немесе Дантенин «Кұдыретті комедиясы» сияқты «Абдолла» дастанымен де әдебиет тарихында классик болып қалатын акын. Ол қазақ поэзиясына 9-10 буынды жаңа өлең үлгілерін енгізіп, әуезділігі мен саздылығына соны серпіліс жасады.

Жаңа ғасырға бет алып отырмыз. Үшінші мыңжылдықтың қалың оқырманы іздеп жүрін оқитын Қасымдай ақиық акынның поэтикалық қуаты күшті, дауылпаз жырлары — әр жүрекке бірден жол табатын, серінің сертке таққан семсеріндей тот баспайтын, ешқашан ортайып, сарқылмайтын алтын қазына.

Сондықтан,

Жырларын тұла бойда лапылдаған,
Жанартау сияқты еді атылмаған.
Өртке тиген дауылдай Қасым болдың,
Жарқырап нажағайдай шатырлаған.

Кып-қызыл шоқтай жанып маздалын да,
Қанынмен соғыс жайлы жазбадың ба.
Қуана өлеңдетіп елге оралдың,
Бомба болып жарыла жаздадың да.

Махаббат, асыл арман күйі өмірдің,
Халқыңа сырын шерттің жүрегіннің.
Асыл жар, туған жер мен жыр өлемін,
Дем бітіп өле-өлгенше сүйе білдің.

Пәтер тимей көрсен де жәбірлікті,
Иілмеген қайратты жаның мықты.
Бұра тартсын кей пенде пір тұттың ғой,
Қара қылдың как жарған әділдікті.

Ғашықтықты ал, жаның жай ұқты ма,
Өз ошағын ұнатса айыпты ма?
Кең даланы көсілген құлай сүйдін,
Сарыарқа, Алматы, Алтай, Жайықты да.

Өмірге келіп жатыр талай Қасым,
Киіп-жарып, кеуде ұрмай абайласын.
Қазақ жыры көгінде Темірқазық,
Қазақ жыры бастауы Абай, Қасым.

2001

АЛАШТЫҢ АЙБЫНДЫ АЛЫБЫ

Бурадай шонжар, жампоз, жараған дом,
Өрдаш төс, белбеу дене, шойындай сом.
Алпамса алкам-салқам, бұлшық етті,
Құба жон, алды-артына біткендей ком.
Құтжадай топтан оғаш көз тартады,
Мысалы, даладағы бейне бір дөң.
Алыбы бұл заманның Қажымұқан,
Адамның осы күнгі шонжары шон.
Сәкен Сейфуллин.
Бойындағы буырқанған бұла күшімен қазақ халқын күні кеше жат

елдерге қайқайып тұрып танытқан Қажымұқан Мұнайтпасов еді. Әлемнің алпысқа жуық елдерін аралап, елуге тарта медальді төсіне таққан. «Дәл саны есімде жоқ, бірақ медальдары көп екенін және әр елдікі екенін өзім де көрдім» деп жазады «Өмір мектебі» романында Сәбит Мұқанов.

Алыс сапарға шығып, алқалы топ алдында алаштың абыройын асқатқан күш атасы Қажымұқанды «Палуандар патшасы» десе де болғандай. Кешегі қызыл империя тұсында біздің кейбір патшамыз, қандай еңбегі үшін алғанын бір құдайдың өзі біледі, төсін Алтын Жұлдыздан бастап, басқа мемлекеттердің орден-медальдарына толтырды. Тіпті басқа елдердің басшылары Ордасына әкеліп салтанатпен тапсырғанын жер жүзіне жария етіп, теледидардан көрсетіп, марапаттап жатты.

Ақырында темір-терсектің салмағы еңсесін көтертпей, тілі күрмеліп, шақшадай басын тұқыртқан бойы көр түбіне кіргізді. Құрдымға сіңген су сияқты аты да тез өшті. Жел айдаған қаңбақтай өмір керуені де көшті. Абыройы да айрандай ақтарылды.

Сол қызыл империя тұсындағы патшаларымыз халық дәулетін оңды-солды суша шашып, елімізге бұйыртпады. «А» деп ауыз ашқандарын абақтыға қамап, лагерлерде шірітті. Атып, асып қынадай қырды. Қалғандары нанын тауып жеп, тіршілік жасап жүргендеріне қанағат қылды. Үндерін шығармады.

Ал палуандар патшасы Қажымұқан соғыстың ауыртпалық жылдарында қол қусырып қарап отырмады. Ауылдағы шал-шауқан, қатын-қалаш, бала-шағалармен бірге өзі бас болып дала жұмыстарын атқарды. Енді бірде бұрындары циркте көрсеткен өнерін жұртшылық тамашаланды. Жасы жер ортасынан ауса да шаршау, шалдығуды білмеді. Тек елге жеңістің келуін армандады. Соны жақындатуға өзі де үлес қосты. Еңбектеніп тапқан бар ақшасын жинап, жауды талқандайтын самолет жасауға берді.

Қажымұқанның осы мәрттігі жайлы Бірінші Прибалтика майданында қазақша шығатын «Жауға қарай алға» газеті редакциясы балуанға жолдаған хатында былай делінген:

«Қажеке!

Отанымыздың қорғаныс қорына Сіздің 100 мың сом ақша қосып, елімізді жаудан тазарту ісіне қолма-қол қатысқаныңызды біз жауынгерлер мен офицерлер мақтаныш етеміз. Өзіңіздің абзал есіміңіз Совет жауынгерлерінің рухы мен моральдік күшін арттыра түседі. Әсіресе Қызыл Армияның қазақ жауынгерлері Сіздің данқты есіміңізді мақтаныш етеді. Сіздің моральдік бейнеңіз олардың күшін еселеп арттырып, ерлікке шақырады.

Газет редакциясының орынбасары Аймұратов,
29 октябрь, 1944 жыл № 3010Қ».

Қажымұқанның қаржысына жасалған «ПО-2» самолетімен кіші лейтенант Қажытай Шалабаев көк төсінде самғаған. Бір жағында «Амангельді Иманов», екінші жағында «Қазақ ұшқыштарына Қажымұқаннан» деген жазуы бар бұл самолет жаудың зәре-құтын қашырады. Біздің

жауынгерлердің жеңіске деген сенімін арттырады. Сол сенім үміт жібін үзбей еліміз жауды талқандап, жеңіске жетті. Қажымұқанның самолетімен ұшқан аға лейтенант Қажытай Шалабаев ата аруағы қолдап, төсіне ордендер мен медальдар тағып ерлікпен еліне аман-есен оралды.

Жалын атқан жастық шағында төрткүл дүниені алып күшімен, сан қырлы өнерімен тәнті өткен палуан қартайған шағында осындай көзжұмба мәрттікке барады. Отанды сүйгіш ұлтжанды деп Қажекендей нар тұлғаларды айтса керек!

Кешегі екінші әлемдік соғыста қазақтың абырой атағын биіктеткен жыр алыбы Жамбыл болса, екіншісі – күш атасы Қажымұқан еді. 1996 жылы қос санылақтың мерейтойлары қатар келді.

Жыр алыбы Жамбыл жайлы арнайы бағдарлама жасалып, іс қызу қолға алынса, ал күш атасы Қажымұқан ескерусіз қалды.

1995 жылы ұлы Абайдың 150 жылдық торқалы тойының дүбірлеп өтуіне айырықша көңіл бөлінсе, екінші бір қазақтың арысы Шокан Уәлихановтың 160 жылдығы аталмады. Тіпті Ғылым академиясындағы ғалымдар ғылыми-теориялық конференция жасауға да ат салыспады. Өкінішті-ақ!

Сол жылы Қажымұқан бабамыз да Шоканның кебін киді. Соның алдында ғана қазақтың бір топ зиялылары «Егемен Қазақстан» газеті бетінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа Ашық хат жазды. Онда Қажымұқанның алаш жұртын төрткүл дүниеге алғаш танытқан, халқымыздың тарихына мәңгілікке тіркелген алып тұлға екені айтылған. Сондай-ақ мерейтойға байланысты атқарылуға тиісті шаралар ортаға салынған. Соның бірі Алматыдағы «Самал» ниағын ауданында салынып жатқан мәдени-спорт кененің Қажымұқан атымен атау.

Мен осылардың бәрі тек қағаз жүзінде қала ма деген күдік жетегінде болдым. Өйткені, осыдан біраз жыл бұрын Орталық стадионға Қажымұқан есімін беріп, алдына ескерткішін орнату жөнінде баспасөз беттерінде бастама көтерілді. Біраз даурығып, даурығып «Мәскеу ұрықсат етпеді» деп жабулы қазан жабуымен қалды.

Кешелер Мәскеуге жалтақ-жалтақ қарасақ, бүгінде өзіміз тәуелсіз мемлекет, егемен ел емеспіз бе? Неге батыл шешімге бармаймыз? Қаражат тапшы болса, Алла Пугачева сияқтыларды сырттан шақырып, қалталарын кампитып жіберетін кәсіпкерлер қайда? Олар туған топырағынан шыққан өнер мен мәдениет саласындағы тарландарымызға неге қол ұшын бермейді? Басқа тілде тәрбие алғандар, басқа ел адамдарына аңсары ауып тұратыны қалай? Өз ұлтын, өз халқын сыйламайтын кәсіпкерлерге неге қазанның құлағын ұстатып, қазына кілтін қолдарына береміз? Олар мемлекеттен тыс адамдар ма?

Осы орайда орыстың белгілі жазушысы А.И. Куприннің атакты палуан, Қажымұқанмен бірге сан дүбірлі жарыстарға қатысқан Иван Зайкинге, ол ауыр жүктің астында қалып мүгедек болып қалған кезде жазған хатын есіме аламын.

«Ардақты Иван.

Осы апта жаның қалған апта болды-ау. Сені жерлеп қойып еді.

тіріліп қайта шықты. Репинді де жерлеп еді – ол да тірі. Владимир Дуров та тірілді. Әсіресе сен үшін қуаныштымын. Осы бір өмірдің ауыр тәжірибесі, болаттан құйылған балға астында енді қалай болса, солай басынды қоя берудің не екенін үйреткен шығар. Сенің жеп-жеңіл, бірақ көрермендерге өте ауыр әсер қалдыратын оңай нөмерлерің көп қой.

Әзірге саған өте киналып тапқан 500 франкімді ғана жіберіп отырмын. Қазір аз жазамын. Бұрынғыдай жұмыс жеңілге түспейді. Оның үстіне жазып келе жатқаным 40 жылдан асып, өзіме де міне үшінші күн болды, 60-қа толыппын. Дем алуға мүрша жоқ. Сен мұны тіс жарып басқаға айта көрме, құрметті қауымға емес, дос болған соң өзіне айтып отырмын. Шығармаларымды аудару жөнінде Америкамен, Италиямен келіссөз жүріп жатыр. Әзірге табысым 20 процент, ең әрі кеткенде 80 процент. Мүмкіндігім болса, тағы да 500 франк жіберемін, егерде оған мүмкіндігім болмаса біртіндеп екі-үш бөліп жіберемін.

Тезірек айық, мерткісең де сенін аман қалғанына шын жүрегіммен қуаныштымын. Сенің денсаулығың керемет-ау.

Сені сүйетін А. Куприн.»

Бұл А. Куприннің отанынан тыс эмиграциядағы кезінде жазған хаты. Өзі де қаражаттан таршылық көріп жүрген жазушы елінің данқын шығарып, жұрт сүйіспеншілігіне бөленген атақты палуан И. Зайкинге қолынан келген көмегін аямаған. Бұл елін танытқан абзал жанға деген шексіз махаббатының жарқын көрінісі емес пе!

Ақшасын бұрқыратып оңды-солды шашатын бүгінгі кәсіпкерлер ұлтының намысын қорғайтын ұлтжанды маркастарға осылайша қол ұшын беріп, көмек көрсетіп жатса нұр үстіне нұр емес пе.

Елінің намысын жыртқан палуандар күресіне қызығып, олардың циркте көрсеткен өнерлерін тамашалауға көрнекті орыс жазушылары А.М. Горький, А.П. Чехов, әйгілі әнші Ф.И. Шаляпиндер де уақыт тауып келіп отырған. Олармен достасып кеткен. Қызықты естеліктер жазған.

Ерте кезден-ақ палуандар күресі, ат жарысы десе жарғақ құлағы жастыққа тимей, ішкен асын жерге қоятын қазекем оның қадыр қасиетін жасынан-ақ жақсы білген. Дүбірлі той өткізіп, аруақтарға ас беру сияқты ұлттық дәстүр-салттардың аяғы спорттың осы түрлерімен өз жалғасын тауып отырған. Әрқайсысы әр қырынан көрсетуге тырысқан.

Кешегі аға жазушылар І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, С. Бегалин, С. Мұқанов, І. Есенберлин, Н. Анов, Ә. Шәріпов, Қ. Әбдіқадыров, С. Бердіқұловтар осы тақырыпқа жазған шығармалары көпшілік көңілінен шықты. Ал бүгінгі С. Бакбергенов, С. Жүнісов, Ш. Мұртаза, Қ. Найманбаев, Е. Мырзақметов, М. Тәнекеев, Ә. Бүркітбаев, Ж. Қашқынов, Н. Жүнісбеков, Қ. Рысбекұлы спорт шеберлерінің сом тұлғаларын жан-жақты мүсіндеп, халқына тарту етіп келе жатқан қарымды қаламгерлер.

Күш атасы Қажымұқан жайлы аңыз-өңгімелер, жыр-дастандар халық аузында ертеден-ақ айтылып келеді. Палуанның атак-данқына құлағымыз жастай қанық. Бұған дәлел ретінде белгісіз ақынның мына бір өлең жолдарын мысалға келтіре кеткен де орынды.

Осал жок мұнда аталған бәрі мықты,
Нояндар білмей жүрген жел мен отты.
Шоктығы көтерілген Мұқан ердің,
Түп-түгел түк қалдырмай бәрін жықты.
Француздың астанасы Париж барып,
Солдат Ғабдол Хамитті де алдына алып,
Түрік палуаны атанған Халелдерді,
Шалкасынан жатқызған жерге салып.
Медине, Құдыснариф, Мекке барған,
Талай палуан күрескен араптардан.
Қазақ атын шығарып жеті жұртқа,
Сүйікті өз елінен алғыс алған.

Ақын Мұқан дейді. Бұл палуанның шын аты. Ертедегі цирк басшылары халықтың ойынға көп келуіне айырықша көңіл бөлген. Палуанның аты ерекше естілетін болса, сол ғұрлым табысқа кенелетіндіктерін естерінен шығармаған. Қазақтарды қырғыздар деп ұғынған орыстар Мұқанның атын өзгертіп күреске түсіріп отырған.

Харьковте шығатын «Жало» – «Шанышкы» журналы: «Шығысұлы жапон Мұханура. Ол тегеурінді де, дене бітімі сомдап соққандай мығым жігіт, күресте қаһарлы, әрі өте батыл кимылдайды, - деп сол кезде жазған болатын.

Палуан қырғыз да, татар да, бурят та, жапон да болып күреске түсті. Ерен күш-қайратына тәнті болған орыс ақындары да жүректерін жарып шыққан жырлалрын арнады.

Золотые лампионы ярко вспыхнули венцом,
Окружили великаны сцену сказочным кольцом.
Вот красавец белоснежный, синеглазый славянин,
Вот бурят, глаза узкие смугложелтый сын равнин.
Орыс ақыны Иван Горчковскийдің бұл өлеңі дәл Мұханураға арналғаны айтпаса да түсінікті.

Мұқан түріктің астанасы Стамбулға күресуге барған сапарында мешітке арнайы соғады. Сонда түріктің ишаны:

– Барлық мұсылмандардың бас мешітіне кірген кісі «қажы» болады. Енді сен Қажымұқансың, - деген екен.

Түрік елінен «Қажымұқан» атанып, тамаша жеңіспен оралады. Осы орайда: «Палуанның асқан қасиеті үшін оған «қажы» есімі сыйға берілді. Бүкіл дүние жүзіне атағы жайылған Мұханура Мұқанов бұдан былай «Қажы Мұқан» деген атпен күресетін болады» деп жазған еді кейіндері палуандарға арналып шығатын Ресейдегі «Геркулес» журналы.

Бұдан былайғы уақытта Қажымұқан атанып күрескен алаш азаматы талай қарсыласынын жауырынын жерге тигізіп, сан мәрте биік тұғырдан көрінді.

Жастай жоқшылық пен тапшылықты көп көрген Қажымұқан Қызылжардағы Масликов деген кулакка малай болады. Оның есігінің

алдындағы қарын күреп, малын жайғап, отынын тасиды. Бірде далалағы маядан шөп әкелуге барғанда көтерем аты жан тапсырады. Мұқан табиғат берген күшінің арқасында, атты шанадағы шөп үстіне артып алып, шаныны сүйретіп байдың үйіне алып келеді.

Жол бойы өз көздеріне өздері сенбеген қала жұртшылығы Мұқанның мына қылығына таң тамаша болады. Кейін табиғат берген күшінің арқасында Омбыға келіп, Мұқан циркте Злобинмен 18 минут тіресіп, тисқакқан палуаннан жығылады.

«Ер шекіспей, бекіспейді» дегендей Злобинмен кездесіп, танысуы Мұқанның болашағын айқындап берді. Злобиннің жазып берген хатымен Петербурдағы «Ваня ағай» деген атпен әйгілі болған Иван Владимирович Лебедовтың мектебіне қабылданады. Міне, осыдан кейін Мұқанның жұлдызы онынан туа бастайды. Сан елдерді аралап, сан алып күштің иелерімен кілемде бағын сынап бақты. Әсіресе орыстың атакты палуаны Иван Поддубныймен достығы ерекше еді.

Қажымұқан Америка, Португалия, Үнді, Араб, Жапон, Түрік елдерінде; Варшава, Будапешт, Берлин, Прага, Рига, Вильнюс, Тифлис, Уфа, Лондон, Париж және Ресейдің көптеген қалаларында өнер көрсетті. Ол күрескен палуандардың аттарын атасақ ұзақ тізімге айналып кетеді. Сондықтан оқырман М. Тәнекеевтің 1964 жылы «Қазақстан» баспасынан жарыққа шыққан «Қажымұқан» атты кітабын қайтадан бір қарап шықса Қажымұқанның өмір жолы мен өнер өткелдері жайлы жан-жақты мол мағлұмат алар еді.

Өз елінен жырақта, ылғи сапарда жүрген Мұқан онаша қалған кездерде мұнайып ойға бататын. Қасында жанашыры жоқ жандай сезінетін. Көңіліне аландаушылық туатын. Бірде цирк алаңында салтанатты парадқа шыққанда көрермендердің алдыңғы қатарында отырған көгілдір көзді қызды көріп қалады. Цирк артистері өз өнерлерін көрсеткен соң, палуандар күресіне қарамай дем алуға кететін. Ал мына қыз ойын аяқталғанша тапжылмай қадағалаумен болды. Ойын аяқталған соң киініп далаға шыкса, әлгі қыз өзін күтіп тұр екен. Бастапқыда абыржып қалған Мұқан, бойын тез жинап, өңгімеге тартып, ашылып сөйлесе бастайды.

Бұл цирктің шабандозы Надежда Чепковская екен. Бұрындары ат құлағында ойнайтын өнерін сан рет тамашаласа да, қайсар қызға онша көңіл бөлмейтін. Енді жан-жақты танысқан соң, өзіне серіктікке жарайтын қосағындай көрді. Өйткені Надяның өмірі де Мұқандікіне ұқсас екен. Белорусь қызы кедей шаруаның жанұясында туып өскен. Әке-шешесінен ерте жетім қалып, жокшылықта өмір сүреді. Он екі жасында циркке қызыметші болып орналасып, қаладан-қалаға көше жүріп, кейіндері шабандоздықты игереді. Сөйтіп, цирктің белді артисі дәрежесіне көтеріледі.

Ақырында Мұқан Надямен өз тағдырын қосады. Мұсылманша Фатима деп атап кетеді. Өмірдің ащы-тұщысын, өнердің қызығы мен шыжығын бірге көреді. Фатимадан туған тұңғышы Халиолланы жол-сапарларға бірге ертіп жүреді.

«Балықшы балықшыны алыстан таниды» дегендей атакты ақын-

жазушылар, өнер жампоздары, әншілер Қажымұқанның қасынан ылғи шықпайтын. Балуан Шолақ, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Қалибек Қуанышбаев, Сәбит Мұқанов, Қалқаман Әбдіқадыров, Николай Ановтар палуанның өрелі өнерін өз көздерімен көріп, халыққа насихаттап отырды. Мәселен 1925 жылы Қояндыда өткен жәрменкеде:

Көріндер палуанды Қажымұқан,
Күшімен жердің жүзін қалдырған таң.
Жапонның Жиндофуын басын мытып,
Ағызған алысканда аузынан қан.
Қарашы қарағайдың еркесіне,
Исаның мініп алды желкесіне.
Өлеңнен тұрғызамын қара дауыл,
Қазақтың Қажымұқан серкесіне, — деп желдірмелетіп Қажымұқанды көпшілікке жырмен таныстырғанын жазушы Сапарғали Бегалин кейіндері сүйсіне есіне алатын.

Ал орыс жазушысы Николай Анов: «Ән қанаты» романындағы кейіптің бірі — Қажымұқан. «Ол жөнінде көлемі шағын повесть жазу көптен бері көңілімде жүрген арманым. Орыс жері Иван Поддубныйды қалай мақтан етсе, қазақ даласы Қажымұқанды дәл сондай мақтаншы көретінін мен жақсы білемін» — деп ағынан жарылатын.

Қажымұқанды ұстаз тұтып, соның палуандық жолын қуған қазақтың қара домалақ балалары бұрынғы Кеңестер Одағында, әлем мен Еуропа біріншіліктерінде Қажымұқан аруағына сыйынып сан додаға түсті. Атап айтқанда: Қабден Байдосов, Әбілсейіт Айханов, Амангельді Ғабсаттаров, Аманжол Бұғыбаев, Шәміл Серіков, Жақсылық Үшкеміров, Қанат Байшолақов, Асқар Шайхин, Серік Баймұрзин. Дәулет Тұрлыхановтар ел намысын қолдарынан бермей, халықтың абыройын көтерді.

Ал Дәулетті Қажымұқанның нағыз ізбасары десе де болады. Ол күш атасы аралаған елдерді арлады. Шаршы аланда сан мәрте жеңіске жетіп, алтыннан алқа тақты. Кешегі Кеңестер Одағында бірде-бір палуан жеті рет чемпиондық атақ алмаса, Дәулет осыған қол жеткізді. Әлемнің, Еуропаның чемпионы, екі мәрте әлем кубогінің иегері атанды.

Токсаныншы жылдардың басында спорт тележурналисі, марқұм Қынабай Аралбаевтың мұрындық болуымен Балуан Шолақ спорт кешенінде Қазақ теледидары мен республикалық спорткомитетінің күшімен Дәулеттің құрметіне өткізілген думанға әлем, Еуропа, Кеңестер Одағының чемпионы болған маркасқалар жиналды. Сол кеште әкесі Болат дауысы дірілденкіреп мынандай сырды айтқыны әлі есімде.

Болаттың әкесі Тұрлықан белгілі ақын. Қазақстан Жазушылар одағына мүше болған кісі екен. Қажымұқанмен достық қарым-қатынаста аралас-құраласта болған. Тұрлықанды палуандығы, ақындығы, ер көңілділігі үшін жақсы көрген. Тұрлықан баласы Болатты «Қажымұқандай алып болса» деп тілеумен жүрген. Бірақ Болаттың әлемге аты шықпаса да, Орта Азия мен Қазақстанның жеңімпазы атанған палуан дәрежесіне көтерілді. Кейін өзінен туған сегіз ұлды да палуандыққа баулиды. Бәрі да

жақсы күресе білгенмен, үшінші ұлы Дәулет атасы Тұрлықанның арманын іске асырып, Қажымұқанның ізін басты. Күш атасы сияқты қазақ халқын кең әлемге танытты. Өзінің де мерейі үстем болды.

1992 жылы Барселонада өтетін Олимпиядалық ойындарға дыйндыққа кірісейін десе, Республикалық мектеп басшылары Министрліктің қасындағы залға Дәулетті жібермейді. Сөйтсе нарықтық жағдайға орай ақша төленіпбепті. Олимпиядаға баратын палуанның ештеңе ойламай жан-жақты дайындалуына спорт басшылары қамқорлық жасаулары керек қой. Бірақ оны дер кезінде ойламапты. Ақыры Қазақстан мен Орта Азияның бірнеше дүркін чемпионы болған спорт тарланы Қабден Байдосовтың тікелей араласуымен жаттығатын жер табылып, дайындыққа қызу кіріседі.

Кейіндері осы қолайсыз жағдай Дәулетті көп ойға қалдырды. Ешкімге тәуелді болмауды мансұқ еткен Дәулет бел шешіп өз алдына жеке спорт кешенін салуды қолға алды. Алматыдағы Орталық стадионының дәл желке тұсынан алған жерге қазығын қағып, кешеннің іргесін көтеруге бел шешіп қызу кірісіп кетті. Көптеген игі жақсылар қолдау көрсетіп, демеушілік етті.

Сондай абзал азаматтың бірі, әйгілі акын, «Семей-Невада» ядролық қаруға қарсы қоғамдық қозғалысты өмірге әкелген, Семей полигонының жабылуына тікелей ат салысқан Олжас Сулейменов еді. Өнер мен мәдениет саласындағы алаш азаматтарына көмек көрсетуден ат-тондарын ала қашатын кейбір кәсіпкерлер сияқты мәнгүрттік танытпай Дәулеттің есепшотына беретін қаржысын бірден аударды. Аға басшы, іні қосшы болып Дәулет спорт кешені осылайша өмірге келді.

Күні кеше Қажымұқан атамыз Петербордағы Лебедевтің мектебіне қабылданып, күрестің сан қыры мен сырын үйреніп, аты әлемге жайылғанын өңгімеміздің басында айттық. Енді Қажымұқанның ізбасары данқты палуан Дәулет Тұрлықанов қазақ елінен тұңғыш спорт кешенін ашып отыр. Қажекен қайта тіріліп, Дәулеттің спорт кешенін өз көзімен көрсе, қандай қуанар еді десеңізші!

Дәулет спорт кешені қазақтың апайтөс палуандарын дайындайтын нағыз қырандар ұясына айналатынына үмітпен қараймыз. Қырандар қашанда биікте самғайды. Дәулеттің шәкірттері күш атасы Қажымұқан шыққан асқардан көрінетініне еш шүбә келтірмейміз.

Ақмола облысында туып өскен Қажымұқан:

Қараспан тауын жайлаған,

Қалың қыпшақ елімде, – деп жырда жырланатын Қара қыпшақ Қобыланды бабасының ата қонысына кейіндері біржола көшіп барады. Өмірінің соңғы кезенін сонда өткізген палуан денесі Оңтүстік қазақстан облысы, Бөген ауданы, Темірлан селосында жерленген. Халқы сүйікті батырына әйдік кесене салып, басына тағзым етіп келеді.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей Қажымұқан бабамыздың мерейлі мерекесін өз дәрежесінде өткізгеніміз – аруағын сыйлығымыз, абыройын асқақтатқанымыз, елдігімізді танытқанымыз болып табылады.

Өйткені,

Палуандар патшасының алыбы,
Алашымның дара шыққан нар ұлы.
Кен әлемге құдіретін танытқан,
Аспандағы жұлдыздардың жарығы.

Көк тіреген асқар шынға өрлеген,
Ер намысын қолынан еш бермеген.
Сыртта жүріп дүрілдесе атағы,
Өз елінен көп марапат көрмеген.

Бағы жанып дүбірлі өткен жарыстан,
Күлім қағып достарымен табысқан.
Алпыс шақты жат жерлерді аралап,
Елу шақты медаль таққан арыстан.

Өмір-өткел, тағдыр сыйы катал-ды,
Адал жүрек жандардан тек бата алды.
Жапон, Корей, Манчжурда күресіп,
Ямагата-Мұқанура атанды.

Сом денесін шар болаттай құйылған,
Қысса дүлей, шығуды ойлап қиыннан.
Жебейтінін, қолдайтынын түсініп,
Қобыланды бабасына сыйынған.

Сүр жебедей өңменіннен өтерлік,
Қос жанары айбат шашар, от өріп.
Сахнаға шықса мініп атанға,
Кері әкеткен мойынға сап көтеріп.

Көп сыбаға тілемейтін қажекем,
Жұртты сыйлап, бергеніне мәз екен.
Ақшасына жасатқызып самолет,
Отанына тарту еткен Қажекен.

Сонау жылдар күш атасы тарықты,
Кейбіреулер мәнгүрттікті танытты.
Кейіндері Алматы да үн-түнсіз,
Ескермеді, елемеді алыпты.

Тіршілікте жанға бермей көп тыным,
Арпалыста, жанталаста өтті күн.
Неге біздер ойымызға алмадық,
Киесі де бар екенін тектінін.

Өр кеуделі аруакты еді көшелі,
Тер мол төкті, еңбек етті еселі.
Тәуелсіздік алған елдің ұрпағы,
Ағаттығын тезге салар кешегі.

Қайратына таң қалдырған қыр ұлы,
Өнер қуып өтті барша ғұмыры.
Хат жүзінде қалып қоймай есімі,
Тұлғасы асқак биік тұрсын тұғыры.

Қуанышын сыйғыза алмай халқым да,
Қажымұқанды балайды асыл алтанға.
Алатаумен иықтасып тіресіп,
Қатар тұр ғой қайталынбас нар тұлға.

Иә, тәуелсіздік алған елдің ұрпақтары ағаларының ағаттығын қайталамай, күш атасы Қажекеннің атақ-абыройын асқактатты. Кешелер Алматы істемеген кісілікті жаңа Астана іске асырды. Астана қаласындағы Орталық стадионға қасиетті Қажекен есімі берілді. Ескерткіш орнатылды. Алаштың айбынды алыбының ескерткіші Шымкент қаласында да бой көтерді.

Осыдан бес жыл бұрын Қажекеннің 125 жылдығы ескеріліп еленбесе, енді биыл туғанына 130 жыя толуын бүкіл егеменді еліміз, барша Қазақстандықтар атап өтетініне сенемін.

2001

АТАДАН АЛАР ТАҒЫЛЫМ

Көзі тірі кезінде қазақ жазушыларының ақсақалы атанған Сапарғали Бегалинді есіме алғанда денесін тіп-тік ұстайтын, сұнғақ бойлы, аққұбы келген, өрімталдай талдырмаш денелі, қияк мұртты қазақ көз алдыма келеді. Сабырлы да салмақты мінезіне орай жүріс-тұрысы да бір қалыпты, сөзі де тиянақты. Айтатын ойын асықпай, ойланып, толғанып барып ортаға салатын.

Тіршілігінде қалың жұртшылықтың ыстық ілтипатына бөленген Сапекен жазушы ағайындар арасындағы сыпсың жел сөзден де, бұра тартатын бұралқы қылықтан да бойын аулақ ұстайтын. Ақсақалдыққа тән асыл қасиеттер, парасаттылыққа қарай ат басын бұрғызатын. Соның ақ ордасына кіріп, төрінен жайғасып орын алатын. Айналасындағы ағайындарға, іні-қарындастарына, бүлдіршіндерге өмірде көргені мен түйгенін карт абыздай қоңыр үнмен сыр етіп шертетін.

Жазушының мінезі де табиғатқа ұқсайтын тәрізді. Біреуі жаймашуақ көктемгі күн нұрымен еріген қар суы сияқты сарқырай жөнеліп, артынша тез басылып қалады. Ал екіншісі арналы өзендей бір қалыпты ағыспен алға жылжи береді, жылжи береді.

Балалар әдебиетінің атасы Сапарғали Бегалин осындай жазушылардың қатарына жатады. Ол кісі жасы тоқсанға таяп өмірден өтсе де

үнемі ізденіс үстінде жүретін. Ерінбей-жалықпай енбек етіп, маңдай терін мол төккен қарымды қаламгер. Соның миуалы жемісінің дәмін тіршілінде татып, артына өшпес із қалдырып кетті.

Қадамын енді ғана тәй-тәй басқан балдырғандар мен үлкендерге дейінгі аралықтағы оқырмандарына арнап сүбелі шығармалар берген қазақтың даңғайыр жазушысы Сапарғали Бегалин бүгінде 100 жасқа толып отыр.

Ертеректе бір отырыста Сапекен жайлы әңгіме болғанда Қазақстан Халық жазушысы, белгілі ақын Мұзафар Әлімбаев:

– Өзінен екі мүшелдей кіші өзінізбен құрдасындей ойнап әңгімелесіп жүреді. Енбек сүйгіштігі сондай, Сапекен қалам сілтемеген күн демей-ақ қояйық, ай, апта болмайды. Уақытты алтындай бағалайтын осындай елгезектерден үйренейік, – дей келіп, өз әңгімесін былайша аяқтаған еді.

– Елгезектігі сондай «Балдырған» журналы ашылғанда басы-қасында редколлегия мүшесі болып сайланған Сапекен біздің бірде-бір мәжілісімізге кешігіп көрген емес. Жас авторлардың біз тапсырған қолжазбаларын қалт жібермей, қадағалап оқитын.

Сапекен халық тілінің, ұлттық салт-сана мен әдет-ғұрыптың саналулы білгірлердің бірі. Өзі түсінбеген сөздерін, архаизмдерді, әлде бір әдеттерді қазақ жазушыларының үлкен-кішісі Сапекеннен сұрап алады. Өткен заманның белгілі бір мәселесі жөнінде айтысып қалсақ та Бегалиннің қазылығына жүгінеміз.

Мұзағаның бұл айтқан пікіріне мен де куәгер болдым. 1971 жылы Қазақстан жазушыларының үйінде балалар әдебиеті бөлімінің кеңесі болды. Оған онға тарта кеңес мүшелері қатысуы керек еді. Ақсақал жазушы белгіленген уақыттан ерте келді. Сапекеннен жас жағынан көп кіші бір-екі ақып-жазушы кешігіп келгенде:

– Бұлар өлі жас қой. Сондықтан уақыт қадірін онша көп біле бермейді. Кешірім жасаймыздағы, – деп өзіне тән жарасымды өзілмен күлімсіреп үн қатты.

Жиналғандар үнсіз бас изеді.

Сапекен екі өмірдің куәгері. Ол 1895 жылы «Дегелен» деген таудың бауырында дүниеге келген. Бұл қазіргі Семей облысының Абралы ауданы. Әкесі жеті жасында нағашысының ауылына әкеп, молдаға оқуға береді. Бір қыс оқып, еже танып, сүреге түсіп, кісі атын жазып үйренеді. Ортаншы ағасы Смағұл сол кездегі үлкен молда екен. Сол кісіден алты жылдай оқып, шығыс кітаптарымен жақсы танысады.

– Бұл оқудағы үлкен кемшілік, жаттайсың тәжірибе жоқ. Өзіңмен ол тілде пікір алысар мүмкіндігі бар адам кездеспейді. Мен тек дін кітаптарын ғана емес, шахнама, сайхалы, хикмет, бақрам сияқты әдебиеттік кітаптарға үнілдім. Бұлармен қатар сол кездегі Қазан баспасынан шығатын қисса-хикаялармен таныстым. Сол ауылда Абай кітабын әкем әкеп берді. Айман-Шолпан, Ер Тарғын, Қобыланды сияқты халық дастандарын да оқыдым. Осы оқығандарым менің өлеңге ынтамды туғызды. Бес-алты жылдан кейін шығыс тіліндегі кітаптарды оқитын болдым. Әрине, ол кезде оқу онша жүйелі емес еді. Бір жағынан аз ғана малды бағу қысы-жазы немере ағайым Әбілқадыр

екеуміздің мойынымызда болды, — деп Сапекен балалық шағын есіне алатын еді.

Қазақ шаруасының өмірі қызық қой. 1908-1909 жылдары шөп шықпай құрғақшылыққа ұшырайды. Қыста қар қалың жауып, боран азынап, үскірік аяздан аз малы жүдеушілікке ұшырайды. Осы ауыртпалықтың салмағы жасөспірім бұларға да түседі. Содан 1911 жылы доңыз жұты бар малды қырып тақыр кедей етеді. Жазда Семейдегі пароход пристанында жұмыс істеп, күзде Семейдегі оқытушы дайынтайдың семинарияның оқытушысы Нұрғали Құлжановтың қолында тұрады. Онда орналасуының ең басты себебі орысша оқуға талап еді. Ол кісінің өзі оқытушы, әйелі орысша оқыған Нәзипа Құлжанова мәдениетті адам болады. Сапарғали олардың атын күзетіп, өздерін алып жүреді. Ал кешкілікте олар бұған орыс тілінен әріп танытып оқытады.

Бір қыс тұрып аздап орысша әріп танып, тіл үйренеді. Жазда пристанда жұмыста болады. Күзде Құлжановтың жәрдемімен Семейдегі қазақ-орыс кедейлерінің балалары оқитын русско-киргизское училищеге түсіп, екінші кластан оқиды. Сөйтіп, бұл училищені 1915 жылы бітіріп шығады.

Семейде оқып жүргенде Сапарғали Бегалин кезінде Абай, ұлы әдебиет алыптары Толстой, Лермонтов, Пушкиндермен алғаш танысқан Гоголь атындағы кітапханаға үзбей келіп, кітаптар алып оқып тұрады. Сонымен бірге Абай мен Тоқай өлеңдері жүрегіне оттай басылып, қиялын қалықтатады. Тұңғыш тұнып жатқан ой теңізін шайқайды. Осы ақын-жазушылар сезім қылын шертіп, оны өлең жазуға құлшындырады.

Ақынның «Қазақ қыз-бозбалаларына» деген тұңғыш өлеңі 1914 жылы «Айқап» журналының тоғызыншы санында жарыққа шығады.

Қыналған киім, сыптай бой,
Қырынған жігіт желікпе ой.
Киініп кербез, ат баптап,
Іздегені айт пен той.

Ардақты құрбым, көп інім,
Қалса да айттым көңілін.
Бос жүрме ізден, оқу тап,
Бос өтпесін өмірің.

Бұл өлеңінде ақын сол кездегі уақытын босқа қыдырумен өткізіп жүрген жастарды сынайды.

Қандай ақын-жазушы болмасын өзіне дейінгі артындағы ұрпаққа мол қазына қалдырып, шығармалары оқырманын бірден баурап алатын ғұламалардан үйренеді ғой. Сапекен де Абай, Тоқай, Сұлтанмахмұдтерді көп оқып, солардан үйренген. Әсіресе Абайды өзіне ұстаз тұтқан. Сондықтан болса керек, Абайдың үлгісімен «Ынтығып іздеп» деген өлеңін 1915 жылы жазған.

Ынтығып іздеп,
Оқуды көздеп,
Аттандым елден жыраққа.

Көз сүзбей жатка,
Қарамай артқа,
Жетпек болып мұратқа.
Мұраттың алыс қарасы,
Қиын боп жету шарасы.

Білімге деген ынтасы молайып, қолына қаламын нық ұстай бастаған кезінде патша жарлығына ілінеді. Сол кезенді Сапекен былайша әңгімелейтін.

— 1916 жылы 19 бен 31 жастағыларды майдан жұмысына алу бұйрығы шыққанда Семейде едім. Пристан басында полициялар қамап алып, ұстап теміржол агенттігінің қарамағына берді. Үш жүздей қазақ, бірен-саран өзбек-үйғыр, башқұрттары бар жастар қара жұмысқа кеттік. Сол бетімізбен бізді Петроград маңындағы Новониколаевский теміржолының жұмысына әкеліп салды. Біз содан Колпин стансасында Петроградтан жиырма шақырым жерде болдық. Бұл жердегі жұмыстан біз февраль өзгерісінен кейін қайттық. Сол жақтың дымқыл ауасы, жер барак, ауыр жұмыс денсаулыққа көптеген зиян келтірді. Содан ауылға келісімен безгек болып ауырып, жаздай ауылда болдым.

Әңгімеміздің басында Сапекен сөзге сараң деп ескерткеніміздей ол кісінің Петерборда қазақ елінен үш жүздей жасты бастап алып барғанын, кейіндері баласы Хамиттен естідік.

Онда барған қазақ жастары жерсінбей ауыруға шалдығады. Ең жаманы су аққан қара нанды жей алмайды. Ашаршылыққа ұшырайды. Еті тірі С. Бегалин Петерборға арнайы барып, сондағы мұсылман мешітіндегі имамға жолығады. Барлық жағдайды айтады. Сондағы Мемлекеттік Думаның мүшесі Мұстафа Шоқаев болып, қара жұмыста жүрген қазақтарға ақ нан бергіздіреді. Қазақтармен бірге қара жұмыста жүрген чех, венгер, поляктар да ақ нан алатын қалға жетіпті.

Әрине, ауыр жұмыс, туған елден жырақтағы жағдай жас ақын жүрегін тебіреңтпей қойған жоқ. Жұмысты атқара жүріп ақындық өнерін де бір сәтке ұмытпайды. «Көшер ме тұман серпілтіп», «Құралға», «Ғизатуллаға», «Шаниге», «Естен кетпес жер барак» деген көптеген жырлары сол кезде туған. Көзі ашық, көңілі сергек Сапарғали:

Мал бағып тыныштықта жүрдік елде,
Аңсадық еркіндікті туған жерде.
Күн туып, ер басына, ел күйзеліп,
Көз сүзіп көрінгенге болдық пенде.
Қолымда қаруым жоқ жауға ататын,
Панам жоқ, жан сауғалап қарманатын.
Атайды «Бұратана халықтар» - деп,
Жанға осы үлкен қорлық шын бататын.
Күн осы бізден хабар күткен ауыл,
Күйзелме қайрат жина ана, бауыр.
Бізге теңдік тиетін күн тілейміз,
Құтқар-деп өгейліктен мынау ауыр, — деп толғанады «Азамат арманы» деген өлеңінде.

Ақынның бұл аңсаған арманы көп кешікпей орындалды. Қазан революциясы тактан патшаны төңкеріп, Кеңес өкіметін орнатты. Жұмысшы мен шаруаға бостандық алып берді.

Өзінің орысша-қазақша сауаты бар С. Бегалин Кеңес өкіметі орнаған алғашқы кезден бастап-ақ әр түрлі мекемелерде қызмет атқарыпты.

— 1920 жылдың қаңтар айында өзімізбен көрші Акбота болысында облыстық-революциялық комитетінде секретарь болдым. 1921 жылдың аяғында ол қызметтен ауысып, өзіміздің Дегелең волісполкомына председателі, ал 1922 жылдың қыркүйек айында Қарқаралы уезінің исполкомының мүшесіне сайландым. Сонымен қатар исполкомның басқарма бөліміне меңгеруші болып тағайындалдым, — деп енді бірде Сапекен Кеңес өкіметі орнаған алғашқы уақытта атқарған жұмыстарын сөз ететін.

Ал 30-ыншы жылдары Алматыға «Теміржолшы» газетіне қызметке келеді. 1922-30-ыншы, яғни сегіз жыл бүркеулі күйінде қалатын. Сапекеннің 100 жасқа толуына орай осы ойымды баласы Хамитке айтқанымда:

— Дұрыс аңғарғансың. Оның мәні мынада. Қазір өткен-кеткенді ашық айтуға жол ашылды ғой. Мен бар шындықты жайып салайын, — деп көптен бергі түйткіл ойымның бұлтын сейілтті.

Сөйтсек, Сапекен 1926-28 жылдары өлі партия комитеті мен Кеңестер құрылмаған уақытта (ол кезде сот пен милиция басқарған) қазіргі Жезқазған облысындағы Ақтоғай мен Шет аудандарында сот болыпты. Жер, жесір, барымта сияқты дауларды жергілікті игі жақсылармен әділ шешуге тырысқан. Сол кезде Дия қажымен айтысын бала күнімде ауылдағы Жынды Бісқак көрияның аузынан шала-шарпы естігенім бар. Сонда жүріп Шет, Ақтоғай аймағы, Балқаш өңірі, Тоқырауын, Жәмшы табанынан шыққан Жидебай, Шабанбай, Байғозы, Сенкібай, Айдос батырлар жайлы, туған жердің әсем табиғатын суреттеп өлеңдер жазған.

Алашорда өнұраны өленін жазған Сұлтанмахмұтты ұстаз тұтқан Сапекенді «Алашордамен сыбайлас» деген айып тағып, үш ай Семейдегі абақтыға қамайды.

Сапекен 1928-29 жылдары жаппай байларды көмпескелеуге іштей қарсы болған. Бұл кесапат кейін малына ғана сүйеніп отырған қазаққа топалаңдай тигенін тарихтан жақсы білеміз. Ашаршылық басталғанда Сапекеннің ағайыны Түсіп мерген елден көшпей бес-алты үйді аң-құс аулап асыраған. Сөйтіп аз ғана ағайынын аштықтан аман алып қалған. 1930-ыншы жылдың басында Алматыдағы қазақтарды қоныстандыру жөніндегі Комитетке қызметке алынса да, онда тұрақтамай «Теміржолшы» газетіне қызметке ауысуының мәні осындай үкіметке қыжылының барлығынан екен.

Осындай келеңсіз жайды ашып айта алмаған Сапекен 1930-40-ыншы жылдар аралығында 10 жыл бойы баспасөз бетінде керінбей өзімен өзі болып шығармаларын қойын дәптеріне түсіре берген. Партияға 1940 жылы ғана кірген.

Әдебиетке бала күнінен құмар Сапарғали алғаш хат тани бастаған кезде қиссаларды оқыды. Одан Абай шығармасын, «Айқап» журналын

оқу, татар әдебиетімен танысу үлкен әдебиет мектебі болды. Ол кезде баспасөз орнының аздығынан болар, шығармалары басыла қоймайтын. Бірақ өлең жазуды еш уақытта тастамайтын. Махаббат, табиғат, туған ауыл жайлы өлеңдерді әрдайым жазып жүретін. 1916 жыл оқиғасына жазған бір топ өлеңдері алғашқы таңдамалы жинағына кірді.

Ақынның республикалық әдебиет журналында ең алғаш жарық көрген көлемді шығармасы «Тау сыры» поэмасы. Кейіндері «Қыран кегі», «Таңсық» поэмаларын жазды. Бұлардың ішіндегі «Таңсық» поэмасы 1940 жылы Түрксиб жолының онжылдық мерекесіне арналған жинаққа кірді. Осы жинақта бірнеше әңгімесі мен «Матай» атты өлеңі де басылды. Сол жылы жазған «Бір күн» деген шағын поэмасы «Түрксиб» газетінің мерекеге арналған конкурсында екінші бәйге алды.

Жеке кітап болып 1944 жылы баспадан шыққан «Қыран кегі» поэмасының мазмұны «Тнейдің сары құсы» деген аңыз болатын. Оны оқушы жұртшылығы жақсы қарсы алды. Содан бастап жастарға, балаларға арнап шығарма жазу басты мақсатына айналады. «Жылқышы Ғабдол» әңгімесі, «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері», «Сейіттің ботасы», «Бала мерген», «Мұстафаның әңгімесі» балалар көңілінен шықты. Бұл шығармалар қазақ тілінде басылуымен қатар, орыс тіліне аударылып, сол арқылы Кеңестер Одағының көптеген елдер тілінде шықты. С. Бегалин әрі ақын, әрі көрнекті жазушы. Сондай-ақ көркем аудармашы да еді.

Сонау алғашқы орысша оқып аздап кара танығанның бастап, орыс тілінен өзі қызыққан өлең, әңгімелерді қазақшалауға әуестенеді. Орыс ақындарынан Пушкиннің, Лермонтовтың, Шевченконьң, шетел ақындарынан Шиллердің, Байронның жеке өлеңдерін аударды. Олардың бірсыпырасы кезінде газет-журналдарда, жинақтарда басылды. Лермонтовтың «Демон» поэмасын, «Үш құрма», «Тамара» балладаларын, Мамин-Сибиряқтың балаларға арналған әңгімелерін де аударған. Бұлар кезінде жеке кітап болып басылып шықты. Сол сияқты Лесковтың әңгіме, повестерін, Л. Соловьевтің «Қожанасыр жайлы» повесін қазақшалады.

Ақынның қаламынан 25-ке тарта поэма, 12-ге жуық повесть, жүздеген әңгіме, тоғыз пьеса шыққан. Басы Мұқан Төлебаев болып, Е. Брусиловский, Л. Хамиди, С.Кәрімбаев, С. Мұхамеджанов, К. Мусин, Ш. Қалдаяқов сияқты композиторлар ақынның қырық-елу өлеңін нотаға түсіріп, ән жазған. Мысалы, «Жорық», «Ақ көгершін», «Сағындырған сәулем-ай» сияқты өлеңдеріне жазылған әндерді жұртшылық күні бүгін сүйіп шырқайды.

Қазақтың белгілі кинорежиссері баласы Мәжит түсірген «Мәншүк туралы ән» фильміндегі өлеңдерді жазған да Сапекен.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Жамбылдың айтыстағы өнері» деген мақаласында Жамбылдың өмірі мен өскен ортасы жайлы ақын Сапарғали Бегалин жинаған материалды ерекше бағалаған.

Сапекен 1944 жылы Қазақстан Жазушылар одағы алқасының тапсыруымен Жамбыл Жабаевтың өмірбаянымен байналысты деректер жинауымен шұғылданады. Бірнеше рет Жетісу өлкесін аралап, Жамбылдың замандасы, елдесі, ауылдасының архивтерін карап көп деректер табады. Сол жиналған материалдардың басын құрап 1946 жылы баспаға береді.

Жамбыл өмірбаяны, халық акындарының шығармашылығына ден қойдырады. Иса Байзақовтың, Төлеу Көбдіковтің шығармашылығы жайлы деректер жинап жазады. Сондай-ақ Қуат Төлебаев, Шашубай Кошқарбаев, Доскей Әлімбаевтардың өмірбаяны мен шығармашылығын жан-жақты зерттейді. Сапекен Академияның әдебиет-өнер институтында жұмыс атқарған кезде халық акындарының шығармаларын жинау, ауыз әдебиет қорын іріктеу, іздестіруді қолға алады. Соның қорытындысы іспетті 1953 жылы халық акындарының шығармаларын жинақтап «Халық акындары» деген жинақ оқырмандар қолына тиді.

Ақынның қаламдас досы, көрнекті қазақ жазушысы Сейтжан Омаров ол кісі жайлы өз ойын былайша табірене толғайтын.

— Сапарғали Бегаин қазақ әдебиетінің қадірменді ақсақалы. Ол кісі өз қаламы арқылы халқымен, елімен бірге өсіп, біте қайнасып, өмірдің небір қияын асуларынан бірге асты. Қазақ даласында жаңа тұрмыс орнату, советтік құрылысты нығайту, мәдениетті өркендету ісіне Сапекен атқарған жемісті қызыметі ұшан-теңіз.

Сапекен қазақ әдебиетін өрге бастыру орайындағы үлкен еңбегі оның жазған шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қазынасына қосылды. Ол кісінің әсіресе мынау кеш өсіп, кешеу марқайған қазақ балалар әдебиетін өркендетудегі еңбегі өз алдына бір төбе.

Балалар өмірін шынайы суреттеп, жас оқырмандарының жүрігіне жол тапқан талай-талай тамаша повестер мен әңгімелердің авторы. Бұл шығармаларын үлкендер де сүйсініп оқиды. Сапекеннің жарқын дидарына ризашылық білдіріп, күн сайын махаббатпен, зор ықыласпен талай хаттар жазған адамдар бар. Олардың әр қайсысына Сапекен уақыт тауып, шын ықыласпен жауап қайтарып жататын, — десе, енді бір қаламдасы:

«Жазушының жұмысы да аса ардақты да, өте жауапты да жұмыс. Ол адам жанының мүсіншісі. Жазушы өз қауымына, өз оқырманына жарқын жүз жанды сөз, үлгі ұсынар ұстаз. Өйткені, өмір тәжірибесі аз оқырман жас «осындай болсам» деп аңсап, арман еткен асыл мұратын көбінесе жазушының жан сырын күйіп, тебірене жазған туындысынан табады, — дейді ақын Өтебай Тұрманжанов 1966 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан С. Бегалиннің өлеңдері мен поэмалары жинағының алғы сөзінде.

Ө. Тұрманжановтың сөзінің жаны бар. Сапекен де өзінің асыл мұратын артына қалдырған өшпес қазынасы — шығармаларынан тапты. Солардың ішінде өзі де ерекше атайтын, қалың оқырман қауым да жылы қабылдаған «Сәтжан» мен «Бала Шоқан» туындыларының шоқтығы биік. Осы екі повесі С. Бегалинді балалар әдебиеті классиктерінің қатарына шығарды.

Көзі тірісінде Сапекеннің батасын алған балаларының бірі менмін. 1973 жылы ССРО Жазушылар одағына мүшелікке өтерімде өзі бас болып Ғафу Қайрбеков, Жаппар Өмірбеков үшеуі жолдама берді. Сол жылы Сапекеннің батасы қабыл болып Жазушылар одағына мүшелігіне қабылдандым.

С. Бегалиннің балалары да қазақ өнері мен мәдениетін өркендетуге игі ықпал еткен зиялылар. Мәжиті қазақтың көрнекті кинорежиссері, ал Хамиті белгілі дәргер, көп жылдар Алматы медицина училищесінің директоры болды. Бүгінде Хамиті ел ағасы, көп құрметіне бөленген зейнет-

кер. Қасымы Қазақстан Ғылым академиясының механика-математика институты директорының орынбасары.

Сапарғали атамыздан алар тағлым – ерінбей еңбек ету, егемен ел атанғанымызда қанатын кен жайып өркендеуіне күш жұмсау. Игілігін арттырып, жемісін жұртшылықпен бірге көру ғой деп білемін.

Жүрегіннің алаулатып жалынын,
Тамыршыдай дарындыны таныдың.
Қабыл болып ізгі тілек, ақ батаң,
Алдым шексіз ғибрат, мол тағылым.

Танымастай өзгерді ел, жер кейпі,
Озбырлығын мәнгүрт басы еңкейді.
Семейдегі жарылыстың үні өшіп,
Абыралы қайта түлеп, көркейді.

Көкірегіме ұйяласын қалай мұң,
Егемендік, еркіндікті қалаймын.
Кең әлемге нұрын төкті жарқырап,
Қайта туған бақ жұлдызы Абайдың.

Егемендік елес емес, жетті шын,
Жалауымды күн аймалап, өпті шын.
Өзін емес, өзгені де дос тұтқан.
Ұмытпайды өсер ұрпақ тектісін.

Жауды жеңіп көтерген ел іргесін,
Аруақтарды сыйламасақ бізге сын.
Дүр сілкінген қайта түлеп қырандай,
О, Сапеке, халқынменен біргесін, – дегім келеді шығармалырының
тәрбиелік мәні зор, тағылымы мол жазушыны есіме алғанда.

1995

ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ ОҚЫРМАН

Осыдан 25 жыл бұрын осындай тақырыппен Ғабит Мүсіреповтың қалың оқырман қауыммен кездесуі болып, сөйлеген адамдардың сөзін таспаға түсірген едім. Бұл кезінде радио арқылы беріліп, Қазақ радиосының алтын қорына алынған болатын. Архивімде жатқан сол материалды қаз қалпында кітапқа енгізіп отырмын.

(Тексіз жазылған таспа)

Қашкынов: Социалистік Еңбек Ері, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтың 75 жасқа толу торқалы тойына орай Алматы облысының Шелек ауданындағы, СССР-дын 50 жылдығы атындағы совхозда қалың оқырман қауым жазушымен кездесіп, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Кездесуде Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы Ізбасар

Балтағұлов, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы Шерхан Мұратазаевтар болды.

Октябрь селосының мәдениет сарайында бүкіл Шелек ауданының әдебиетті сүйетін қалың қауым өкілдері жиналды. Кездесуді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Құсайын Бижанов ашты.

Бижанов: Құрметті жолдастар! Бүгін біз бір қуаныш үстінде отырмыз. Біздің плегімізді қабыл алып, Ғабен ауылымызға арнайы келіп отыр. Халық махаббатына айналып кеткен Ғабен бастаған қымбатты қонақтар: Әбеке, Ғафеке, Шерхан қоны келдініздер! Қадамдарыңызға гүл бітсін!

Халқымыздың аяулы ұлы, әдебиетіміздің мақтанышы, абройы Ғабит Махметұлы Мүсіреповпен кездесуге ауданның еңкейген шалынан, ес білген баласына дейін түгел жиналды. Бүгінгі бізбен кездесуіңіз үшін ауданның барлық еңбекшілері үлкен, зор қуаныш үстінде. Сіздің сонау 30-20 жылдары жазылған «Тулаған толқында», «Қос шалқар», «Көңілді көршілер», «Талпақ танау» әңгіме, повестеріңізден бастап «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан» романдарыңыз жұрттың қызыға да, қызғана да оқыған, біздің заманымыздың эстетикасынан нәр алып, келер ұрпақ іздеп жүріп оқитын туындылар.

Бұлардың қайқайсысыда халқымыз өткен өткелдердің көркем тарихы. Әр сөз, әр сөйлемі асылмен зерленген классикалық шығармалар. Сіздің сүйікті әр кейіпкеріңізді қасымызда бірге жүргендей ардақ тұтамыз. Сонғы кездерде біздің ауданда Қайрош, Еркебұлан, Ұлпан атты есімдер көбейіп кетті. Бұл да сіздің сықирлы қаламыңыздан сомдалып шыққан кейіпкерлеріңіздің әсері, өнегесі. Ата-аналардың, ұл-қыздардың солай болса деген арман-тілектері.

Сахнада мыңыншы қойыған «Қыз Жібек» либреттосын жазып Ғабит ағамыз ұлттық опера өнеріміздің шанырағын көтерді. Ал «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» пьесаларға айналды. Ғабеннің кино өнерімізді Одақ, шетел көлемінде танылуына да қосып жүрген үлесі ұшан-теңіз.

Ғабит Мүсірепов көрнекті қоғам қайраткері, біздің сүйікті жазушымыз бұрынғы кездердегідей қазірде Совет әдебиетінің бүкіл дүниежүзіне насихаттаушы, әдебиет пен өнер саласындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Бүкілодақтық комитеттің мүшесі.

«Сүйер ұлын болса сен сүй» деген екен Абай ағамыз. Қазақ халқы шын мәнінде бақытты халық. Бүкіл еліміз болып сізді ардақ тұтамыз, мақтан етеміз. Абай, Жамбылы бар, Мұхтар, Қаныш, Сәбит, Ғабиден, Ғабиттері бар қазақ халқы шын мәнінде бақытты халық.

Ашық түнде аспанға қарасаң жұлдыздар көп қой. Бірақ солардың ішінде, қараңғыда көзге ұрып тұратын жарық жұлдыздар тым аз. Сіз де күллі қазақ мәдениетінің сан ғасырлар бойы жарқырап тұратын жарық жұлдыздарының бірісіз. Сондақтын біз де қаламгерлер қауымының жас өркені де сол жарық жұлдызға қарап жол тапқан жолаушыдай сізге қарап бағытымызды бағдарлаймыз.

Ғабит аға биыл 75-тің қыркасына көтеріледі екенсіз. Бірақ, халықтың өзінің сүйікті жазушысына деген махаббаты сіздің сол баяғы 25 жас-

тағы сұлу, сымбаттылығыңыз, серілігіңізді сақтап қалыпты. Мен сізді мәңгі жас жігіт қалпында болуыңызды тілеймін. Аудан еңбекшілері атынан сізге зор денсаулық, өзіңіз көп жазған Жамбыл атамыздың жасын тілейміз!

Қымбатты жолдастар! Қадірменді қоңқтар! Көрнекті қоғам қайраткері, Совет әдебиетінің аброй-мактанышы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, халқымыздың махаббатына айналған жазушы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповпен кездесуге арналған салтанаты ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

Қашкынов: Келесі кезекте мінбеге Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тарлан ақынымыз Әбділдә Тәжібайев көтерілді.

Тәжібайев: Ғабен биыл 75-ке келді жолдастар! 75 үлкен жас болғандықтан ба мен өзімді іні санап сөйлеймін. Бірақ, менін өзім де ешкімнен сорлы емеспін. Енді екі жылдан кейін 70-ке келемін. Көп жасауға кісі өкінуге де, өкінеске де болады. Ман кешегі Мұхтар Әуезов, Сәбит, Ғабиден, бүгінгі 75-ке келген Ғабит ағамызбен де жыр қашағанмын. Көбісі кетті уақыты жеткен соң, бүгін Ғабит ағамызбен қатар тұрып жыр қашағанымызға мен өте қуаныштымын. Өзімді бақыптымын деп есептеймін жолдастар!

Еңбегінің бәрін атап жатыр, қазір омырауына Алтын Жұлдыз тағып келгені үшін біз үшін тек алтын таққаны үшін емес, жолдастар, жасымай, ерте қажымай, жасы асқан сайын өндіріп еңбек істегені. Жасы асқаны халыққа махаббаты артқаны. Сол бізді қуантады. Әйтпесе 100 саулықтан 150 козы алып Еңбек Ері болып отырған адамдар да сіздерде аз емес. Біз Алтын Жұлдызбен сіздерді таңданныра алмаймыз. Бірақ бір нәрсе естеріңізде болсын, біз жазушылар кейде емес, көбіне 100 саулықтан бір козы ала алмайтын уақыты болады. Міне, солардың ішінде мына Ғабен тағуы өзге жазушылардан гөрі бөлегірек, биігірек тұрғанын көрсетеді.

Біздің алдымызда жас адамдай болып отырған Ғабеннің еңбегін жана Құсайын өте жақсы теріп айтты.

Ғабен осы әдебиет майданына келгелі жаза жүрін, жауапты жұмыстар атқарудан шегінген емес. Мен 20-шы жылдардағы Ғабеннің жана бастық болып жүргенін білемін. Одан кейін қаршадай бүлдіршін жігіт кезінде «Еңбекші Қазақ» газеті осы күнгі «Социалистік Қазақстан» соған редактор болды. 30-шы жылдары Көркемөнер комитетінің бастығы болып істеді. Орталық партия комитетінде мәдениет, әдебиет жұмысын басқаратын ең жауапты қызыметтер атқарды. Академик болғанын жана айтты. Содан бері Ғабен Қазақстанға емес, бүкіл Советтер Одағының өкілі ретінде, соның мәдениет, әдебиет өкілі ретінде партия қайда жіберсе, содан бас тартып көрген емес. Қай мемлекет болмасын, Рим, Париж, Жапония, Шам т.б. елдерінде Совет жазушыларының делегациясын басқарды. Соның бәрінде де Совет әдебиетінің намысын қорғап, Совет әдебиетінің туын биік көтеріп отырды.

Ғабен бүгін 75-ке келдім деп отырмай сол жұмысын орындап, істеп жатыр. Ол әдебиеттің теориялық, эстетикалық мәселеріне де ылғи қызу қатысып қояды. Бұл жағынан келгенде, басқа ағаларымызға құрмет ете отырып, кешегі Мұхаң мен Ғабен екеуінің қатар жасаған өмірі, атқарған еңбектері бізге ерекше құбылыс болып көрінеді, жолдастар!

Өздеріңіз жақсы білесіздер, Мұхтар. Ғабит ылғи қатар аталады. Бұл Сәбит, Ғабиден деген сөздердің қадірін түсіру емес. Осы екі ағамыз халық көзіне ылғи тұтас бір тұлға болып көрінеді. Бұлардың жазуларында да, әдістерінде де өз өзгешеліктері барын жұрт білетін. «Абай» романын жазған Әуезов пен «Оянған өлкені» жазған Мүсірепов екеуінің ұқсастығын былай қойғанда, енді осы екі романдағы пейзаж, тарихи оқиға, халықтың өмірі, жаңадан кіріп жатқан жаңалық қазақ тарихында жасалған жаңа пейзаж, жаңа портреттер, жаңа мінездер, жаңа психологиялық құбылыстар. Біздің біреуін оқып отырып екіншісін оқысақ, немесе екіншісін оқып отырып, біріншісін оқысақ біліміміздің, әсеріміздің тереңдей түскендігін, күшейе түскендігін көреміз.

Ғабеннің оқыған, үйренген адамдары көп. Бірақ, Ғабен ешкімнің шәкірті болып тұрақты қалған жоқ. Сол сияқты мына Горькийдің өзімен де тақырыптас, мінезлес болып отырып, қазақстандағы біздің Горькийіміз болып қызымет істеді. Кешегі Горькийдің аналарын аударып отырып Ғабен өз аналарын, қазақ аналарын жаза бастаған уақытты біз мінеки, идеялық өсу, көркемдік өсудің ең ғажап мысалы деп түсіндік.

Ал, Ғабиттің сатиралық еңбегі туралы айтудың өзі ұзақ әңгіме болар еді. Ғабеннің юморы талантының ең күшті жағының бір көрінісі екенін өздеріңіз жақсы білесіздер. Бірде біреудің қайғысы үшін күңіренгіп жылатып отырса, Ғабен тағы бірде еріксіз езу тартқызып, күлдіріп отырады. 75 дегеннің көп жас екенін өздеріңіз білесіздер. Адамның сыртын тоздырып кететін осы жас. Адамды тұқыртып, жексұрын көрсететін сыртының тозығы емес жолдастар. Ішінің тозығы. Адам жанының иесіз қаран қалуы. Суыған жан ешкімге көмек берген емес, бере алмайды. Ал, көріп отырсыздар, 75-тегі Ғабен бүгін де лаулап жанып тұрған үлкен оттың ошағы секілді. Мен де Ғабит ағам лаулай берсін, лаулай берсін деп сөзімді аяқтағым келеді.

Қашқынов: Әбекеннен кейін сөз кезегі Қаратұрық мектеп-интернатының директоры Төлеуғали Ысқақовқа берілді.

Ысқақов: Біз көктемнің жайма шуақ алтын күндерінде қазақтың тәжірибелі қаламгері, Социалистік Еңбек Ері, академик-жазушы Ғабит Мүсірепов ағамен және басқа да қаламгерлермен кездесіп отырмыз. Қаламгердің өмірі мен творчествосы қазақ халқының жаңарған әдебиетінің тарихымен тығыз байланысты. Ол ана тілінің ел таныған ерен жүйрігі. Сөзінің жұпар иісі, сөйлем құраудағы зергерлік өнері мүдірссіз жазу мәнерлігі ана тілін паш етіп, ерекше бір ләззат береді. Сондықтан Қаратұрық темекі совхозының жастары, оқырмандар қауымы шағын әңгіме, новеллалардан бастап, сүбелі романдарыңыз бен драмалық шығармаларыңызды құмартып оқыды.

Оқырмандар сүйіп оқыған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Акан сері – Ақтоқты», «Аманкельді», «Қыз Жібек» драмалық шығармаларыңыздың өзіндік ерекшелігі бар. Бұл шығармалар зерделі зергер өрнектеген әшекейлі көркімен көз тартады.

Иә, көзіміз тұнып, жанымыз сезінген осынау төл шығармалар театр сахналарының репертуарынан көргенімізде қазақ драматургиясының

асқар шыңына көтерілгенін зор қуанышпен жыр етеміз. Міне, республикамыздың театр өнерінің өсіп, өркендеуіне белсене араласып, ат салысқан авторымыз, көрнекті драматург, академик-жазушы Ғабит ағаны көріп тағы да тамашалап отырмыз.

Кашкынов: Аудандық кітапхана меңгерушісі Күләш Ыбыраева өз сөзін былай бастады.

Ыбыраева: Ғабит шағармаларын сүйсініп оқымайтын оқырмандар кемде кем. Жасөспірім балалардан бастап, құрметті демалыста жүрген қарттарға дейін Мүсірепов шығармаларын қызыға оқиды. Күнбе күн келген оқырманның бірі – Ғабеннің өмірі мен творчествосы жайлы сұраса енді біреулері роман, повестерін, әңгемелерін, драмаларын, әдеби сын мақалаларын сұрап жатады. Оқырмандар әсіресе, Ғабеннің ана туралы әңгімелерін қызыға да, сүйсіне де оқиды. Әлі есімде біз бір әдеби кеште «Өлімді жеңген ана» әңгімесін дауыстап оқып бергенде, тындаушы оқырмандар арасынан кейбір аналардың көзіне жас алғанына қуә болғанымыз бар.

Осы оқиғадан кейін Ғабеннің шағармаларын, оның ішінде ана туралы новеллаларын сұраушылар саны көбейе түсті. Ал кітапхана қызметкерлері новеллаларды оқып біткен соң «Қазақ солдатты», «Оянған өлке», «Ұлпан» романдарын, «Аманкелді», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» пьесалыраң, «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасын, ал, соңында «Суреткер парызы» деген сын шығармасын ұсындық.

Ғабит Мүсіреповтың 75 жасқа толу қарсаңында аудандық кітапқұмарлар қоғамының мүшелерімен кітапхана қызметкерлері біріге отырып өмірі мен творчествосына арналған кештерде «Ғабит Мүсірепов 75 жаста», «Әдебиетіміздің асқар белі» атты кітап көрмелері өтті.

Жарық етіп «Ұлпан» шыққанда ең алғаш қуанған біздің аудандық кітапқұмарлар қоғамының мүшелері мен кітапханашылар болды. Іліп алып елге таратқан, ортаға салып оқырмандармен пікір алысқан да біз сияқтымыз. Барлық кітапхана қызметкерлері қауымына жаңадан тиген «Ұлпанды» өздері оқып таныса салысымен көпшілікке ұсынып олар оқып біткенше конференция сұрақтарында дайындап үлгірді.

«Ұлпанға» жүрек төрінен орын бермеген бір де бір оқырман қауым жоқ. Сіздің жаңа шығарманыңды қуана қарсы алып, риза болмаған адам кемде кем.

Ал енді Ғабит аға құрметті қаламыңыздан туған туындыларыңызды малшылар қауымының сұрайтыны қаншама десеңізші! Қыс қыстауда, жаз жайлаудағы малшыларды мәдениет бөлімінің автоклубтары үзбей аралап тұрады.

Ғабит аға оқырмандардың сізге деген алғысы мың сан, оны біз жеткізе алмасaq шығармаларыңыздың ел арасына кеңінен таралуында оқырмандардың көптігінде ғой деп ойлаймыз.

Аудандық кітапқұмарлар қоғамының өрі кітапхана қызметкерлері атынан Сізге және бір 75 жас тілеуге рұқсат етеңіз.

Кашкынов: Кездесу соңынан академик-жазушы Ғабит Мүсіреповке сөз берілді.

Мүсірепов: Қадірлі жолдастар! Қызықты кездесуіміздегі ең нашар

сөйлейтін кісі мен болатын сияқтымын. Өйткені сіздің аудан коллективінің еңбектің әр саласында, мәдениеттің әр саласында жүрген адамдардың бүгінгі сөздеріне қарағанда біздің әдебиетімізді, біздің мәдениетімізді, біздің көркемөнеріміздің әртүрлі жайларын сіздер өте жақсы біліп отырады екенсіздер және қаладағы кулардай емес, өздеріңіздің ой-жүрегіңізден шыққан әділ, адамның қәдуелгі өзінің сөзіндей жақсы айтып бердіңіздер. Көп-көп рахмет сіздерге!

Сіздермен бүгін жүздесіп отырғанға өзімді бақытты санаймын. Біз қала көлемінде, академия көлемінде әр шығармамызға, болмаса жалпы мәдениет майданындағы мәселелер жөнінде, әдебиет майданындағы мәселелер жөнінде әрине, кездесіп тұрамыз. Сол қаланың кулары белгілі сөздер, белгілі шумақтар, белгілі бағалар деген сияқты әрқайсысын белгілі бір мекеменің атынан сөйлеп тұрғандай сезініп қаламыз аяғында.

Жанағы қарындас пен мұғалімнің, хатшы Құсайын Бижановтың, басқа адамдардың сөздері бір басқа. Жана сіздер менің шығармаларым жайында көп айтып жатқанда «Сондайымда бар екен-ау» деп іштей өзім ұмытқандарымды еске ала отырдым. Өзің өз шығарманды туған балаңдай көресің ғой. Жек көрмейміз. Соның үстінде жанағы айтқандарыңды мен бір шын жүректен, шын адалдықпенен айтылған сөз деп бойым тағы бір көтеріліп қалды. 75 – 75 қосылсын деген тілектеріңізді сол балша сеніп қабылдап тұрған жайым бар.

Енді мен көп сөз айтар деп ойламаңыздар, оның қажеті де жоқ. Өздеріңіз әдемі айттыңыздар. Мен тек бір нәрсе айтар едім. Мен осы үстіміздегі ғасырдың адамымен күрдаспын. Бұл ғасыр менен екі-ақ жас үлкен. Осы ғасырдың үш ширегін өзіммен бірге жасастым. Жай емес қазақ деген халқымның атынан жасасып келе жатырмын. Ақын-жазушы деген қауымның атынан қатысып келе жатырмын.

Бұл әрине революцияның ұрандарымен бірге ауызданғанда болған кезіміз ғой енді. Біздің бесігіміздің жыры революция ұраны ғой. Сол бізге тезірек оянуға, тезірек ұмтылуға тәрбиеледі бізді. Енді жайбаракаттықты қою керек сияқты болды. Енді елдің баяғы қалпынша байларды билеген, билерді билеген жағдайды өзгерту керек сияқты болды. Енді баяғыда босағадан жоғары аспайтын қазақтың әйелдеріне төрге шық деп айту керек сияқты болды.

Міне, осы жағдайлардан келіп менің алғашқы аналар жөніндегі Горький өлмейтін кісі, өлмесін байғұс, соның бір әңгімелерінен ұшқындап туып кеткен біраз әңгімелерім осылай туып еді. Оны дәл тауып тұрсыз мұғалима. Соның аяғы мынау «Ұлпан». «Ұлпанды» жанағы соңғы сөйлеген қарындас жақсы айтты. Жұрттың оқуына сіздердің қызыметтеріңіз де жоқ емес, айналайын. Жұрт маған алғыс айтып жатса мен сіздерге алғыс айтамын. Сондай әдебиетке ақын-жазушыларға түгел жәрдемші болып отыратын, арзан еңбек емес, ол қымбат еңбек.

Осы жағдайда әр кезде еліміздің ездігіде бар елміз. Сол ездіктерді сырып тастап, аз да болса ерліктің ұшқыны болса, еркегінде ме, әйелінде ме, көрісінде ме, жасында ма мен енді соны шамам келгенше жұртқа көтеріңкіреп, соны кішкене жұртқа дәріптенкіреп жазып келген адаммын.

Сонан соң мына Әбділдалар, сонан соң біздің алдымызда өткен ағаларымыз бар. Біздің мойнымызға бір елдің үлкен парызы түсіп қалды. Бүгінгі ғана жұрт емес, кеше туған жұрт емес, өзінің тарихы бар жұрт, өзінің өлең жыры туған жұрт, өзінде ой, өзінде сана болған жұрт, өзінің жаулары болған жұрт, жаулары жеңіп те, жеңіліп те жүрген жұрт. Кешегі күнді ұмытып кетсең, бүгінгі күнің болмайды. Бүгінгі күнді ұмытсаң ертеңгі күнің болмайды. Сол заманды сол күн ретінде алатын болсақ, өткен заман, бүгінгі заман, келер заман деп. Сонда біз жазушы деген кісінің парызын түгел түсінетін сияқтымыз.

Біз бүгінгі жұртқа мынандай аналарың болған, мынандай ағаларың болған, олардың оқымаса да ой-санасы осындай болған, өздерінің дәстүрі болған, деп осы күні айтамыз. Нравственный, моральный жақтары бар ғой енді.

Содан соң халқымыздың рухани күші деген бар. Рухани күш бүгінгі күнмен де, кешегі күнмен де айтылып болмайды. Ол жалғасқанда ертеңгі күнге жағасқанда сонда барып түсініледі.

Кешегі Отан соғысында бізден, осы қазақ халқынан көп ер шыққан шығыс халқы болған жоқ. Неге? Ол қалайша? Айналасы екі ай әзірленіп майданға барғанда бізден сонша ерлер шықты. Ол сол жолдастар, артынан келе жатқан аталардың күші, ол артынан келе жатқан аналардың күші. Ол қазақ деген халқымның күші болып шығады.

Тағы бір белгілі жағдайлар бар. Революция құрылғаннан кейін, жеңгеннен кейін айналасы бір бес-алты жылдың ішінде қазақтың драма театры құрылып қалды. Айналасы 13 жылдың ішінде операсы құрылып қалды. Айналасы 20 жылдың ішінде Қазақтың академиясы құрылып қалды. Мына жазушылар ұйымы басқа ұйымды айтпағанда. Солар қайдан келді, ол да сол халықтың бойындағы құдыреті, сақталып келген күші еді.

Біз мына Серағандар, қазіргі қалған анау Қапандар, бұлардың аяғын шала отырған жас келіншек Сәбира деген кісі бар. Бұлар сол халықтың өзінің ішінен, өзінің сол төкпей-шашапай бойына жинап келген кәдуелгі творчестволық энергиясы бір кезде бұрқ етіп шықты деп ойлаймын.

Анау Калибек, Манарбек, Құрманбек, Күләш, Елубай білесіздер ғой өздеріңізде. Мынау Сері-аған, Камалдар осылардың бәрі бұрқ етіп шыққанда, бір-екі жылдан кейін бұлар ірі театр болды да кетті.

Ал, біздің әдебиетке келейік. Біздің әдебиетте де үркердей ағаларымыз бар деп ойлаймыз. Ол — Сәкен, Бейімбет, Илияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабиден, бұлар неге бір дәуірде бұрық ете түсті. Бұлардың үстінде де біздің шығынымыз бар. Ол шығындарымыз болмаса, үркерден көбірек болуымыз мүмкін. Осылар да шындап келгенде сол халықтың бойындағы күші, сол халықтың бойындағы дарыны.

Міне, осылар кеткенде біз кішкене жетімсіреп қалдық. Қазақтың жазушылары кішкене талпынуға керек бол қалды. Сол талпыныстағы қауымның біз ақсақалымыз.

Сіздер менен әлі бірденелер талап етуге праволарыңыз бар. Оның үстіне сенімдеріңіз болса, ол енді маған үлкен күш. Әсіресе мына Ұлпанның сіңілілерінің дұғасы қабыл болғай-ақ деп ойлаймын. Көп-көп рахмет! Риза жұрт болуымызға керек. Сол халқымызға қолымыздан келген

енбегімізді беріп отыруды өзімізге бақыт санаймыз. Осы жолдастар менің айтайын дегенім.

Кашкынов: Кездесу соны үлкен өнер мерекесіне ұласты. Тарлан акын Ғафу Қайырбеков жырдан шашу шашты. Артистер – Социалистік Еңбек Ері Серке Қожамқұлов пен Камал Қармысов, Сәбира Майқанова мен Шолпан Жандарбековалар академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтың пьесалары бойынша қойылған спектакльдерден шағын-шағын үзінділер көрсетті.

Сондай-ақ, аудандағы ұйғыр ансамблінің өнерпаздары өн шырық-ап, мың бұралта би билеп кездесуге келген жазушылар мен оқырман қауымды бір желпіндіріп тастады. Кездесуге барған жазушылар да, кездесуге келген оқырмандар да бір-бірлеріне деген ризашылық көңілмен тарады.

Кеш сонынан Шелек ауданының халқы академик-жазушы Ғабит Мүсіреповке ат мінгізіп, құндыз бөрік кигізіп, үстіне шапан жапты. Ғабен сөз алып:

– Қаз тойғанына семірмейді, орғанына семіреді. Сыйларыңызға, құрметтеріңізге көп-көп рахмет! Қазақ сахнасының Ақтоқтысы ғой. Мына құндыз бөрікті Шолпан кисін, – деп, Ш. Жандарбековаға өз қолымен бөрікті кигізді.

– Жас та болса басшымыз. Мына шапанды Жазушылар одағының хатшысы Шерханға ұсынамын, – деп Ш. Мұртазаевтың иығына шапанын жапты. Үзіліс кезінде К. Бижановтың:

– Ғабеке, ескерткіш болсын, есік алдына шығып ауыл адамдарымен бірге суретке түссек қайтеді, – деген ұсынысын Ғабен де, отырғандар да қоштай кетті.

Қазақ өнері ман әдебиетінің жайсындары бар сол сурет осы кітапта беріліп отыр.

1977

ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

Осыдан жиырма шақты жыл бұрын Жаппар Өмірбековтың туғанына 50 жыл толған торқалы тойында ақсақал жазушымыз Сәбит Мұқановтан бастап, бәріміз ыстық лебіз білдірдік. Сол құттықтаулардың ішінді Ғали Ормановтың мына өлең жолдары жадымыда қалыпты.

Ілесе жетсе інілер,
Ағаның көңілі жай табар.
Ізеттер көрсе ініден
Мақтаныш аға айта алар.
Осындай Жаппар жақсы інім,
Көңілімді жақсы демеген.
Өткізді бірге жас күнін,
Қасымда жазып көп өлең.
Сақтаған сырды ойымда,
Іркейін одан неге мен.

Елуге келген тойында,
Жеткізер оны тек өлең.
Ендеше мен де Жаппарға,
Арнайын жылы сезімді.
Жырынды сүйіп қашан да,
Көрейін содан өзінді.
Сөзінді бекем қалайын,
Сол ғұрлы болса бор болмай.
Елгезек сен де бол дәйім,
Биікке сонша зар болмай.

Ыстық жүректен шыққан ағаның ақ тілеуін алған акын Жаппар Өмірбеков бүгінде 70 жасқа толып отыр.

Алпыстың айдынынан алқынбай жүзіп өтіп, жетпістің желкенді кемесіне мініп, сексеннің сенгіріне бет алған творчество адамын жан-жақты біліп, тану үшін оның өткен өмір жолына көз жүгіртсеңіз, атқарған ісін, өтеген азаматтық борышын толық аңғарасыз.

Әсіресе, акын-жазушының уақыттың әр кезеңіндегі шыққан биігін, алған асуларын халық кәдесіне ұсынған шығармалары арқылы танысыз. Осындай бүгінде жасы 70-ке толып отырған қазақтың белгілі акыны Жаппар Өмірбековтың де өз өткелдері бар. Жері қандай көрікті болса, елі де сондай жайсаң. Атақты композиторлар, әншілер, ақындар, қоғам қайраткерлері шыққан Қарқаралы еді ол. Жасында сұлу табиғатқа көзі қанып ер жеткен Жапекен жүрегінің жыр төкпеуі мүмкін емес. Осыдан 52 жыл бұрын «Қарағанды комсомолы» газетінде ленин комсомолының 20 жылдық торқалы тойына арналған алғашқы өлеңі жарық көрді. Содан бері уақыт ішінде ондаған өлең, очерік, әңгіме повестері баспадан шықты.

Әдебиетке лирикалық өлеңдерімен келген акын эпикалық жанрда да кесек туындылар әкелді. Акынның аса тартымды, күрделі сюжетке құрылған еңбегі — «Ерлік пен махаббат» дастаны. Оның бірінші бөлімі ертеректе «Батырдың қалыңдығы» деген атпен басылған еді. Осы дастанды автор дос-жолдастырына, жерлестеріне. Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан, Совет Одағының Батыры Нұркен Әбдіровке, ұшқыштар Жәкен Баймамыровка, Ғалы Қайырбековке, артиллерист Минуар Жәкеновке арнайды. Поэма кейіпкерінің прототипі де болар, дастанда олардың өшпес жалынды ерлігі, ісі, қайсар жігерлері мен алаулаған жүректері бар.

Бұл дастан «Батырдың қалыңдығы», «Махаббат үзілмейді» деген көлемді екі бөлімнен құралған.

Өтсе де жазың мейлі, күзің мейлі,
Опат боп жасырылсын жүзің мейлі.
Адамда айнымас бір қасиет бар,

Махаббат ешқашанда үзілмейді, — деп акын поэманың бас қаһамандары Нұртас пен Нөркес арасындағы шынай да мөлдір махаббатты тәтті сезіммен жырлайды.

Осы туындысы акынды Бүкілодқтық аренаға да шығарды. «Батырдың қалыңдығы» кітабы Москвада, «Советский писатель» баспасында жарық көрді.

Гүл өсірсем өленмен,
Көздің жауын аларлық,
Бак жайнатам өленмен,
Адам қайран қаларлық. — деп акын өлең үшін өмірге келгенін айтып, жырды өндіріп, өнімді етіп жазған кезеңі де осы болатын.

Өз еңбек жолын шахтерліктен бастаған Ж. Өмәрбеков алғаш қалам тартқан кезден-ақ шахтерлерді тебірене жырға қосты. Акын бұл тақырыпқа да соңғы жылдары тағы да оралды. Даңқты шахтер Социалистік Еңбек Ері Бәшір Нұрмағанбетов жайлы «Ер туралы жеті жыр» дастанын оқырман қауым жақсы қабылдады.

Соға алмаса ел деп сенін жүрегің,
Көп жасаудың мәні жоқ деп білемін.
Тірлігіммен татымды үлес қоспасам,
Масыл болып несіне өмір сүремін! — деп толғаған еді «Менің парызым» деген өлеңінде.

Қоғам алдында, ел алдында парызын жақсы түсіне білген акын Отан, туған жер, сол жерді құлпыртып жүрген адамдар жайлы көптеген өлеңдер жазды. Осыдан біраз уақыт бұрын барлық өлеңдері мен поэмаларының таңдамаласы «Перзенттерім» деген атпен қалың жұртшылықтың қолына тиді.

Қалам қайраткерлерінің ішінде қалыптасқан бір дәстүр бар. Ол акын адамның проза жарына да ауысуы. Кейде бір кезенді, бір дәуірді сол мезгілдегі қоғамдық социологиялық жағдайды, адамдардың іс-әрекетін, мінезін, характерін ашуға өлең не дастан таршылық етуі мүмкін. Соның бәрін жан-жақты көркем тілмен суреттеп беру үшін повесть не роман жазуға ойысатын кезі болады.

Жапекеннің «Қызыл су» повесінде Ұлы Отан соғысы кезіндегі ауыл адамдарының тұрмысы, мұғалімдер мен оқушылардың бір-біріне деген жананырлығы мен қамқорлығы, махаббат сыры, мейірімсіздікке, табиғат қаһарына қарсы күресі суреттеледі. Ал «Тастүйін» повесінде жазушы Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қарағандының бір шахтасының адамдары қаншалық қиыншылық көрсе де жанқиярлық еңбек етіп, көмір өндіргенін Нұржан мұғалімнің іс-әрекеті, ой-сезімі арқылы береді. Жана шахтада істейтін орыс, қазақ, украин, қырғыз тағы басқа ұлт өкілдерінің ынтымағы сондай жарасымды. Бұл ретте байсалда парторг Чебрица, қырғыздың акын жігіті Токтасын мен бұрғылау машинисі Николай Семкиннің бейнелері тапқыр, ойшыл қасиеттерімен сүйкімді көрінеді. Әсіресе Токтасынның акындық алғырлығы, қайтпас қажыры, адамгершілігі табиғи әрі жарасымды. Сол жас акын — балаларға арнап әлде неше өлең кітабын сыйлаған, қырғыздың даңқты әртісі Тыныбеков Токтасын екен.

«Тастүйінде» деректі оқиғалар аз емес. Қарағандыда өткізілетін тұңғыш ақындар айтысы Нұржан мұғалімнің көзімен қызықты суреттелген. Повесте соғыс уақытының шындығы, әсіресе адамның басына түскен қайғы, оған мойымай жауды жеңу мақсатында жұрттың жұмыла көтерген жүгі өңгімеленеді. «Тастүйін» — әдебиетімізге соғыс уақытындағы еңбек армиясының тұрмысын айна қатесіз көрсеткен көркем шығарма. «Қызыл су», «Тастүйін» повесінде Нұржан арқылы ауыл өмірі, ауыл

мектебі ғана суреттелмейді, қала тіршілігі, кеншілер өмірі де суреттеледі. Халықтың жауға деген кегі, жауды күйретуге бағытталған жанқиярлық еңбегі, адамдардың бір-біріне жанашырлығы, ынтымағы «Тастүйін» мен «Қызыл су» повестерінде нанымды, шынайы көрсетілген. Әрине, жазушы проза жанрына бірден бара қойған жоқ. Әуелі газет-журнал беттерінде көптеген очерк, қолжазбалар жариялап келді.

Очеркист өмірдің қайнаған ортасында жүріп, өз замандастарының ішінен типтік тұлға іздейді. Ал бұл адамның өмірі очерк жазушыны творчестволық ойынан қорытылып шығып, заманның нағыз типтік белгілері болуға тиіс. Ол адамның басында жанағы көп адамнан артық озық қасиеттер болуы керек. Очерк қаһарманы – заманымыздың қаһарманы. Очерк геройы өмірдегі сол қалпында, өз іс-әрекетімен көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда Ж. Өмірбековтың очерктері бұл талаптарға толығымен жауап береді. Оның очерктері жинағы 1967 жылы «Замандасым-сырласым» деген атпен оқушы назарына ұсынылды.

Жаппар акын өзін теледраматургия жанрында да танытты. Қазақ теледидары бойынша революционер акын С. Сейфуллиннің өмірінен «Бостандық жолымен» және «Оқ астында туған қыз» атты телеқойылымдары көрсетілді. Кезінде көрермендерден лайықты бағасын да алды. «Оқ астында туған қыз» телеқойылымы Бүкілодақтық теледидарлық шығармалар конкурсында 1960 жылы бірінші дәрежелі диплом берілді.

Ж. Өмірбеков тек творчестволық қызыметпен айналысып келе жатқан жоқ. Ол әр түрлі қоғамдық жұмыстар да атқарып келеді. Кезінде Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы радиохабары және телевизия комитетінің Бас редакторы қызыметін атқарып, жас телевизияның Қазақстанда қалыптасып, өркен жаюына ат салысты. Одан кейін Қазақстан Жазушылар одағындағы балалар және жас өсіпірімдер секциясын басқарды. «Жазушы» баспасы аударма редакциясының менгерушісі болды.

Жапекен аудармашы ретінде де жұртшылыққа жақсы таныс. Ол кісі Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Маяковскийдің, Жәлilдің, Бараташвилидің тағы басқа да көптеген ақындардың өлеңдерін, Кавериннің «Екі капитан» кітабын қазақ тіліне аударды.

Кейінгі жылдары жарық көрген «Атыңнан айналайын» кітабында да акын Социалистік Еңбек Ерлері кенші Қалыр Әбдірәсілов, тракторшы Нұрбақыт Қабдықәрімова, аға шопандар Нәдір Биғазиев пен Ардақты ана Зада Биғазиева, атакты айтыскер акын Шашубайға арнап поэма-дастандар жазды.

Ылғи да күле сөйлеп, жұртты жадыратып, көңілдерін көтеріп жүретін Жапекен өзін өлі жігіттей сезінеді. Өзін ірі де биік санамайды. Шабыттың шалқар шаттығынан мол сыбаға алып, сол сыбағаны халқына асыл қазына етіп қайтарып беруді мұрат тұтқан акын.

Маған тиген күн мен түннің үлесі,

Жүрегімнің бір тынымсыз күресі.

Алып шыққан аптықтырып асқарға,

Сол жүректі әлсіз дейді кім осы! — деп сексеннің сенгіріне шалдықпай жетуге де жүрегіне сенім артады.

1990

СОФЫНЫҢ СҮРЛЕУ СОҚПАҒЫ

Софы Сматаевты алғаш көріп, танысуым – 1959 жыл. Оныншы класты жаңа ғана бітірген өрімталдай жасөспірім біздер: Софы Шет ауданының Кийікті стансасының, ал мен Алматыдағы № 12 казак орта мектебінің түлегі – ҚазМУ-нің филология факультетіне оқуға қатар келіп түстік. Студенттер таныса келе, өз жерлестерін іздейтін әдеп емес пе. Ақтоғай ауданынан келген Халық Ақышев екеуміз, ақадырлық Сайлау Байымбетовты, ақшатаулық Қадыр Жұмашев және Софы Сматаевтарды тауып алып, жөн-жосық сұрасқаннан соң, бір-бірімізбен шүйіркелесе кеттік. Бір жылдай жұбымыз жазылмай жүрсе де, келер жылы Софы бұл оқу орнын тастап, Мәскеуге кетті.

Содан кешегі атакты Қаныш Сәтбаев пен бүгінгі қарымды қаламгер Кәкімбек Салықов оқу оқып, кейін осы салаға бар күш-жігерлерін аямаған қос ағаларының онын басуды көздеген шығар деп топшылаған едік. Бірақ бұл ой- тұжырымымыз асығыс жасалғанын кейін аңғардық.

Софы мектеп қабырғасында жүрген кезден әдебиетке үйір болып, жоғары класта жазған өлеңдерін қабырға газетіне шығарып, құрбылары мен мұғалімдері көзіне түседі. ҚазМУ-дың филология факультетіне ат басын тіреуі әдебиетті сүйгендігінен болса да, Мәскеуге кетуінің де өзіндік сыры бар еді.

Мәскеудің болат және қорытпа институтында оқып жүрген кезінің өзінде әдебиеттен еш қол үзген емес. Қайта елге деген сағынышы, туған жерге деген ыстық махаббаты жыр болып төгіліп, жүрегінен ақтарылып жаты. Студент кезімізде екеуміздің жазған өлеңдеріміз «Советтік Қарағанды» газеті беттерінде үзенті қағыстырып, кідірісіз қатар үнемі жарияланып тұрды.

Ақын болып жұртқа танылған С. Сматаевтың 1968 жылы жарық көрген алғашқы жинағы – «Астана оттары» деген жыр кітабы. Осы кітаптағы мөлдір бұлқтай көусар жырлары бөрімізді елең еткізді. Қатарымызға тағы бір ақын қосылды деп қуандық. Бірақ бұл шаттығымыз ұзаққа бармады. Софы сәл-пәл тоқырауға ұшырағандай үнсіз қалды. Біздер «Шолақ сай бұрын тасиды» дегендей құмға сіңген су сияқты жоғалтып алдық па деген күдік жетегінде болдық. Бірақ, осы күпті күдігімізді тас-талқан еткен де Софының өзі. Ол аспандағы бұлттарды түріп от шашқан нажағай сияқты әдебиет көгінен талантының жаңа бір қырынан жарқырай көрінді. Кейбір жазушы ағалары сияқты өлеңді бұрқырата жазып келіп, орта жастан асқанда қара сөзге ауысатындай сынай таныппай, бірден прозаның қалың орманына білек сыбанып, қолына балта емес, қаламын алып кіріп кетті. Сол қалың қара орман ішінен өзінің соны соқпаған тыннан салып, адаспай әргі беттегі шыңға шығуды көздеді.

Бұл ізгі ниеті, таудай талабы Софыны канаттандырды. Әуелі «Алау», «Қызыл дәптер», «Бір күй бар», «Армысың, ана» сияқты повесть, әңгімелер жинағы қалың оқырманның қолына тиді. Жазушының бұл туындыларын жұртшылық жылы қабылдады.

Софы Мәскеуге оқу ғана іздеп бармапты. жастай әке-шешесі, ауыл-

дағы ақсақалдар аузынан естіген қисса-дастандар, шежіре, шешендік сөздермен бірге, білектің күші, найзаның ұшымен сайын даласын дұшпаннан қорғаған апайтөс батырлардың ерлігі қызықтыратын. Кешегі «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында «Елім-айлап» зар еңіреп, запыран құсып, көкірегі қарс айырылған елінің қасірет-мұны, шер-қайғысы бұған да маза бермейтін. Сол заман жайлы жазу үшін материал іздестіру керек-ті. Осы арманы Мәскеуде оқыған кезде жүзеге аса бастады. Софы сабағынан босасымен, қазақ деген халықтың өргі тарихын зерттеуге кірісті. Көзмайын тауысып кітапханалар мен архивтердегі деректерді жинастырды. Әр тапқан тың материалдарды бір-бірімен салыстырып, өзіне керек-ау дегендерін іріктеп алды. Сөйтіп жазушының қоржыны қомақтала түсті.

Елге оралған соң, жоғарыдаға айтқан әңгіме, повестерінен кейін бел шешіп бірден ел тарихына байланысты роман жазуға кірісті. Болашық кітабының атын «Елім-ай» атады.

«Елім-ай» диалогиясы елдік пен ерлік туралы жыр-дастан. Елдік қасиетін жоғалтып алмай, шалқар да салқар кең даласын төсін оққа тосып ерлік танытқан қайсар қазақ халқы шығарманың бас қаһарманы. Қалың кара ормандай халықтың ішінен: «сен тұр, мен атайын» деп басын оққа тіккен баһадүрлер ел тәуелсіздігі үшін сан жорықтарда қол бастап, жеңіске жеткен халқының мерейін тасытты. Романда халықтың барлық өкілдерінің тұлғалары сомдалған. Ел басында бұлт үйірілгенде хан да, кара да, батыр да, дана да ел бірлігін қорғау жолында күш біріктіріп, жұмылған жұдырықтай берік түйіліп, атойлап жауына қарсы тұрды. Дұшпанын жайратып өздері де шығынға ұшырағанымен елдік қалпын сақтап қалды. Халықтың тұтастығы, бірлігі — «Елім-ай» диалогиясының негізгі арқауы. Сондықтан да қалың оқырманның бұл туындыны ашық жарқын адал көңілмен қарсы алып, оқуға құмарлануының сыры — ел бірлігін жырлап, ел ішінен шыққан ерлердің асыл бейнелерін жалған марапатқа, әсіре қызыл сөзге ұрынбай, далитып дараламай, халықпен бірге көрсетуі Софының әрі тапқырлығы, әрі шеберлігі. Жазушының өзінің алдына қойған мақсатына жеткендігі деп білеміз.

Біз осылай баға бергенмен сол кездегі қырағы көздер — елін қорғаған батырларды, қазақ халқын әсіре көтеріп, мақтап жібергенге бағалап, өздерінше «сақтық» жасап, шыққалы жатқан кітапқа жетімдік көрсетті. Тіпті бесігінде тұншықтырғысы келді. Сан айтыс-тартыстан өтіп, жүні жұлынған тауықтың кейпін көріп, кітабы зорға жарық көрді.

Бұндай зәбірлеушілік жанын жегідей жеп, жүйкесін жұқартты. Жүрегі де сыздап ауыратын болды. Бұлардың бәріне Софы мойымады. Қайта ширығып ширатылып, қаламын қолына нық ұстап, бұрқыратып жаза берді, жаза берді.

Осы арада ақсақал жазушымыз Ә. Әбішевтің мына бір айтқаны ойым оралады:

«Мен әдебиет майданына кірген кезден бастап, Данқ тауының басына шықтым. Жастайымнан орденді жазушы атанып, елімнің еркесі болдым», — деген-ді 80 жасқа толғанда.

Иә, біреуге бақ та басына бірден қона кетеді, отыратын тақ та бірден дайын тұрады. Тіпті кей жазушының сиясы кетпей жатып, кітаптары баспаға асығыс жіберіліп, екінші, үшіншісі аяқталғанша автомат сияқты тез жарық көреді. Кейін қолжазба емес, сол жазған кітаптарын қайта редакциялап, басын біріктіріп, қайта шығарады.

Ал Софы мұндай дарқандықты көрген жоқ. Қайта оның алдында кілең ертегілерде кездесетін нешестүрлі кедергілер жолын бөгеп, кері тарта берді. Бұның бәрі Софыны жігерлендірді. Көп ізденіске түсірді. Енді оны бүгінгі күнгі көрініс панорамасы, адамдардың бір-біріне, өмірге көзқарасы, тағдырлары, пршілік-тыныстары мазалай берді.

Кешегі Кеңестік заманда процент қуып, көптеген мекеме, шаруашылық, өндіріс басшылары жоғары жаққа жалған ақпарат беріп, беделін арттырып, омырауларына орден-медальдар тақты. Адалдықты белден басып, жалғандыққа барды. Бұдан тағы да халық жапа шекті. Көзбояушылардың әбес қылықтарына қынжылғанмен оларға құлақ асатын жоғары жақтағы басшылар да тас керен еді. Өздерінің ұпайлары түгел болса, басқаға бас ауыртып қайтеді.

Тоқырау заманында бәрі осы жолға түскен жоқ. Ары таза, адалдықты ар туындай көтерген абзал азаматтар да ел ішінде көптеп ұшырасатын. Өздерінің адал еңбек етіп, ел дәулетін арттыруға қосқан үлестерін көрсе де, көрмегендей сынай танытатын басшылармен ылғи келісімге келе алмай, қақтығысып қалатын. Сөгісті үсті-үстіне алатын. Сонда да адалтықтың ала жібін аттамайтын. Софының «Мәңгілік бастауы» романындағы жағымды кейіпкер Сәрсен осындай адам. Ал, екінші бір совхоз директоры Сембай даракы, дөрекі, сөзінде байлау, ісінде береке жоқ болса да, өз мақсат-мұратына жету үшін арын да сатады, жалған да айтады. Өтірік мағлұмат-ақпараттарды қардай боратып, жоғары жаққа тау копарғандай іс тындырып жүргендей өзін көрсетіп, жалған беделге ие болады.

Софының осы тақырыптас «Ақжелен», «Бұлақ» романдары да халықтың тағдырын, мұң-мұқтажын көрсеткен кесек туындылар.

С. Сматаев әр қырлы, сан-салалы талант иесі. Оның шығармаларының тақырыбы әр алуан. Бүкіл еліміздің тарихын әріден қозғап, бүгінгі күнмен ұштастырады. Бұл идея бүкіл шығармашылығының темірқазығы. Содан бір ауытқымайды. Бұны пьесалары мен драмалық туындыларына да алтын арқау етіп алған.

Ол сегіз роман, бірнеше повесть, әңгімелермен қатар, «Жұмбақ қыз», «Жамбыл» операларына либретто жазып көрерменді бір қуантса, «Тағдырлар», «Әзіл-әзәзіл», «Зар заман», «Жұлдыздар сөнбейді» пьесалры арқылы кең құлашты жазушы екенін танытқан қаламгер.

Осыдан біраз жыл бұрын, Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов: «Әр әншінің өз үні, өз әуені болуы қандай қажет етілсе, әр жазушының өз тілі, өз стилі, сөз саптау, оқиға өрбіту, ой өрнектеуде өз ерекшелігі болады. Меніңше, біздің Софы Сматаев сол өзіндік бетін, өзіндік тақырыбын, өзіндік талғамын, қаламгерлік бағытын, суреткерлік кредосын тапқан жазушы, — деген еді.

Бұған біз де толық қосыламыз.

Бүгінде С. Сматаев алпыстың аскарына ендікпей-шалдықпай кемеліне келіп шығып отырған тұлғалы талант. Ол алпысына жаяу-жалпы, күр кол келіп отырған жоқ. Аркалаған жүгі ауыр. Қаламы әлі жүйрік. Болашағына зор сеніммен, үлкен үмітпен қарайды. Әлі бергенінен берері көп жазушы 60 жасына «Абылайхан» атты пьесамен келді. Бұл туынды жабық конкурста бірінші орын алса да, күні бүгін сахна төрін көрген жоқ. Сондай-ақ, «Той үстіндегі топалаң», «Базарың құтты болсын», біріншісі «Қазақша кек алу», екіншісі «Қазақша көкірек керу» сияқты пьесалары және «Біржан сал», «Тағы да махаббат туралы» кинофильмдері және бар.

Әңгімеміздің басында С. Сматаев акын болып әдебиетке келгенін айттық. Осы ақындық қасиеті бойынан жоғалмаған дарқан дарын кешегі Абылайдың жекпе-жекке шығатын батырларының бірі, аты елге аңызға айналған «Жарылғап батыр» деген өлеңмен жазылған романын жарыққа шығарып, халқына ұсынды.

Софы қарымды қаламгер ғана емес, аптал азамат, қоғам қайраткері. Ол көп жылдар «Жұлдыз» журналында проза бөлімін басқарды. Кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жауапты қызымет атқарды. Бүгінде ҚР Мемлекеттік кітап палатасының директоры.

Бұл мекеме Қазақстанда шығатын кітап, журнал, газеттерді Мемлекеттік баспасөз архивінде сақтайды. Сондай-ақ баспасөз ісіне, оның өнімдеріне библиографиялық анықтамалар даярлайды. Яғни, бір халықтың рухани байлығына бас-көз болып, игілікті шаралар атқаруда. Мына нарықтық заманда мекемені ұстап отырудың өзі қажырлылықты тілейді ғой.

Софы үлкен отбасының иесі. Жары Шәмсия екеуі Алмас, Манас, Жанар сияқты үш баланы тәрбиелеп, өсірген үлгілі ата-ана. Екі ұлынан Жан, Марғұлан, Әнел сияқты үш немере сүйіп отыр.

С. Сматаев 1941 жылдың 22 маусымында туған. Тарихтан білетініміз дәл сол күні, сол жылы неміс басқыншылары елімізге тұтқиылдан шабуыл жасап, Ұлы Отан соғысы басталды. Сондықтан ба, күрдасымның өмірі шырылдап дүниеге келгеннен тартысқа толы болды. Бәріне шыдап, бәрінде женіске жетті. Таудай талабы мен қарымды қаламы қалың орманнан адастырмай шығарды. Артында өзі дара салған соны сүрлеу соқпағы күн көзіне жарқырап, қарсы алдындағы асқар шынға бет түзеді. Арман шыңына да ендікпей шықты. Еңбегі де елеусіз қалмады. Бүгінде Алаш сыйлығының № 1 лауреаты. Өткен жылы үкіметміз «Құрмет» орденімен марапаттады. Бұл тәуелсіздік алған егемен еліміздің жазушысына көрсеткен зор құрметі. Софы да ел сенімін ақтайтынына еш шүбә кетірмейміз.

Сондықтан,

Туған күні, жылы жау ылаң салған,
Бүгін достым, самайын қырау шалған.
Софы қойған өкесі азан айтып,
Болмасын деп әумесер бір аусар жан.

Жанымызды тым ерте суық бұтам,
Нұрын саран төкті күн шығып қырдан.
Жеңісті ансап туғандар соғыс жылы.
Ел бірлігін жырлады ұйып тұрған.

Сен жырладың алашпай еллігімі.
Сен жырладың қаһарман ерлігімі.
Намыс оты тұтанып кеудем менің.
Желпінеді түндіктей желді күнгі.

Жорық құрсаң соқтығыс жолы қайғы,
Батыр жолды қорқаудай қорымайды.
Ел қорғаған ерлердің сом тұлғасы,
Ескерткіш қып сыйладың «Елім-айды».

Софы құрбым жазушы, ірі тұлға,
Шабыт атын болмайды еш суытуға.
Ардақты елің, өз атың көкте қалқып,
Желбірсің даңқтың туы шыңда! – деген ақ тілегімді достық ниетпен, адал жүрекпен білдіргім келеді құрдасыма.

2001

ЖИЫРМА ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ

– Құлыным, хатынды жиі-жиі жазып тұр, – деді Бақыттың маңдайынан иіскеп жатып Айғанша әжей. – Отанынның адал азаматы бол. Дос – жарандарын сенен үлгі алып, өзінді қадір тұтатын болсын. Қартайған шағымда жақсылығыңды ғана естиін.

– Әже, бала емеспін ғой, бәрін түсінемін. Көп ойлап, уайымға беріле берменіз. Үш жыл әлі-ақ үш күндей өте шығады, – деді Бақыт вагонның тамбурына көтеріліп жатып.

Бақыттың отыруын күтіп тұрғандай-ақ тепловоз жайлап орнынан жылжи бастады.

– Хош бол, Бақытжан. Сен келгенше өлімін бе, тірімін бе... – деп әжей немересі отырған тепловоз сонынан қолын бұлғап, қала берді.

Көзіне үйірілген моншқтарды іркіп тастап: «Осы мен неге босаймын. Жиырма жыл жоғалтып, енді табылмас, көрмеспін дегенде де көрдім емес пе? Бұған да тәубе, шүкіршілік етейін. Тіпті тағдыр жолықтырмаса не істер едім?» - деді әжей ноқаттай боп түтінін будақтатып, кетіп бара жатқан состав сонынан әлі де көзін алмай.

Айғанша әжей бір сәт өткен күндер суретін көз алдына келтірді.

...От жалынды 1942 жылдың күзі болатын. Бұл ел басына күн туып, аш қасқыршы анталаған неміс басқыншылары бейбіт елімізге соғыс тұтатып, өршелене түскен кез еді. Қасиетті Отанымызды қорғау жолында ер-азаматтардың барлығы да бір кісідей алғы шепке, майданға аттанып жатты. Батысқа қарай еліміздің түкпір-түкпірінен күніне сандаған составтар

лек-легімен ағылды. Солардың ішінде Айғанша әжейдің Қажыкен дейтін баласы да бар еді.

Оны да бүгінгідей шығарып тұрып: «Жауды жеңіп, оралғайсың!» - деп аналық аманатын айтқан болатын.

Елде келіні мен қызы Күлзия, екі жастағы немересі осы Бақыт төртеуі қалды. Ол кезде бұл кісілер Қырғызстанның Нарын ауданында болатын. Баласы мен келіні Алматыдағы педагогикалық институтты бітірген соң, сол елде тұратын қазақ ауылына мұғалімдікке жіберілген еді. Баласы мектеп директоры, келіні – мұғалім болып қызмет істеп жүргенде, соғыс басталып кетті де, Қажыкен майданға аттанды.

Алғашқы кезде көңіл қалдыралықтай ене мен келіннің, жеңге мен қайынсіңлінің арасында ешқандай кіркілдің жайлар, ұрыс-керіс болған жоқ. Онда Күлзия он төрт-он бестерге келген өрімдей жас еді. Жеңгесінің ащы айтсын, қатты айтсын әйтеуір тілін екі етпейтін.

Ал, Айғанша әжей болатын болса, аналық мейірімін келіні мен өз қызына бірдей төгетін. Күлзияны – қызым, Қатшаны – келінім деп кей енелерше әсте бөлмейтін. Қайта бәрінің тату-тәтті тұрып, от басының тыныш болғанын ұнататын. Мұндай болғанына іштей қаунатын да еді.

Бірақ бұл бейбіт жағдай ұзаққа бармады. Майдандағы баласынан бес-алты ай хабар келмей қойды. Ауылдағы кейбір семьяларға қара қағаздар келіп жатты. Мұндай жайлар осы бір ұжымды семьяға да әсер етпей қойған жоқ. Арада бір-екі ай өткен соң, келіні тұйықтала бастады. Енесі сыр тартпақ болса, «Оны біліп қажеті не?» деп қабақ шытатынды шығарды. Реті келсін келмесін тіл шығарып қатты сөз айтуға дайын тұрды.

Ақылына да, алдауына да көнбей келінінің бұлардан сырғақтай бастағанын аңғарған әжей «Жантыпахта» совхозында тұратын інісі Әбдікәрімдікіне барып, бар жайды айтпақ болды.

Бұл кісілер қақпа алдына таянғанда, ботадай боздап, жылап отырған Күлзияны көріп, абыржып қалды.

Айғанша әжей анадайдан:

- Е, не болды? Ағаннан жаманат хабар келді ме?

Күлзия біраз үндемей отырды да:

- Жок, апа. Қатша біздерден біржолата кетті. «Сендермен өмір сүріп, тұра алмаймын. Өз күндерінді өздерін көріндер» - деп поездға отырды да бір жаққа кетті, - деді қызы өксігін баса алмай.

- Бақытжанды да алып кетті ме?

Күлзия үнсіз басын изеді. Әжей баласын бауырына қысып:

- Қойша, шыбыным, жыламашы. Біз оған жаманшылық істегеніміз жоқ қой. Жаманын жасырып, жақсысын асырғанымыздан басқа не жазығымыз бар еді. Анадағыдан бері үндемей-түндемей ойластырып жүргені осы амал екен ғой. Ең болмаса немеремді тастап кетпегенін. Баламның шаңырағын ортасына түсірді-ау. Енді елге не айтамын, - деп әжей де даусын шығара жылады.

Манадан бері үндемей тұрған Әбдікәрім:

- Қойыңыз, Айеке. Тарықпаныз. Білімді, парасатты ма деп жүрсек, осындай жан екен ғой. Кеткен келін кете берсін. Біз бар емеспіз бе. Қажы-

кен соғыстан оралғанда өз келінін болдырмай, - деп інісі басы айтты. Сол күннің ертесіне көлді әкелді. Айғанша әжей мен Күлзияны елге ақетті.

Ал келіні сол кеткеннен хабар кетті. Әке мен келінісімен

«Соғыстан оралған бірденің Шымкент қаласына қоныс аударды» дегенді айтып жүрді. Бұл сөз Алматыда қалғандарға да тән. Келінінен қылығына қанша қынжылса да, әкесімен үйіне барып келінісі келіп, іздеу салды ойлады. Бұл ойын Әбдікерімге айтпағанды.

- Кетерінде келініміз бізден рұқсат сұрамады. Енді оны өз аяғыңызбен іздеменіз. Баланыз аман-есен елге оралған соң, үйлендіреміз, тойын жасаймыз. Тағы немере сүйесіз. Шыданыз соғыста бітер. Көп ойлай берменіз. Баланыздың тілеуін тіленіз, - дегенді айтты інісі.

Осы сөзден кейін әжей сабасына түсіп, баласының елге аман оралуын тілеумен болды. Бірақ күні бүгінге дейін баласы хабар ошарсыз кетті. Сонда да әжей үміт отын өшірген жоқ. Әлі де болса тосып жүр.

Соғыс бітіп, майданнан ер-азаматтар елге жеңіспен оралып жатты. Бұлар соғыстан кейін, Алматы облысындағы Қарғалы селосына көшіп келді. Інісі осы арадағы мектепке мұғалім болды. Қызы Күлзия теңін тауып, майданнан оралған Сәтімбайға тұрмысқа шықты. Інісінен бөлініп, біраз жыл Боралдай станциясында тұрды.

Содан бері бірнеше жыл уақыт өтті. Қазір Айғанша әжейдің жеті-сегіз немерелері бар. Күйеубаласы әжейді өз анасынан кем санамайды. Ол кісінің айтқандарын екі етпей орындап, апасын сыйлай біледі. Ал, әжей болса, күйеубаласын туған баласындай көреді.

Бірақ сонда да болса көңілінен кірбің байқалады. Ұлының майданнан хабарсыз кеткенін ойлағанда, қабағы түйіліп, үн-түнсіз қалады. «Қажыкеннің артында қалған тұяқты іздесек, кайтеді» деген ойына қызы мен күйеубаласы қарсы болмады:

- Газет-журналға жазып, іздеу салайық, - деді олар.

Осыдан жарты жылдай уақыт өткен соң, қызы газеттерді ақтарып отырып, «Табылды!» деген аттардың ішінен «Бақыт Әбішев Шымкент облысы, Түркстан ауданында тұрады» деген қуанышты хабарды оқыды. Іле-шала әжей хат жаздырды. Артынан немересінен жауап хат келді.

Ал бір ай өткен соң әжейдікіне Бақыттың өзі де келді. Айкеңнің өшкені жанып, өлгені тірілгендей болды. Күллі ауылды шақырып, үлкен той жасады.

- Қажыкенімнің аузынан түскендей. Аумады, балапаным! - деді әжей той үстінде қуанышын жасыра алмай.

Бірнеше күн өткен-кеткенді сұрасып, тнысып болған соң, Бақыт әжесінің қолында қалуға қарсы емес екенін білдірді. Бірақ әжей:

- Қарағым, бала емессің. Алды-артынды ойлап, жауабын сонан кейін айт. Шешеннен рұқсат сұрап кел. Егер жібермесе, тірі жүргеніне тілектеспін, - деді.

Осы әңгімеден кейін Бақыт Түркстанға оралды. Анасымен ақылдасты. Ол Бақытқа рұқсат берді. Екеуі Айғанша әжейдікіне бірге баруды ұйғарды.

Әжей жылы жүзбен келінін қарсы алды. Бұлай болады ғой деп ойламаған келіні:

– Әже, жиырма жыл өткен соң сіздің алдыңызға кешірім сұрап, келіп отырмын. Жас болған соң шығар, албырттықпен қадамды жансақ басыппын. Қателігімді кешіріңіз, - деп жылады.

Әжей біразға дейін тіс жарып ештеңе демей:

– Өтер іс өтті. Оған өкініш қылып керегі жоқ. Кештім карағым! Әжей келінінің бетінен сүйді. Келіні аяғына жығылып, өтінген соң ба, әлде немересін өз қолымен алып келген соң ба, әйтеуір жүрегінің қалай жібіп кеткенін өзі де аңғармай қалды.

Ертесіне келіні жүріп кетті. Бакыт болса Алматы облысы, Қаскелен ауданы, «Ақсенгір» разъезінде әжесінің қолында біржолата қалды. Сол жерде бірер жыл әртүрлі жұмыс істеп, бүгін армия қатарына аттанып бар жатқан беті еді. Әжей немересі кеткен соң, осы жайларды есіне алып, өзін-өзі жұбатып, толқыған көңілін басып еді.

Бұл жай осыдан 3-4 жыл бұрын болған-ды. Бакыт армия қатарынан орылып, қазіргі уақытта Петропавл қаласындағы педагогикалық институттың жаратылыс тану – география факультетінің бірінші курсына оқып жүр.

Айғанша әжей қазір жетпістің төртеуінде. Бұрынғыдай тұнжыр, терең ойға батып үн-түнсіз отыра бермейді. Тіпті, көңілденіп кеткен. Әлі ширақ, жиырма жылдан кейін немересін іздеп тапқан соң, бакыт құсы қолына қонғандай сезінеді.

«Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» демекші бұл күндері әжей: «Немеремнің келінін көріп дүние салсам арманым жоқ» дегенді айтады. Қызының үлкен баласы Болатқа: «Көзімнің тірісінде үйленіп, әкесінің өшкен отын тұтатып, шаңырағын көтерсін! - деп жиі хат жаздырады Айғанша әжей...

1960

* * *

Айғанша менің әкем Рахметолланың анасы Нұрғайшаның туған сіңілісі. Сонау ашаршылық кезінде ағалары Жақан, Әбдікәрімдарды, апасы Айғаншаны, қарындасы Жәмилді бауырлары Әліқан Ермеков Балқаш көлі арқылы Арқадан Баканасқа өз қолына алады. Әліқан сондағы орта мектептің директоры екен. Кейін Жақан мен Әбдікәрім Қарғалыға қоныстанады. Әліқан Алматыдағы орыс орта мектебінің директорлығы қызыметін атқарады. Ал Жәми Бопан Ермековамен бірге Ауылшаруашылық институтында жұмыс жасайды.

Айғанша әжей айтқанымыздай қызы Күлзия мен күйеубаласы Сәтімбайдың қолында 1991 жылы 103-ке келіп, немересі Болаттан шөбере көріп дүние салды.

Болат немересі әжесінің бсына бейіт тұрғызып, мәрмәр тасқа:

Жүз үшке кеп білдірмей сыр сақтадың,

Өтті алдында балалар нұр шақтарын.

Рухына бас иіп, тағзым етіп,

Белгі ескерткіш орнатты ұрпақтарың, - деген өлеңді қашаттырып жаздырды.

Айғанша әжейдің немересі Болат Қутпанов бүгінде Алматы облысының Карасай ауданының әкімі. Үйлі-баранды болған азамат.

1999

АТАҚТЫ ШОПАН ЗІКІРИЯ КӨПБАЕВҚА

Тайсақтап еңбек десе жасымаған,
Өзіне трытып туса асыл адам.
Қайраты тоқсандағы наркескендей,
Жетеді ол қарт Жамбылдың жасына аман.

Өтсек те аласапыран бір ғасырдан,
Қорқамын бүгінгі жас сұлбасынан.
Айбынды Жалаңтөсті елестетем,
Мен оның шарболаттай тұлғасынан.

Он жылдай арылмастан кара дақтан,
Тез өшті зұлым аты жала жапқан.
Арайлы таны атқанда ақиқаттың,
Оралды аман-есен алапаттан.

Ойламай өш алуды текті ұрпағы,
Жандарды күйе жаққан кек тұтады.
Ер жетті ұл-қыздары, немеремен,
Көңілдің бүтінделді шокпыттары.

Тырысты жиһаздауға тозғандарын,
Әріден тарихтың қозғар бәрін.
Бүгінде абыз да өзі, дана да өзі,
Тура би Жанғұттыдай боз тарланым.

Қуантып жалпақ елді, жұрағатты,
Қыр кезіп ойнақ салып бұлақ ақты.
Кешеді тіршілікте ұзақ ғұмыр,
Абзал жан дархан жүрек, ұлағатты.

2001

АҒЫБАЙ – БӨЛТІРІК ТОҒАНЫ

Осы әңгіені бастамас бұрын сәл шегініс жасап алғым келіп отыр. Ертеде Әлтеке Жидебай батыр:
Тобықтының басы еді Қараменде,
Сирек туар дәл сондай дара пенде.
Асыл сөзден тен бұған мың тоғанак,
Орта жүздің құты еді кара көмбе, — деп өзі қадір тұтатын
Қараменде шешенте Бөлтірік деген баланы жіберсе керек, — де-

гендей ауыз екі сөзден де, жазба беттерінен де Бөлтірік атын ұшырататын едім.

Кейін, 1994 жылы “Ғылым” баспасынан шыққан “Бөлтірік шешен” деген кітаптан осыған бар жауапты таптым. Кітаптың жалпы редакциясын басқарып, алғы сөзін жазған көрнекті ғалым Мырзатай Жолдасбеков: “Әлмен Сабдалының жеті ұлының төртіншісі Бөлтірік шешен осы Сабдалының Әлменінен туады. Нағашысы – әйгілі Қараменде би”, – деп тайға таңба басқандай анық жазады. Тағы да сол кітапта:

“Бөлтіріктің нағашысы тобықты руынан шыққан атақты Қараменде деген ісі екен. Бөлтірік 18 жасында біраз күн аунап-кунап қайтуға нағашысының ауылына келеді. Амандасып, жай сұрасып болған соң, Қараменде жиеніне:

– Балам, қырық жігітпен келіп, неге қырық ат мініп қайтпадың?

– Жалғыз аттың пайдасы көп, жалғыз жігіттің айласы көп, – деген емес пе ілгергілер. Жалғыз келсем өзіме өзімнің сенгенім-дағы, алмасам да, осы айтқан сөзің бергенің-дағы, – деп жауап береді Бөлтірік.

Нағашысы Бөлтірікті жас демей, үлкен сый-құрмет көрсетіп, қалағанын беріп, көңілін тауып қайтарады. Жиені аттанып кеткен соң, Қараменде “Жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгілер. Бұл бір аузынан гүл төгіліп тұрған, козінен от төгіліп тұрған өрен екен. Келешекте үш жүзде мұнан озар адам болмас, баланы шығарып салайын” деп ойлап, сәскелік жерден оны қуып жетеді. Жиенін сойтіп түстік жерге дейін шығарып салған қарт.

– Қош жалғызым! Малға кенде болсаң да, басқа кенде болмасың, – дегенде, Бөлтірік:

– Нағашы, неге жалғыз дедіңіз, бірге туғандарым бар ғой? – деген сөзіне, Қараменде:

– Е, қарағым, хан Бөлтірік,

Үш жүзге теңдесі жоқ жан Бөлтірік.

Сондықтан да атадым жалғызым деп,

Сендей боп туа бермес сан Бөлтірік, – деп жауабын, әрі батасын беген екен.

Нағашысы Қараменденің батасы қабыл болып, кейіндері Бөлтірік айтулы би, тапқыр шешен, қол бастаған батыр болады.

“Бөлтірік шешен-өз дәуірінің ірі батырларымен де үзеңгілес жүрген талай сайысқа түскен батыр. Ықшам денелі, орташа бойлы, Бөлтірік аса қайратты, оның үстіне сайыста өте жылдам қозғалатын, қималына көз іліспейтін алғыр болса керек. Шапшандығы жағынан өзі тұстас батырлардың ішінде Бөлтіріктен Ағыбай батыр ғана асып түскен екен” – дейді “Бөлтірік шешен” кітабында тағы да.

Ал белгілі тарихшы-ғалым, профессор Ермухан Бекмаханов Ағыбай батырдың кескін-келбетін, жауынгерлік бейнесін былайша жазып қалдырған.

“Ағыбай Саржан мен Босанке ұшын Кенесарының 1836 жылы Ташкент күсбегіне барған ерлеріне де қысты. Кенесарының көтерілісіне ол қатал өмір мұқабасы өткен, ескірген батыр болып қосылады. Ағыбай Кенесарының құрдасты ер оның бірінші әскери кеңесшісі болады. Кенесары оны ерлікпен өзі атымен атамай, өзиде “көсе” атап, өте ізксы көрп, қатты сыйланған. Ағыбайды көзі көргендер оның сыртқы түрін былай суреттейді: “Ағыбай иегінің айналасына ғана ескен сирек сақалды қазақтар мұндай кісілерді “көсе” деп атаған, ұзын бойлы, кең нықты, шүнірек көз адам еді. Оның қолдары ұзын болғандықтан, сүйікті қаруы тоғыз түйінді сырғалармен әшекейленген найза болған. Ол құлан терісінен жасалған мықты қайыс белбеуінде ілулі тұратын еді. Арқасында дөңгелек қалқаны, жанында күнге шағылысқан семсері, қысқа қайқы қылышы болатын.

Көтерілісшілердің Ағыбайға деген ерекше құрметі туралы Кенесарының өз әйелдерінің әңгімесінен байқауға болады. Бірде ханым Кенесарыдан: “Сіз әскерлеріңіздегі кейбір адамарға мың басы, жүз басы деген атақтар беріп жатырсыз. “Көсге” неге атақ бермейсіз?” – деп сұрапты. Сонда оған Кенесары: “Әскерімнің алдыңғы легі ұрысқа “Абылай” деп ұрандап кірсе, олардың сонынан ергендер “Ағыбайлып” шабады. Міне, сондықтан да мен оған әскери атақ берген жоқпын”, – деп жауап беріпті.

Ағыбай көтерілістің соңына дейін Кенесарыға деген адалдығынан айныға жоқ.

Ханның айтқан жарлығын екі етпей орындауға сарбаздар міндетті болса да, Ағыбай адамгершілікке жүгініп, кей кездері өз жүрек қалауымен әрекет еткен баһадүр.

Кең сахарыны ен жайлап жүрген үйсіннен Кенесары бірде жылқы айдатып алады. Үйсіндер қуып жеткенше ұзап кетеді. Таң ата құғыншылар таяп келіп, ашық дала жағынан тиіп, Кенесарының қолын үлкен көлге ығыстырады. Бұл көлдің шетінің біраз жері батпақты екен. Мұны Кенесарының қолдары білмейді. Қол жылқыларды алдына салып, өздері сойыл үстіне сойыл салып айдайды. Тай-құлындар жүре алмай, мида қалады.

Түс ауған кезде мидің шетіне Кенесары шығады. Кенесарыны қоршай алдынан екі кісі, артынан екі ісі, екі жағынан батырлары жүреді. Сол жолы Ағыбайдың үлкен бөйбішесі Талшыбықтан туған 15-16 жастағы Аманжол бірге еріп шыққа екен. Ағыбай жан-жағына қараса, бірге келе жатқан Аманжолы жоқ. Алды-артына айнала шолса, Аманжолдың астындағы күзеулі кердің милап жатқанын көреді. Баласы аттан түсіп, бір төмпешіктің басында жылап тұр екен.

Қасына келіп:

– Ей, Аманжол, кімнің баласысың? – дейді.

Іштей Ағыбай менен туғанын айтар ма екен деген ойға кетеді.

– Атамның баласымын, – деген кезде.

– Жарайды, олай болса, қолыңды әкел! – деп артына мінгістіріп алады.

– Шүү, жануар! – деген Ағыбайдың зор дауынан күзеулі кер кісінеп, бойындағы бар күшін сарка жинап, секіріп жағаға шығады.

Сол мезгілде үйсіннің қуғыншылары көз көрім жерге келіп қалады. Бұлардан жеке-дара біреу озып шықанын Кенесары көріп.

– Ей, Көсе, дәу де болса, осы Бөлірік шығар. Шолтаңдатпай жайғап кел! – деп әмір етеді.

Ағыбай ақ желең, тоғыз қазықтан қиған найзаны оң қолына қылышты сол қолына алып, астындағы атын ор текедей орғытып қарсы шабады. Бөлірік те атын қамшылап, тұра ұмтылады. Бөлірік найза сала бергенде Ағыбай қағып жібереді. Найзаның ұшымен киімімен үш түйреп жерге түсіреді. Сонда Бөлірік:

– Ей, Ағыбай, үлкенді сыйламағаның қалай? – дейді.

Ағыбай да абыржымай:

– Ей, аға, жауды аяған жаралы болады деген қайда? Қарсылысқан екеуміз де өлеміз. Сіздей өз аға табылмас деп бұл мені аяғаным. Бұл сапарда жолыңыз болмады, қайтыңыз, – деп тор жорғаны алдына көлденең тартады.

Бұл қылығына риза болған Бөлірік:

– Жарайды, Ағыбай, жауың да, дұшпаның да, досың да бар болсын! – деп кері кетеді.

Осыдан кейін Кенесары үш күн бойы ашуланып:

– Шауып алсаң не қылады? – деумен болады.

Сонда Ағыбай:

– Иә, Кене хан, ұзын жатқан Алатаудың етегінде менен қалған үйсінде алыс-берісіміз жоқ еді ғой, Бөліріктей батырды өлтігенде. Бәріміз бір қазақтың баласымыз. Бөлірікті өлтірсем, үйсіннің белі сынар, – дейді.

Ағыбайдың сөзін қалың қол да, Наурызбай да мақұлдайды.

Бұлай әрекет етуінің де өзіндік сыры бар еді. Б.Бигелдиевтің мына бір естелігін есімізге ала кеткен орынды.

Ертеректе Ағыбай батыр ауылының бір саудагері Іле өзенінің бойында сауда-саттық жасай бастапты. Бұл өңірді Жалайыр ел жайлайды екен. Өлгі саудагер осы елдің иесісі болып отырған Балпық бидің алдынан өтпей, саудасын жүргізе бастайды. Бірақ, “бірақ ақша ұстамаймын бір жылдан кейін өсімімен аламын” деп, ауыл адамдарына заттарын қарызға беріп, бөз маталарын өткізіп кетеді. Сонымен сол саудагер келер жылы келсе; былтырғы қонысынан қопарыла көшіп, жайлауын жаңалаған ел қарызын қайтармақ түгілі, қамыс-қамыстың арасына сіңіп, қарасын көрсетпейді. Алашақ адамдарынан адасып қалған саудагер амалсыздан Балпық биге барып жүгініп, алдына қарыз алған кісілердің тізімін жайып тастайды.

– Мына адамдарға өткен жылы дүние-мүлік беріп едім, қарызымды қайтарып алмақ болып келісім бойынша келсем, қайда екені белгісіз. Адамдарыңыздан алашағымды алып беріңіз.

— Сен дүние берсеңіз, аманда мені білеміз жеткен. Басында болмаған істің аяғына қалыңдығың сені. Алтынның өзі өндіріп ал — дейді саудагерге Балпық би.

Сонсоң саулық Ағыбай берсе:

— Мен жалпақ жерде Жалайыр деген ел көрем. Іленің бойын, жердің ойын қайтатын есің. Қалың қамсыз-орманым, қалың қорған жан-жағым. Қас батырдың биді аманда, қалың дауын шаба алмайды, шенейме тек қалың деген Балпық деген би бар екен. Қарыз алса бермейсің, сұрағанды тергейді, ақымды өндіріп бер, — дейді.

Батырдың аңғал болғанын өлет емес пе, саудагердің сөзіне сенген Ағыбай қол алып, Балпық бидің ауылының сыртына ту тігеді.

— Мықтымсыңған сен болсаң, мен сені шапқалы келдім. Қауқарыңды көрейін, қолыңды жинап қамдан! — деп хабар беріпті.

Жау шабады деген қаперінде жоқ Жалайыр қатты сасады. Дереву Бөлтірік шешенге адам шаптырыпты. Хабар алған Бөлтірік:

— Ағыбайдың мінезі жаман еді. Қамсыз, қауқарсыз елді қаусауып, қырып жойып кетер. Алдын алмасам болмас, — деп атқа қонады.

Бөлтірік Балпыққа да бармай, Ағыбай қолының басынан кіріп, аяғынан бір-ақ шығыпты. Сонсоң батырдың өзіне жолығып, амандық-саулық сұрасқаннан кейін:

— Ағыбай осы сен жасына жетпей қартайғаннан саумысың? — деп сұрапты.

— Е, неге, — депті аңғал батыр Ағыбай.

— Арыстан қатайса тышқан аулайды деуші еді. Жалғанның жартысын жаулап алуға боларлықтай қалың қолды ат тұяғының астында жанышылып қалатын індікеште саршұақтай иіріліп жатқан жалайырға салғалы тұрмысын. Бұрын ойдағы оймауытқа, қырдағы қырмауытқа қолың жүруші еді. Қартаймасаң мұның не? — депті Бөлтірік.

Алданғанын сонда білген аңғал батыр:

— Ойпырай, маған олай деген жоқ еді ғой. Қазысы қарыс, сүйбесі сүйем қабарғалы қалың ел деп еді ғой, қамсыз елді қырып, қазақ-қырғызға күлкі бола жаздаптын ғой, — деп райынан қайтыпты.

Бөлтірік Балпық биді шақыртып алып, айыбымыз дегізіп Ағыбайдың алдына бір үйір жылқы салып беріп, риза етіп қайтарған екен.

Алатау жорығында Кенесары Наурызбаймен қырғызға қолға түсіп қалған соң, 80 жігітімен қоршауды бұзып өткен Ағыбай Сарыарқаға қарай көшеді.

Кенесары мен Ағыбай бастаған ұлт-азаттық көтеріліске көптеген аға сұлтандар мен байлар патша үкіметтің ықпалында кетіп, қарсылық көрсетсе, ал атақты Жанғұтты шешен малдай өрі жандай көмек беріп, көтерілісшілермен бірге болан. Жанғұтты хан Кене қазаға ұшыраған соң еліне оралған.

Ағыбайға патша үкіметі күдікпен қараған. Оған ұзақ уақыт жер бермей сергелденге түсіреді.

Ағыбайды көруге ынтыққан адамдар көп болған. Бірақ Ағыбаймен бір үйде болып, көріп, тілдесе алмаған Құнанбайдың өкініші өз алдына бір әңгіме.

1849 жылы Ағыбай батыр Тоқырауын бойындағы әлтеке-сарым елінде отырғанда жанжал көбейіп, жүз басы әлтеке Дүйсенбай Ағыбай батырмен қағысып қалады.

Ел ішінде: “Ағыбай-қашқын, ақ патшаға қарсы, Ағыбайды ұстаймыз. Ол Жамантай, Құсбек төреге қарсы” деген қауесет тарайды. Бұрын ешқандай тізімде болмаған шұбыртпалының 200 түтін үйлерін патшаның өкілдері тез арада тізімге алады. Аға сұлтан Өскенбайұлы Ағыбай батырды Қарқаралыға шақыртады.

Қарқаралыға келген Ағыбай батыр Ақбай Жандеркеұлының үйіне түседі. Үйге кіріп келсе, тактайдың үстінде бір кісі қолын басына қойып, шалқасынан жатыр, батырға қарамайды. Батыр да оның қолын алмапты. Ақбай Жандеркеұлы оған қызымет көрсете беріпті. Ақбай мал сойдырып, табақ ұсыныпты. Әлгі жатқан кісі Ақбайға, “Мен тоңдым”, — депті.

Сонда Ағыбай батыр:

— Көмістерің тоңды ма,

Тоңдының бәрі солды ма.

Жөнін тауып сөйлесең,

Тоқтамас кім бар жолыңа.

Кедейдің бірі-пайғамбар,

Әзелде осал болды ма.

Өзін өзі зор тұтқан,

Әзәзіл — сайтан оңды ма, — деп олеңдете жөнеліпті. Ағыбай асын жеп аттанып кетіпті. Аздан соң әлгі жатқан кісі басын көтеріпті.

Ақбай:

— Сіз, Ағыбай батырды білмеуші ме едіңіз? — деп сұрапты.

— Қап білмей қалдым! — деп өкініш білдіріпті.

Артынан кіс шаптырып, өзі де ере барыпты. Бірақ Ағыбай басын бұрмапты. Сөйтсе, бұл бағанағы жатқан тобықтының шонжары Құнанбай екен.

Қазақ батырларының ішінде суреті сақталған Ағыбай. Батырдың бейнесі қолдарында болу үшін Сібір әскербасы суретке түсірткен көрінеді. Ағыбайды алғаш көргенде ол аузын ашып, ештеңе дей алмай, бойын үрей билеп, отырып қалғанға ұқсайды. Ағыбайдың суреті Петербордағы Эрмитажда сақталған. Сол суреттің көшірмесін екі мәрте Еңбек Ері атақты шопан Жазылбек Қуанышбаев қайта түсіртіп алып, елге әкеліпті.

Сыр мен Шу бойын жайлаған әйгілі ақын Нартай Бекешанов, атақты шопан Жазылбек Қуанышбаев, белгілі әнші-сазгер Мұхаметжан Рүстемовтер сол Ағыбай батырдың ағайындары.

Әділ би, орақ тілді шешен, әрі батыр Бөлтірік Әлменұлының тағы бір тектілігін айта кеткен орынды.

Ыстыға жайлы қонақ, құтты мәссауаға Бөлтірік Арқа жаққа
ат ізін салады. Сондай бір сәтте қолына қызыл тоған қазып жатқандардың үстінен шығады.

— Уа, қалайық, қызыл тоғанның қазып жатырсындар? — деп бұрайды.

— Ағыбайдың тоғаны!

Ағыбайдың атын естігенде Бөлтірік бір мәрттікке барады. Сапарда жүргеніне қарамастан, астындағы атын құрмалдыққа шалып жібереді.

Тоғаншылар Ағыбай батырға шауып барып, болған оқиған жеткізіпті. Артынша Ағыбай батыр да тоған басына келіп:

— Бұдан бұлай қазатындарын Бөлтірік тоғаны аталсын, — деген екен, қуаныш жасыра алмай.

Аласапыран кездерде ханның айтқанын мүлтіксіз іске асырған баһадүрлер, өз жүрегінің әмірін де бұлжытпай орындаған. Екі батырдың тектілік кісілігінің белгісіндей, өлі күнге Жәмші өзенінің бойында, Арқа жерінде Ағыбай-Бөлтірік тоғанының ізі жатыр.

Осыдан оншақты жыл бұрын Ағыбай Қоңырбайұлының 190 жылдығын Ақадыр ауданында тойланғанда, сол Бөлтірік батырдың ұрпақтары арнайы киіз үй тігіп, ас беріп, құран оқып, Ағыбай батырдың басына тағзым еткенін өз көзіммен көрдім. Кешегі батыр бабалар достығы бүгін де өз сабақтастығын тапқан.

Мен “Хан Кене, ер Ағыбай, батыр Науан” деген дстанымда осындай адал достықтарын жырыма арқау еттім.

Жорық біткен алатын үрейін ел,
Кең даланы көделі сүйеді жел.
Ел ішінде тыныштық орнаған соң,
Жер қадірін Ағыбай біле білген.

Кеше өрде, бүгін тау етегінде,
Бос арманың кетті ме жетегінде.
Белден шешіп қаруын тоған қазды,
Егін егіп тұрмысын көтеруге.

Жауға шапса айлакер, алғыр адам,
Дүние жиіп жан емес мал құраған.
Азық іздеп Ағыбай елге кеткен,
Тамақ тапшы, ағайын қалжыраған.

Қиыдықтан кетпеген жүнжіп тегі,
Өтті күннің тер төккен жылжып көбі.
Жәмші өзені бойында қауырт кимыл,
Тоған қазған ұнайды ел тірліктері.

Арқа жаққа жетелеп жүрегі ерді,
Бар екені тұстасы біле келді.
Тоған қазып шаршаған ағайынға,
Бөлтірік би ат басын тірегені.

Сырттан келген әуелі шолар манын,
Танымаса ділдәгер бола алар кім.
Бөлтірік би сұрады сәл кідіріп:
– Қазып жатқан кімдікі тоғандарың?

– Біреуге жеке басы, малы қайғы,
Біреуге азаттықтың таны ұнайды.
Қазып жатқан бұл тоған батырдікі,
Білетін шығарсыз, сіз Ағыбайды.

Мамыражай қалжырап тұрған жұртқа,
Шығармастан сырын да бірден сыртқа.
“Ағыбайдың тоғаны” деген сөтте,
Атын шалған Бөлтірік құрмалдыққа.

Бұл жайды естіп Ағыбай қайран қалған,
Қуанышын бүге алмай жайраңдаған.
“Бөлтірік пен Ағыбай тоғаны” боп
аталсын! – деп аймаққа айқайлаған.

Қас дұшпаннан қорғады аймағын бай,
Ағайынға құшағын жайған ұдай.
Тоғаны Ағыбай мен Бөлтіріктің,
Қос батырдың достығы айғағындай.

Адалдықты, достықты таныпты ерден,
Жомарттығын, мәрттігін халық көрген.
Ағыбай мен Бөлтірік нақты ісімен,
Сара жолын ізгілік салып берген.

Ажырамай елінің ынтымағы,
Ай туып оңынан, күн шығады,
Қос батырдың тілегі қабыл болып,
Ұл-қызы өсіп туған жер құлпырады.

2001

МАЗМҰНЫ

Ақтоғай күт мекені арыстардын	5
Сарым Жалантөс баһадүр	16
Абылайдын жауға шапқан қос батыры	22
Данагөй билер Шабанбай мен Жанғұтты	31
Жыр сүлейі – Шортанбай	40
Шашасына шаң жұкпаған Шашекен	47
Бір ғасырлық дүбір	55
Тектілер әулеті	61
«58-інші статья» күйі	68
Ақтоғайдың ақиығы	73
Тума дарын	79
Жыр төксе көлге аққу, қаз қонатын	84
Бір қоныр қаз жүзіп жүр жайлап қана	90
Жұлдызы жарық зиялылар	97
Еңбек торысы	101
Тұғыры биік Түрекен	107
Диктор Мырзабек Қуатбеков	113
Биіктік (толғау)	116
Сейіткүл қыстауы	124
Бағың қайда, балығың қайда Балқашым?	130
Қасиетті, киелі Қарқаралы	136
Қасымсың, сол баяғы бір Қасымсын	142
Алаштың айбынды алыбы	148
Атадан алар тағылым	157
Жазушы және оқырман	164
Өмір өткелдері	171
Софының сүрлеу соқпағы	175
Жиырма жыл өткен соң	179
Атақты шопан Зікірия Көпбаевқа	183
Ағыбай – Бөлтірік тоғаны	183

Жеңіс Кашқынов

**АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН
АТАМЕКЕН**

(деректі әңгімелер, толғаулар, портреттер)

Редакторы

А.Желдікбаева

Беттелген

Г.Досмағамбетова

Дизайнер

И.Селиванова

Теруге 5.05.02 ж. берілді.

Басуға 16.08.02 ж. кол қойылды.

Пішімі 60x84 1/16. Қағазы офсеттік.

Есептік баспа табағы 12,5. Таралымы 500 дана.

«Жібек жолы» баспа үйі

480091, Алматы қаласы, Қазыбек би, 50. Тел.: 62-65-01, 62-11-09.